Заключение. Таким образом, сведения о Западном Казахстане в работах П.И. Рыčkова содержат обширный материал, характеризующий все стороны жизнедеятельности казахского общества. Фольклорный материал позволяет изучить культурологические, мировоззренческие, социальные аспекты. От историков требуется изучение этих работ как источников по истории как Западного, так и всего Казахстана и проведения тщательного источниковедческого анализа, систематизации, обобщения, проведения на их основе комплексных научных исследований.

Литература:

1.История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Первые историкоэтнографические описания казахских земель. XVIII в. т.IV / сост. И.В.Ерофеева. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - 368с.

2.А. А. Чибилев В глубь степей. Очерки об естествоиспытателях Оренбургского края. Екатеринбург: УИФ «Наука», 1993.

3.Топографія Оренбургская, то есть: обстоятельное описание Оренбургской губернии, сочиненное Коллежским Совѣтникомъ и Императорской Академіи Наукъ Корреспондентомъ Петромъ Рычковымъ. Часть первая. Въ Санктпетербургѣ при Императорской Академіи Наукъ 1762 года

4.Труды отца и сына Рычковых по этнографии казахов. 2-е изд. доп. Т. 33. Астана, 2007. - 246 с.

5.Рычковъ П.И. История Оренбургская (1730-1750гг.). Изданіе Оренбургскаго Губернскаго Статистическаго Комитета. Под. ред. и с примеч. Н.М. Гутьяра. Оренбургъ 1896.

6.Трутнев И.А. Петр Иванович Рычков: Первый член корреспондент Петербургской академии наук / Урал. гос. ун-т им. А.М. Горького и др. - Екатеринбург: Банк культурной информации. 1999. - 24 с.

7.Исследователи природы, хозяйства, истории и этнографии Казахстана и российскоказахстанского пограничья. //http://kz.ethnology.ru/win/issledov. php

ЭМИГРАЦИЯ – КАК ПРОЦЕСС ФОРМИРУЮЩИЙ КОНФЕССИОНАЛЬНОЕ РАЗНООБРАЗИЕ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА

ЖУМАГАЗИЕВ А.М.

*Магистрант Западно-Казахстанского университета
им. М. Утемисова, Уральск*

Введение. Изучение истории религиозных сообществ и объединений Западного региона страны в отрезке последней четверти XX в. и первой четверти XXI в. как части локальной истории Республики Казахстан, является одной из малоизученных тем современной исторической науки. Основная масса информации по тематике истории групп и сообществ людей, объединённых приверженностью к тому или иному религиозному убеждению, в отрезке вышеупомянутого времени, хранятся в архивах уполномоченных органов, духовных центров религиозных объединений, на страницах государственных, частных и внутри корпоративных периодических изданий, и в мемуарах очевидцев событий.

Слабая изученность темы, делает привлекательным вопрос исследования и описания причинно-следственных связей, ставшими инициаторами тех процессов в недавнем прошлом, приведших к формированию современной картины конфессионального разнообразия Западного Казахстана, ее пестроту и насыщенность культур.

Материалы и методы исследования. Материалом для исследования послужили отчеты уполномоченного совета по делам религий при совете министров СССР. А также, информация с официального интернет ресурса Управления по делам религий Западно-Казахстанской области. Методологическим принципом исследования является – принцип историзма. Цель работы – показать влияние глобальных исторических процессов на деятельность местных религиозных объединений.

Предварительные результаты исследования. При изучении содержания документальных материалов, можно заметить связь жизнедеятельности некоторых религиозных сообществ и объединений Западного Казахстана с эмиграционными процессами, происходившими в 80 – 90-е гг. XX в. среди этнических немцев Казахстана.

В статистической справке «Некоторые сведения о религиозных объединениях в Республике» на 1 января 1990 г в Актюбинской и Уральской областях действовали 4 религиозных объединения лютеран (в Актюбинской 3, в Уральской 1), и 2 объединения адвентистов седьмого дня [1, с 21].

Документальные сведения совета по делам религий при совете министров СССР сообщают, что некоторое число этнических немцев, проживавших в Уральской области, активно участвовали в деятельности религиозных групп; лютеран, католиков и адвентистов седьмого дня [там же, с 12 – 13]. Вот приводится отрывок из «справки о протестантских религиозных общинах» от 14 декабря 1990 г.:

«Самое крупное протестантское течение в мире – лютеранство. На территории СССР наиболее мощно представлено в Эстонии. В нашей области, последователями лютеранства являются немцы, проживающие в Джампитинском районе.

Меньшая часть немцев исповедуют католицизм. Лютеране и католики проживают в разных сёлах. Католики в сёлах Булдуурта, Талдыбулак. Лютеране в основном в совхозе имени газеты «Правда», они образовали деятельную общину. В 1980 году верующие получили от совхоза помещение (бывшая столовая детского сада). Оборудовали его под молитвенный дом, имеют всё необходимое для проведения качественного богослужения и совершения обрядов. Практически все, родившиеся в

семьях немцев дети проходят обряд крещения, все умершие отпеваются. Богослужения проводятся 4 раза в неделю, где удовлетворяются не только религиозные, но и эстетические потребности (коллективное пение), потребность национального общения, фактически молитвенный дом стал центром национальной, духовной культуры для лютеран. Руководитель общины Гельмут Яков Андреевич, авторитеты: Эдуард Гейнц, Александр Беккер и другие призывают к утверждению в сёлах высокой нравственности и гражданственности. Выступают против эмиграционных настроений, которые захватили известные семьи Крумма, Ниденса, Риффе и другие.

В Уральской области АСД (адвентисты седьмого дня) появились в 1981 году в селе Перемётное станции Селекционная из числа обрусевших немцев. 3 – 9 группа превратилась в общину. В неё вошли супруги Чисстяковы (оба коммунисты) и 2 комсомольца из семьи Штейнле» [там же, с 22].

Приведенная выше краткая справка, очень емко и доходчиво раскрывает как общую картину религиозных предпочтений этнических немцев области, так и в случае с лютеранами, дается четкое описание об эмиграционных настроениях внутри их общины.

Массовый отъезд этнических немцев на историческую Родину (Германия), запустил процесс, сыгравший немаловажную роль в формировании современной картины конфессионального состава. Таким образом, на данный момент в Западно-Казахстанской области, зарегистрированных объединений лютеран – нет [2]. А религиозное объединение адвентистов седьмого дня, в 80 – 90-е гг. охватывавшая своей деятельностью населенные пункты Зеленовского района и областного центра, переживает процесс угасания.

Заключение. Предварительные результаты исследовательской работы показывают связь глобальных гуманитарных и исторических процессов на конфессиональную картину на местах. Люди, как носители некоторого набора качеств, воспроизводят в местах своего пребывания свою культуру и убеждения, в том числе и религиозные. В следствии чего, такие факторы как благосостояния, безопасность проживания и общая социальная обстановка, всегда будут влиять на конфессиональное разнообразие городов и стран.

Список использованных источников:

1. ГА ЗКО Ф-289. Оп-1 доп. Д - 25.
2. Религиозные объединения Западно-Казахстанской области // Управление по делам религий Западно-Казахстанской области / [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-din/press/article/details/22579?lang=ru>

СЕКЦИЯ 2

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ

ӘОЖ 930.22

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

ЕРҒАЛИЕВ Н.Б

М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал

1991 жылғы 16-желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік - тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма жылдан астам уақыт ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік-біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады [1].

Қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамы сәтімен жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет-Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, дербес қазақ елі келді. 1991 жылдың 17-желтоқсанында Алматыдағы Орталық алаңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жариялануына және 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының бес жылдығына арналған митинг болы өтті. Жиналған сан мыңдаған адамның алдына Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев былай деп сөз сөйледі: «Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне, енді сол күнге де жеттік... Тәуелсіздік табалдырығында тұрған осы жан тебіренер сәтте қазақ елінің еркіндігі, бостандығы жолында бас тіккен азаматтардың, солардың қатарында бұл күнге жете алмай, туған Қазақстанның егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болғанын көре алмай өмірден өткен желтоқсан құрбандарының рухына тағзым етіп, еске алуды парыз санаймын... Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең-байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмашыл, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін» [2, 3 б.].

Қазақстанның Тәуелсіздігін ресми түрде ең алғаш болып мұхиттың арғы жағында жатқан Америка Құрама Штаттары мойындады, екінші болып айдаһардай айбарлы Қытай, сонан соң Ұлыбритания мойындады. Оның артынан Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және Иран Ислам мемлекеті мойындады. Иран-Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мұсылман мемлекеті. Ал «Тәуелсіздігімізді ең алғаш болып бауырлас Түркия мемлекеті мойындады» деген сөздің ақиқат еместігін білгеніміз жөн. Түркия алғаш болып Қазақстанда өз елшілін

ашты, бірақ тәуелсіздігімізді мойындауда он жетінші болды. Бұл деректі еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін Сыртқы істер министрінің орынбасары қызметін атқарған, елдің сыртқы саясат тұжырымдамасы авторларының бірі болған Вячеслав Ғизатов келтірген. Алғашқы күндері әлемнің салмақты елдері мойындап, кейіннен басқа да елдер мойындап жатты. Осылайша әлемдік саясат аренасында ҚАЗАҚСТАН деген мемлекет тәй-тәй басты. Небары бірнеше аптаның ішінде әлемнің көптеген беделді елдері Қазақ елінің тәуелсіздігін мойындап, дипломатиялық қатынастар басталды [3, 58 б.].

АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Германия, Франция, т.б. ірі-ірі мемлекеттер Қазақстанның тәуелсіздігін 1991 жылдың соңына дейін мойындады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін дербес мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ-на кірді. Сонымен қоса Халықаралық валюта қорына, Халықаралық реконструкция және даму банкісіне, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму ассоциациясының, Инвестицияға кепілдік беретін көп-жақты агенттіктің, Инвестициялық таластарды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болды.

Осыдан жиырма жыл бұрын Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы заң қабылданғаннан кейін ғана халқымыз өз мемлекеттігін, шынайы тарихы мен мәдениетін қайта түлетуге жігерлене құлшыныспен кірісті, елдің ішкі және сыртқы саясатын, өзіміз бұрын өмір сүрген қоғамнан түбірінен өзгеше жаңа, демократиялық қоғам құру принциптерін дербес айқындады. Әрине, ең алдымен бұрынғы жүйенің құлауының зардаптарын, әлеуметтік-экономикалық күйреу мен дағдарысты бастан кешірдік. Соған қарамастан Қазақ мемлекеті өркендеуде өз жолын таба біліп, өркениетке өз үлесін қоса бастады.

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының депутаты, сол уақыттарда тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш үкіметінің мүшесі, Премьер-Министрдің орынбасары қызметтерін абыроймен атқарып, халқымыздың сеніміне кірген қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов өзінің 2005 жылы жарық көрген «Серпінді кезең» атты еңбегінде еліміздің даму қарқынына былайша баға береді: «Қуатты саяси, экономикалық, әлеуметтік және демократиялық қайта құрулар көп ғасырлық тарихымыздың қойнауында өткен заманның ешбір кезеңінде болмаған мүлде жаңа үрдіс, тың құбылыс жағдайында дамып келеді. Біз саяси тұрақтылықты сақтап қана қоймай, сонымен бірге оны нығайта түсуге және өзіміздің қазақстандық ұлтаралық келісім үлгісін жасауға қол жеткіздік. Тоталитарлық жүйенің құлдырауымен бірге КСРО-ның ұлттық саясатының тым идеологияландырылып жіберілген, түбірімен қате ұлттық стратегиясын 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі аяусыз әшкерлеп берген болатын. Сондықтан аяғынан енді ғана тұрған Қазақстан мемлекеті үшін мүлдем жаңа ішкі саясат жүргізуі тиіс еді. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық қоғам құрудың тиімді жолын қалыптастырды. Біздің Республика этносаралық жанжалдарды қазір де, болашақта да болдырмауға болатынын бүкіл әлемге сенімді түрде дәлелдеді. Ұлтаралық түсіністіктің қазақстандық моделі қалыптасып, нәтижелі жұмыс жасап келеді. Әрі оған басқа мемлекеттер де қызығушылықтарын білдіріп отыр. Бұл бір экономикалық формациядан басқа, үлкен экономикалық қиындықтар мен әлеуметтік проблемаларға өтудің кезіндегі кедергілерге қарамастан адамдар арасындағы бір-біріне деген сенімнің болғандығының жарқын көрінісі болып табылады» [4, 149 б.].

Мұндай тарихи маңызы зор оқиға еліміздің халықаралық деңгейдегі талассыз беделінің арқасында келгенін және қазақ дипломатиясының сыртқы саясаттағы табысты еңбегінің нәтижесі деп білеміз. Өсіп-өркендеген және қуатты Қазақ елі Елбасы бастаған жаңғырулардың мақсаты мен мазмұны болады. Еліміздің нығайып халықаралық беделінің өскенін көрген әрбір қазақстандықтың кеудесінде мақтаныш

сезімі пайда болады. Қазір іргелі тәуелсіз ел, демократиялық дәстүрді берік ұстанған қуатты мемлекет болдық.

Тарихты жасайтын тұлғалар тағлымы өскелең ұрпақтың ұлт мүддесіне қызмет етуіне жол ашып қана қоймай, әлемдік өркениеттің дамуына да ықпал етеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан халқы ынтымақтасып, жалпыұлттық, ұлтаралық бірлікті нығайтуға, рухани-мәдени жаңғыруға қол жеткізілді. Қысқа мерзім ішінде Тәуелсіз Республикамыз Кеңес империясынан мұра болып қалған көптеген өткір де өзекті мәселелердің шешімін тауып, саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени салаларға да реформалар жүргізілді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // <http://kk.wikipedia.org/wiki>
2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. - Алматы: Раритет, 2010. - 448 б.
3. Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. - Астана: Елорда, 2005. - 608 б.
4. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. - Алматы: Атамұра, 2006. - 392 б.

ӘОЖ 930.22

ҚАЗАН ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ СТУДЕНТТЕРІ (XIX ҒАСЫРДЫҢ II ЖАРТЫСЫ - XX ҒАСЫРДЫҢБАСЫ)

ДЖАНГУЖИЕВ М.С.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының білім беру жүйесіне ену динамикасы артты. XIX-XX ғғ. басында Қазақстанда білім беру ісі діни және зайырлы сынды екі бағытында жүргізілген. Түркі халықтарының өкілдері, оның ішінде қазақтар үшін маңызды қала ретінде Қазанның тартымдылығын сақтау өзекті мәселе болып табылды. Ресей империясы өмір сүрген уақытта университеттер мен институттарда оқыған жас қазақтар туралы жинақталған, зерттелген материалдар өте аз болды. Ал олардың көпшілігі сол кезде XX ғасырдың басында қазақ қоғамының белсенді мүшелері болған. Кейіннен қазақ зиялылары болса жергілікті татар прогресшілерімен белсенді ынтымақтасып жұмыс істеді.

1826 жылы Бөкей Ордасының ханы Жәңгір Ресей патшасы I Николайдың таққа отыру рәсіміне қатысып, одан қайтар жолда Қазан қаласына жолай тоқтаған. Жәңгір өзінің Қазан қаласындағы іссапарын университеттен бастайды. Профессор Карл Фукс Жәңгірдің Қазан университетін аралаған кезінде өзін өте қарапайым ұстағандығын айтады. Ол әсіресе араб және татар теңгелерінің жиынтығына баса назар аударып, сонымен қатар көптеген араб және татар қолжазбаларын, әдемі өрнектелген құран және өзге баспа кітаптарын асқан қызығушылықпен зерделеген, кейін глобустың мақсат-міндеттері туралы мәлімет алған. Зоологиялық кабинетте Жәңгір құстардың мүсіндеріне зер сала қарап, қазақтардың аң аулауда өздерімен бірге алып шығатын тұйғынның мүсінін іздестірген. Карл Фукспен арада оздырылған әңгіме-дүкен барысында Жәңгір екі ұлының да ержетіп қалғандығын, өзінің оларды Қазан университетінде оқытып, тәрбиелегісі келетіндігімен бөліскен екен. Бір сөзінде хан: «Әлі-ақ біздің қазақтар өз мектебінде оқып бастайтын кез де туар!», - деген екен. Ханды ертіп, білім ордасын аралатқан Карл Фукс «Қырғыз ханы Жәңгірдің Қазан қаласында болуы» атты мақала жазып, оны жариялағаннан соң, бір данасын Бөкей Ордасына жіберген [1].

1826 жылы Ішкі Орда ханы Жәңгір Қазан университетіне барған сапарында өзінің жасөспірім ұлдары «ер жасына жеткенде», оларды осы білім ордасында оқытып-тәрбиелегісі келетіндігі жөнінде айтқан деген дерек бар. Десе де ұлдары ержеткен уақытты күтпей, Жәңгір хан өз туыстарының ішінен үміткерлерді іріктеп, оларды оқыту мақсатында білім ордасына жіберуді көздеген. Өйткені оның пікірінше, «жабайы қазақтарға ілім беріп, оларды ағарту» қажеттілігі әлдеқашан пісіп-жетілген еді [2]. Жәңгір хан «қазіргі уақытта тек оқу мен жазуды ғана игеру аздық етеді, сонымен қатар әртүрлі ғылым салаларында да білім алу керек, орыс жазуын білмей тұрып, Ордада жақсы лауазымды шенеунік болу мүмкін емес» деп есептеді [3]. Академик С. Зиманов өзінің «Ресей және Бөкей хандығы» атты ғылыми зерттеуінде Жәңгір ханның тікелей қатысуымен Ресей әкімшілігінен жоғары оқу орындарында қазақ жастарын оқытуға келісім алынғанын атап өтеді.

Жоғары оқу орнына түсуге қойылатын басты талап - 8 жылдық орта білімді (орта мектепті) бітірген жастар жоғары оқу орындарына түсе алған. Мұндай гимназиялар жергілікті тұрғындар арасында кең танымалдылыққа ие болды. Бұл оқу орындарының ерекшеліктерінің бірі - оларда зайырлы білімнің артықшылықтары насихатталатын еді. Себебі Үкімет жергілікті қазақтарды оқытуға мүдделілік танытты. Гимназия облыс әкімшілігі тарапынан қаржыландырылып, тіпті қазақ жастарында шетелдік орта және жоғары оқу орындарына оқуға қабылдану мүмкіндігі болды. Қазан Императорлық университетіне, Қазан ветеринарлық институтына, Қазан мұғалімдер семинариясына оқуға түскен қазақ жастарының басым бөлігі заң факультеттерін таңдаған.

Г.С. Сұлтанғалиеваның анықтамасы бойынша алғашқы қазақ студенттері Айсә Бикмаев пен Урзали Курбанов болды [4, с. 131].

1824 жылы Батыс Сібір губернаторы Айсә Бикмаев пен Омбы Азия училищесінің оқушылары Урзали Курбанов өтініш жазу арқылы 1-ші Қазан гимназиясына баратын өздерінен өзге алты баланың қатарына ілігеді. Алты оқушының екеуі, яғни олардың өздері, мұсылман болып шығады. Шенеуніктер: «Бикмаев пен Курбанов, табиғи түрде мұсылмандар болғандықтан, университеттің ережелеріне сәйкес, христиан дінінің студенттерімен бірге тұру үшін гимназияға кіре алмайды», - деп бұйырып [5, п. 22], оларға гимназия интернатына кірер есік тарс жабылады. Сөйтіп бұл балалар тек «сыныптарға арналған арнайы сағаттарда» сабақтарға ғана қатысуға құқылы болды. Қазан гимназиясының оқушылары Бикмаев пен Курбанов Қазан қаласындағы әскери-жетімдер бөліміне орналастырылып, гимназияға тек сыныптарға арналған оқу сағаттары» кезінде ғана бара алатын болды. Олардың тағдырында Қазан университетінің адъюнкт-профессоры, көрнекті педагог, ғалым Ибрагим Халфин маңызды рөл атқарды, ол билік тарапынан оқушыларды материалдық қамтамасыз ету туралы мәселені шешуді күтпей, «оларды лайықты үй-жай мен күтіп-бағу үшін үйіне қабылдауға дайын болды» [6].

1829 жылы татар ғалымы И. Халфиннің қайтыс болуына орай А. Бикмаев пен У. Курбановтың университетке түсуі туралы мәселе күрделене түсті. Өйткені Қазан оқу округінің қамқоршысы «мұсылман дініндегі адамды университетке қазына есебінен ұстауға» қабылдау мүмкін емес деп есептеді. Алайда, Қазан университетінің Кеңесі Бикмаев пен Курбановқа дәрістерге қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылдап, бірақ олар «толық гимназиялық курстан өткен кезде жинақталатын өз білім деңгейін толық растаған кезде ғана студенттер қатарына қабылдануы мүмкін» деп атап көрсетілді [7, п. 65]. Қазан университетінің профессоры Ердман жүргізген емтихан Бикмаев пен Курбановтың «жақсы қабілеттерге ие екендігін» көрсетіп, олардың уақыт өте келе жақсы оқытушылар бола алатындығын дәлелдеді» [8].

Нәтижесінде А. Бикмаев пен У. Курбанов Қазан университетінің шығыс тілдері факультетіне қабылданған тұңғыш қазақ студенттері болды. Кейіннен У. Курбанов денсаулығына байланысты оқуын тастап кетеді. А. Бикмаев 1829 жылы оқуын аяқтап, Орынбор шекаралық комиссиясына аудармашы болып қабылданады, сонымен бірге

комиссия мұғалімі ретінде қазақ даласында білім беру құрылымдарын таратуға белсене қатысты. Н.И. Ильминский бір жазбаларында А. Бикмаевтың қазақ балаларына арналған мектеп жобасын ұсынғандығын айтып кеткен [9, с. 13].

1868 жылғы «Уақытша Ережеге» сәйкес қазақ балалары орыс оқу орындарына түсуге мүмкіндік алды. Осы мақсатта қазақтардың балалары үшін Торғай облысының өзінде де, одан тыс жерлердегі де оқу орындарында бірқатар шәкіртақылар тағайындалды. 1878 жылы Торғай облысының қазақтары қайырымдылық қаражат жинап, соның негізінде 19200 рубль сомасындағы ақшаға Қазан және Санкт-Петербург университеттерінде И.А. Крыжановский атындағы әрқайсысы 320 рубль көлеміндегі үш атаулы шәкіртақы тағайындаған.

1881 жылы Санкт-Петербург университетінің стипендиясы Қазан университетіне ауыстырылды. 1895 жылы император II Николайдың неке қию құрметіне орай Ішкі Орда қазақтары үшін арнайы шәкіртақы тағайындалып, оның көлемі 8000 рубль ассигнацияны құрады [10, п. 64].

1882 жылы Торғай, Ырғыз және Николаев уездеріндегі қазақ қауымдастықтарының ерікті түрде бөлген қайырымдылық қаражатына оны ұйымдастырғандардың тілегі бойынша Троицк ерлер гимназиясында Л.Ф. Баллюзек (Торғай облысының бұрынғы әскери губернаторы) атындағы екі шәкіртақы тағайындалды. Қайырымдылықтан жиналған негізгі қаражаттың жыл сайынғы пайызы осы шәкіртақыларды қамтамасыз етуі тиіс болды. Шәкіртақыларға ие болу құқығы тек қазақ халқының кедей топтарының, негізінен, Торғай, Ырғыз және Николаев уездерінің балаларына ғана берілді. Пайыздан қалған қаражат жергілікті оқу орындарында курсты сәтті аяқтап, Қазан немесе Санкт-Петербург университеттерінде оқуын жалғастырғысы келетін жастарға берілетін болып тағайындалды. 1887 жылы Торғай облысының қазақ қауымдастықтары сыйлаған қаражатқа Троицк ерлер гимназиясының пансионатында тұрып жатқан қазақ балалары үшін тағы да екі қосымша шәкіртақы тағайындалды. XIX ғасырдың 90-жылдары Торғай облысының қазақ жастары мұғалімдер семинариясына, институттары мен университеттеріне оқуға түсуге мүмкіндік алды.

1909 жылы қолданыстағы шәкіртақылық капиталдың пайызына Н.А. Крыжановский атындағы 4-ші шәкіртақы тағайындалды. Бұл шәкіртақыларды тек Торғай облысынан шыққан қазақ жастары ғана пайдалану құқығына ие болды, бірақ егер стипендиат өзінің үлгерімі және мінез-құлқымен шәкіртақы алуға лайықсыз болып шықса, онда ол шәкіртақы алудан қысқартылып отырды [11].

Қазан университетінде 340 рубль көлеміндегі Крыжановский атындағы шәкіртақыны 1899-1904 жылдары А. Алдияров, ал 1881-1886 жылдары - М. Қарабаев алған. Мұхамеджан Қарабаев алғашқы дипломды қазақ дәрігері болып саналады [12]. 1893-1899 жылдары Орал облысының тумасы М. Қаратаев алған.

Алдияров Әбубәкір Бермұхамедұлы (1878, Торғай облысы Қостанай уезінің Сарыой болысы - 27.09.1938, Тараз), қоғам қайраткері [13]. Қостанайда Б. Алтынсарин ашқан екі жылдық мектеп пен Орынбор гимназиясын (1899) бітіргеннен кейін, Қазан университетінің медицина факультетіне оқуға түсіп, генерал-адъютант Н.А. Крыжановский атындағы шәкіртақыға ие болған [14].

Қазан университетінің медицина факультетінде Нұрмұхамед Сардарұлы Айшуақов білім алған. Кейін бірақ ол оқуын тастап, Орал уездік басқармасына аудармашы болып ауысты [4, с. 139].

Қазан университетінің медицина факультетін бітірген алғашқы қазақтардың бірі Мұхамеджан Қарабаев болды (1858-1928 жж.). 1887 жылғы 7 қарашада Қостанайда уездік дәрігер лауазымы бекітіліп, оған М. Қарабаев тағайындалды.

Қазан университеті Ғылыми кеңесі отырысының 1888 жылғы 30 қаңтардағы хаттамасымен М. Қарабаев емші және уездік дәрігер дәрежесінде бекітілді [15]. М. Қарабаев Торғай қамқоршылық комитетін де басқарып, түрмелерде тегін медициналық көмек көрсеткен [4 77, с. 139].

Бұл уақытта Қазан университетіне оқуға түскен қазақ студенттерінің жалпы саны 32 адам оқыған болатын: оның ішінде 8 адам Бөкей ордасынан, 3 адам - Орал облысынан, 15 адам - Торғай облысынан, 2 адам - Ақмола облысынан, 2 адам - Семей облысынан, 1 адам - Сырдария облысынан, 1 адам - Жетісу облысынан [16, с. 38].

Г.С. Сұлтанғалиеваның деректері бойынша, XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап 1917 жылға дейін Қазан университетінде 33 қазақ, оның ішінде 18 адам - Торғай облысынан, 9 адам - ішкі Ордадан, 2 адам - Жетісу облысынан және Ақмола мен Орал облыстарынан бір-бір адамнан оқыған. Қазан университетінің студенттері арасында татарлар мен башқұрттар болды, олардың саны оқу кезеңінде 131 адамды құрады, олардың ішінде 72 студент толық курсты аяқтады [17].

Қазан университетінде XIX ғасырдың 70-90-жылдары мен XX ғасырдың басында 4 қазақ студент білім алған, XIX ғасырдың 90-жылдары мен XX ғасырдың басы аралығында 11 студент оқыған, 1905-1917 жылдары 15 қазақ оқыған [16, с. 38].

Қазан университетінің заң факультетінде 18 қазақ, медицина факультетінде 12 қазақ студент білім алған [16, с. 38].

Қазан университетінің Заң факультетінің тағы бір түлегі Жансұлтан Шуақұлы Сейдалин (1856-1919) оқуын 1882 жылы аяқтаған. 1885 жылдан бастап ол Златоуст уезінің 2-ші учаскесінің Уфа округтік сотының сот тергеушісі болып жұмыс істеген. Қазан университеті әкімшілігінің атынан Торғай облысының әскери губернаторына төмендегідей мазмұндағы жеделхат келеді: «...1822 жылы 28 мамырда Қазан университетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен Жансұлтан Сейдалин курсты бітіріп, кандидаттық диссертация қорғап шыққандықтан, оған «құқық магистрі» дәрежесі берілді [18, с. 89]. Жансұлтан Сейдалин Ресей империясының 1867-1868 жылдардағы «Дала өлкесін уақытша басқару Ережелері» құжатын талдап, билікке әскери-әкімшілік басқару жүйесі арқылы көшпелі өмір салтына, салт-дәстүрлерге қысым көрсетпеуді талап етіп жүгінеді. Ол даланың климаты мен географиялық орналасуы мал шаруашылығын дамыту үшін өте қолайлы екенін дәлелдеп шығады. Сейдалин - Қазанда оқыған қазақтар арасындағы екінші құқық магистрі, кейін Орынбор губерниясына ауысып, 1908 жылдан бастап Троицк округтік сотының мүшесі болып, ал 1914 жылы Торғай облысы бойынша құрметті бітімгерлік судьясы лауазымына ұсынылған. Троицкіде тұрған уақытында Ж. Сейдалин осы қалада шыққан қазақтың тұңғыш журналы «Айқапты» шығару ісіне ат салысқан.

Қазан университеті түлектерінің кейінгі тағдыры әркелкі болды. Атап айтқанда, С. Сүйіншәлиев (1856-1886) заң факультетін бітірген соң, Орынбордағы мұғалімдер мектебінде жұмыс істеген. Білімі бойынша заңгер болғандықтан, математиканы оқытуға қабілеті жетіңкіремеген» [19, с. 20].

«Алаш» партиясының құрамында Қазан университетінің А. Имамбаев, Б. Мәметов, И. Қашқынбаев секілді өзге де түлектері болған. Кейін олар «Алаш Орда» үкіметін ұйымдастыруға белсене қатысып, Халық Кеңесінің мүшесі болды.

И. Қашқынбаев Қазақ ұлттық үкіметінің Батыс бөлімшесінің құрамына еніп, башқұрт ұлттық қозғалысының жетекшісі Заки Валидимен және татар ақыны Ғабдолла Тоқаймен жақсы таныс болған. «Алаш Орданың» батыс бөлімінің қызметінде оның ықпалы зор болды [4, с. 140].

Шавкат Бекмұхамедов ҚазССР әділет халық комиссары болып 2-ші сетке сайланған [20].

Садық Аюкеұлы Аманжолов (1889 ж. 28 тамызда Ресей империясы, Верный уезі, Жетісу облысы, Степной генерал-губернаторлығында дүниеге келген, (қазіргі Қаратұрық, Еңбекші қазақ ауданы, Алматы облысы) - 1941 ж. 5 желтоқсанда, Ташкент қаласында дүние салған) - қазақ қоғам және мемлекет қайраткері. Жетісудағы Алаш қозғалысы көшбасшыларының бірі, заңгер-құқықтанушы [21].

1907 жылы Верный қаласындағы (қазіргі Алматы) ерлер гимназиясын, 1912 жылы Қазан Императорлық университетінің заң факультетін бітірген. 1917 жылғы Ақпан

төңкерісіне дейін империяның сот мекемелерінде жұмыс істеген. Үржар уезіндегі қазақ комитетінің басшысы болды. 1917 жылдың шілде айында Орынборда өткен Бірінші Жалпықазақтық Алаш Орда съезінің жұмысына қатысып, Жетісудан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына делегат болып сайланды. Съезден кейін Жетісу өңірінде (қазіргі Алматы облысы) «Алаш» партиясының жергілікті ұйымдарын құруға белсене атсалысты. Сол жылы желтоқсанда Алаш Орда үкіметінің екінші Жалпықазақтық съезіне қатысып, Алаш Үкіметінің Ұлттық кеңес мүшелерінің құрамына енді. Жергілікті Алаш Орда ұйымын құруға қатысып, Жетісудағы милиция мекемелерін басқарды. Азамат соғысы жылдары Алаш милициясының Қарулы отрядтарын құруға белсене қатысты. Б. Мәметовпен (Алаш Орда үкіметінің мүшесі) бірге Жетісудың тұрмысы төмен және аштыққа ұшыраған тұрғындарына көмек көрсететін бірқатар комитеттер құрды. Жетісуды большевиктер басып алғаннан кейін, жетісулық Алаш-Орда көшбасшылары Шәуешек қаласына (қазіргі ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы) қоныс аударды. 1918 жылы тамыз айында большевиктер әскерімен болған шайқастарға қатысып, ауыр жараланады. 1922 жылдың күзінде елге оралып, 1923-1930 жылдары Жетісу облыстық атқару комитетінде, ҚазАССР Заң халық комитетінде жұмыс істеді. 1930 жылы Алаш Орда қайраткерлерін халыққа қарсы қызмет жасады деген айыппен жаппай тұтқындау салдарынан қуғын-сүргінге ұшырап, бірақ көп ұзамай ақталып шыққан. Кейін ол Қазақстаннан кетуге мәжбүр болып, Мәскеуде, Фрунзе қаласында және Ташкентте заң кеңесшісі болып жұмыс істеген. 1941 жылы Ташкентте тұмаудан қайтыс болды [22].

Қазақ жастары Қазан университетіне 1877 жылдан бастап түсе бастап, 1917 жылға дейінгі аралықта 37 жас оқуға түскен, олардың 20-сы оқуын аяқтаған. Қазан ветеринарлық институтына 18 адам оқуға түсіп, олардың 15-і оқуды аяқтаған. Қазан мұғалімдер семинариясында қазақ жастары тек 1909 жылға дейін білім алған, осы семинарияда 1894 жылдан 1908 жылға дейінгі аралықта барлығы 27 қазақ баласы білім алған, олардың ішіндегі 19-ы ғана семинарияның толық курсына аяқтап шыққан [23, с.88].

Дәлелхан Талыбай өз еңбегінде 1829 жылдан 1917 жылға дейінгі аралықта Қазан университетінде 50 адам оқып, білім алған деген дерек келтіреді. «Бұл – олардың оқуға қабылданғаны туралы құжат» [24, б. 85].

Г.С. Сұлтанғалиеваның айтуынша, университетке 31 адам түсіп, олардың 21-і бітіріп шыққан. Ветеринарлық институтқа 19 қазақ жастары түсіп, толықтай бітірген. Сол кезеңде университетке 50 қазақ оқуға түсіп, олардың ішіндегі 30 адам оқуын бітіріп, екеуі қайтыс болған. 13 адам әртүрлі себептермен оқуын тастап немесе басқа оқу орындарына ауысып кеткен. Г.С. Сұлтанғалиеваның зерттеуінде 1877 жылдан 1917 жылға дейін Қазан ветеринарлық институтында 23 қазақ оқып (4 тәрбиеленуші Омбы гимназиясынан, қалғандары Троицк гимназиясы мен Орал реалды училищесінен қабылданған), олардың 17-сі оқу орнын бітіріп шыққан [4, с. 141].

Ветеринарлық институттың қазақтан шыққан алғашқы түлегі 1882 жылы ветеринар дәрежесіне ие болған Мұхамед Ақтанов болды [25, п. 6].

Ветеринария институтының түлектері ветеринария саласындағы білімдерін кеңейте отырып, өз біліктіліктерін үнемі жетілдіріп отырды. 1899 жылы Торғай облысының ветеринарлық дәрігері Мұса Жасмағамбетов Қазан ветеринарлық институтының бактериологиялық станциясында үш айлық тағылымдамадан өтті. Ол бактериологияны, атап айтқанда Сібір жарасына қарсы малды алдын-ала егу техникасындағы заманауи әдістерді зерттеген [26].

Қазан ветеринарлық институтының зертханасында бірнеше рет біліктілігін арттырған Қарабатыр Сермұхамедов кейін Шалқар станциясының ветеринарлық дәрігері боп жұмыс істеген. Өз қызметін 1903 жылы бастаған. Қостанай уездік дәрігері ретінде қызмет атқарып жүрген Қ. Сермұхамедов 1910 жылы Шалқар қаласына ауыстырылып, ол жерде амбулатория ашып, дәрігерлік білімі мен тәжірибесін үнемі

тереңдетуді талап ететін емдеу қызметімен айналысқан. 1914 жылы С. Қарабатыров Қазан ветеринарлық институтында біліктілікті арттыру курсынан қайта өту қажеттілігі туралы өтініш береді, алайда бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына орай, ветеринарлық дәрігерлер мен фельдшерлер әскери қызметке жаппай шақырыла бастағандықтан, оған оқуға рұқсат берілмеген [27].

Қазан ветеринарлық институтының түлектері індетке қарсы күресу үшін Ресейдің басқа аймақтарына іссапарға жіберіліп отырған. М. Жасмағамбетов 1908 жылдың қараша айында обаға қарсы күрес үшін Ақмола облысына іссапарға жіберіледі. Жұмысқа белсенді қатысқан ол алғыс алып, ал 1911 жылғы наурызда сот кеңесшілері қатарына қабылданған [4, с. 142].

Осылайша, Дәулелхан Талыбай ветеринарлық институтқа 25 қазақ түсіп, олардың 22-сінің бітіргендігін, 2 адамның төлем жасамағаны үшін, бір адамның денсаулық жағдайы бойынша оқудан шығарылғандығын жазады [24, с. 82].

Қазан қаласындағы қазақ студенттері мұсылман студенттерімен қоян-қолтық араласып тұрған. Соның арқасында олар ұлттық және діни болмысын жоғалтпай, қаладағы студенттік өмірге біртіндеп бейімделген. Қазан жандармериясы атап өткендей, «Қазан университетінің қырғыз студенттері татар студенттерімен тығыз қарым-қатынаста болды» [28, п. п. 96]. Студенттер әдеби және музыкалық кештер өткізіп отырды. Х. Ямашев 1907 жылдан бастап Қазан университетінің Заң факультетінің тыңдаушысы бола отырып, Қазан қаласындағы мұсылман жастарының шоғырлануына орасан зор үлес қосқан. Мұрағаттық құжаттарға сенсек, Х. Ямашевтің пәтері Қазан оқу орындарының барлық мұсылман студенттерінің бас қосатын орнына айналған. Ямашевтарда өткізілетін кештердің тұрақты қатысушыларының ішінде қазақ студенттері А. Имамбаев, Б. Мәметов, Ш. Бекмұхаметовтар да болды.

Академик Р.И. Нафигов «Ғабдолла Тоқай және оның ортасы» атты кітабында Қазан қаласындағы қазақ студенттерінің қоғамдық және мәдени іс-шараларға белсенді қатысқаны туралы көптеген мұрағаттық деректерді келтіреді. Қазан қаласындағы татар көпестерінің қаржылық қолдауымен 1907 жылы 1 желтоқсанда алғашқы мұсылман қоғамдық театр және музыкалық «Шығыс клубы» ашылса, «Шығыс клубы» қызметінің нәтижесінде «Кавказ хоры» және «Қырғыз хоры» жұмыс істей бастады [29, с. 171]. Сондай-ақ, Қазан университетінің студенттері Иса Қашқынбаев, Әбубәкір Иманбаевтар «Шығыс клубы» татар зиялыларымен етене араласып, пікір алмасып отырды. Қазақ жастары Қазан қаласындағы ғылыми қоғамдар ұйымдастыратын қазақ әндерінің, өлеңдерінің, ертегілерінің, салт-дәстүрлерінің талқылауларына тікелей қатысып отырды. 1917 жылға дейін Қазан баспасынан 700-ден астам кітап жинақтары шыққан [29, с. 149].

Қазан университетінің қоғамдық өміріне белсенді қатысқан қазақтар арасында заң факультетінің студенті Ғали Ибрагимов та бар еді. Оның аты 1902 жылы 15 ақпанда Қазан университетінде ұйымдастырылған жиынға қатысқан студенттердің қатарында атап өтілген. Ғали «Мағариф Джамшати» қоғамын ұйымдастырып, оның негізгі мақсаты ретінде Ақтөбе уезіндегі, Торғай облысындағы ағартушылық қызметті қолдауды алған [30].

Қазанның ғылыми және қоғамдық өміріне қазақ студенттері мен мұғалімдерінің қатысуы олардың ой-өрісінің кеңеюіне, олардың әрі келешектегі кәсіби және қоғамдық қызметіндегі гуманистік қағидаттардың қалыптасуына ықпал етті.

Татар композиторы Сұлтан Ғабаштың шығармашылығын зерттеу барысында өнертанушы Геннадий Макаров «Тойбастар», «Хайлилай-ау» (2-ші нұсқа), «Сырымбет», «Сәлем», «Ақсаусақ», «Ұлтым - қазақ», «Елім-ай», «Әгүгәй», «Жерім-ай», «Үриэй», «Гүргәй» және «Соқыр қыз», «Әмірхан», «Құнанбай аға», «Киүргей», «Бек Ахмет» деген әндерді тапқан. «Жұлдыз (Звезда)» газетінің 1908 жылғы 11 желтоқсандағы санында татар зиялылары шығарған пластинкаға «Әмірхан», «Көке» деген қазақ әндері жазылғандығы айтылады. 1914 жылғы «Қояш» газетінің 437-

нөмірінде қазақ Нұрбаевтың орындауында «Қарға», «Ғайземжан», «Зылиха» әндері жазылған. Алған білімдерін қазақ жастары өз халқының мүддесі үшін күреске қолдана алды. Олардың жазған еңбектері университет оқытушы-ғалымдарының арасында жоғары бағаланды [31].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында тек Қазанда (Императорлық Қазан университетінде, Қазан ветеринарлық институтында, Қазан педагогикалық семинариясында) қазақ жастарының алдыңғы қатарлы өкілдері білім алды.

Қазан оқу орындарының түлектері, қазақ жастары өз уақытында халықтардың мәдени дамуының байланыстырушы элементіне айналып, XX ғасырдың басындағы ұлттық қозғалыстағы ұрпақтар сабақтастығы мен байланысының тасымалдаушысы миссиясын атқарды. Осылайша, XX ғасыр басында қазақ студенттерінің тұлғалық қалыптасуы одан әрі өз жалғасын тапты.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы жаңа дәуір ұсынған өткір сын-қатерлермен сипатталады. Әлеуметтік-мәдени орта дәстүрлі қоғамдардағы мәдениетті модернизациялаудың сыртқы және ішкі процестеріне жауап бере алды. Бұл, өз кезегінде, өмірдің барлық салаларының өзгеруіне әкелді.

Қазан университеті мен басқа да оқу орындарының XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық және мәдени қызметтегі ықпалы халықтар арасындағы мәдени байланыстардың жүйе құраушы элементі деңгейіне дейін өсті. Татар қауымдастықтарындағы белсенділік күшейе түсіп, әртүрлі қоғамдар құрыла бастады, мешіттер мен мектептер саны өсті. Ғылыми қоғамдастықтар, аударма қызметі, мұражай және баспа салалары байланыстар мен өзара ықпалдастықтың нысандарына айналды.

Қазақ ұлттық зиялыларының қызметі үлкен саяси бағытқа ие болды. Бұл қоғамның жемісті өмір сүруі үшін батыс мәдениетінің негізгі идеяларын біріктіруге тырысқан зиялы қауым болды.

Қазақ тіліндегі кітаптарды басып шығару ұлтты қалыптастырады. Осы кітаптардың арқасында ұлттың өзіндік сана-сезімін қалыптастыратын ұлттық проза мен поэзия шығармалары арқылы ұлттық әдеби тіл сақталды. Біз түрлі жанрдағы қазақ әдебиетінің күрт көтерілгенін көріп отырмыз. Ұлттық тілде білім беру ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Карл Фукс: науч.-биограф. сб. / сост. М. Усманова. – Казань: Жиен, 2005. – 480 с.
2. Иванов И.С. Джангер, хан внутренней Киргизской орды. – Астрахань, 1895. – 230 с.
3. Алекторов А.Е. Очерк Внутренней киргизской Орды // Известия Оренб. Имп. РГО. – 1894. – №3. – С. 9-12.
4. Султангалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII – начало XX вв.) – Уфа: РИО РУНМЦ Госкомнауки РБ, 2002. – 262 с.
5. ТР ҰМ. Қ. 92. Т. 1. Іс. 1277. П. 22.
6. Выдающиеся Ученые Казанского Университета: Ибрагим Исхакович Хальфин 1778-1829 // <http://libweb.kpfu.ru/z3950/ubiz/halfin.pdf>. 10.10.2020.
7. ТР ҰМ. Іс. 1277. П. 65.
8. Дюсенбаев А. Первый казахский просвещенный правитель // <http://www.gylmordasy.kz/2015/04/16/pervyj-kazahskij>. 11.10.2020.
9. Ильминский Н. Воспоминания объ Алтынсаринь. – Казань, 1891. – 396 с.
10. ҚР ОМА. Қ. 78. Т. 2. Іс. 441. П. 64.
11. Извлечения из положений о стипендиях и премиях, существующих при императорском Казанском университете // <https://repo.kpfu.ru/jspui/handle/net/409>. 21.09.2020.

12. Муканова Г.К. «Казахский Чехов», Мухамеджан Карабаев (1858-1928): Якутские находки // <https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow>. 14.10.2020.
13. Алдияров А.Б. Казахстан: нац. энцикл. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. – Т. 1. – 560 с.
14. Алтынсарин И. Собрание сочинений: в 3 т. – Алматы, 1978. – Т. 3. – 352 с.
15. ТР ҰМ. Қ. 977. Т. 29958. П. 17.
16. Айтмухамбетов А.А. Казахские служащие Российской империи: формирование, профессиональная и общественно-политическая деятельность в XIX – начале XX вв.: исторический аспект. – Семей, 2010. – 346 с.
17. Ханбиков Я.И. Русские педагоги Татарии и их роль в развитии просвещения и педагогической мысли татарского народа. – Казань: КГПИ, 1968. – 136 с.
18. Очерк развития народного образования в Туркестанском крае / сост. С. Граменицкий. – Ташкент: Типо-лит. торг.д. "Ф. и Г. бр. Каменские", 1896. – 89 с.
19. Васильев А.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. – Оренбург, 1896. – 226 с.
20. Зиманов С.З., Даулетова С., Имагулов М. Казахский отдел народного комитета по делам национальностей. – Алма-Ата, 1975. – 240 с.
21. История Казахстана: энциклоп. справ. / под ред. К. Байгабурова. – Алматы: Аруна, 2010. – 631 с.
22. Әбдешев М. «Алаш Орда» министрлігі. – Алматы, 2008. – Б. 114.
23. Кенжетаяев Б.А. Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX – начале XX вв. – Казань: ПиФ, 1998. – 88 с.
24. Дәлелхан Талыбай. Қазан қаласындағы жоғары оқу орындарында оқыған қазақ жастары // Туған тіл. – 2017. – №2(31). – Б. 82-88.
25. ТР ҰМ. Іс. 15032. П. 6.
26. Өткір сөз өзекжарды мәселелермен үндесуі керек // <https://emirsaba.org/erlerdi-isi-biter-me-os-arnani-tofisi.html?page=4>. 25.10.2020.
27. Образ отца озаряет ее жизнь // <http://pushkinlibrary.kz/exhibitions/Akbilek/muza.html>. 25.10.2020.
28. ТР ҰМ. Қ. 199. Т. 1. Іс. 3121. П. 96.
29. Нафигов Р.И. Тукай и его окружение. – Казань : Татар.кн.изд-во, 1986. – 208 с.
30. Ибрагимов Галимджан Гирфанович // Евклид-Ибсен: бол. совет. энциклопедия. – М.: Советская энциклопедия, 1972. – С. 621-622.
31. Макаров Г. Традиционные аэрофоны татар Волго-Камья: проблемы генезиса и исторической реконструкции: дис. ... канд. искуств. наук: 17.00.02. – Казань, 2004. – 173 с.

БАРЛЫБЕК СЫРТАНОВ - АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ, ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ КОНСТИТУЦИЯСЫ ЖОБАСЫНЫҢ АВТОРЫ

ӘЛМҰҚАН А.С.

*Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11
облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты тарих
пәні мұғалімі, педагог шебер*

Алашорда зиялы қауымның ішінде әлі де өз дәрежесінде зерттелмей келе жатқан тұлғалардың бірі – Барлыбек Сыртанов. Дегенмен оның есімі құқықтанушыларға жақсы таныс. Өйткені ол - Қазақ мемлекетінің алғашқы Ата Заңы жобасының авторы. Өкініштісі, оның қаламынан шыққан «Қазақ елінің уставы» ол кезеңде жүзеге асқан жоқ. Дегенмен, тәуелсіз Қазақстан Республикасының Конституциясында, өзге де Заңдарымызда Сыртановтың идеялары көрініс тапқаны шындық.

Барлыбек Сыртанов 1866 жылы Жетісу губерниясы Қапал уезінің Арасан болысындағы Қарашоқыда елді мекенінде туған. 1877-1886 жылдары Верный қаласында ашылған ерлер гимназиясын үздік бітіріп шығады. 1886 жылы Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетіне оқуға түседі. Барлыбек оқыған кезде Санкт-Петербургда Мәмбетәлі Сердалин, Бақытжан Қаратаев, Абдолла Теміров, Бақтыгерей Құлманов секілді қазақ жастары «Жерлестер» атты ұйым құрады. Олар әрдайым елден оқу іздеп келген қазақ жастарына қол ұшын беріп, революциялық мазмұндағы еңбектер мен астыртын әрекеттерді талқылау үшін басқосулар өткізіп отырған. Қазақ даласында мәдени-ағартушылық ісін дамыту, елді оқу-білімге тарту, т.б. тақырыптарды талдап, пікір алмасу өткізген. Санкт-Петербургда білімін ұштап, ұйымдастырушылық қабілетін жетілдірген Барлыбек 1890 жылы университетті бірінші дәрежелі дипломмен үздік бітіріп шығады [1].

1905 жылы Патша өкіметі барлық мешіттерде Николай II патшаның суреті ілінуді керек деген нұсқау шығарады. Барлыбек Сыртанов бұл жарлыққа қасқайып қарсы тұрады. Мұсылмандар толқуының басында, ел алдында аса беделді Барлыбек Сыртанов тұрғандықтан, губернатор нұсқауды лажсыз тоқтатады. Ресей мен Қытай билігі 1903-1907 жылдар аралығында шекара межесін қайта қарағанда Барлыбек Сыртанов бұл іске белсене араласады. Қазіргі Алматы облысының Қытаймен шекарасы Барлыбек Сыртанов белгілеуімен анықталады. «Айқап» журналы арқылы жадидтік бағытта білім беруіне «Мамания» медресесіне оқымысты азаматтарды тартады. Верный гимназиясына қазақ балаларын көптеп тартып, соның арқасында Мұхаммеджан Тынышбаев, Салық Аманжолов, Базарбай Мәмбетов, Нүсіпбек Жақыпбаев, Қанай Боранбаев, Ораз Жандосов, Жұбаныш Бөрібаев, Ысқақ Дүйсенбаев секілді кейіннен ірі қайраткерлер болып танылған азаматтар оқу бітіріп шығады [2].

Қазақ зиялылары бас қосқан 1905 жылғы Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесінде Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаевтармен бірге Барлыбек Сыртанов та Қазақ ұлтының жерге қатысты және өзгеде құқықтарын талап етіп Патшаға петиция жазады.

Барлыбек Сыртанов - мамандығы шығыстанушы болғанымен заң, құқық мәселелерімен терең айналысқан қайраткер. Барлыбек 1911 жылы Санкт -Петербург кітапханаларының бай қорын пайдалана отырып, Әлихан Бөкейхановтың тапсырысымен 4 бөлім, 28 баптан тұратын «Қазақ елі уставы» атты алғашқы Конституциясы жобасын С. Б. Алашинский деген бүркеншік атпен жазып шығады. Уставтың негізгі идеясы - Қазақстанды Ресей отарынан шығару, және дербес, тәуелсіз мемлекет құру. Бұл идеяны соғыссыз, қақтығыссыз парламенттік жолмен съезд

шақырып, халық сайлаған депутаттар шешімімен қабылдауды басты мақсат етіп қояды. Сот билігіне, әйел бостандығына, жеке адам құқығына, ел басқару ісіне тоқталады [3].

I. Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында

2. Қазақ елінің жеке туы бар. Туы жасыл, қызыл һәм сары көлденең жолақтардан жасалады. Басындағы бұрышта ай һәм жұлдыздың суреті бар. Жасыл түс – елдің исламға берілгендігінің белгісі, қызыл – ел қорғауда төгілген қан, сары қазақтың кең даласы, еркіндіктің белгісі.

3. Бұдан былай Қазақ елі Россиямен достастық, яғни доминион дәрежесіндегі қарым-қатынаста болып тұрады.

4. Қазақ елінде ең басшы орыны – Ұлт мәжілісі. Оған дауыспен өткендер Қазақ елінің басшысы Президентті төрт жылға сайлайды.

II. Адам баласының хұқы турасында

10. Қазақ елінде адам баласының бәрі тең хұқылы. Дініне, қанына, тегіне, нәсіліне қарап адамды қорлауға жол жоқ. Адам тек закон һәм құдай алдында жауап береді.

III. Қазақ жері турасында

18. Қазақ жері оның меншігінде болады.

19. Қазақ елінің жері саудаға түспейді, құдай оны адам баласына пайдалану үшін жаратты.

IV. Сот турасында

21. Сот билігі өз еркімен іске асады.

22. Соттың хұкімі законға һәм сот ережелеріне сүйенеді.

26. Судьялар қазақ тілін білуі шарт. Басқа нәсілдердің сотта өз тілдерінде сөйлеуге хұқы бар[4].

Өкпе ауруынан айықпаған Барлыбек Сыртанов 1914 жылы 48 жасында Қапалда қайтыс болады.

Б. Сыртановтың XX ғасырдың басында көтерген жер мәселесіне қатысты ой-тұжырымдары бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда да өзінің өзектілігін жойған жоқ. 28 баптан тұратын «Қазақ елінің уставы» - тәуелсіздікті қағаз жүзінде жариялаған болашақ егемен Қазақ мемлекетінің Негізгі заң жобасы болғаны ақиқат. Алайда, осы бір ең алғашқы «Қазақ елінің Уставы» атты құжаттың әлі күнге дейін мектеп оқулықтарына енбей келе жатырғаны өкінішті. Сондықтан, болашақта мектеп оқулықтарына Б.Сыртанов туралы мағлұмат енгізілуі қажет деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дулатбеков Н. «Алаш ардақтылары: Санк-Петербург іздері» //Алматы : Таймас-2013 ж, 240 б.

2. Өзбекұлы С. «Барлыбек Сыртанов» //Алматы: Жеті жарғы-1996 ж, 26-112 бет

3. Байгелова Н., Өзбекұлы С. «Қарқаралы петициясы және Қазақстан конституционализмнің дамуы» //Алматы: Жеті жарғы-2007 ж, 65 бет

4. Сырттанов Б. «Қазақ елінің уставы: Тұңғыш қазақ конституциясы туралы» // «Ертіс өңірі» газеті- 2015 ж,- 26 тамыз, 10 бет

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

ЕСБОЛАЕВ Р.Д.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 2 курс магистранты, Орал қаласы, Қазақстан

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығын қоспағанда, кейінгі 20 жыл бойы экономиканың дамуы үшін қалыптасқан қолайлы жағдай өңірде экономикалық ахуалды тұрақтандыруға бағытталған бірқатар шараларды іске асыру Маңғыстау облысының едәуір өсуіне ықпал етті. Негізінен Маңғыстау облысының экономикасының құрылымында өндірілген өнімнің 95% кен өндіру өнеркәсібіне тиесілі. Өңір экономикасының шикізаттық бағыты кен өндіру өнеркәсібінің басымдығын айқындап берді, оның даму жағдайына экономиканың қалған секторларының барлығы тікелей байланысты [1, 36].

Маңғыстау өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы айтқан кезде, ең алдымен мәдениет саласындағы іс-шаралар маңызды орын алады. 2005 жылы мәдениетті дамытуға жергілікті бюджет шығыстары 1124,1 млн.теңге болды (2004 жылдың шығыстарына - 102,1%), соның ішінде мәдениет объектілерінің құрылысына - 42,6 млн. теңге бөлінген. 2005 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен Бейнеу ауданының Бейнеу селосында құны 6,1 млн.теңге болатын, 40 орындық телетеатр құрылысының, Форт-Шевченко қаласындағы орталық кітапханаға құны 5,2 млн теңге болатын жанама құрылысының, облыстық өлкетану мұражайының жалпы құны 8,2 млн теңге болатын кіреберісінің, Ақтау қаласындағы облыстық қуыршақ театрына құны 23,1 млн теңге болатын жанама құрылысының жұмыстары аяқталды.

Ағымдағы жөндеуге 15,4 млн. теңге жұмсалды, кітапханаларға кітап алуға - 3,0 млн.теңге, газет-журналға жазылуға - 6,3 млн. теңге, мұражай экспонаттарын алуға - 1,5 млн. теңге.

Бейнеу ауданының Боранкөл селосы клубының құрылысына, музыкалық-драма театры ғимаратына екі қабатты жанама құрылыс салуға 5,8 млн. теңгеге ЖСҚ жасалды. Мұндай ақпараттарды әрі қарайда үздіксіз жалғастыра беруге болады. Өйткені, еліміз тәуелсіздік алған 30 жылда даму желісі қарқынды жүріп келеді [2].

Бейнеу ауданының Боранкөл селосы клубының құрылысына, музыкалық-драма театры ғимаратына екі қабатты жанама құрылыс салуға 5,8 млн. теңгеге ЖСҚ жасалды.

«Жібек жолының тарихи орталықтарын түлету, сақтау және түркі тілдес халықтардың мәдени мұраларын сақтау, мұраға қалдыру, туризм инфрақұрылымын дамыту» мемлекеттік бағдарламасы ауқымында республикалық бюджет қаражаты есебінен «Маңғыстау Реставрация» ЖШС Маңғыстау ауданы Шетпе селосы маңындағы «Қараман ата» қорымындағы 11 ескерткішті қайта жөндеуден өткізді.

Міне, осындай сорақылықты мыңдаған жазықсыз жазаға ұшырағандар бастан өткерді. 1937 жылдың 12 қарашасында баспасөзде жарияланған айыптау қорытындысында А. Асылбеков, М. Нұрсейітов, М.Ғатаулин құрған контрреволюциялық, ұйым әшкереленген. Бұлар халық жаулары Н. Нұрмақовтың, С. Сейфуллиннің, Сәдуақасовтың, Ү. Құлымбетовтың тікелей нұсқауы бойынша құрылғаны айтылған. Олар өз алдарына Қазақстанда кенестік үкіметті күшпен құлатып, буржуазиялық мемлекет құру мақсатын қойған-мыс.

Мансұр Ғатаулин 1903 жылы Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданында малшы отбасында дүниеге келген. 1933-1937 жылдары Ақмола өлкелік партия аппаратында, Қарқаралы қалалық өлкелік партия комитетінде қызмет атқарған. Сол кездегі Совет одағының саяси қайраткерлері С.Киров, Л.Мирзоян бастаған басшылар бұл кісінің дастарханынан дәм татып аттанып жүрген. Ресми дереккөзі Мансұр Тайтұлы 1937 жылы қараша айында Қарағанды қаласында Қарқаралы округінің партия, кеңес қызметкерлерінің үстінен қозғалған сотта жалған айып тағылып атау жазасына бұйырылғаны жайлы айтылады. Мансұр Тайтұлы соттың алдында қасқайып тұрып «Мен «халық жауы» емеспін, керісінше, халықтың жауының «жауымын» депті.

Ұзаққа созылған азапты тергеуден кейін Ақмола облыстық партия комитетінің бұрынғы хатшысы М. Ғатаулин бұл тозақтан тірі шықпайтынын біліп, Қарағанды ішкі істер басқармасының бастығына Ақмолада тұратын әйелі Сакып халық жауының әйелі болуға тиіс еместігін, сондықтан да:«Менімен айырылысуға арыз жазуына болады. Менің қарсылығым жоқ» деп жазған. Ол әйелі мен балаларының бұданартық тағдырының қалай боларын дұрыс болжаған. [1, 23 б.]

Қуғын-сүргін бүкіл елді жайлап алған болатын. Барлық жерлерде жауларды әшкерелеу, олардын кінәсін далелдеу мен мойындату науқаны қызу қарқынмен жүрді. Тұтқынға түскендер өз құқықтарының өрескел бұрмаланғаны туралы жан-жаққа тынымсыз жазып жатса да, оларға көңіл аударған ешкім болған жоқ. Алайда бастарына түскен қиындыққа қарамастан, лагерь тұтқындары өмір сүруді тоқтатпай, ертеңгі күнге деген сенімдерін жоғалтпады. Елі үшін атқарған игі істері арқылы келешек ұрпақтың есінде мәңгі қалды.

Тәуелсіздігіміздің қадірін ұғыну үшін тарихымызды жаңғыртып, қуғын-сүргін қасіретіне бей-жай қарамай, ел жолында жазықсыз мерт болған халық зиялыларын ұмытпау – ұлт алдындағы парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шаймұханов Д.А., Шаймұханова С.Д. Карлаг. Алматы, 1997. – 104 бет.
2. Шаймұханова С.Д. Политические репрессии в Казахстане (30-40-е-начало 50-х гг.)-Караганда, КарГТУ, 2001. – с. 110.
3. Козыбаев М. Книга скорби: расстрельные списки. Алматы, 1997. – с. 29.

УДК: 94 (574)

ҰЛТТЫҚ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Хайрушев Н.З.

М.Өтемісұлы атындағы БҚУ магистранты, Орал

Қазіргі Қазақстан жағдайында бұл отандық тарих мәселелеріне деген қызығушылықтың артуының заңды құбылысымен де түсіндіріледі. Өткен ғасырдың басында қоғам алдында тұрған проблемаларға ерекше назар аударылады. Белгілі болғандай, Қазақстан Ресей империясының отарлық шеті бола отырып, әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрғыдан күрделі құбылыстарды бастан өткерді. Сол кездегі қоғамды сипаттайтын негізгі факторлардың бірі елдің тағдырында рөл атқаратын ұлттық интеллигенция болды. Бүгінгі таңда зиялы қауым қайта өрлеу дәуірінің тікелей қатысушысы және тарихтың дағдарыстары мен өтпелі кезеңдері кезінде ерекше мәнге ие болатын жаңа рухани құндылықтарды жасаушы. Интеллигенция сөзі бастапқыда гректің «poesis» – «сана, түсінік» деген сөзінен шыққан. Уақыт өте келе грек сөзі сол мағынасында рим мәдениетінде «intelligentia» атауымен пайда болды. Ол сөзді алғашқылардың бірі болып рим комедиясының өркендетушісі, драматург Публий Теренций қолданды. Интеллигенция – «латынша түйсікті ойшыл, есті білімпаз» деген сөз. Қоғамда интеллигенция, интеллигентті адам қандай болу керектігі туралы сан алуан пікірталастар жиі болып тұрады. Қазақ ғылымында интеллигенция сөзінің орнына «зиялы» ұғымын жиі пайдаланамыз. Зиялылық, зияткерлік адамның жоғарғы мәдениеттілігін, ақыл-парсаты мен адамгершілік қасиеттерінің жиынтығын білдіретін ұғым. Ол алғашқы әлеуметтік функциясы ақыл-ой қызметі болып табылатын, арнайы қоймасы және арнайы әлеуметтік мүдделері бар адамдардың ерекше шеңберін белгіледі. Ресейде "интеллигенция" термині 1860 жылдан бастап пайда болды. Содан кейін ол өз заманының ең заманауи талаптарына сәйкес құрылған ақыл-ой белсенділігіне қатысатын адамдар тобын атады [1, 17-б.].

XIX – ғ. к. XX ғғ. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық қатынастары мен мәдени өмірі елеулі өзгерістерге ұшырады. Қоғамның өндіргіш күштерінің едәуір өсуі, Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда байланыстарының барған сайын кенеюі, қазақ ауылдарындағы шаруашылық тұйықтығы мен патриархалдық тұрмысты бұзған тауар-ақша қатынастарының салыстырмалы түрде тез өсуі, таптық дифференциацияны күшейткен және еңбек етушілердің едәуір бөлігін күйретуге ұшыратқан капиталистік қатынастардың дамуы – осы өзгерістердің негізгі белгілері. Өлке өміріндегі осы өзгерістердің барлығы белгілі бір тарихи дәуірдің – капитализмнің қарқынды даму дәуірінің және оның империалистік сатыға көтерілуінің жемісі болды. Мұндай елеулі өзгерістер ұлттық сана-сезімнің оянуына алып келді, қазақ қоғамында жаңа идеялардың, ойлардың, көзқарастардың қалыптасуын айқындады [2, 87-б.].

Ұлттық қазақ зиялыларының қалыптасу процесі бір мәнді болған жоқ, ол өте күрделі және ұзақ процесс болды. Бұл жағдай сөзсіз халық шаруашылығының 42 саласында да, мәдениетте де мамандардың сандық өсуіне әсер етті. Дегенмен, XX ғ. халықтың зияткерлік күштерін дамытудағы жаңа кезең болды. Ұлттық зиялы қауым XX

ғасырда біршама тарих сынынан өтті. Монархтық Ресейдің XIX ғасырда жүргізген отаршылдық саясаты күрескер, ұлтшыл азаматтардың өмір сахнасына шығуына себеп болды [3, 12-б.].

XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының озық ойшылдары қоғамды, адамдардың өздерін күш қолданатын революция емес, қоғам мүшелерінің санасын өзгерту мен адамдардың бүкіл қоғамды жаңғырту практикасына тартылуы ғана өзгерте алады деп санап, қоғамдық сананы қалыптастыру процесін нақты жүзеге асырды. Адамдардың бүкіл бұқарасы мұндай өзгерістерге қатыса алмайды және оған қатысуға қабілетсіз, оны бірдей түсіне бермейді және оған бірдей дәрежеде мүдделі де емес. Қоғамдық тұрмыспен қоғамдық сананың байланысын әдетте барша жұрт бірігіп немесе әрбір адам жеке дара белгілемейді, қайта адамдардың ерекше топтары, сананы әзірлеумен кәсіби түрде айналысатын интеллигенттер анықтайды. XX ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында Қазақ газеті мен Айқап журналы төңірегіне топтасқан жас қазақ интеллигенциясы осындай интеллектуалдар тобы болды. Қазақ халқының идеологиялық өкілдері рөлін атқарған қазақ ұлттық демократиялық интеллигенциясы өзінің алдына халқын дағдылы санадан бостандықтың, тәуелсіздіктің ең жоғары мұраттарына бастайтын нақты жолды міндет етіп қойды. Ол қазақ халқының объективті мүдделерімен жағдайын жүйеге түсірілген теориялық білім ретіндегі идеологиялық деңгейде ұғынып білдіруге, оның саяси күрес бағдарламасын тұжырымдауға ұмтылды. Демократиялық ұлттық интеллигенция қоғамның таптарға бөлінуі мойындамай бүкіл халық атынан әрекет етті. Олар өз халқына тәуелсіздік және отаршылдық құлдықтан азаттық алу жолындағы күресте көмектесуге ұмтылды, әрбір адам мен әрбір халықтың жеке бостандыққа және бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен табыстарына еркін қол жеткізу құқығы сияқты жалпы адамзаттық қазыналар жолында күресті [4].

Қазақ зиялыларының қалыптасуына әсер еткен басты факторларды бөліп көрсетуге болады: біріншіден, Қазақстанның өзінде мұсылман білімінің таралуы және Қазақстаннан тыс жерлерде мұсылман оқу орындарында білім алу мүмкіндігі. Қазақстандағы революцияға дейін бастауыш білімді мұсылман мектептері мен медреселерінде, немесе "орыс-теңіз", "жергілікті", ауыл мектептерінде оқып-үйрену арқылы алуға болатын. Мұсылман мектептері мен медреселер Ресейдің отарлауы басталғанға дейін және байырғы ұлттардың балаларын оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің жалғыз буыны болды. 1874 жылы Қазақстанның мұсылман мектептері Халық Ағарту министрлігіне берілді. Ал 1876 жылы оларға орыс сыныптары енгізілді. Сол кездегі аймақтағы ірі медреселер: Уфадағы "Ғалия", Орынбордағы "Хұсаиния", Троицкідегі "Расулия", Орал қаласындағы медреселер қазақтар арасында үлкен атақ пен танымалдылыққа ие болды. Айта кету керек, бұл мектептер мен медреселердің негізгі мақсаты діни білім болса да, зайырлы пәндер олардың оқу бағдарламаларында маңызды орын алды. Медресе тәрбиеленушілері озық демократиялық идеялардың ықпалына түсе бастады. Олар оқытудың ескі әдістеріне, надандыққа қарсы шықты. Шәкірттердің арасында ұлттық жаңғыру, олардың тарихын, әдебиеті мен тілін үйрену идеялары танымал болды. Бір бөлігі қазақ зиялыларының бірқатар өкілдері 1906 жылы құрылған Уфадағы "Ғалия" медресесінде оқып, император Николай II-нің қамқорлығында болды. Мұнда Т. Жомартбаев, М. Сералин, Б. Майлин, М. Жұмабаев, Х. Ибрагимов және басқа да көптеген қазақтар білім алған. Қазақ шәкірттер "Ғалия" медресесін 1915 жылдан бастап шәкірттерді әдебиетке тарту мақсатында "Садақ" қолжазба журналын шығара бастады. "Садақ" журналы апта сайын болатын, оның редакторлары сол жылдары медреседе оқыған Б. Майлин мен Ж. Тілепбергенов болды. Қазақтардың балалары бірінші гильдияның татар көпесі Хұсаинов негізін қалаған Орынбордағы әйгілі "Хұсаиния" медресесінде оқыды. Оның түлектері Қ. Жұбанов, М. Жалил, Ж. Тілепбергенов және т.б. болды. "Хұсаиния" медресесіндегі қазақтар шәкірттері кейбір оқытушылардың қатысуымен "Қазақ тілін оқыту қоғамын" құрды,

оның мақсаты-қазақ әдебиеті ескерткіштерін басып шығару, мектептерге оқулықтар, қазақ тіліндегі кітаптар құрастыру, қазақ тіліндегі болашақ газеттердің басылымдарына жәрдемдесу. Екінші фактор патша үкіметінің қазақ халқының ағартушылығын бастауыш біліммен шектеу жеткілікті деген пікірі болды, яғни. орыс тілін білу және арифметиканың қарапайым әрекеттері, ал орта, содан кейін жоғары білімнің таралуы оған қызығушылық танытпады. Революцияға дейінгі Қазақстанда Ұлттық орта оқу орындарының болмауы қазақтарды өз балаларын орыс оқу орындарына беруге мәжбүр етті, олардың оқу процесінде орыс мәдениеті қайта таратылды және орыс тілі басым болды. 1825 жылы Орынбор Неплюев әскери училищесі, кейін Орынбор кадет корпусы болып қайта аталды. Кадет корпусының алғашқы тәрбиеленушілерінің қатарында М.С. Бабажанов сияқты танымал қазақ ғалымы болды. Қазан университетінің медицина факультетінде А.Б. Альдияров пен М.М. Чумбалов; Санкт-Петербург медицина академиясында – Н. Ипмағамбетов; Петербург орман институтында – А. Бөкейханов; Мәскеу университетінің заң факультетінде – С. Аппасов пен С. Нұрлыханов; Петербург университетінің 43 заң факультетінде – Ж. Ақпаев, Б. Қаратаев, С. Аманжолов, М. Шоқаев; император Александр I атындағы Санкт-Петербург теміржол көлігі институтында - М. Тынышпаев; Томск технологиялық институтында - А. Ермеков және т.б оқыды.

Үшіншіден, қазақ зиялыларының қалыптасуына экономикалық факторлар да әсер етті, яғни Қазақстандағы капитализмнің дамуына әсер етті. Капитализмнің дамуы тек тауар-ақша қатынастарының, көлік пен байланыстың дамуына, аймақтың одан әрі отарлануына ғана емес, сонымен қатар Қазақстанда мерзімді баспасөздің пайда болуы мен дамуына ықпал етті. Пайда болған ұлттық буржуазияның үстем орыс буржуазиясымен бәсекелестігі, шетелдік капиталдың енуі білім беру, баспа және байланыс жүйесін реформалауды қажет етті.

Мысалы, 1905 жылғы төңкерістен кейін Ресейдің артта қалған шетіндегі халықтардың ұлттық оянуы орын алады, бұл мәдени-ағартушылық, баспа жұмыстарының жандануында көрініс табады. Сол кезде жарық көрген "Айқап" журналы мен "Қазақ" газеті ұзақ уақыт бойы жұмыс істеп, қазақ оқырмандары арасында кеңінен таралған, шын мәнінде екі идеялық орталық болды, олардың айналасында осы органдардың беттерінде де, өздерінің жеке кітаптарымен, брошюраларымен де сөз сөйлеген авторлардың белгілі бір ұжымдары топтастырылды. Саяси күреспен қатар қазақ интеллигенциясы ағартушылық қызметті де кеңінен өрістетті. XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясы дәрігерлердің, саясатшылардың, судьялардан, ақын-жазушылардан қаралып, мұның өзі қазақ ғылымының орнығып, алғашқы қадамдар жасауы үшін А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, М. Тынышбаев, Ж. Ақбаев ж.б. қыруар істер тындырды [5].

Мәселен, Ә. Бөкейханов қазақ халқының саяси және құқықтық сана-сезімін қалыптастыру жөнінде көп іс тындырған тамаша саясатшы ғана емес, сонымен қатар ғұлама экономист, әдебиетші және тарихшы болған. Оның қазақ халқының тарихын, әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен мәдениетті зерттеуге арналған монографиялық мәні бар «Қазақтар» атты мақаласы 1910 жылы Петербургте жарияланды.

Қазақ интеллигенциясының шығармаларында қоғамның негізгі идеялары, ой-пікірлері мен көзқарастары қарастырылған. Олар өз мақалалары мен кітаптары арқылы өз халқын ғасырлар бойы мүлгіген тіршіліктен оянуға, оны экономикалық және рухани тәуелділіктен азат етуге, өркениетті даму жолын нұсқауға ұмтылды. Қазіргі кезге дейін құнын жоғалтпаған А. Байтұрсыновтың «Маса» және М. Дулатовтың «Оян, қазақ» кітаптары нақ сол мақсатқа арналды.

Интеллигенцияның жаңа түрінің қалыптасуының әлеуметтік ортасы өте кең болды. "Оқулар" мен "зиялылар" арасында кешегі кедейлер (О. Жандосов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов), орта буын балалары (С. Меңдешев, А. Байтұрсынов), дала

аксүйектерінің ұрпақтары (М. Шоқай, Н. Төреқұлов, Ш. Құдайбердиев), екінші буын зиялылары (С. Асфендияров, А. Бірімжанов, Б. Қаратаев) және ертеден келе жатқан басқа да қазақтар болды олар білім мен ғылымға құрметпен қарады, орыс оқу орындарында алған білімдерінің артықшылығын өз көздерімен көрді [6, 40-б.]. Енді олар балаларын зайырлы мектептерге оқуға жіберді, сонымен бірге мектептер мен медреселерге назар аударып, қолдау көрсетуді тоқтатпады. Ағартушылық XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ социумының қоғамдық-саяси ойының жетекші бағытына айналды. Ұлттық интеллигенцияның әлеуметтік резервтерінің кеңеюі сонымен бірге қазақ қоғамының Бүкілресейлік процестерге қатысу деңгейі мен нәтижелерін, қазақ өлкесінің экономикасының мамандарға деген қажеттілігінің өсуін көрсетеді [7, 71-б.].

Нәтижесінде XX ғасырда Қазақстанның зиялы қауымының қалыптасуы бір мәнді емес, күрделі құбылыс болды деп айтуға болады. Х. Әбжанов зияткерлік жаңғыру XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы дамуының басты қорытындысы екенін атап өтті. Ұлттық интеллигенция Ұлы Даланы оятты. М. Дулатовтың үндеуі: "Оян, қазақ!", бетбұрыс кезеңінің мазмұнын көрсете отырып, тарихи, саяси, әдіснамалық және теориялық тұрғыдан өзін ақтады. Тарихты халық жасағанымен, қоғамның тарихи даму заңдылықтарын реттеп отыратын заңдар мен құқықтық доктриналарды нақты тұлғалар жүзеге асыратыны белгілі. Ендеше біз Қазақстан мемлекеті саяси және құқықтық ілімінің тарихын зерттеу үшін сол нақты тұлғалардың саяси өмір баяны мен құқықтық көзқарастарын білуіміз шарт. Тек соларды білу арқылы ғана сол кезеңнің саяси тарихының біртұтас кескін - келбетін жасай алмақпыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ интеллигенциясы қалай қалыптасты?..//Ақиқат. 2015. - №12)
2. Казахская организация ВКП (б) в решениях и резолюциях. - Вып. №2. 1920-1925 гг. - Алма-Ата-М., 1931.-С. 59.
3. Әбжанов Х.М. Сельская интеллигенция Казахстана в условиях совершенствования социализма. Алма-Ата. 1992
4. ӘбжановХ.Тарихжәнеқазақзиялысы://Қазақстанинтеллегенциясы///Егемен Қазақстан. –2002.-25қырк.
5. Даркенов Қ. 20-30 жылдардағы қазақ интеллегенциясы: тарихи талдау // Білім.// – 2004. - №2. - Б. 71- 76.
6. Сатылғанов, А. Б. Әлихан Бөкейхан - тәуелсіздік жаршысы // Тіл. - 2016. - №1. - Б. 40-42.
7. Тоқбергенова, З. С. Түркістан өлкесіндегі ұлттық - саяси ұйымдардың ақпан төңкерісінен кейінгі қызметі // Отан тарихы. - 2016. - №3. - Б. 68-78.

АШАРШЫЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫ (1921-1922ж.ж.)

САРСЕНБАЕВА Ф.Е.

М.Өтемісоватындағы БҚУ магистранты, Орал

1921-1922 жылдардағы ашаршылық-Азамат соғысы аяқталғаннан кейін, Кеңес халқына тиген тағы бір қиын сынақ. Зерттеушілердің пікірінше, бұл қарсыз қыстың және оның орнына алмастырған құрғақ жаздың салдары болды. Қарсыз қыс, жаңбырсыз көктем мен жаз құрғақшылықты тудырды. Бұл өз кезегінде аштық қаупін тудырды. 1921 жылдың жазында аштық елдің аймақтарына тарала бастады және әсіресе Еділ аймағын қамтыды. 1921 жылдың күзіне қарай бүкіл ел бойынша ашыққандар саны 20 000 000 адамға жетті.

Осы жылдары ашаршылық Қазақстанның әрбір өңіріне қауіп төндірді десе де болады. Құрғақшылықтың салдарынан Орал, Орынбор, Қостанай, Бөкей және Ақтөбе губернияларының егістіктерінің басым бөлігі қырылды, ал өсіп-өнгендер жаздың аптап ыстығында кеуіп қалып жатты. Көшпелі және жартылай көшпелі мал өсіретін аудандарда жайылымдар мен шабындық жерлер жойылды. Бұған қоса, 1920-1921 жылдары болған ұзақ қыс Торғай уезінде малдың жаппай қырылуына түрткі болды. Аштық құрбандарының саны күн сайын артып отырды...

1921 жылдың тамыз айынан бастап Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Орал және Қостанай губерниялары ресми түрде ашаршылықтан зардап шеккен аймақтар тізіміне енгізілді. 1921 жылдың күзіне қарай Түркістан АКСР құрамындағы Сырдария мен Жетісу губернияларын және Адай уезінің тұрғындарын қоспағанда, Қазақ АССР-нің бес губерниясы (Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Орал және Қостанай губерниялары) аштыққа ұшырады [1].

1921-1922 жылдардағы қасіреттен бері 100 жыл өтті, миллиондаған адамдардың өмірлері қиылып, аман қалғандары басқа жерге көшіп кетуге мәжбүр болды. ҚР президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында айтылып отырған ашаршылық мәселесіне қатысты тарихи құжаттарды, бұған дейін жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеудің керектігін атап көрсетті [2].

Тақырып шеңберінде қарастырылған мәселелерге байланысты зерттеулерге ғылыми-теориялық талдау жасау әдісі, алынған нәтижелерді өңдеу, жинақтау әдісі және теориялықанализжасау әдістері қолданылды.

Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік мұрағатының қорында сақталған құжаттар өте құнды. Мәселен, жағдайдың өте күрделі болғандығын келесі деректен көре аламыз

Отчет

О полугодовой деятельности Уральской Уездной Комиссии Помощи голодающим с 1-го ноября месяца 1921 года 1-е мая 1922 года.

Ужасы голода проявляли себя во всей силе в Уральской Губернии, голодающие массы бродили по учреждениям и просили помощи. Работа вновь организованного органа и нового во всех отношениях, закипела. Продовольствие продорганов было очень в ограниченном количестве, а поэтому пришлось посылать представителей и даже целые экспедиции в урожайные Губернии за хлебом.

минимально в сравнении с массой голодающих. На долю Уральского уезда перепало очень ограниченное количество продуктов, а число голодающих увеличивалось с каждым днем [3, 53-54-бб.].

Аштыққа ұшырағандарды азық-түлікпен қамтамасыз етуге бірқатар шаралар қолдануға талпынды, бірақ бұл іс-әрекеттер жүзеге аспады. Сол нәубет жылдары ата - анасы көз жұмып, қараусыз қалған балалардың саны өсіп кеткен болатын.

Доклад

О положении детей в Уральской губернии

В июле месяце с/г положение детей в продовольственном отношении являлось критическим в связи с общим продовольственным кризисом Уральской губернии: паек был уменьшен до ½ р хлеба в день и остальные продукты почти совершенно не выдавались. Дети тем самым вынуждались заниматься попрошайничеством, собиранием разных отбросов на базаре, собиранием на Бужарской стороне чакана, ягод яжевика и торона и даже воровством. От недоедания и употребления в пищу чакана наблюдались частые случаи распухания детей [4, 120-б.].

Балаларға медициналық көмек көрсету өте әлсіз болған. Орал қаласында балалар үйіндегі балаларға арналған 100 орынды Кеңестік аурухана ашылады. Бірақ медициналық мамандардың тапшылығынан медициналық көмек уақытылы көрсетілмеді. Тұрғын үй тұрғысынан да оларды орналастыруға жарамды үйлердің жетіспеушілігінен балалар зардап шекті. Орал губерниясының уездерінде аштыққа ұшырап, үйсіз қалған балалар толассыз ағылды. Кішкентай бөлмелерде балалар санының көп болуы, балалардың өміріне қолайсыз жасалған санитарлық-гигиеналық жағдайлар, сонымен қатар суық күндері үйдегі терезелердің әйнектерінің болмауы, отын жеткілікті көлемде болмауы бұның барлығы әрине балалардың денсаулығына әсер етті. Электр жарығы барлық жерде жабдықталмады. Балалар киім-кешекпен толыққанды қамтамасыз етілмеді. Тастанды балалар саны күрт өсті, олар аш-жалаңаш көшелерде бозып жүріп, өлген жағдайлар жиі кездескен.

Азық түлік аз мөлшерде берілді: уезде бір паек 5 немесе 6 ашыққан адамға келді. Мұндай көмек өте әлсіз болды, халық жұмысшы және асыл тұқымды малды жоя бастады, нәтижесінде бүкіл отбасылар мен ауылдар аштыққа ұшырады. Аштықтың қасіреті кең көлемде жайылғаны соншалық, адамдар азық ретінде өсімдік өнімдерінің барлық түрлерін жей бастады, соның кесірінен ауру мен өлім саны өсті. Орташа есеппен айына 30%дан аса адамадар өлген.

Суық ауа-райының басталуымен аш халықтың жағдайы одан әрі нашарлады: өсімдік өнімдерін алу мүмкін болмады, ашыққандар мысықтар мен иттерді жей бастады, ал олар болмаған кезде каннибализм дамыды. Олар өлгендердің мәйіттерін жеп, көбінесе аштықтан тірі адамдарды өлтіріп, оларды жеді. Укомголод аштықтың азабын жеңілдету үшін бірқатар шараларды қабылдады, бірақ ол шаралар аштықты тоқтату үшін әлсіз болды, өйткені елді мекендерде азық-түлік мөлшері жеткіліксіз болды [3, 53-54-бб].

Мұрағат қорларында Орал губерниясында орналасқан болыстар бойынша аштыққа ұшыраған адамдар тізімдері мен сандары көрсетілген қорлар сақталған. Ашыққан адамдардың санағын жүргізуге арналған арнайы комиссиялар құрылды. Сандық мәліметтерге сүйенсек, мысалы, 1921 жылдың қазан айында Орал губерниясы, Калмыков уезінің, Байбарақ болысында №6, №9, №10 ауылдары бойынша барлығы 257 адам, Балықты болысында №1, №2, №3, №4, №5 ауылдары бойынша барлығы 628 адам, олардың ішінде 234 бала, 394 ересек аштыққа ұшыраған. Сонымен қатар Орал губерниясы, Калмыков уезінің, Қаракөл болысында №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8 ауылдары бойынша барлығы 826 адам, оның ішінде 326 бала, 500 ересек аштыққа ұшыраған. Ал 1921 жылдың қыркүйек айында Байқұтты болысында №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9, №10 ауылдары бойынша барлығы 1618 адам, олардың ішінде 591 бала, 1027 ересек аштыққа ұшыраған [6]. Осы Байқұтты болысы бойынша бір айдан кейін, яғни қазан айында жазылған тізімдерге қарасақ адамдар саны көз жұмғандықтан азая бастаған. Мәселен 1921 жылдың қазан айында Байқұтты болысында №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9, №10 ауылдары бойынша 1618 адамнан 1389 адам қалған [7]. Ал 1922 жылдың наурыз айында Орал губерниясы, Калмыков уезінің, Байқұтты болысында №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9 ауылдары бойынша барлығы 979 адам ғана қалған, олардың ішінде 324 бала, 655 ересек аштыққа ұшыраған [8].

Ашыққан адамдар санын туралы мағлұматтар орталыққа дәл келмеді және кейбір болыстар мен ауылдардан мүлдем келмей жатты. Оның бірнеше себебі болған, біріншіден Орал уезінде жайылған бандитизм, олар жұмысшыларды өлтірген, барлық істер тоналды. Екінші себеп - жақсы көлік пен пошта байланысының болмауы.

Осындай қиын-қыстау кезеңнен шығу үшін атқарушы комитет тарапынан көптеген шара ұйымдастырылды. Аштыққа ұшырағандарға көмек көрсету, аштықты тоқтату және алдын алу мақсатында Орал губерниялық комиссиясы құрылды.

1921 жылдың қараша айының соңында Орал қаласы мен Орал губерниясына Украина мен Қырымның әскери комиссиясынан көмек келді, Ол Орал қаласында 1000 адамға арналған асхана және Орал уезінің Круглозерный ауылында 500 адамға арналған асхана ұйымдастырды. Бұл асханаларда тек балалар тамақтанған.

12 желтоқсаннан бастап Американың көмегі келді. Қаладағы және Орал уезіндегі аштыққа көмек көрсету жөніндегі Американдық комитет 25000 адамды тамақтандырды, олардың ішінде 1 жастан 14 жасқа дейінгі балалар, бала емізетін және жүкті әйелдер. Қаланың әр түрлі бөлігінде 3 асхана, сондай-ақ барлық балалар үйлерінде асханалар ашылды. Уездегі асханалар қалаға жақын маңайда орналасқан жеті болыста жұмыс істеді, оларда 1-14 жас аралығындағы балалар тамақтандырылды. Архив қорында «АРА» комитетінің жұмысы жөнінде мынадай мәлімет бар:

Доклад

О работе Укомголода за отчетное время заключалась в снабжении голодающих Уезда и город продовольствием, в чем оказана большая помощь Американской Администрацией, отпустившая на взрослых Уезда на июнь месяц 60000 пайков кукурузы по 20 фунтов на каждый.

От АРА функционировало 67 столовых, довольствовались в них до 12 числа 12305 детей, к 15 числу это количество увеличилось так как все дети из столовых Укомголода и Украины переданы на довольствие в столовые АРА, а взрослые на паек кукурузы, которой выдано в первой половине 11429 пайков. Всего по городу довольствовались 25135 человек из них 11429 взрослых и 13706 детей. Всего по городу и Уезду довольствовались 90632 человек из них 51618, взрослых 25308 детей. Благодаря того, что отпущено на июнь м-ц большое количество пайков голодающие как уезда так и города удовлетворены все 100%, а поэтому смертность среди населения от голода совершенно прекратилось[5, 60-6].

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді саралай отырып, 1921-1922 жылдардары аштықтан қазақтың отбасылары тұтастай зардап шеккендігі көрінеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біздің тарихқа жіті көзбен қарап, өткенді ұмытпауымыз осындай нәубеттердің қайталанбауы үшін қажет. Халықтың қасіретті сәттері әрдайым елдің жадында болуы тиіс. Бұл ретте тұтас ұлтты жойып жібере жаздаған ашаршылық ешқашан ұмытылмақ емес» деген болатын. Мұндай ауыр қасіретті ұлы жұттың елімізде және дүние жүзінде қайталанбауын қалаймын.

Бұл тақырыптың әлі де ашылмай қалған тұсы көп. Құпиясы терең жатқан аштықтың шынайы бет бейнесін зерттеп, халыққа жеткізуге біз тарихшылар мен зерттеушілер тырысуымыз керек деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

[1]. Боранбаева Б. Бөкей губерниясындағы ашаршылықтың әлеуметтік және экономикалық салдары // Адырна. 2020. – 31 мамыр.

[2] Е.Хайдаров Орал губерниясындағы ашаршылық // Жайық пресс. 2021. – 10 қыркүйек.

[3] Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 40 – қор, 1- тізбе, 16 – іс.

[4] Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 19 – қор, 1- тізбе, 9 – іс.

[5] Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 40 – қор, 1- тізбе, 10 – іс.

[6] Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 28 – қор, 1- тізбе, 5 – іс.

[7] Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 28 – қор, 1- тізбе, 6 – іс.

[8] Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 28 - қор. 1- тізбе, 10 – іс.

УДК: 94 (574)

ЕРТЕ КӨШПЕНДІЛЕР АРХЕОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ

ТУЛЕГЕНОВА С.Д.¹, ҚИТАН Б.Қ.²

*Ә.Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейінің
тарих пәні мұғалімі¹, кешкі мектеп тарих пәні мұғалімі²*

Тарихтың соңғы ортағасырлық кезеңдерін зерттеудегі археологияның мүмкіндіктеріне зерттеушілердің көзқарасы таяу уақытқа дейін біркелкі болған жоқ. Кезінде А.Ю.Якубовский Орта Азияның XV ғасырдан кейінгі тарихи даму кезеңі «археологияның тікелеу мүдделерінің шеңберіне сыймайды, ал археология Орта Азияның ежелгі және ортағасырлық тарихына өзінің басты назарын аударады» деп жазған еді. Бұл жорамал Орта Азия мен Қазақстан археологтарының нақты зерттеулеріне, тікелей байланысты болатын, олар әдетте Әмір Темір заманының керамикасын, сәулет өнері мен сәулет ескерткіштерін зерттеуден әрі аспады. Осы сипатталған сарынмен қатар, соңғы орта ғасырлардағы қалаларды зерттеуге арналған басқа бағыттарда дамытылды. М.Е.Массон басшылық еткен Оңтүстік Түкіменстан кешенді археологиялық экспедициясы Нису қаласының орнын зерттей келіп, өз мүдделерінің аясында XIII –XVIII ғ объектілерді қосты. Алайда соңғы ортағасырларда қаланы зерттеуде Хорезм археологиялық- этнографиялық экспедициясының Үргеніш қаласындағы XIII- XVII ғ деңгейінде жүргізілген жұмысын үлкен ілгерлеу деп санау керек. Қазба жұмыстары Ташқала жұртының оңтүстік кешенінде және кейін анықталғандай XV- XVIIғ сауда – қолөнер маххаласы алып жатқан учаскеде жүргізілген. Орта Азия соңғы ортағасырлардағы қалалардың өмірін, қалалардың шаруашылығы мен тұрмысын сипаттайтын мүлде жаңақ ақпарат тұңғыш рет алынды. Сырдарияның төменгі ағысы бойына жасалған экспедицияның зерттеулері де соңғы ортағасырлардағы қоныстары да соның ішінде XVIII- XIXғ қазақтар мен қарақалпақтардың қоныстарын да зерттеп отырған қала жұртының қатарына жатқызды. Егер Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың соңғы орта ғасырлардағы қалалары мен қоныстарының археологиялық зерттеу проблемасын қарастыратын болсақ зерттеушілердің моңғолдардан кейінгі уақытта қала мәдениетіні пен тырықшылық мәдениеттің нақты зерттеулер жүргізген жоқ. Қазақстан археологтары соңғы 60 ж басында ғана соңғы ортағасырлардағы мәдениет пен қала мәдениетін нақыт ізестіру және қазба жұмыстарын қолға алды, археология әуесқойлары Түкістан үйірмесінің мүшелері А.К.Кларе мен А.А.Черкасовтың 1904 ж Отырар қаласы жұртының жоғарғы қабатында жүргізілген қазба жұмысын, әділеттілік үшін болса да атап өткен жөн. Олар Отырардағы кең көлемді қазба жұмыстары жүргізілгеннен кейін – ақ анықталды. Бастапқыда Талас және Шу аңғарындағы Қаратау солтүстік беткейіндегі XIII –XVIII ғ ескерткіштер зерттелді. Осы бағыттағы алғашқы жұмыстардың өзінде –ақ қала өмірінің ауқымы мен сипаты туралы түсінікті өзгертіп жіберді. Отырар археологиялық экспедициясы 1969-1970 ж арыс аңғарындағы, Сырдарияның сол жақ жағалауындағы Түкістан және Отырар жазирасындағы қалалардың жұртына зерттеу жүргізді. Отырардағы стратиграфиялық тік үңгу қазба жұмысы арқылы XIII –XVIII ғ қабаттар аршылды. Аэроәдістерді қолдана отырып, жоспарлы түрде жүргізілген , іздестіру және барлау сипаттағы қазба жұмыстары , зерттеулердің көрсеткішіндей XIII –XIVғ қазақ хандығы қалыптасқан кезеңде тіршілігі қайнап жатқан көптеген қала

топтарын анықтады. оларды деректемелерде арыстағы Қарааспан, Жаңакент, Отырар жазирасындағы Шілік деп аталған қалаларға баулау мүмкін болды. Түкістан жазирасында – Сүре, Йунке, Шаға, Қарашық, Сырдарияның сол жақ жағалауындағы Аркөк. Құтжан, Аққорғаншық, Үзгент қалалары анықталды. Қала мәдениетінің Қазақстан археологиясы үшін жаңа қабаттың ашылуы қазақтар мен қазақ хандығының XV –XVIII ғ тарихы жөніндегі жазба деректемелердің және қалалар, олардың соңғы ортағасырлардағы Қазақстан тарихындағы атқаратын ролі туралы талдама мақалалардың ғылыми айналымға енгізілуімен тұспа –тұс келен еді. Осының бәрі соңғы ортағасырлардағы қала мәдениеті мен отырықшы мәдениетке деген ғылыми ықыласты ынталандыра түсті. 1971 ж бастап Қазақстанның оңтүстігінде Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедицияның зерттеу жұмысын өрістетті. Олар Отырар қаласының орнын өзінің қазба жұмысының негізгі объектісі етіп таңдап алды. Содан бері 25 жыл бойы онда XIII –XVIII ғ деңгейіндегі қала қабаттары зерттеліп келеді. Соның нәтижесінде қала құрылысы анықталды, тұрғын үйлер, қоғамдық құрылыстар зерттелді, қаланың қызметіне- қолөнерге, саудаға, ауылшаруашылығына талдау жасалды. Отырар жазирасының соңғы орта ғасырлардағы ирригациясы Сауранның соңғы орта ғасырлардағы кәріздік суландыру жүйесі зерттелді. 70 жылдары Түкістан қала жұртының орнына XVII –XIX ғғ қабаты деңгейінде ауқымды ірі қаба жұмыстары жүргізілді. Соңғы орта ғасырлардағы қалалардың жұртына археологиялық зерттеулердің кеңейтілуі, материалдық сан жағынан жинақталуы мен бұл материалдардың соңғы орта ғасырлар тарихының көптеген проблемаларын анықтау мәселелеріндегі ықтимал мүмкіндіктері зор екендігін айқындалуы, сайып келгенде мамандардың ғылыми жаңа соңғы орта ғасырлар археологиясы бағытын мойндауға алып келді. Алматыда 1981 ж өткізілген кеңесте археологияның жаңа бөлімі ресми түрде танылды. Сөйтіп Қазақстан мен басқа да аймақтардағы тарихи процестерді зерделеу, материалдық мәдениетті, әлеуметтік қатынастарды зерттеу ісінде археология мүмкіндіктерінің XII- XIX ғасырлар кезінде де таратылатыны дәлелденді. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудің соңғы орта ғасырлардағы қалаларына жасалған көп жылға созылған қазба жұмыстары құнды материалдар берді, ол жарияланып монографиялар мен көптеген мақалаларда, диссертациялық зерттеулерде талданды. Бұл жарияланымдарға шолу жасау Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы қалаларын археологиялық зерттеулердің кейбір қорытындылары туралы түсінік беруге мүмкіндік берді. XIV- ғасырдың аяғы XV ғасырдың басында тұрғын үй құрылыстары шаршы метр алаңда зерттелген. жалпы алаңда бірқатар жылдар бойы қазылған учаскеде жыл бойы дәстүрге айналған, жылжымалы жоспарланған махалла мен жекелеген үй иеліктерінің көлемі айқын түрде қалыптасқан құрылыс анықталды. XVI- XIII ғ басында махалалар негізінен алғанда неғұлым ерте кезеңнен махалласына сәйкес келеді. Тұрғын үй үлгілеріндегі сабақтастықта салынған.

Қала маңындағы аумақты зерттеу оның маңғолдардан кейінгі уақытта барысын анықтауға мүмкіндік береді. XIII –XIV ғ қаланың моңғолдарға дейінгі рабад шегіндегі бүкіл алаңды алып жатқаны анықталды. Оның ауқымының таралуы XV ғ басынан басталды.

Отырар қаласының төңірегіндегі қыш құмыралар шеберханаларын барынша аршып алынды. Ол- крест сияқты етіп жоспарланғаны айқын аңғарылған төрт бұрышты құрылыс. Орта Азия мен Қазақстан қалаларының моңғолдар ойранынан кейін зерттеу уақыты туралы екі түрлі көзқарас бар. “Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігі экономикасының өрлеуіндегі бетбұрыс кезеңі Кебектің ақша реформасы болған. Е. А. Давидович өзгеше көзқарас ұстанады. Ол Орта Азияда, Қазақстан мен Жетісуда бетбұрысты мейлінше маңызды ақша реформасы әмірші-көпес Масудбектің 1271ж басталған реформасы болды деп санайды және «XIV ғасырдың екінші ширегі емес, Орта Азияның қала өмірі мен ақшалы саудасын ішінара қалпына келтіру үшін берік те жеткілікті қолайлы жағдайлар пісіп-жетілген уақыт XIII ғасырдың соңғы ширегі деп

есептеуге болады». Отырарда және Сырдарияның басқа қалаларында XIII ғасырдың соңғы үштен бірінде қолөнер өндірісінің өсуі нақ осы көзқарасты растайды.

Қазақстан қалаларының керамика, металдан, сүйектен, тастан жасалған бұйымдар жиынтығы бойынша белгілі материалдық мәдениеті олардың XIII-XIV ғасырларда жоғары дамыған қолөнер және сауда орталықтары болғанын көрсетеді. XIII--XIV ғасырларда Кенджеде, Таразда, Жентте, Баршыкентте, Сығанақта теңге соғылған.

Орта ғасырлардағы қалалар мен қоныстарды зерттеудің аса маңызды әлеуметтік қырларының бірі белгілі бір қала халқын демографиялық зерттеу болыптабылады. Отырарда кең көлемде жүргізілген қазба жұмыстары оның тұрғындары санын жеткілікті дәрежеде сеніммен анықтауға, содан соң бұл деректерді Оңтүстік Қазақстанның басқа қалаларына да қолдануға мүмкіндік береді.

Зерттеулер бағыттарының бірі Оңтүстік Қазақстанның отырықшы өркениеті мен қала мәдениетінің негізі болған ертедегі ирригация мен суармалы егіншілікті зерттеу болып табылады. Әр түрлі тарихи кезеңдерде суармалы егіншіліктің даму деңгейін, оның мақтағы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірмен байланысын зерттеуге байланысты мәселелер қойылды.

Отырар жазирасында суландыру жүйелері Арыс өзеніне негізделген, оның сағасына құяр тармақтары бастапқыда өнімді сумен жабдықтау көздері ретінде пайдаланылған.

Түркістан жазирасының суландыру жүйелері, Сауран және Сығанақ аудандары бойынша алынған жаңа материалдар, жазбаша деректемелердің мәліметтерімен қоса алғанда, суармалы егіншіліктің даму деңгейі, оның Сырдария алқабындағы, тау аңғарларындағы ерекшеліктері туралы түсінікті нақтылай түсуге мүмкіндік береді. Мысалы, Каратаудың теріскей және күнгей беткейлеріндегі егіншілік тау өзендерінің суын пайдалануға негізделген. Сауран ауданындағы XVI ғасыр кәріздерінің қалдықтарын аса маңызды ғылыми жаңалықтардың бірі деп санау керек. Орта Азияның оңтүстік аудандарына тән осы суландыру және сумен жабдықтау үлгісі, Қазақстанда да пайдаланылғандығы анықталған.

Отырарда және Оңтүстік Қазақстанның басқа қалаларының жұртында жүйелі жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде теңге түрлері жиналды, олар бұрынғы жылдардағы олжалармен және кездейсоқ табылған көмбелермен бірге Қазақстан ғылымы үшін жаңа бағыт - нумизматикаға негіз болды. Теңгелер мерзімді анықтайтын материал ретінде ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның орта ғасырлардағы саяси және экономикалық тарихын, аймақтың Орта Азияның басқа да мәдени-тарихи облыстарымен экономикалық және сауда байланыстарын зерделеуге арналған деректеме ретінде де зерттелді.

Сол кездің теңгелеріне жасалған талдаудың көрсеткеніндей, облыстың экономикасы мен саудасы біршама қысқа мерзімде қалпына келтіріліп, мұнда XIII ғасырдың орта шенінде-ақ тұрақты түрде теңге соғу жолға қойылған. Отырар Орта Азия мен Қазақстанның үш номиналды теңгелер (динар, дирхем, фельс) шығарған бірден-бір қаласы болғаны анықталды. Құрамында Кіші Азиядан, Қырымнан, Еділ бойынан және Шығыс Түркістаннан әкелінген күміс бұйымдар мен заттар бар күміс ақша, мүліктер көмбесінің табылуы қала мен аймақтың халықаралық байланыстарының кең болғанын дәлелдейді. Көмбе Масудбек реформасына дейін жинақталған.

Отырардағы қазба жұмыстарында Самарқандта, Бұхарада соғылған көптеген мыс теңгелердің табылуы Отырар, Сығанақ, Түркістан, Сауран және басқа қалалар әмір Темір империясының құрамына кірген кезде Сырдария аймағында экономика мен товар-ақша қатынастарының едәуір өрге басқанын дәлелдейді. Сырдария қалалары экономикасының дамуында XV ғасырдың ортасы -- XVI ғасырдың бірінші ширегінің аралығы одан да неғұрлым елеулі кезең болды. Самарқандта, Хисарда, Ташкентте, Құндызда шығарылған мыс теңгелер Отырардан және Оңтүстік Қазақстанның басқа да қалалық орталықтарынан табылды.

Келесі XVII ғасырдың орта шеніне дейінгі кезеңде Отырардың ақша айналымында Түркістанда, Ташкентте соғылған мыс теңгелер басым болды. Бұлар – сапасызсоғылған мыс теңгелер. Қазақ хандығының тарихымен байланысты бұл кезең (XVI-XVIII ғғ.) теңгелердің сапасыздығы, оларда ақпараттың аз сақталуы себепті әзірше мейлінше нашар зерттелген. XVII ғасырдың екінші жартысындағы кезең үшін Оңтүстік Қазақстанның қалалар рыногына Алексей Михайлович патшаның есімі бар, 1655-1663 жылдары соғылған мыс теңгелердің ену фактісі ден қоярлық.

XV-XVIII ғасырлардағы қазақтардың материалдық мәдениетін палеоэтнографиялық жағынан зерттеу нәтижелі болды.

Жалпы алғанда Оңтүстік Қазақстанда отырықшы-егіншілік және қаламәдениеті дәстүрлерінің ұзақ уақыт сақталуын атап өту керек. Қазір жаңа деректердің арқасында, қазақ тұрғын үйі жоспарлануының көптеген элементтерінің, оның интерьер бөліктерінің тандырмен немесе түтін тартатын ұраларда, шикі кірпіштен, балшықтан, тастан жасалған жәшіктерде сақтаудың түп қазығы XIII-XV ғасырлардағы және оданда ерте кездегі қалалық үй құрылысында жатқанын сезіммен атап айтуға болады. Қазақтардың материалдық мәдениетінің негізі орта ғасырлар кезінің көптеген мәдени жетістіктерінен құралған. Қазақ халқының этногенезіне Оңтүстік Қазақстанның дала халқы да қатысқан.

Қазақстанның ортағасырлық археологиясындағы екінші бағыт XIII – XV ғасырлардағы көшпелілер өркениетін, тиісінше қапшақтардың, моңғолдардың, қазақтардың ескерткіштері- молалар, қабір құрылыстарын, діни сәулет өнерін зерттеумен байланысты. XIII-XIV ғасырлардағы Қазақстан ескерткіштерінің Саян-Алтай мен Батыс Сібірден бастап Дунайға дейінгі Евразияның далалық өңірінің мәдениетімен, әсіресе, заттай құрал-саймандар саласында өлке ескерткіштерімен ортақ бірқатар элементтері бар, бұған моңғолдардың жаулап алуы, соған байланысты тайпалардың Моңғол империясы, ал кейіннен оның ұлыстары шегінде көшіп-қонып, араласуы әсер етті. Бұл өлкетұрғындарының, соның ішінде Қазақстанның далалық және егіншілік аудандарында отырықшыланған моңғолдарды, да жаппай «қыпшақтану» кезеңі болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы оқулық- хрестоматия. Астана 2000
2. Әбдәкімұлы Ә. Қазақстан тарихы (ерте дәуірден бүгінге дейін) оқу құралы Алматы 2005.
3. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан. Алматы 1995 ж
4. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 1-5 томадар. Алматы «Атамұра» 1992, 1998
5. Абуев Қ. Қазақстан тарихы және тағылым. Астана «Елорда» 2006 ж
6. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы 1992.

КӘСІПОДАҚТАР – АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

ШАКЕНОВА Д.М.

М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал

Кәсіподақтар маңызды қоғамдық қызметтерді атқарады. Олар қоғамның маңызды элементі ретінде оның құрылымдық қабатына берік енген және әлеуметтік шындық ретінде кәсіподақтар бұрыннан бар. Алайда ғасырлар өткелінде кәсіподақтар объективті және субъективті факторлардың тұтас кешенімен шартталған әлеуметтік-экономикалық, саяси және ұйымдастырушылық сипаттағы көптеген қиындықтарға ұшыраған. Алайда ғасырлар өткелінде кәсіподақтар объективті және субъективті факторлардың тұтас кешенімен шартталған әлеуметтік-экономикалық, саяси және ұйымдастырушылық сипаттағы көптеген қиындықтарға ұшыраған.

Әртүрлі әлеуметтік институттар қатарында кәсіподақтардың ерекше өзіндік орны бар. Ол белсенді әрекет етуші субъект ретінде қоғамдағы маңызды қатынастарды-әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу үрдісіне енгізілгендігімен анықталады. Кәсіподақтар қызметіне миллиондаған адамдар тартылған, оларда қоғамдық үрдістерге ықпал етуші үлкен ресурстар мен мүмкіндіктер бар.

Отандық тарих ғылымы кәсіподақтарға тарихи талдау нысаны ретінде тиісті қызушылық танытпайды деп белгілеуге болады. Алайда бүгінде кәсіподақтық қозғалыстар басынан өткеріп жатқан барлық проблемалар мен қиындықтарға қарамастан, кәсіподақтар еңбекшілердің бұқаралық ұйымдары ретінде юолашақта да реалды күш болып қала беретіндігіне және қоғамда өз орнын табатындығына шүбә жоқ. Кәсіподақ-ең бұқаралық қоғамдық ұйым. Кәсіподақтардың басты құқықтық ерекшелігі-қызметкерлердің әлеуметтік еңбек құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау құқығы. Оларды жұмыспен қамту, ұжымдық келіссөздер жүргізу, келісімшарттар жасасу және олардың орындалуын бақылау, ұжымдық еңбек дауларын реттеу мәселелерімен айналысады. Кәсіподақтар өз қызметінде атқарушы билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, жұмыс берушілерден, (одақтардан, қауымдастықтардан), саяси партиялардан және басқа да қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз. Кәсіподақтардың тәуелсіздігі- ережелері мен қызметінде қамтамасыз етілетін негізгі принциптердің бірі. Кәсіподақтардың негізгі функциялары мыналарды қамтиды:

1. Әлеуметтік тәжірибені ұйымдастыру функциясы.
2. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу функциясы.
3. Қорғаныс функциясы.
4. Өкілдік функциясы.
5. Бақылау функциясы [2, б. 11].

Кәсіподақтардың ұйымдастырушылық функциясы - белгілі бір ұзақ мерзімді қамтамасыз ететін және қайталанатын әлеуметтік тәжірибелерден құралған.

Бұл тәжірибеде:

- индустриялық еңбек дауын шешу;
- әлеуметтік әріптестікті жүзеге асыру;
- Ұжымдық шарт процесін жүргізу;
- жаппай акциялар өткізу;
- Одақ ішіндегі органдар мен ұйымдардың қызметін жүзеге асыру;
- мүшелікті қамтамасыз ету;
- халықаралық байланыстарды жүзеге асыру;

Әлеуметтік-еңбек қатынастарының функциясы негізгі әлеуметтік серіктестермен тепе-тең негіздегі кәсіподақтар: мемлекет және кәсіпкерлермен реттеледі. Кәсіподақтар тікелей басқармайды, олар әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы процестерге

қатысады.[2, с. 27].

Кәсіподақтар өздеріне бекітілген белгілі бір әлеуметтік рөлді сомдауымен, қызметкерлер мен олардың қызметін мақсатқа жету үшін үйлестіріп, біріктірудің құралы ретінде қоғам мойындайтын әлеуметтік мәртебеге ие.

Кәсіподақтардың әлеуметтік рөлі кәсіподақтарға қоғам ұсынған талаптардың жиынтығымен анықталады. Қазіргі уақытта кәсіподақ тек адамдардың одағы немесе бірлестігі ғана емес тіпті тәуелсіз коммерциялық ұйым деген қорытынды жасауға болады [5].

Кәсіподақтардың үлесіне жалпы жұмыс қозғалысына ықпал ету міндеті жүктелді. [6, б.64-65].

Осылайша, кәсіподақтар әлеуметтік прогресті одан әрі қамтамасыз етіп, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді сақтауда ерекше рөл атқарады.

Мұның бәрі кәсіподақтар қоғамдық жүйенің объективті құрамдас бөлігі екенін айқындайды.

Отандық тарих ғылымы тарихи талдаудың объектісі ретінде кәсіподақтарға тиісті қызығушылық танытпайды деп айтуға болады. Кәсіподақтар қызметінің маңызды саласы әлеуметтік-еңбек қатынастары болып табылатындығына қарамастан, қоғам дамуының қазіргі кезеңінде олардың мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын зерттеулер іс жүзінде жоқ. Кәсіптік одақтардың тарихын баяндайтын монографиялық еңбектердің саны аз.

Алайда, бүгінгі кәсіподақ қозғалысының барлық проблемалары мен қиындықтарына қарамастан, болашақта кәсіподақтар жұмысшылардың ең жаппай ұйымдары ретінде нақты күш болып қала беретініне және қоғамда өз орнын таба алатынына күмән келтірмеді. Қазақстандағы кәсіподақ қозғалысының бастапқы кезеңі нашар зерттелді. 1917 жылға дейін облыста ең жақсы дегені жеке кәсіподақ ұйымдары болды, содан кейін еліміздегі ең ірі қалалар мен кәсіпорындарда ғана болды деген кең таралған пікір тудырды. Ол шынымен солай болды ма? Теміржолшылар- жергілікті жұмысшылар қозғалысының алғашқы өкілі ретінде қалыптасты [7, б.77]. Осылайша, бірінші орыс революциясы кезеңінде Қазақстанның темір жолдарында революциялық социал-демократтардың басшылығымен жергілікті теміржолшылардың бүкіл армиясына өз ықпалын таратуға қабілетті жергілікті кәсіподақ ұйымдарының желісі жұмыс істей бастады. 1905 жылы сәуірде Мәскеуде Бүкілресейлік теміржол одағының негізін қалаған он темір жолдың жұмысшылары мен қызметкерлерінен делегаттар келді. Одақ өзінің бағдарламасында оның басты талабы қолданыстағы мемлекеттік жүйені өзгерту екенін айтты[4, 240 б.]. Көп ұзамай одақ өз ықпалын елдің көптеген жолдарына таратты. Теміржолшылардың жергілікті кәсіби ұйымдары құрылды. Олардың көпшілігі большевиктердің бастамасымен пайда болды және большевиктердің басшылығымен әрекет етті. Бұған Одақтың Орталық бюросында басшылық қызметтер атқарған меньшевиктер мен эсерлер кедергі бола алмады. Қазақстан осы конференцияның жұмысына және сол арқылы Бүкілресейлік теміржол одағы ұйымының аумағы арқылы өткен барлық теміржолдың салынуына қатысты.

Автор шет елге шетелдік капиталдың енуін қадағалап, оның Қазақстандағы үлес салмағы жалпы Ресейге қарағанда жоғары екенін анықтады. Қазақстанның өнеркәсібі құрған акционерлік қоғамдардың номиналды капиталдарының жалпы сомасы 1917 жылғы қазан қарсаңында 100 млн. рубльді құрады. Автордың айтуынша, соманың төрттен бір бөлігі ғана орыс капиталы болды, төрттен үш бөлігі шетелдік капитал болды, ал ағылшын капиталы басым болды. Автор капиталистердің ең бай кен орындарын сатып алуға жұмсаған шығындары туралы және шетелдік синдикаттардың алыпсатарлық сипаты туралы ақпарат берді. Т.Елеуовтың монографиясында XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарға егжей-тегжейлі сипаттама береді, революцияға дейінгі Қазақстанның революциялық қозғалысы туралы

қызықты мәліметтер келтіреді [5]. А.П. Кияница өзінің зерттеуінде бірінші орыс революциясы, Ақмола уезінің Успен кенішіндегі жұмысшылардың ереуілі және «орыс-қырғыз (қазақ) одағының құрылуы» жұмысшы қозғалысының тарихында шешуші мәнге ие болғанын атап өтті. "Орыс-қырғыз одағы" 1905 жылы желтоқсанда Успен кенішінде құрылды.

КСРО жұмысшы табы тарихының әдіснамасы мен тарихнамасы мәселелерін әзірлеудің басталуы XX ғасырдың 20-30 жылдарына жатады. Бұл тарихнаманың жалпы мәселелері, ғылымның теориялық және әдіснамалық мәселелері және нақты тарихнамалық очерктер мен шолулар, әртүрлі мәселелердің зерттелу дәрежесін, кеңестік жұмысшы табы тарихының жекелеген кезеңдерін зерттейді. Осыған сәйкес Г.Тоғжановтың зерттеуінде Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі туралы мәселе көтеріліп, Қазақстан XX ғасырдың басында ғана экономикалық тұрғыдан капиталистік Ресейдің құрамдас бөлігіне айналғандығы айтылады. Алайда, бұл мәселені зерттеу көрсеткендей, орыс капитализмі Қазақстанды тауар айналысына тартып, онда өзінің фабрикалары мен зауыттары үшін XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап нарық құрды [1].

XX ғ. 20-30 жж. жергілікті жұмысшы кадрларды қалыптастыру процесін көрсетуге талпыныстар жасалды. 1930 жылы Т.Джумабаев пен Ш. Шафиرونның жұмысы жарық көрді [2]. 1928 жылғы зауыттық статистика мен зерттеу мәліметтеріне сүйене отырып, авторлар жұмысшылар құрамындағы сандық және сапалық өзгерістер туралы түсінік беруге тырысты. Бұл ретте орыс жұмысшыларының жұмысшылардың ұлттық кадрларын қалыптастыруға белсенді көмегі мен мүдделілігі, сондай-ақ қазақ жұмысшысының өнеркәсіптік өндіріске қосылуы күрделі жеке тәжірибелермен және тұрмыстағы түбегейлі өзгерістермен қатар жүретіні атап өтілді. Кітапта өлкенің барлық тұрғындары арасында жұмысшылардың жетекші рөлі дұрыс бағаланған.

Ж.Қ. Қасымбаевтың [7] монографиясында Солтүстік-Шығыс Қазақстанның кәсіптік одақтары мен бірлестіктерін құру мәселесіне көп көңіл бөлінген. Қалалардың еңбек етушілерінің революциялық белсенділігінің күшеюі Шығыс Қазақстанның ірі қалаларында кәсіптік одақтар мен басқа да бірлестіктердің құрылуына әкелді. "Кеме қызметкерлері мен жұмысшылардың кәсіптік одағы" сияқты ұйым құрылды.

1945 жылы- Бүкіләлемдік кәсіподақтар федерациясы құрылды. Оған КСРО кәсіподақтары, американдық Еңбек федерациясын қоспағанда, капиталистік елдердің барлық ірі кәсіби орталықтары, сондай-ақ отарлық және тәуелді елдердің жеке кәсіби орталықтары кірді. Соғыстан кейін социалистік лагерь деп аталатын елдерде негізінен мемлекет басқаратын бірыңғай кәсіподақтар құрылды. 1949 жылы дүниежүзілік кәсіподақтар федерациясынан бөлініп, жаңа ұйым - Еркін кәсіподақтардың халықаралық конфедерациясы құрылды. Оның бағдарламалық құжаттарында кәсіпкерлермен келісім жасау, ұжымдық шарттар жасау міндеттері қойылды. Ереуілдер күрестің төтенше түрі ретінде қарастырылды [11, б.5].

Халықаралық еңбек ұйымы-үкіметті, кәсіпкерлер мен еңбекшілерді тең құқықтар негізінде біріктірген халықаралық ұйым. 1948 жылы "Ассоциация бостандығы және ұйымдастыру құқығын қорғау" жөніндегі № 87 конвенциясы қабылданды [10].

Ұлт-азаттық қозғалыстың көтерілуі және екінші дүниежүзілік соғыстан кейін отарлық жүйенің ыдырауы дамушы елдерде кәсіподақ қозғалысының тез өсуіне себеп болды. Кәсіподақтардың әсері Латын Америкасы, Африка елдерінде айтарлықтай өсті, онда кәсіподақтар қозғалысы екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана пайда болды. 1981 жылы ХЕҰ ұжымдық келіссөздерге жәрдемдесу туралы конвенция қабылдады, ол еркін кәсіподақтарды құру және дамыту бойынша шаралар қабылдауды қарастырды. 80-90 жылдары әлемде кәсіподақ қозғалысының құлдырауы болды. Бұл постиндустриалды дәуірге енген елдердегі әлеуметтік ортаның өзгеруіне байланысты [10].

М.Х.Асылбековтың [8] еңбегінде теміржолдардың революцияға дейінгі Қазақстан экономикасына әсері және оның Ресей империализмінің шикізат қосымшасына айналуы көрсетілген. Ауылдағы патриархалдық феодалдық қатынастардың ыдырауына және қазақтардың тауар-ақша қатынастарының енуіне ықпал етті. Олар Қазақстанға қоныс аудару қозғалысын, қала халқының өсуін, аймақта экономикалық, саяси және мәдени өмірдің ошағына айналған салыстырмалы түрде ірі елді мекендердің, теміржол станцияларының пайда болуын жеделдетті, сайып келгенде, желілер бойындағы өңдеу өнеркәсібінің дамуына, нәтижесінде жұмысшылардың кадрларының қалыптасуына ықпал етті. М.Х.Асылбеков 70-ші жылдардан бастап 1913 жылға дейін теміржолшылар кадрларының қалыптасу тарихын зерттеді. М.Х.Асылбековтың зерттеулерінің өзегі жұмысшы табының әртүрлі отрядтарын толықтыру көздері мен нысандарының проблемалары, олардың құрамындағы өзгерістер, жұмысшы салалардың қалыптасуының негізгі кезеңдері, ұлттық кадрлардың пайда болуы және олардың одан әрі өсуі, мәдени-техникалық деңгейдің артуы, жұмысшылардың еңбек белсенділігінің артуы болды. Қазақстанда жұмысшы табының кадрларын құру тарихын зерттеуге, социализм құрылысының кезеңінде оның құрамындағы сандық және сапалық өзгерістерді бағалауға А.Н.Нүсіпбековтің монографиясы елеулі үлес қосты, онда қазақстандық тарихнамада алғаш рет проблеманы кешенді зерттеуге әрекет жасалды.

XX ғасырдың 50-80-ші жылдарындағы тарихи әдебиеттерді зерттей отырып, тарихшылар, өкінішке орай, жұмысшы табының қалыптасуы мен даму тарихын зерттей отырып, қоғамдық саяси қызмет, халықаралық байланыстар, жұмысшы табының республика халқының әлеуметтік-таптық құрылымындағы орны мен рөлі мәселелеріне қатысты ғана үзінді келтірді деген қорытынды жасауға болады. Жұмысшы табының қоғамдық-саяси белсенділігі, оның республиканың әлеуметтік-таптық құрылымындағы жетекші рөлі мәселелері неғұрлым аз зерттелуде.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1) Бриллиантова Н.А., Киселев И.Я., Малов В.Г., Смирнов О.В., Снигирева И.О. Трудовое право. Учебник. 2-е изд., перераб. и доп. - М.: «ПРОСПЕКТ», 1998. - 448 с. // <http://www.pravo.news/page/trudpravo/ist/ist-3--idz-ax314--nf-36.html>.
- 2) Чатыбекова К.К. Қазақстан кәсіподақтарының тарихы (XIX ғасырдың аяғы-XXI ғасырдың басы): Автореф. дис. ... т.ғ.д. - Алматы, 2007. - 44 б.
- 3) Шиян В.И. Трудовое право. - М.: МГИУ, 2008. - 172 с.
- 4) Елеуов Т. Народно освободительное восстание 1916 г. В Казахстане. –Алма-Ата:Казгосиздат, 1955.-144б
- 5) Шафиरो Ш.Я. Первые группы РСДРП и начало профсоюзного движения в Казахстане (1905-1907 гг.). - Алма-Ата: Казахстан, 1964. - 215 с.
- 6) Асылбеков М.Х. Железнодорожники Казахстана в первой русской революции 1905-1907 гг.- Алма-Ата: Наука, 1965. - 182 с.
- 7) Нусупбеков А.Н. Формирование и развитие советского рабочего класса в Казахстане (1917-1940 гг.). - Алма-Ата: Казахстан, 1966. - 134 с.

1928 ЖЫЛҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТӘРКІЛЕУ НАУҚАНЫ

ЕСЕНАЛИНА Д.Е.

М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал

Тәуелсіздік тұсында көптеген тарихи жазбалар мен ғылыми тұжырымдар қайта сараланды. Соның арқасында кешегі кеңестік-партиялық методологиядан арылып, төл тарихымызға ұлттық-танымдық тұрғыдан қарай бастадық. Тарихтың «ақтаңдақтары» деп аталатын кеңестік кезеңнің жүріп өткен заманы қайта қаралып, ұлтымыздың ұлт мұратындағы күрес жолдары жаңаша жазыла бастады. Сондай «ақтаңдақтарымыздың» бірі, кешегі таптық күресте қазақ байларының мал-мүлкін тәркілеп, өздерін туған жерден үдере көшіруі еді.

Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысында байларды тәркілеу науқаны қалай жүргендігі туралы мұрағат құжаттары негізінде баяндамақпыз. Алдымен, біз қарастырып отырған кезең Батыс Қазақстан облыстық мұрағатында қаншалықты сақталған, сақталса сол табылған қорлардағы материалдар қаншалықты деректік құжат ретінде ғылыми айналымға түсе алған деген сұрақтарға жауап беруге тырысайық. Бұл арада алғашқы тапқан қорымыздың атауы №392 «Протокол и выписки из протоколов заседания Комиссии Уральского окружного и губернского комитетъ ВКП(б) по проведению конфискации имуществе байских хозяйств»-деп, аталады. Аталған қордың №36, 50, 112, 114, 166-ыншы сақтау бірліктері тұтасымен облыста өткен тәркілеу науқанынан толықтай мәлімет береді. Онда түрлі хат алмасулар, жеке істер, анықтамалар, құқықтан айыру құжаттары, хаттамалар, көшірмелер жақсы сақталған. Айталық, аталған қордың 14-ші сақтау бірлігінде науқанды өткізудің алғашқы отырысы 1928 жылдың 3-ші тамызында өткені анықталып отыр. Бұл жасырын жиналысқа Волков (төраға), Иралин, Адамович, Башмаков (хатшы) қатысады.

Келесі жүгі ерекше қорлардың бірі № 992 қор. Аталған қордың атауы «Комиссия по конфискации байского имущества при Уральском окружном исполкоме» - деп аталып, онда өлкеде жүргізілген тәркілеу науқанының алғашқы ұйымдастырушылық кезеңінен бастап, байларды тізімге енгізу және олардың мал-мүлкі санағына дейінгі аралықты қамтиды. Бұл қорда облыста және аудандар бойынша атқарылған науқандық жұмыстардың барлық іс-шаралары толығымен жинақталып сақталған.

Зерделеу барысында облыс көлемінде жүргізілген қазақ байларын тәркілеу жұмыстары деректік құжаттар арқылы қалай анықталса, зерттеу нәтижесінде науқанның аяқталуы мен қорытындысы құжаттық деректер негізінде қалай және қашан біткені белгілі болып отыр. Ендеше, келесі өзіміз тапқан қорлардан облыс бойынша тәркілеу науқаны қашан жүрді және қалай аяқталды, соған тоқталсақ. Ол туралы да облыс мұрағаты бізге көмекке келді. Мәселен, облыстық мұрағаттың № П-5-інші қоры (П - партиялық қор- Д.Е.)

14-ші сақтау бірлігіндегі атауы «Докладные о конфискации имуществ крупных баев» және осы, қордың 22-ші сақтау бірлігіндегі «Доклады о ходе и результатах кампании по проведению конфискации»- деп, аталатын сақтау бірлігіндегі құжаттар топтамасы облыс бойынша өткен тәркілеу науқанының қашан басталып, қалай аяқталғанын көрсетіп отыр. Аталған қорларда негізінен баянаттар, анықтамалар, жиналыс хаттамалары, өтініштер, түрлі шығарылған қаулылар тәркілеу науқанының жоспарлы түрде және ешқандай қарсылықсыз жүргенін атап өтеді. Жоғарыдағы архивтік деректерден Батыс Қазақстанда жүргізілген қазақ байларын тәркілеу науқанын өзге өңірлерге қарағанда әрі тез, әрі ыждағатты жүрген деп, топшылауға болады.

Жалпы Қазақстан бойынша жергілікті қазақ байларын тәркілеу науқаны Өлкелік 6-шы партия конференциясынан бастау алғаны белгілі. Осылайша, Қазақ Кеңестік

Социалистік Автономиялық Республикасы Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесі 27.08.1928 жылы «Қазақ байларының мал-мүлкін тәркілеу» туралы декретін жариялайды [1, п. 47]. Аталған декретте жергілікті қазақ байлары, қазақ атқамінерлері, хан және сұлтан тұқымдары, молдалар мен ишандар, алашордашылар мен кеңестік құрылысқа қарсы идеядағы жергілікті қазақ байлары тап жаулары ретінде шаруашылықтары ортаға салынып, олардың мал-мүліктерін тәркілеу туралы шешім шығады. Қаулының мақсаты жергілікті жерлерде кеңестік қоғамды күшейту арқылы таптық саясатта әлеуметтік күш ретінде кедей-жалшыны төменгі билікке әкелу, яғни, кешегі үстем тап өкілдері байлар мен хан-сұлтандарды, қожа-молдаларды жергілікті жерлерде биліктен кетіру міндетін қойды. Қаулыға сәйкес алдын-ала Қазақстан бойынша тәркіленуге тиісті қазақ байларының облыс бойынша тізімі анықталған. Қазақ байларын тәркілеуде Батыс Қазақстан облысы республика бойынша үшінші орында тұрды. Мәселен, Семей округі бойынша 88 бай тәркілеуге іліксе, Алматы округі бойынша 80 бай, ал, Батыс Қазақстан облысы бойынша 71 бай міндетті тәркіленуге іліккен болатын [2, п. 9].

Біз бұдан декрет шыққанға дейін (27.08.1928ж.) жасырын түрде жергілікті жерлерде қазақ байларының саны анықталып жоғарыға жібергенінің куәсі боламыз. Кейін декрет жарияланып, онда облыс бойынша тәркіленуге тиіс байлардың аты-жөні толық жазылып, жергілікті баспа беттеріне жарияланады [3, п. 48].

Енді сол Қазақстан бойынша жүргізілген қазақ байларын тәркілеудің кеңестік жоспары Батыс Қазақстанда қалай жүрді соған тоқталайық. Бұған архивтік құжат ретінде облыста өткен Орал округтік атқару кеңесінің отырыс хаттамасын алуға болады. Алғашқы облыстық кеңестің отырысы Орал қаласында 1928 жылдың 1-ші қыркүйегінде оздырылады [4, п. 1]. Алғашқы жиында алдағы науқанының іс-шараларын ұйымдастыру, жергілікті жерлерге баратын өкілдерді анықтау және комиссия мүшелерін сайлау секілді мәселелер турасында қаулы-қарар алынады.

Осылайша, өзінің алғашқы ұйымдастырушылық жиынын өткізген Орал округтік комиссиясы жергілікті жерлерге уәкілетті өкілдер бөлген. Олар: 1. Азғыр ауданына- Төлебаев, 2. Жаңақала ауданына- Зұлхайыров, 3. Сламихин ауданына- Матжанов, 4. Қаратөбе ауданына- Избасаров, 5. Жымпиты ауданына- Берқалиев, 6. Тайпақ ауданына- Залиев, 7. Орда ауданына- Сағындықов, 8. Шалқар ауданына- Есенбаев, 9. Таловка ауданына- Дүйсенов, 10. Шежін ауданына- Жанбайсов, 11. Зауральный ауданына- Жұмағалиев [5, п. 5].

Бұл өкілдер негізінен жергілікті жерлерде жиындар өткізу, ірі байларды анықтау, кеңестік шаруашылықтарды құру секілді жұмыстарды жүргізу керек болды. Осылайша, жергілікті қазақ байларын анықтау және мал-мүлкін тәркілеу жұмыстары әрі тез, әрі қауырт жүргізілгені сонша, тәркілеуді ұйымдастыру 3 қыркүйек 1928 жылы басталып, оның үгіт-насихат жұмысын аяқтау 20 қыркүйек деп белгіленеді. Ал, тәркілеудің практикалық жұмысы 1928 жылдың 21 қыркүйегінен басталып, жалпы науқанды аяқтау 1928 жылдың 1 қарашасы деп бекітілді. Алғашқы облыс өкілдерінің өңірлерге іс сапары 3 қыркүйекте басталып кетті. Өкілдердің күндік ақшасы 4 сом деп белгіленіп, өзге тамақ және көлік мәселесін шешуді жергілікті жерлерге тапсырады. Осылайша, жергілікті жерлердегі науқаншылдық барысында облыс бойынша алғашқы ірі байлардың есімдері белгіленіп, олардың мал-мүлкі өкілдер тарапынан тізімделіп, байлардың әр қайсысына жеке іс құжаты қатталып, онда, байлардың шаруашылықтары туралы ақпараттар тіркеледі.

Жалпы тәркілеу науқаны жергілікті халықты мейілінше қатыстыру арқылы жүргізілгені белгілі. Алайда, жергілікті халықтың бұл науқанды қолдамағаны өз алдына, оған қарсы шыққандардың болғаны тағы шындық. Алайда кеңестік саясат өз дегенінен танбады. Өкілдер жүргізген жиындар кедей-кепшік пен бай-манаптарды біріктіру мақсатында емес, керісінше, арасына от салып бір-бірін ашық тонауға шақырған ұраншылдық бағытта өтті. Өйткені, кедейлер жағынан дәстүрлі қазақы

тіршілікті құп көрген түсініктер, келген өкілдердің көңілін көншітпеді. Ал, жергілікті байлардың белсенділігі келген өкілдерге тіпті де ұнамады. Осыдан кейін өкілдер кедейлерді байларға ашықтан-ашық қарсы қойып, ауылдық жерлерде тап күресін өршіте түсті. Оның соңы байлардың мал-мүлкін, жайлым жерін ашық бөліске салу арқылы ортақшылдық, яғни, ортаға салу принципіне ұласты. Мұндай көріністер сол кездегі қазақ ауылдарына тән көрініс ретінде Қазақстанның барлық аймағына тән құбылыс еді.

Тәркіленген мал-мүлік қаулыға сәйкес колхоздар мен жеке шаруашылықтарға бөлініп берілгені туралы өкілдердің баянатын жолдаған [6, п. 108]. Мұндай ақпараттық баянаттар архив жазбаларында деректік құжаттар ретінде көптеп кездеседі.

Өңірдегі қазақ байларының мал-мүлкін тәркілеу жоспарлы түрде жүргізіліп, оның жергілікті жерлерде орындалу барысы ұдайы қадағаланып, оны толықтай аяқтауды 1-ші қарашаға белгіленген. Әрине, бұл науқанға қарсы жергілікті жерлерде, бас көтеру мен қарсылықтар болмай қалмады емес. Алайда, олар туралы өңірлерге барған өкілдер баянаттарында еш нәрсе жазбаған.

Сонымен, науқанды тез аяқтауды көздеген Орал округтік комиссия белсенділері алғашқы байлардың жергілікті жердегі мал-мүлкін тәркілеп, өздерін жер аудару туралы құжаттық тізімдерін жасапта үлгерді. Мәселен, 1928 жылдың 20-шы қыркүйегінде өткен Орал округтік Атқару Комитетінің кезекті отырысы өңір бойынша тәркілеуге ілінген байлардың тізімін жариялады [3, п. 48].

Осылайша, облыс бойынша 71 байдың аты-жөні жарияланып, олардың мал-мүлкін тәркілеу, өздерін жеру аудару мәселесі күн тәртібіне қойылады. Тәркілеу қаулысында бірінші топқа өлкенің аса ірі байлары әлеуметтік күш ретінде тізімге енсе, екінші топқа ауқатты, яғни, кеңестік құрылысқа ықпалы күшті атқамінерлер мен төре тұқымдары жатқызылғанын атап өткен жөн. Бұлардың екеуі де жергілікті жерлерде кеңеске қарсы топтар санатына жатқызылып, кеңестік қоғамда әлеуметтік және саяси күш ретінде түпкілікті жойылуға тиіс болды. Осы бағытта облыста тәркілеудің 1-қыркүйек пен 20-шы қыркүйек аралығында ұйымдастыру іс-шаралар жүргізілсе, 21-ші қыркүйек пен 20-шы қазан аралығында байлардың мал-мүлкін тәркілеу басталып, өздерін өзге аумаққа жер аудару секілді практикалық жұмыстар атқарылады. Осы арада қазақ байларын тәркілеуде Батыс Қазақстан облысы республика бойынша үшінші орында тұрды.

Сонымен, байларды үстем тап өкілдері санатында жер аудару жұмыстарын аяқтауды 1-ші қарашаға дейін бітіруді ұсынған жергілікті билік 1928 жылдың 30 тамызында жер аударылғандарды өзге аймақтарға орналастырудың жоспарын жасайды. Қараңыз: Қаулы «Қазақстан округтерінен өзге округтерге орналастырудың қоныстану аймағы төмендегіше белгіленсін»-Жетіу, Сырдария округінен - Орал округіне,

-Орал округінен – Жетісу округіне,

-Гурьев округінен – Петропавл округіне,

-Қарқаралы округінен – Қостанай округіне,

-Семей округінен – Сырдария округіне,

-Павлодар округінен – Ақтөбе округіне,

-Қызылорда округінен – Адай округіне

-Петропавл округінен – Ақтөбе округіне,

-Ақмола округінен – Гурьев округіне,

-Ақтөбе округінен – Қарқаралы округіне,

-Қостанай округінен – Семей округіне қоныс аударулары керек болды [2, п. 10].

Жоғарыдағы Қазнарком бекіткен қаулыны барлық округтік комиссияға жергілікті жерде басшылыққа алу міндеттелді.

Байларды тәркілеу науқанының облыс бойынша қашан және қалай аяталғаны туралы дерек көздеріне тоқталсақ. Бұл турасында архив дерегі кезектен тыс жиын отырысының хаттамасын келтірген. Хаттама №1. 19 қараша, 1928 жыл. Орал қаласы.

Қатысқандар - Калачев, Ирралин, Сармулдаев, Мұхамедияров, Адамович, Тельбаев, Избасаров, Зұлхайров, Жұмағалиев, Исенбаев. Матжанов, Залиев, Нияров, Берқалиев. Тыңдалды: Баяндама- Калачев «Тәркілеу науқанының қорытындысы туралы». Тыңдалды: Баяндама- Ирралин «Науқанның аяқталуы туралы». Жоғарыдағы екі баяндамашы өз сөздерінде облыс бойынша тәркілеу науқанының жоғары деңгейде ұйымшылдықпен өткенін баса атап өткен. Баяндамашы Ирралин тәркілеу науқаны өз мақсатын қысқа мерзімде орындап шыққан кеңестік қоғамның алғашқы жұмысы деп атаған. Бұл жұмыста белсенділік пен қажырлы еңбек бізді жеңіске әкелді деп санады [7, п. 233]. Осылайша, облыс бойынша тәркілеу науқаны ұйымшылдықпен өтті деп соңында төмендегідей қаулы алынды:

- тәркілеу науқаны жұмысын қанағаттанарлық.
- Қосшы одағының белсенділігі артты.
- Ауылды кеңестендіру жүргізілді.
- Ауыл байлардан тазарды, рулық жойылды.
- Тап күресінде жеңіске жеттік.
- Тәркілеу саясатының дұрыс екені көрінді.
- Округте 71 бай тәркіленді, оның 56-сы 1-ші топ, 15-сі 2 топ.
- 67 колхозға көмек берілді.
- 21 колхоз жаңадан құрылды.
- Кедейлердің 1441 шаруашылығына материалдық көмек берілді.

Жалпы облыс бойынша тәркілеу науқанының ұйымшылдықпен жүргенін архив деректері жоққа шығармайды. Айталық, сол қысқа мерзім ішінде облыс бойынша 641 жиын өткізілсе, оған 41 595 адам қатыстырылған. Оның 12 981 жарлы-жақыбай болса, орташалар 674, әйелдер 1953, қосшы одағынан 2741 адам жиналды [8, п. 21].

Біз үшін белгісіз болып отырғаны - тәркіленіп, жер аударылған байлардың кейінгі тағдыры. Ол туралы Батыс Қазақстан облыстық архивінде құжаттар сақталмаған. Ел экономикасының тірегі болып келген, кейін қуғын-сүргінге ұшыраған байлардың тарихы тиянақты зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Батыс Қазақстан Облыстық Мемлекеттік архиві (бұдан әрі қарай БҚОМА), Қор- 992, тізім- 1, іс-4, бума- 2.
2. БҚОМА, Қор- 392, тізім- 1, іс- 14, бума- 2.
3. БҚОМА, Қор- 992, тізім- 1, іс-4, бума- 2.
4. БҚОМА, Қор- 992, тізім- 1, іс- 1, бума- 1.
5. БҚОМА, Қор- 992, тізім- 1, іс- 1, бума- 1.
6. БҚОМА, Қор- 992, тізім- 1, іс- 1, бума- 1.
7. БҚОМА, Қор- 392, тізім- 1, іс-14, бума- 2а.
8. БҚОМА, Қор- 5, тізім- 1, іс-22, бума- 2.

ЖУРНАЛИСТ, АҒАРТУШЫ – МОЛДАҒАЛИ ЖОЛДЫБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

ҚАТИЯТ Қ.

М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал

Бүгінгі таңда отандық ғылым-білімнің қалыптасуына елеулі ықпал еткен қайраткерлердің мұрасы қоғам сұранысына ие болып отыр. Арада біраз ғасырдан астам уақыт өтсе де, алаш қайраткерлерінің еңбектері бүгін де өзектілігін жоя қоймады. Себебі қазіргі тәуелсіз Қазақстанның бет алысы, даму үрдісі алаш қайраткерлерінің еңбектерімен сарындас, мақсаты үндес болып отыр.

Ұлт болашағы үшін жан аямай еңбек еткен тұлғалардың бірі де бірегейі – ғалым, педагог, журналист, қоғам қайраткері Молдағали Жолдыбайұлы. Қайраткер 1887 жылы БҚО Казталов ауданында, нақтыласақ, бұрынғы Орал облысы Ілбішін уезі Қурайлы болысында туған. Тегі – Он екі ата Байұлына жататын Байбақты руы. 1900 жылдың басында Қарасудағы 6 сыныптық орыс-қазақ мектебін үздік тәмамдаған соң болашақ педагог Орынбордағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебін «халық мұғалімі» атағымен тәмамдаған. 1910-1918 жылдары Жұбанышкөл, Бұлдырты мектептерінде, Қарасудағы орыс-қазақ мектебінде мұғалім болып жұмыс істеген [1, 3-б.].

Ағарту саласында мәдени-реформаторлық жәдид бағытын, әлеуметтік көзқараста халықшылдық бағыт ұстады. 1913-1914 ж. «Айқап» журналында мақалаларын жариялады. 1915 ж. «Қазақ» газетінде «М.Жаңа байбақты» деген бүркеншек есіммен ұлттық педагогикадағы алғашқы ең мәнді еңбектердің бірі болып саналатын «Бала тәрбиесі» және «Ғалымның надандықтан жеңілуі» мақалалары жарық көрді. Соңғы жарияланым – Жымпиты кенті жайлы тарихи сипаттағы алғашқы мақалалардың бірі [2, 286-б.].

1917 жылы Орал облысында қазақ съезін ұйымдастыруға ат салысқан. 1917 жылы 1-жалпықазақ съезін өткізуші бюроның атынан Бүкілресейлік құрылтай жиналысына өкіл ретінде ұсынылған. 1918 жылы Қаратөбеде өткен Орал облыстық қазақ съезіне қатысқан. 1919 жылы күзде Орал қаласына келіп, РКП (б) қатарына өтеді [3, 201-203-б.].

1921 жылы РКП(б) Жымпиты уездік комитетінің төрағасы, 1921-1922 жылдары Орал губерниялық атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1922 жылы Орынбордағы Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының Ғылым, баспасөз және әдебиет ісін басқаратын академиялық орталығының төрағасы болып тағайындалған, Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Ғылыми-әдістемелік кеңестің төрағасы болған. Бұл жылдары қайраткер Қазақстандағы ғылым-білім саласын жолға қою, жандандыру ісіне белсене атсалысқан. Қазақ тілінде оқулық, кітап шығару, аудармаларға ерекше көңіл бөліп, алаш зиялыларының еңбектеріне қолдау білдіріп отырған. Мәселен, ҚР Орталық мемлекеттік архивінің қорында Ғылыми әдістемелік кеңестің төрағасы – М.Жолдыбайұлының Мемлекеттік баспаға А.Байтұрсынұлының кітабы осы қалпында мектептерде пайдалануға жарамды екенін, кітапты жаңа оқу жылына дейін басып шығару керектігін ескерте келіп, қолжазбамен бірге жолдаған хаты сақталған [1, 4-б.].

Молдағали Жолдыбайұлы заманындағы келеңсіздіктерге қарсы тұрып, сынның әділ болуы, қаламгерлердің жазықсыз қараланбауы үшін де аянбай тер төккен.

Көрнекті жазушы Ғабит Мүсірепұлы өзінің естеліктерінде Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы мен Мұхтар Әуезұлының «Қилы заман» повесінің жарық көруіне Молдағали Жолдыбайұлының себепші болғанын айтады.

Молдағали Жолдыбайұлы Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» атты еңбегіне алғы сөз жазып, кітаптың шығуына атсалысқан. Қайраткер мұндай еңбектің маңызын, құнды жақтарымен қоса, кемшіліктерін де айта келіп: «...Қазақ әдебиетін қазақ тілінен басқа тілде оқытып болмайды. Кітап жоқ деп оқытпай қоюға тағы болмайды. Сондықтан қазақ

әдебиеті тарихы ең керек кітаптың бірі болады», - деп жазады [1, 4-б.].

Қайраткер қазақтың музыка мұрасын жинақтауда А.В. Затаевичке ақыл-кеңес беріп отырған [3, 201-203-б.].

Қазақ тілінде оқулық даярлау ісіне белсене қатысқан. ҚР Орталық мемлекеттік архивінің қорында Қажым Басымұлы, Шамғали Сарыбайұлы, Әлкей Марғұлан, Ілияс Жансүгірұлы, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Ғабит Мүсірепұлы, Мұхтар Әуезұлы, Телжан Шонанұлы, Сейіл Жиенбайұлы т.с.с. ғалымдармен қатар педагог ғалым да бастауыш және орта мектеп оқулықтарының авторлары ретінде көрсетілген [1, 4-б.].

Телжан Шонанұлымен бірге бірінші басқыш мектеп үшін «Жаңа арна» атты іс құралын (араб, латын графикасымен бірнеше рет өңделіп, басылған), «Әліппе» оқулығын, ауыл мектептеріне арнап «Жаңалық» атты әліппені, Мұхтар Әуезұлы, Әуелбек Қоңыратпайұлымен бірігіп «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» атты оқулығын, Әуелбек Қоңыратпайұлы, Мұқаметжан Қаратаймен бірге бірігіп 4-сыныпқа арналған «Әдебиет хрестоматиясының» екінші бөлімін, «Саяси сауат» кітабын жазған. Н.Бухариннің «Тарихи затшылдық қисыны» атты еңбегін, Н.Манайұлымен бірге Лениннің шығармаларын қазақ тіліне аударған. «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабының» кіріспе сөзінде құрастырушылар бұл еңбектің тұңғыш рет жазылып отырғанын, кітап жазудағы қиыншылықтарды айта келіп, кітаптың әдебиет материалдарына сүйеніп жазылғанын, әдебиет материалдарының толық болмауын, кейбір ақындардың өмір тарихы туралы мәліметтер де болмағанын, сондықтан кітаптың бірқатар жері жорамалмен құрастырылғанын ескертеді [1, 5-б.].

М.Жолдыбайұлы 1923-1924 жылдары республикамыздағы негізгі басылым – «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы болған. 1927 жылы «Жаңа мектеп» («Қазақстан мектебі») журналының алғашқы редакторы болып тағайындалған. Редактор ретінде М.Жолдыбайұлы басылым беттерінде сапалы мақалалардың жариялануына ерекше мән берген. М.Жолдыбайұлы «Жаңа мектеп» журналына редакторлық еткен кезде А.Байтұрсынұлының саясатқа еш қатысы жоқ, ғылыми мазмұндағы мақалалары жиі жарияланып тұрған. Алайда кейін А.Байтұрсынұлы сынды алаш зиялыларының мақалаларын жиі жариялағаны үшін М.Жолдыбайұлы да қудалауға түскен. 1927 жылы КИНО (Киргизский Институт Народного Образования) студенттерінің шағымы бойынша М.Жолдыбайұлының үстінен іс қозғалады. Педагог дәріс жүргізген кезде бақылауға немқұрайлы болғаны, кеңес үкіметіне қарсы сөйлеген студенттерді тиісті орындарға дер кезінде хабарламағаны үшін сөгіс берілген. Кейін, 1937 жылы осы фактілер негізінде М.Жолдыбайұлы Алашордамен байланысы болғаны үшін жазғырылады [4, 5-б.].

М.Жолдыбайұлы Қазақ халық ағарту институтында, Орынбор жұмысшы факультетінде, т.б. орыс және қазақ әдебиеті тарихынан дәріс оқыған. 1933-1937 жылдары марксизм-ленинизм институты қазақ бөлімшесінің қызметкері болған, Қазақ педагогикалық институтында, Алматы журналистер мектебінде фольклордан, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихынан дәріс оқып, «доцент» ғылыми атағына ие болған. ҚР Орталық мемлекеттік архивінің қорында сақталған, бастауыш және орта мектеп оқулықтарының авторларының тізімінде педагог әдебиет бойынша оқулық жазатын автор ретінде көрсетіліп, ҚазПИ-дің доценті, коммунист ретінде тіркелген [1, 6-б.].

Қайролла Мұқановтың «Журналистика ілімінің ізашарлары» атты мақаласында Молдағали Жолдыбайұлы Қазақ журналистика институты жетекшісі әрі қазақтың тұңғыш кәсіби журналистерінің бірі болғаны туралы сөзін келтіре отырып, қайраткердің 1934 жылы Қазақ коммунистік журналистика институты директоры болғандығы айтылады [5, 3-б.].

Журналист Айгүл Аханбайқызының «Жеңіл жазасы атуға ауыстырылған Жолдыбаев» атты мақаласында да 1934 жылы наурыз айында құрылған Қазақ коммунистік журналистика институтының алғашқы ресми директоры болып М.Жолдыбайұлының тағайындалғанын тілге тиек етіп, институтқа алғашқы үміткерлерді қабылдау, көрнекті ғалымдарды оқытушылыққа тарту ісі Молдағали

Жолдыбайұлына тапсырылғанын айтады [4, 3-б.].

Ел қамын жеген Молдағали 1934 жылдың жазында Сейітқали Меңдешұлы басқарған үкімет бригадасының құрамында Шығыс Қазақстан облысына аттанып, екі ай бойы ел аралап, ашаршылық салдарын жоюға атсалысқан. Абыралы, Шұбартау, Ақтоғай, Шет, Жаңаарқа, Қарқаралы аудандарын аралап, күйзелген ауылдарға азық-түлік, киім-кешек жеткізіп, көмектескен.

1934 жылы Қазақ Өлкелік Комитеті КПК (б) лениндік ұлт саясатынан ауытқығаны үшін М.Жолдыбайұлын лауазымынан босатады. 1918 жылға дейін Алашорданы қолдағаны, Сәлімгерей Қаратілеуұлының алашордашыл, ұлтшыл, контрреволюцияшыл екенін біле тұрып, жалған ақпарат бергені, қызмет бабын пайдаланып, сабақ барысында контрреволюцияшыл ұлтшылдардың еңбектерін пайдаланып, насихаттағаны, партия қатарында бола тұрып, ұлтшылдықпен күреспегені үшін айыпталып, партиядан шығарылады. Қайраткер 1937 жылдың 10 желтоқсанында сотталып, 1938 жылы ақпан айында ату жазасына кесіледі. Алаш қайраткерлерімен бірге 1988 жылы ақталған [1, 7-б.].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұбаева О. Молдағали Жолдыбайұлы шығармалары. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2019. – 456 б.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 580 б.
- 3.Тілеш Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – 465 б.
4. Аханбайқызы А. «Жеңіл» жазасы «атуға» ауыстырылған Жолдыбаев // Егемен Қазақстан. 2019, 31 шілде.
5. Мұқанов Қ. Журналистика ілімінің ізашарлары // «Түркістан», 2015.24.11.

ӘОЖ: 94 (574)

ОРАЛ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ (1932-1945 ж.ж.)

ШАГИЕВА Б.С.

М. Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал

Шындығында, барлық ағарту салаларымен бірге жоғары мектеп қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени прогресіне айтарлықтай үлес қосады. Ол маңызды әлеуметтік міндетті орындап, жастарға іргелі ғылыми білім мен кәсіби мамандық береді, дүниеге көзқарастарын қалыптастырады, елдің экономикасы мен мәдениетінің дамуына шешуші ықпал ете алатын жоғары білікті мамандар дайындайтын база болып табылып, жаңа интеллектуалдық әлеуетін толықтырады.

Атап өтуіміз керек, Қазақстанда тарихы аз уақыт ішінде жоғары білім беру жүйесінің жақсы тәжірибесі қалыптасты. Мұны бітіруші жүздеген мың жастар өндірісте, ауыл шаруашылығында, мәдениет және медицина мекемелерінде, ғылыми-зерттеу зертханаларында еңбек етіп, бұл үрдіс одан әрі жалғасуда.

Олай болса бүгінгі ақиқатты ашып айтатын уақыт жағдайында 1932-1960 жылдардағы Орал қаласының алғашқы жоғары мектебінің құрылуы мен дамуы кезеңдеріндегі қиындықтар, жетістіктер мен кемшіліктерді салыстыра отырып, даму жолын зерделеу маңызды.

Орал педагогикалық институтының құрылуы өткен ғасырдың ең ауыр отызыншы жылдарына түсті. Содан кейін, бір жағынан, индустрияландырудың іргетасы қаланды, ал екінші жағынан, тоталитарлық үкіметтің азық-түлік ресурстарын

күштеп тартып алуы Қазақстанды қоғамдық дамуда ондаған жылдарға артқа тастаған теңдессіз ашаршылыққа әкелді және барлық қазақ отбасына дерлік ұмытылмас қайғылы оқиғаларды әкелді. Осындай қиын жағдайда Ұлы далада жоғары білімді ұлттық кадрлардың шығуына негіз қаланды.

Қазақстанның 10 жылдығы атындағы Ағарту институты 1930 жылы Орал қаласында Орынбор халық ағарту институтының негізінде көшірілген және қыздар гимназиясының орнында орналасып, орта білімді мұғалімдер даярлаған.

Қазақстанда орталау мектептердің қауырт өсуі – жоғары білімді мұғалімдерді тез арада даярлауды талап етті. Сол кезде Батыс Қазақстан облысындағы 996 мұғалімнің ішінен бірде-біреуінің жоғары білімді емес екендігінің өзі жеткілікті еді. 20-30 жылдардың басында Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы Үкіметі таяу мезгілде елді тез сауаттандыру ісіне кірісті. Отанымызға сауатты, толық білімді педагог кадрлар керек еді.

Алматыда бой көтерген Қазақстандағы бірден-бір пединститут елдің барлық мектептерін ағарту қызметкерлерімен қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоқ еді.

Ресей Советтік федеративтік Социалистік Республикасы Халық Ағарту комиссариаты 1932 жылы 25 наурыздағы қаулысымен телеграфтың хабарын жариялады. Мұнда өміршең мәселелерді тез шешу үшін Оралда педагогикалық жоғары оқу орны және күндізгі жұмысшы факультеті ашылатындығы хабарланды [1, 9 б].

Ресей Советтік федеративтік Социалистік Республикасы Халық Ағарту коллегиясы институтының құрамын белгілеу және контингентін анықтауға біраз шаралар бітірді. Осы шаралар негізінде Қазақстан Өлкелік Комитеті 1932 жылдың 9 шілдесінде Оралды 1 қазаннан бастап Халық Ағарту Институты негізінде Қазақстанда екінші жоғары оқу орны бой көтергенін, оның жұмысшы факультеті жедел жұмыс істейтінін атап көрсетті.

Институт директоры болып Ш.Бекжанов, оқу ісін ұйымдастыру жөніндегі көмекшісіне С.А.Бибиков тағайындалды [2, 7 б].

Институтқа Ағарту институтының ғимараты, жатақханалармен және қосымша оқу орындары тиесілі болды. Оларға педагогикалық институттың: физика-математика, биология, қазақ тілі мен әдебиеті, 3 бөлімі орналасты. Жаңа оқу жылына 83 студент қазақ жастарынан қабылданды. Бұлар Орал Халық ағарту институтының III даярлық курсының және жоғары оқу орындарының даярлау курстарын бітірген ұлт ұландары болатын.

1932 жылы 6 қараша күні Ресей Советтік федеративтік Социалистік Республикасы Халық Ағарту Комиссариаты коллегиясы Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы Орталық атқару комитетіне хат жолдап, ағарту комиссариатының бұрынғы орынбасары, марқұм академик М.Н.Покровский есімін Орал пединститутына беруді сұраған еді.

Ресей Советтік федеративтік Социалистік Республикасы Ағарту комиссариатының Ұлттық Комитетінің Қаулысы бойынша 1933 жылдың 1 қаңтарынан пединститутта украин тілі мен әдебиеті бөлімі ашылды. Өкінішке орай, бұл бөлімде украин тіліндегі оқулықтар тапшы болатын.

1933 жылы 23 қаңтарда Батыс Қазақстан облыстық комсомол комитеті педагогикалық жоғарғы оқу орнының жабдықталуы деген қаулысында украин бөлімінің қиындығын атап көрсетті.

Институт дирекциясы Харьков ағарту институтына осы бөлім студенттерін оқулық, бағдарлама, оқу жоспарларымен қамтамасыз етуді өтінді, кейін осы қиындықтарды ескере отырып, Украин тілі мен әдебиет бөлімінің уақытша оқу жоспары бекітілді [3, 8-9 б].

Қалған үш бөлімнің жабдықтары талапқа сай еді. Сол кезде партия және кеңес органдары нұсқауымен Ағарту институты 7,5 мың томнан артық оқулық, көркем әдебиет, сирек ғылыми кітаптарды, физика, биология оқу кабинеттері жабдықтарын

түгел қалдырған болатын. Әсіресе, ғалым-саяхатшылар Г.С.Карелин мен Н.А.Северцевтердің құс тұлыбы коллекциялары болашақ биолог-географтарға өлшеусіз еңбек етті.

Ғылыми база жоқ еді. 11 оқытушының бір де біреуінің ғылыми атағы не дәрежесі жоқ болатын. Ол кезде кафедралар болмайтын, олардың орнына бүкіл пән оқытушылары қатысатын мерзімді өтпелі комиссиялар жұмыс істейтін. Әрине, осы шоғыр ұстаз-оқытушылардың жоғары мектептерде жұмыс істеу тәжірибесі саяз, әдіскерлігі мешеу болатын. Кей-кейде баға қою мөлшеріне таласып, шырық бұзатын кездері де болған. Әрине, институт алғашқы қадамын бастаған кезде құрылымы, мазмұны жағынан қатардағы орта оқу орындарына ұқсайтын. Дәстүрлі, қалыптасқан ғылымға негізделген оқу жоспары мен бағдарламалары жоқ еді. Мысалы, Ресей Советтік федеративтік Социалистік Республикасы Халық Ағарту Комиссариатынан өте қиындықпен алынған 3 мың сомға 30 орындық ағаш және слесарьлық шеберханасы ашылса, ол оқу жылы аяғында жабылып қалды, өйткені «Өндіріс негіздері» деген курс оқу жоспарынан шығарылып тасталды.

Орал педагогикалық институтының қазіргі ғимараты классикалық үлгілерге сай 1933 жылы салынған [4, 291 б].

Жағдай бірте-бірте жақсара бастады. 1933 жылы Бүкілодақтық Коммунистік (б) Партиясы Орталық Комитеті жолдамасымен институтымызға директор болып Халық Ағарту Комиссариатының жауапты қызметкері, Н.К.Крупская атындағы академияның аспиранты И.К.Лукьянец бекітілді. Оқытушы-ғалымдар қатарына жаңадан келген доцент В.С.Бойко, М.С.Лапатухин, К.Ф.Васильев, Ж.К.Құлымбетов, Ф.А.Юсупов, И.Н.Әзербайев, И.В.Алиев, С.А.Аяпбергенов, Н.Блауберг, И.Р.Васильев, Н.В.Волков, В.Е.Зайцев, Қ.Жұмалиев, Г.И.Куликов, К.И.Семенова, В.И.Шмелев т.б. оқытушы, ғылыми қызметкерлер оқу және оқыту сапасын жақсартты. Жоғары мектеп ғылымы, мектеп әдістемесін арттыруға К.А.Утехина, А.К.Темірбеков, Г.С.Якимовичтер жете кірісті. Батыс өлкесінде махамбеттану ғылымын алғаш бастаған, Орда, Жәнібек, Жаңақала, Казталовка, Жалпақтал мекендеріне ғылыми экспедиция ұйымдастырған. «Қазақ әдебиеті теориясы» монографиясын осы институттан бастаған, бірінші филология ғылымдары кандидаты, тұңғыш филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Жұмалиев есімі бүкіл қазақтарға аян еді.

Байтақ республикамыздың Батыс өлкесіндегі аудандарда бастауыш, орта мектептерде пән мұғалімдерінің жетіспеуі екі жылдық мұғалімдер институтын ашуға мәжбүр етті. 1935 жылдың қыркүйегінде институт факультеттеріне 143 студент қабылданды.

1934 жылы жеке-жеке кафедралар бөліне бастады. Олар әлеуметтік-экономикалық пәндер кафедрасы оны обком бөлімі меңгерушісі Кауфман, педагогика кафедрасы меңгерушісі марксистер педагогы қоғамының төрағасы И.В.Алиев, тіл мен әдебиет профессор міндетін атқарушы В.С.Бойко, биология Ф.А.Юсупов, ал 1935 жылы ашылған физика және математика В.И.Шмелев кафедралары болатын [5, 4 б].

1936 жылы 23 маусымда Бүкілодақтық Коммунистік Партиясы (большевиктер) Орталық комитеті мен кеңестер одағы Халық Комиссарлары Кеңесі «жоғары оқу орындары және оларды басқару» атты қаулысы оқу және тәрбие жұмысын түбегейлі өзгертудің тиянақты жоспарына айналды. Институт басшылығы осы қаулыда сыналған талапкерлерге қойылатын талапты төмендетуге қарсы күрес бастады. 1936 жылғы талапкерлер ішінде тұңғыш рет бүкіл түлектер институтқа орта біліммен түсті. Мұнымен қоса, институтты толықтырудың негізгі базасына айналған педагогика-жұмысшы факультетінің жұмысы жанданды. Педологиямен күресуге байланысты елеулі жұмыстар жасалынды. Осы тақырыпта И.К.Лукьянец, И.В.Алиев, А.К.Темірбеков және басқа оқытушылар облыс және қала мұғалімдері мен пионер вожатыйлары баяндамалар жасады.

1937 жылы А.С.Пушкиннің қайтыс болғанына 100 жыл толуына байланысты институтқа ұлы ақынның аты берілген [6, 214].

1938 жылы Қазақ тілі кафедрасы бөлек отау тікті. Тұңғыш кафедра меңгерушісі Меңтай Қошқаров Ұлы Отан соғысында мерт болған. Орыс және қазақ тілі кафедралары әріптес ретінде ұстаздық, ғылыми жұмыстарын қарқынмен жүргізді. 1938 жылы К.А.Утехина кандидаттық диссертациясын қорғаған соң, осы кафедрада аспирантура ашқан. Бірінші тілші-зерттеушілер болып М.Қошқаров, Р.Үмбетов, Г.Әбуханов және кейінірек Х.Абдолкәрімов қабылданды. Аспирантура жұмысы жоғары білікті ғылыми жетекшілердің жетіспеуінен және аспиранттарды әлсіз дайындауымен едәуір дәрежеде қиындады. Осыған байланысты бастапқыда ол тек жалпы тілтану және марксизм-ленинизм негіздерінде жүрді.

Кейін бұл кафедраны 1941 жылы диссертация қорғаған тамаша педагог Н.Г.Евстратов 1938-1954 жылдары басқарды. П.В.Аран, Е.З.Литовченко, Т.Б.Бейісов, Ф.Н.Серов тағы басқалар. Бұл адамдар нағыз зиялы педагогтар еді, жергілікті Жазушылар Одағы жобасына, Мәдениет университеті лекторлығына, Камен тағы басқа аудандар мектептеріне ғылыми-тәрбие ісіне тікелей араласты [2, 10 б].

Институт контингентінің өсуі жаңа оқытушы кадрларының келуіне қолайлы жағдай жасады. 1939 жылы физика кафедрасы ашылды. Меңгерушісі Г.С.Якимович болды. Бұл бөлімшеге Дмитриев, Э.К.Галлер, А.А.Никулин, Локтев, Рябоконе, Юровтар тартылды. Осы кафедраға математика кафедрасының меңгерушісі В.И.Шмелев қосарланды. Екі кафедра ғылыми тақырыбы: «Кейбір тұрақты шаманы ультра дыбыс арқылы анықтау» мәселелерімен айналысқан. Екі кафедра физика және математика пәндері әдістемесімен айналысып, Орал қаласы, Жымпиты ауданының жеті жылдық мектептеріне әдістемелік көмек көрсеткен.

Институттың ірі көрсеткіштерінің бірі – 1938 жылы география факультетінің өз алдына отау тігуі, оған 32 жаңа студент қабылданды. Оның құрамына 60 адамы бар мұғалімдер институтының жаратылыстану-география бөлімшесі кірді. Бұл ірі, іргелі факультетке жаңа, талантты ғалым-оқытушылар шақырылды. 1939 жылы жеке-дара физиология кафедрасы, сосын ботаника, химия, зоология бөлімшелері өсіп шықты. Осы кафедра бөлімшелері ішінен бір жыл ішінде геология кафедрасы жасақталды. Әсіресе, география және геология кабинетін аз мерзімде керемет жасандырған М.Н.Коринова еңбегі сүйсінуге тұрарлық еді.

В.В.Ивановтың жетекшілік етуімен аз мерзім ішінде бағусыз қалған бульварды студенттер күшімен жинап, әдемі ботаникалық алаң жасады. Мұнда өсімдіктер коллекциясы жинақталып, екі оранжерея және бір метеостанция жұмыс істей бастады [2, 11 б].

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Халық Коммисарлары Кеңесінің және Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) Партиясы Орталық комитетінің мектеп және азаматтық тарихының оқытылуы, мектеп жүйесінің жедел кеңейтілуі жөніндегі қаулысының жарық көруі, тарих пәні оқытушыларының тек саны жағынан ғана емес, сапасы жағынан өсуін талап етті.

1938 жылы осы қаулыға сәйкес А.А.Королевскийдің басшылығымен институтта тарих факультеті ашылды. Жедел дайындықтың қажеттілігі студенттерді қабылдаудан көрініс тапты. Егер пединститутке 25 адам қабылданса, мұғалімдікке екі есе қабылданды. Құрамында Д.О.Медведев, А.А.Королевский, Кеңестік социалистік республикалар одағы тарихы бойынша кафедра меңгерушісі Д.О.Медведев және жалпы тарих Д.И.Киреев кафедрасы болып екі жеке кафедраға бөлінді. Білікті оқытушылар мен оқу бағдарламалары, әдебиеттердің тапшылығына, ең бастысы алғашқы оқуға түскендердің сапасының төмендігіне қарамастан, факультет ұжымы қысқа уақытта ұйымдастыру ісіндегі кемшіліктерді жеңе білді. 1938 жылдың қараша айында жүздеген оқу карталары, диапозитивтер, проекциялық шам, 333 том монографиялық, оқу кітаптарымен қамтылған тарих кабинеті өз жұмысын бастады [1, 80 б].

Үлгерімі төмен студенттермен коллоквиумдар, жеке, топтық кеңестер жүргізілді. Тарих факультетіне кездейсоқ түскендер алыстатылып, қалған студенттер 95% оқу үлгерімін көрсетті. Білім алу жолында Иргалиев, Бартыков, Ищанов, Мұқанов, Елизаров, Тутукова, Ускова, Исакова, Кочемасов және Баяндиев сынды студенттер алғы шептен көрінді.

Факультетте Ф.О.Кузьмин, В.И.Ивакин, В.И.Соколовтардың, әсіресе тарихтану бойынша арнайы курсы коммунистік профессор И.П.Козловскийдің келуімен тарихи ғылыми үйірменің жұмысы жанданды.

Кафедралар институтта да, одан тысқары жерлерде де үлкен жұмыстар атқарды. А.А.Королевский кешкі коммунистік университетте дәріс оқыды. Ф.О.Кузьмин құрылыс бөлімшесінде саяси жетекші болып жұмыс істеді. В.И.Соколов жалпы институттық «Кадрлар үшін» атты қабырға газетін редакциялады, кейін комсомол ұйымының секретары болып сайланды. Кеңестік социалистік республикалар одағы Халық Комиссарлары Кеңесінің мектеп оқушыларыны міндетті түрде шет тілін оқып-үйренуі жөніндегі қаулысының жүзеге аспай жатқанына, сондай-ақ 5-7 – сыныптарға беретін неміс тілінің мұғалімдерінің жетіспеуіне байланысты 1939 жылы институтта неміс тілінің мұғалімдерін даярлайтын бөлім ашылды. Кейіннен осы бөлімнің негізінде кеңестік партия және шаруашылық белсенділері үшін өндірістен қол үзбей, білікті аудармашы мамандығын беретін 2 жылдық неміс тілінің курсы ашылды. Бұл істің тек халықшаруашылығы жағынан ғана емес, сондай-ақ қорғаныс жағынан да маңызы зор болды. Орал педагогикалық институты жөнінде келісімге отырды.

1938 жылы педагогикалық институтта әскери-денешынықтыру кафедрасы ашылды. Онда әскери істер пәнінен: В.В.Волков, П.К.Ермоленко, Я.С.Краснов, денешынықтыру пәнінен: Н.И.Рогачев, Е.Г.Зайцев, А.А.Чечин, А.И.Карпова секілді оқытушылар сабақ берді. Кафедра басшысы болып азамат соғысынан бері коммунист, капитан П.И.Гусак тағайындалды. Оның келуімен жұмыс стилі өзгерді, әскери жинақылық сезілді, әскери істер бойынша жүргізілетін сабақтарға талап күшейді, әскери-патриоттық жұмыстар кең ауқымда жүргізілді. П.И.Гусактың басшылығымен студенттердің атқыштар батальоны құрылды. Кейіннен бұл батальон құрамында 122 адамы бар екі команда және екі минометшілер мен радистердің арнайы тобы болып қайта құрылды. Институттың оқытушылары мен қызметкерлерінің екі тобында «Ворошиловский стрелок» белгісінің нормаларын тапсыру үшін дайындық дәрістерін жүргізді. Сонымен бірге облыстық, қалалық партия комитетінің штаттан тыс лекторы ретінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді, институттың партбюросының мүшесі болып сайланды[1, 16 б].

1939 жылы құрамында 21 адамы бар алғашқы парашютистер тобы бітіріп шықты. Олардың қатарында студент Л.Беда бар. Мұғалімдер институты мен Орал аэроклубын аяқтаған соң, ол Оренбург әскери авиачилищесіне түседі. Ұлы Отан соғысы жылдарында жаумен шайқаста көрсеткен ерлігі үшін Л.И.Беда екі мәрте Совет Одағының Батыры атағын алады.

Ұжым үшін оқу-материалдық базасының құрылуы, тұрғын үй және тұрмыстық жағдайының жасалуы профессор-оқытушылар құрамының ғылыми жұмыстармен айналысуына да жаңа перспективалар ашты. К.А.Утехина, В.В.Иванов, Н.Г.Евстратов, Б.П.Аксовтардың және басқа да оқытушылардың алғашқы кандидаттық диссертацияларының сәтті қорғалуы, ғылыми іссапарлар, шығармашылық демалыстар, Мәскеу, Ленинград, Саратов қалаларының алдыңғы қатарлы ғалымдарымен кездесулер, олардың қазақстандық жас ғалымдарға тілектестік көмектері мен ғылыми жетекшілігі институт басшылығының қолдауы нәтижесінде жүзеге асты. Докторлық және он шақты кандидаттық диссертацияға дайындық жұмыстары табысты жүргізілді, он екі оқытушы кандидаттық минимум тапсыруға дайындалды. Кандидаттық минимумды тапсыруға дайындалу үшін институтта философия, неміс тілінен семинарлар құрылып, қарқынды жұмыс істеді.

1939 жылы мамырда профессор-оқытушылар құрамының бірінші ғылыми конференциясы өткізілді. Онда он баяндама тыңдалып, талқыланды. Соның ішінде И.К.Лукьянецтің «Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) Партиясы ХҮІІІ съезінің шешімі және жоғарғы мектептің міндеттері» және В.В.Ивановтың «Батыс Қазақстандағы негрлік дақыл» және т.б. баяндамалары ерекше аталып өткен. Ал бір жылдан кейін екінші ғылыми конференцияда тек пленарлық емес, сондай-ақ он жеті баяндама мен хабарландырулар тыңдалған секциялық мәжілістер де болды. Соның ішінде В.В.Ивановтың «Институттағы ботаникалық питомниктің кейбір нәтижелері туралы» хабарламасының студенттермен жүргізілетін оқу-әдістемелік жұмыстарды жақсартуда тек ғылыми жағынан ғана емес, сонымен қатар тәжірибелік маңызы да зор болды [2, 11 б].

Студенттердің ғылыми жұмыстарының формасы мен стилі өзгере бастады. Олар алғаш рет кішкене үйірмелерден кең ауқымды аудиторияларға айнала бастады. Бірінші ғылыми конференцияда «Игорь полкі туралы жыр – тариха ескерткіш» тарих факультетінің студенті Соколовский, «Е.Пугачев көтерілісіне қазақ халқының қатысуы» студент А.Елагиннің баяндамалары тыңдалды. География факультетінің студенті К.Рахматуллиннің «Батыс Қазақстан облысының табиғи ерекшеліктері» атты баяндамасы республикалық ғылыми конференцияға ұсынылып, жоғары баға алды.

Оқу-әдістемелік, тәрбиелік және ғылыми-ізденушілік жұмыстарындағы табыстар жас педагогикалық жоғары оқу орнының өсуіндегі кедергілерді жойып, 1936 жылы институттың алғашқы 29 түлегін дайындауға мүмкіндік берді.

А.Т.Тайманов кейін Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Ғылым академиясының академигі болды. 1938 жылдың қзінде Жүніс Өтемісов елдегі ауыл мұғалімдерінің үздіктерінің бірі ретінде жоғарғы Отан наградасы – Ленин орденінің иегері болды, С.А.Ақмурзин – қазақ орта мектебінің директоры қызметін атқарды, кейін институт және кафедраны басқарды. Ф.Х.Халилов директордың көмекшісі болып жұмыс жасады. С.Сағидуллин оқуды аяқтағаннан кейін, институтта және халыққа білім беру органдарында оқытушылық қызмет атқарды. Белгілі қазақ ақыны Абдулла Жұмағалиевтің есімі Жымпиты ауданының бір мектебіне берілді. Кейіннен соғысқа дейінгі түлектердің бірі- белгілі қазақ ақыны және сазгер, Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мәдениет министрлігін басқарушы Қайырғали Байғалиев болды. «Жоғарғы мектептің еңбек сіңірген қызметкері», институттың проректоры, кафедра меңгерушісі Г.А.Абуханов және басқа да жүздеген түлектер өз өмірлерін орта және жоғарғы мектептегі қызметке арнады [3, 13-14 б].

Институт ұжымының табыстары, тәжірибелері мен перспективалары жоғары оқу орнын басқарудағы сирек кездесетін қасиеті И.К.Лукьянецтің 1939 жылы Қазақ мемлекеттік университеті директоры, кейін Жоғары Кеңесінің Президиумының председателінің орынбасары қызметіне көтерілуіне септігін тигізді. «Еңбек Қызыл Ту» екі орденінің, «І дәрежелі Отан соғысы» орденінің ковалері И.К.Лукьянец «Кеңестер одағы жоғарғы мектебінің үздігі», «Қазақ Советтік Социалистік Республикасы ғылымының еңбек сіңірген қызметкері» Құрмет атағына ие болып, Жоғарғы Кеңес, Орал облыстық еңбекші депутаттар Кеңесінің және басқа да ұйымдардың Құрмет грамоталарымен марапатталған[5, 5 б].

Жоғарғы мектептің ардагері өзінің ғылыми жұмысында «Қазақстанда жоғарғы мектепті құру және дамыту» мәселесіне арналған. Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Ағарту министрлігінің 1939 жылы 1 қазандағы бұйрығымен И.К.Лукьянец Орал педагогикалық институтының директорының міндетін атқарушы А.А.Королевский берді, кейін марксизм-ленинизм кафедрасының меңгерушісі И.Н.Сазонов директор болып бекітілді.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында тарих, филология, география, физика-математика, жаратылыстану факультеттерінде студенттер саны 12 есеге артты 83-тен 954-ке дейін. 18 кафедрада оқытушылар саны 8 есеге артты 11-83-ке дейін. Оның ішінде 1

профессор, 6 ғылым кандидаттары, доценттер және 7 кандидаттық диссертациясын аяқтаушылар. Институтта сырттай білім, екі жылдық шет тілдер курсы петрабфактың кешкі және күндізгі бөлімі табысты жұмыс істеді. Кітапханасында 80 мыңнан аса том есептелді және Қазақстандағы ірі кітапханалардың бірі болды. Оқу залы, кинотеатр, радиожелісі, асхана, екі жатақхана, оқытушыларға арналған сегіз үй, балабақша, амбулатория, кір жуатын орын, шаштараз, 2 оранжерея, оқу-тәжірибелік жұмыс істеді [7, 5 б].

Институттың жылдан жылға жоғары деңгейге көтеріліп келе жатқандығын куәсі болған үкімет 1935 жылдары 292 мың теңгеден 1940 жылдары 161 мың теңгеге дейін қаржылай көмек беріп отырды. Сонымен қатар үкімет институттың дамуының 15 жылдық кешенді жоспарын жасауды ұстанды, бірақ фашистік Германияның кеңес халықтарына деген қарсы басталған соғысы бұл жоспардың орындалуын кейінге шегерді.

Фашистік Германияның елімізге басып кіргені туралы сұмдық хабар келген күн институттың қарт қызметкерлерінің есінде жақсы сақталған. Жұмыстың қорытындысы шығарылып, алдағы жоспарлар белгіленген кәдімгі жұмыс күні еді, осы бір алаңдатарлық жаңалық...[8, 7-8 б].

22 маусымда соғыс басталғаны туралы хабар көпке дейін бейбіт өмірді сызып тастады. Институт ұжымы акт залына жиналды. Жұрттың жүздерінде үрей байқалмады. Олар қатал да қайсар болды, жауды жеңу жолында бар күш-қуатын, жанын беруге дайын болды. Жиналысты институт партбюросының хатшысы П.Л. Хлебников бастады.

Жалпы алғанда, бұл кездесу емес, адамдар жүрегінде не барын айтатын стихиялық жиналыс болды. Ал жүректерде басқыншыларға деген ыза, өзіміздің әділдігімізге деген сенім, Кеңестік Отанымызды қорғауға әзірлік болды. Осының барлығы әскери кафедра бастығының сөз сөйлеуінде капитан П.И. Гусак, тарих кафедрасының оқытушысы Д.И. Киреев, тарих факультетінің студенті А.Нестеренко, институт директоры Иван Никитич Сазонов және т.б. көрініс тапты [9, 21-22 б].

Отанымыздың еркіндігі, халқымыздың бас бостандығы үшін көптеген институт оқытушылары өзгелермен қатар, жеңіс жолында бастарын құрбандыққа тікті. Партбюро хатшысы П.Л.Хлебников, Белоруссияны жаудан босату кезінде институттың алғашқы аспиранттарының бірі Д.Аделов ерлікпен көз жұмды. Сондай-ақ, Д.И.Киреев, В.И.Соколов, М.Н.Аунапу, А.А.Джадралиев, В.Н.Кочанов, Г.И.Ромов, А.Медетов, Ж.Утемисов, М.Кашкаров, т.б. қаза тапты.

Институт ұжымы қалада ең бірінші болып қорғаныс қорын құрды. 1941 жылы 28 маусымда студенттер мен оқытушылар аэродром салуға қатысып, 986 сом ақша тапқан, қолдан 300 сом жинап, 7500 сомды облигациямен тапсырған.

1942 жылы 30 сәуірде қорғаныс қорына пайдаланылмаған күндердің ақшасы салынды. Институт ауыл шаруашылығы жұмысына қатысып, институт қорына 5000 сом еңбек күн ақшасын салған.

Студенттердің ақылы концерттерінен соғыс самолеттерін жасауға 1400 сом берілген. Үлкен ұжым «Қазақстан комсомолы» танк колонасын салуға 24414 сом қаржы жіберген. Институт соғыс зайымына жазуға белсене кірісті. 1942 жылы мемлекетке 88460 сом берді, ал 1943 жылы займға жазылу мұғалімдер жалақы қорының 150 пайызын құрады. 1942 жылы студенттер мен оқытушылар 19300 сомға, ал 1943 жылы институттың 83,5 пайызы оны алуға қатысуына алып келді. Институт ұжымы Қызыл армияға жылы киім жинау ісінен де сырт қалмады, бірінші күні өзінде 60 жылы киім, 230 сом ақша жиналса 1941-1942 оқу жылының аяғында қала комиссиясына 239 жылы киім, 3000 сом ақша берілді. Біздің оралдықтар Оңтүстік-Батыс майданның құрамалары мен бөлімдерінде шайқасты. Бұлармен тыңыз байланыс орната отырып, облыс еңбекшілері 4186 сыйлық жіберген, соның ішінде институт қызметкерлерінің үлесі 59000 сом.

Репрессия уақыты Орал педагогикалық институты үшін өте ауыр кезең болды. Неміс тілінің оқытушылары А.М.Блауберг, Ф.А.Лихтнер, И.И.Вернер, С.А.Ашенбреннерлердің, зертханашы А.Н.Штаммның айтуынша бұл өте ауыр жылдар еді. Зоология кафедрасының меңгерушісі А.Н.Штамм ағылшындармен болғаны үшін 1942 жылы КАРЛАГ және Актюбоблағқа жіберілді. Тек 1958 жылы оның кінәсіз екендігі айқындалды.

Студенттердің құрамы тез арада өзгерді. Егер олар 1939 жылы 414 студент болса, оның 260 – ерлер, 154- әйелдер. 1942 жыл 257 студенттің 254 әйелдер болды, ал 23 ерлер болды. Институтта қазақ қыздары үшін 1943 жылы дайындық курсы ашылды. Бұл курста 27 адам шұғылданды. Жұмыстың күрделенуіне байланысты, 1941 жылдың аяғында 4 курс студенттері оқуды алдын ала тапсырды, сонымен бірге мұғалімдер қысқартылып, студенттердің оқуы қиынға соқты.

Қиыншылықтар аз болған жоқ, үлгерім пайызы соғысқа дейінгі 1940 жылмен салыстырғанда төмен болды. Осыған қарамастан, бірінші әскери сессия барысында тарих факультетінің студенттері Корлева, Пырова, Чурикова, Бродская және басқалары тарихи деректерден терең білетіндерін көрсетіп, карта бойынша еркін бағыт тауып, үздік баға иеленді. Институт басшылары тағдырларына ерекше алаңдағанмен, уақытынан ерте бітіруші түлектерге оқытушылар мен студенттердің жүктемесі ерекше әсер етті ме, мемлекеттік емтиханды жақсы тапсырып, республика бойынша 1942 жылы қаңтарда 38 жас оқытушы-маман даярлайды деген көрсеткішке жетті. Үздік диплом Мягкий К.Василевская, Кольченко, Беркесова, А.Клевцовка, Е.Спарбер, З.Попова, В.Коваленкоға берілді.

Осылайша география факультетінің түлектерінің бірі – В.З.Хасаншина Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Ғылым Академиясының ғылыми қызметкері болды.

Партбюро мен жергілікті комитеттің біріккен комиссиясы 1942-1943 оқу жылы Орал пединститутының емтихандық сессиясының қорытындыларын Полтава құрылыс институтымен салыстыра отырып, екі мәрте біздің институттың үлгерім көрсеткіші жоғары екенін атап көрсеткен.

Әскери кафедра мен дене тәрбиесі кафедрасының ролі едәуір артты, атуға үйрету, әуе шабуылына қарсы дайындық, топографияны оқу және медициналық көмек көрсету сабақтарының көлемі 200 сағатқа дейін арттырылды. Оқытушылар Н.В.Волков, В.Г.Зайцев, А.А.Чечин, А.И.Карпова, сонымен қатар профессор С.Д.Сидорьяк секілді ұстаздар бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарды. Сол себепті де әскери дайындық емтиханын 170 студенттің 50-і «үздік», ал 65-і «жақсы» деген бағаға тапсыруы кездейсоқтық емес еді. Майдан жылдарында студенттердің академиялық үлгерімсіздігі мүлде болған жоқ, керісінше Горбунов, оқытушы М.И.Козловская Шаруашылық жағдайындағы әуе қорғанысының 25 инструкторын оқытып шықты. Қорғаныс үйірмелерінен өткен 310 әскери мамандарды дайындау міндетін алған институт 1941 жылдың аяғына таман 343 адамды дайындап үлгерді [10, 20 б].

Педагогика кафедрасының меңгерушісі, профессор Д.Элькиннің басшылығымен 1942 жылы «Ұлы Отан соғыс жағдайындағы мектеп» мәселесі бойынша ғылыми сессия өткізілді. Бұл сессия жұмысына мұғалімдер, комсомол және пионер қызметкерлері қатынасып, соғыс жағдайындағы мектептегі оқу-тәрбие мен пионерлік жұмыс жүргізу әдістемесінің ерекшеліктері тұрғысында құнды кеңестер алды. «Орыс мемлекетінің пайда болуы» Ю.И.Кораблев, «Крылов және 1812 жылғы отан соғысы», «Отан және Тургенов» Н.Г.Евстратов және майданнан жақында ғана оралған, соғыс жарақатынан әлі толықтай жазылмаған Ханғали Сүйіншәлиевтің «Жамбылдың соғыс кезіндегі шығармашылығы» атты баяндамалары ғылыми конференцияға қатысушылардың үлкен қызығушылығын тудырды.

Әрине, Орал педагогикалық институтының, жалпылай айтқанда, жоғары мектептің жұмысындағы жетістіктер үкіметінің үздіксіз қамқорлығынсыз мүмкін емес еді. Үкімет соғыс жылдары оқыту үдерісін үзбей жүргізу мен студенттердің шәкіртақы

қоры үшін қомақты қаржы бөліп, жоғары оқу орнына үлкен көмек көрсетті. Профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер де өз кезегінде бұл қамқорлыққа қажырлы еңбегі мен қарымды үлгерімдерімен жауап берді. Соның арқасында да контингенттің соғысқа дейінгі деңгейін сақтап қалып, жыл сайынғы мамандар даярлап шығарудың қарқынын азайтпауға қол жетті. Жалпылай алғанда, институт соғыс жылдары 298 білікті мұғалім дайындап шығарып, сонымен қатар майданға неміс фашистерінің басқыншылығын тойтарып, Отанды жаудан аман алып қалуға зор үлес қосқан өжет жауынгерлер берді.

Профессорлар-оқытушылар құрамы мен студенттер, барлық институт қызметкерлері соғыс жылдары бір ғана мақсатқа ұмтылып, соған қызмет етті. Ол мақсат – соғыс пен тылға жан-жақты көмек көрсетіп, Жеңіс сәтінің келер шағын тездету еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қалыптасу және өркендеу тарихы. Орал. 2002 ж. 228-бет.
2. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті: тарих және жаңашылдық. БҚМУ – 75 жыл. – Орал: БАҚ және баспа орталығы, 2007. – 224 б., суреттер 126.
3. "Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы және жоғары мектеп міндеттері": М. Өтемісов атын. Батыс Қазақстан мемлекеттік Университетінің 75 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. ҚР Білім және ғылым министрлігі. – Орал : М. Өтемісов атын. БҚМУ, 2007–.с.28.
4. Гурьева Г. Время и люди. – Уральск: РИЦ ЗКГУ им. М.Утемисова, 2013. – 400 с.
5. «Махамбет Өтемісов» университетіне- 90 жыл.// Үш қоңыр. – 2022. – 2 желтоқсан. – 10 б.
6. Гурьева Г. Летит столетье над Уралом... –Уральск, 2015. – 398 с.
7. Буркитов, О. Старейший вуз Казахстана сертифицирован: ЗКГУ им. М.Утемисова. // Приуралье. – 2005. – 1 февраль.
8. Абузяров Р.А., Утегенова К.Т. Этот день мы приближали как могли. – Уральск, - 2002. -104 с.
9. Гурьева Г. От института к университету: К девяностолетию ЗКУ им. М. Утемисова. – Уральск: РИЦ ЗКУ им.М.Утемисова, 2022. -220 с.
10. Войлоков А. От становления физической культуры к мастерству и профессии. – Уральск, 2002.

ӘӨЖ №94 (574.11) (043. 3)

АҚСАЙ ҚАЛАСЫ: ТАРИХЫ МЕН ДАМУЫ

ИЛЬЯСОВ А.Ж.


М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал

Өткен ғасырдың басында қазіргі Ақсай қаласының орнында «Новогеоргиевск» поселкесі болған. Онда Ресейдің Европалық бөлігінен көшіп келгендер қоныстанған. Сол уақыттан бүгінгі Ақсайдың ірге тасы қаланған деуге болады. 1915 жылы орталықтан Орта Азияға қарай жолды едәуір қысқартатын ұзындығы 265 км Орал-Соль-Илецк темір жол учаскесі құрылысының басталуына байланысты поселке «Қазақстан» стансасы болып өзгертілді. І дүниежүзілік және Азамат соғыстары, берекесі қашқан тіршілік бұл аймақтың өркендеуін біршама уақытқа дейін шегеріп тастады. Тек 30-жылдардағы индустрияландыру жұмысы басталғаннан кейін ғана теміржол құрылысын аяқтауға қаржы бөлініп, күш жұмылдырылды. «Қазақстан»

стансасының құрылысы, паравоз депосы, вагондарды техникалық бақылау пункті, электростанциясы, көмір қоймасы, сумен жабдықтау жүйесі құрылыстары басталды. Сонымен бірге теміржолшылар үшін тұрғын үйлер де салына бастады. 16 ағаштан және 4 кірпіштен үйлер тұрғызылды. 1933 жылы теміржолшылар ауруханасы мен № 46 орта мектептің (соңынан № 523, №69, қазіргі №5 мектеп) іргетасы қаланды. 1936 жылы теміржол құрылысының аяқталуына және Бөрлі ауданының құрылуына байланысты «Қазақстан» стансасына астық қабылдау пункті көшірілді. 1940 жылы теміржолшылардың № 45 балалар яслиі пайдалануға берілді. 1940 жылы «Қазақстан» станциясы қалалық үлгідегі поселке болып өзгертілді. Ақсай - Орал – Елек теміржол негізінде Қазақстан станциясы ретінде құрылды. Топоним сөзі «Ақ» түріктілдес елдер арасында кең тараған. Түсті білдіретін сөз, «сай», «жыра» деген ұғымды білдіреді. «Ақсай» деген ұғым, атау осыдан шыққан. Сондай-ақ, Ақсай – көнекөз адамдардың айтуы бойынша қала орнында ақ селеу шалқып жатқан. Орал мен Елекке келе жатқан жолаушыға ағарып жатқан сай кездесе керек. Қала орны теңіз деңгейінен төменірек жатқандықтан жан-жағында аппақ болып бор төбелер кездескен. [1, 5-7 б]

Қазіргі Бөрлі ауданының орталығы Ақсай қаласы. Ақсай қаласының тарихы өте бай және теміржолмен байланысты. Бөрлі жерінің тарихи бастауы. ХУІІІ ғасырдың басынан өзінің апта сайынғы базарларымен танымал қазіргі Бөрлі селосының маңындағы бор қыртыстары бар жерге байланысты өз атауын қазақтың «Борлы» деген сөзінен алған. Қазақтар мал, жүн және олардан жасалған өнімдерді, былғарылар сатқан. Орыс, татар, башқұрт саудагерлері қағаз, металл бұйымдарын, киімдерді, үй жабдықтарын әкеліп сатқан. Кеңес өкіметі жылдары Бөрлі ауданының аумағы өзінің әкімшілік бағыныштылығын бірнеше рет өзгертті. 1920 жылдан 1927 жылға дейін Бөрлі болысы Орынбор облысының Илек уезінің құрамына кірді, 1927 жылдың наурыз айынан 1928 жылғы қаңтар айына дейін Орал облысының, Орал уезінің, 1928 жылдан осы облыстың «Зауральный» ауданының құрамында болды. Бөрлі ауданы облыстағы алғашқы құрылған аудандардың бірі. Қазақ ССР-і орталық Атқару комитетінің қаулысына сәйкес 1935 жылы 31 қаңтарда Батыс Қазақстан облысының құрамында Бөрлі ауданы құрылған.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қазақ ССР Жоғары Кеңес Президиумының 1967 жылғы 29 шілдедегі Жарлығы бойынша «Қазақстан» қала типтес ауылының атын ауданға қарасты «Ақсай» мәртебесін беру оның жаңаша дамуына дем берді.



1 сурет- Қазақ ССР Жоғары Кеңес Президиумының 1967 жылғы 29 шілдедегі Жарлығы бойынша «Қазақстан» қала типтес ауылының атын ауданға қарасты «Ақсай» мәртебесін беру туралы көшірмесі [1, 5-7 б.]

Ақсай қаласының тұрған жерінің аты бұрын «Байжиен» мен «Бекетай» атанған. Бекетай атамиздың моласы «ПМК 59», «ТЭЦ» алдында орналасқан. Осыған орай қазіргі «Қазақстан» станциясының вокзалы, вагон жөндейтін депо, электростансасы, су мұнарасы, ағаштан екі қатарлы үйлер салынды. Бөрлідегі астық қабылдау мекемесі 1935 жылы Қазақстан стансасына көшіріліп, қазіргі элеватор тұрған жерге астық

қабылдау пунктінің кеңсесі, бір-екі қойма салынған. 1938 жылы өрт сөндіретін депо салынды. 1954 жылы тың игеру басталды. 1962 жылы аудандар ірілендіріліп, Бөрліге Шыңғырлау ауданы қосылды. Қала жайлы деректер. Ақсай шаһары облыс орталығы-Орал қаласынан 150 км қашықтықта орналасқан. Қаланың іргесі Орал-Илецк темір жолының салынуына қатысты 1935 жылы қаланған. «Қазақстан» атанған кент 1967 жылы қала мәртебесін иеленгесін аты Ақсай болып өзгертілген. 1965 жылдан бері Бөрлі ауданының орталығы. Шаһардың өткен тарихынан. Ашық көздердегі деректер бойынша, қаланың бұрынғы орналасқан жері «Байжиен» мен «Бекетай» аталынған екен. Бұл жерлерде қазір мұсылмандар зираты бар. Шаһардың өзі тоғыз жолдың торабы іспетті теміржолдардың құрылысына қатысты бой көтергені белгілі. 1935 жылы Орал-Елек немесе Тұзтөбе арасындағы теміржол құрылысы аяқталысымен, поезд жүргізіле бастаған. 1980 жылдар бойы Герман Демократиялық Республикасымен Чехословакиядан құрылысшылар келіп, Қарашығанақта газ өндірісіне қажетті қондырғылар салды. Осыған орай қазіргі «Қазақстан» станциясының вокзалы, вагон жөндейтін депо, электростансасы, су мұнарасы, ағаштан екі қатарлы үйлер, қазіргі элеватор тұрған жерге астық қабылдау пунктінің кеңсесі, бір-екі қойма салынған. Ақсай қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 20 км жерде «Қарашығанақ» мұнай-газ конденсат кен орны орналасқан. Ақсай- Бөрлі ауданы орталығы. Бөрлі ауданы — Батыс Қазақстан облысының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Ақсай қаласының құрамына Аралтал және Қызылтал ауылдары кіреді. Қаланың жалпы жер көлемі 12 354 мың гектар жерді алып жатыр. Шаһарда 2019 жылдың басындағы деректерге сәйкес, 56 044 адам тұрады. Сондықтан Батыс Қазақстан облысының ғана емес, бүкіл Қазақстан Республикасының стратегиялық маңызды өндірістік аймақтарының бірі саналатын Ақсай қаласының тарихын жазуды қолға алдық. Өйткені Ақсай қаласының бай көне тарихы күні бүгінге дейін нақты ғылыми тарихи зерттеу ретінде қолға алынбаған. [2, 8-10 б]

1900 жылға дейін бүгінгі Ақсай қаласының маңында үш елді мекен болған: солтүстік-батыста – Байжиен, қазіргі өнеркәсіп аймағында - Қоскемпір және Бекетай. 1904 жылы Рязань – Орал - Соль-Илецк теміржол құрылысы жоспарланады. 1907-1911 жылдарғы аграрлық реформа кезеңінде Қазақстанға Ресейден, Украинадан шаруа адамдар қоныстанады. Украинадан келген қоныстанушылар, өздерінің тұрған елдімекенінің құрметіне, Ақсай қаласының айналасында негізделген жаңа орынды «Новогеоргиевск» деп атады. 1915 жылы теміржол құрылысы басталып, мұнда Қоскемпір, Байжиен, Бақтыарал, Аралтал сияқты көрші ауылдардың тұрғындары көшіп келе бастады. Темір жол құрылысына Бірінші Дүниежүзілік соғысының тұтқындары да ат салысты. Олар жыралардың үстінен және өзен арқылы көпірлер салып, грунтпен толтырды. 1915-1916 жылдары Новогеоргиевск ауылының атауы Қазақстан станциясы деп өзгертіліп, теміржол вокзалы мен суқұбыры мұнарасының құрылысы басталды. Бірақ теміржол құрылысы Азаматтық соғыстың басталуымен тоқтатылып, Кеңес үкіметі құрылғаннан кейін қайта жалғасты. 1936 жылы орталықтан Орта Азияға қарай жолды едәуір қысқартатын ұзындығы 265 км Орал - Тұзтөбе теміржол құрылысы аяқталды. 1936-1937 жылы оқу жылында №523 (46) теміржол орта мектебі, қазіргі Ақсай қаласының №5 мектебі пайдалануға тапсырылды.

Осы кезден бастап Бөрлі ауданының өз алдына әкімшілік-аумақтық құрылу тарихы басталды. Аудандық мекемелер-жоспарлау комиссиясы, жер комитеті, аудандық қаржы бөлімі, денсаулық сақтау бөлімі, халыққа білім беру бөлімдері, аудандық байланыс, әлеуметтік қамту, ішкі сауда, аудандық коммуналдық шаруашылық, аудандық жабдықтау мекемелері құрылып, жасақталды. ОГПУ-дің аудандық бөлімі, милиция, прокуратура, ауыл шаруашылық банкі құрылып, аудандық сот сайланды. [3, 236 б]

1940 жылы ауылдық елді-мекен қала үлгісіндегі ауылға айналдырылды. Ауылға үйлер салынып, көше атаулары берілді. 1963 жылы қала түріндегі Қазақстан станциясы

Берлі ауданының орталығы болып белгіленді. Жаңа аудан орталығында әкімшілік үйлері, аурухана, «Октябрь» және «Дружба» кинотеатрлары, Совет көшесі бойында 4 қабатты үй және басқа да объектілер салынды. Жеке тұрғын үйлерді салу белсенді жүргізіле бастады, халық саны көбейе түсті. Қазақстан станциясының сол аймақтың әлеуметтік-экономикалық орталығына айналғандығын ескере отырып, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Президиумы 1967 жылғы 29 шілдеде №263-7 қалалық үлгідегі «Қазақстан» поселкесін аудандық дейгейдегі «Ақсай» қаласы деп өзгерту жөніндегі жарлығын қабылдады. Ақсайға қала мәртебесінің берілуі аудан өркендеуінде жаңа серпін әкелді. Аудан радиохабарларымен бірге теледидар хабарларын да қарай алатын болды, сол үшін телемұнара салынды, телефон байланысы жетілдіріле түсті, 500 нөмірлік АТС енгізілді. Жаңа дүкендер, әмбебап тұрғызылды. 80 жылдардың ортасынан бастап Ақсай қаласы тарихында жаңа кезең басталды. Ол Қарашығанақ мұнай-газ кен орнын игеруге байланысты еді.



2 сурет-Ақсай қаласының бүгінгі келбеті [2, 8-10 б.]

Кен орнындағы өндірістік объектілер құрылысымен бір мезгілде Ақсай қаласында да өндірістік базарлар, инженерлік желілер, коммуникация желілері шапшаң жүргізіле бастады. Қаланың өндірістік объектілері ғана емес, әлеуметтік-тұрмыстық объектілерді салуға да Болгария, Чехословакия, Германия елдерінің мамандары қатысты. Шетелдік мамандар салған 4,5,10 ықшам аудандар Ақсайдың сәнін келтіріп-ақ тұр. Өткен өмір белгілерімен жаңа жарқын өмір көріністерінің үйлесім табуы, Ақсай қаласының өзіндік ерекшелігі. Фотосуреттерде Ақсай қаласында алғашқы салынған ғимараттар көрсетілген. Алғашқы су мұнарасы, автобекет, теміржол клубы және тағы басқалары. Ақсай қаласының өркендеуі теміржолмен байланысты деп айтып кеткендей, Қазақстан станциясы алғашқы станциялардың бірі болып есептелді. **80-інші** жылдардың басында Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының ашылуы мен игеріле бастауымен ауданымыз және Ақсай қаласының өмірінде жаңа кезең басталды. Ең ірі кен орны - Қарашығанақ 1979 жылы ашылды. Кен орнының көлемі 280 шаршы шақырым жер алып, құрамы 1,2миллиард тонна мұнай мен конденсаттан және 1,35 триллион куб метр газдан тұрады. [4, 280 б] Қарашығанақ Қазақстанға әкелінген шетелдік капитал мөлшері 4,3 миллиард АҚШ долларынан астам сомандан тұратын ең ірі инвестициялық жобалардың бірі болып табылады. 1979 жылы тамызда Қарашығанақ ауылының маңындағы №10 іздестіру ұңғылмасынан газ және конденсат байқалды. Осы оқиға Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының ашылуы болып саналады. Алғашқы кен көзін ашушылар – Сухан Мақсотұлы Қамалов басқаратын «Оралмұнайгаз геология» өндірістік геологиялық бірлестіктің, барлау экспедициясының бұрғылау шеберлері Ленин және Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Андрей Жарылғасұлы Жарылғасов пен Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сергей Федорович Лапшиннің бригадасы болатын. Сухан Мақсотұлы Қамалов 1935 жылы 21 желтоқсанда Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы, Асанқұдық ауылында дүниеге келген.

Қарашығанаққа алдымен келгендердің бірі В.Я.Серединнің бригадасы. 1981 жылғы желтоқсанның 16-сы күні бригада алғашқы ұңғыманы бұрғылау жұмысын бастап кетті. Кенішті белсенді игеру 1981 жылы басталды. Қазақгазөндірісі басқармасы құрылып, оның алғашқы басшысы Владимир Петрович Лабазов тағайындалды. Бірақ та өндірістік газ айдау кешенді дайындау қондырғысын іске қосу сәйкесті ұңғымалар қорымен қамтамасыз етілмейінше мүмкін емес еді. 1981 жылы қарашада Қарашығанақ бұрғылау жұмысының басқармасы ұйымдастырылды, оны Николай Павлович Кобышев басқарды. 1984 жылы кешенді дайындау қондырғысының (ГП -16) құрылысы аяқталып, алғашқы ондаған мың текше метр газ Орынбор газ өңдеу зауытына жіберілді, сөйтіп кенішті тәжірибелік - өндірістік пайдалану басталды.

Бұл көптеген адамдардың: Орал геологиялық барлаушыларының, пайдаланушылардың, құрылысшылардың, монтаждаушылар мен реттеушілердің жемісті еңбектерінің нәтижесі еді. 1986 жылы газ өндірушілердің алғашқы жатақханасы, 78 пәтерлік тұрғын үй пайдалануға берілді, асхана, «Факел» дүкені ашылды. Бұл объектілердің құрылысына Болгарияның, соңынан Чехословакияның және Германия Демократиялық Республикасының құрылысшылары қатысты. 1985 жылы Өзбек және Ақсай бұрғылау жұмыстарының басқармасы құрылды, басшысы Юрий Иванович Дубровский болды. 1985 жылы «Қазақгазөндірісі» өндірістік бірлестігі «Орынборбұрғазөндірісі» өндірістік бірлестігінің құрамына кірді. Алғашқы директоры болып В.Н.Новиков тағайындалды. 1985 жылдың 16 желтоқсанында Қарашығанақты жайластыруда шетелдік құрылысшыларды қатыстыруды қарастыратын үкіметаралық Ямбург келісіміне қол қойылды. 1992 жылы шілдеде Қазақстан үкіметі мен «Бритиш Газ-Аджип» Альянсы арасында кенішті өндірістік игеруге ниет білдірген хаттамаға қол қойылды. 1997 жылы 18 қарашада Вашингтонда Қарашығанақ өнімін бөлу жөніндегі Негізгі Келісімге қол қойылды. Келісім-шарт 40 жылға жасалды. Оның қатысушылары – «Бритиш Газ» (Ұлыбритания -32,5), «Аджип»(Италия -32,5), «Тексако»(АҚШ-20), «Лукойл»(Ресей-15) фирмалары. [5,74-80 б]

Қарашығанақтағы газ өндіру көлемін жылына 20млрд. кубметрге жеткізу, ал конденсат өндірудің көлемін 12млн. тоннаға жеткізу көзделді. Қарашығанақ мұнайгазконденсаты кен орнының тарихында жаңа парақтар ашылды. 1998 жылдың 17 қаңтарында шетелдік фирмалар альянсы кен орынын игеруге мемлекеттік лицензия алды. 1998 жылдың 27 қаңтарында Негізгі Келісім өз күшіне енді. Бұл күн Қарашығанақ жобасының өмірге енген күні. 1998 жылы маусым айында жобаның Бас менеджері болып Пол Джордан тағайындалды. 1998 жылы шілде айында Қарашығанақ мұнайкәсіпшілік компания «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» құрылды. Жобаның келесі Бас директорлары Марио Бекеручи, Джон Морроу, Паул Компелли, Роджер Фокс, Джузеппе Пази болды.

2000 жылдың сәуір айында басты объект ГП-2, Қарашығанақ өңдеу кешені және модернизация ГП-3 құрылысы басталды. 2001 жылы 5 қыркүйекте Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жаңа салынған қуаты 120 мегаваттық газтурбиналық электростанциясын іске қосу салтанатына және Ақсай станциясынан Қарашығанақ өңдеу кешеніне дейінгі қайтадан салынған теміржолмен поездардың қозғалысының ашылуына қатысты. Кен орнын игерудің 2 фазасы шеңберінде газды және сұйық көмірсутегін қайта өңдеу мен газды қайта өңдеудің жаңа нысандары салынды, сол сияқты 635 километрлік Қарашығанақ – Үлкен Шаған – Атырау экспортқа шығатын, Каспий құбыры консорциумы жүйесіне кен орнын жалғайтын және Қарашығанақ мұнайын тасымалдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Новороссийскінің Қара теңіз портына дейін экспорт құбыры тартылды. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев 2003 жылы 1 тамызда Қарашығанақ қайта өңдеу кешені мен сұйық көмірсутегін Каспий құбыры консорциумы беру құрылысының аяқталуына арналған салтанатты митингіге қатысты. Сәндік сырғыма тұтқаны жылжыту арқылы Президент Қарашығанақ көмірсутегінің ҚҚК жүйесі арқылы Қара теңіздің Новороссийский портына дейін тасымалдауына

бастау жасады. Әйнек астынан Қарашығанақ кен орнынан игерілетін мұнай үлгілерін көре аласыз. Зор қызығушылық тудыратын Қарашығанақ кен орнындағы бұрғылау қондырғысының макеті, фонтанно-арматура, арнайы киімдер, кен орнының алғашқы із ашушылары, ресми сапарлары, әлеуметтік мәдениеттің нысандары туралы фотосуреттер.

Кен орнын игеруде 500 отандық компаниялар зор үлес қосты. КПО-ның негізгі Қазақстандық серіктестері АҚ «Ақсайгазсервис» (Т.И.Шектыбаев), АҚ «Бөрлігазқұрылыс» (Агаев А.А.), АҚ «Ақсайавтотранс» (Хасанов И.Ф.), АҚ «Қазбұрғаз» (Утебалиев) және басқалары. КПО б.в. әлеуметтік жобаларды КПО қаражаты есебінде іске асырады: Ақсай қаласында су бөгеті жүйесі жаңғыртылды, сукұбыры мұнарасы салынды, орталық аудандық емханасында, Жарсуат орта мектебінде, Жарсуат ауылындағы мәдениет үйінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, басқа да жобалар қаралуда. Ақсай қаласында №6 мектеп-лицейі, «Наурыз» паркі, «Алтын бесік» балабақшалары, «Қарашығанақ» спорттық-сауықтыру кешені және тағы басқалары салынды. Экспозицияларды қарап шыққан соң Қарашығанақты игеру тарихы туралы видеофильмдерді қарауыңызға болады. [6, 55-58 б]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақсай-Қарашығанақ Алматы НГУ ТОО «Тау-Кайнар» 2007-280 б.
2. Редакция газеті «Панорама Карачаганака»
3. Бөрлі жері. Қарашығанақ. Фотокнига-Алматы: ТОО «Издательство Золотая Книга», Алматы 2019 -236 с.
4. «Ақсай» энциклопедия Орал-2017 «Полиграфсервис» ЖШС
5. Ғалымның тарих мектебі Орал-2007 «Полиграфсервис» ЖШС 74-80 беттер «Қазыналы Қарашығанақ»
6. Ел тұлғалары Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы Алматы «Арыс» баспасы-2011
7. Ақсай қалалық мемлекеттік мұрағаты 18-қор, 1- тізбе, 18-іс, 67 п.
8. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты 439-қор, 1-тізбе, 182-іс, 93 п.
9. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты 1976-қор, 1-тізбе, 70-іс, 38-39 п.
10. Қарашығанақ: 20 жыл Сәтті серіктестік «Эдельвейс» баспа үйі, Алматы қаласы 2017 жыл

УДК: 94 (574)

«ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІНДЕ КӨТЕРІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

БАЯНТАСОВА М.

М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал

Қазір Алашорда мәселесі көп қозғала бастады, тарихшылар зер салып, осы тақырыпта ізденіп, әр жердегі мұрағат құжаттарын ақтарып, еңбектенуде. Бірақ ғасырға жуық тарихы бар газеттер елеусіз қалып келді. «Қазақстан» газеті – қазақ топырағында жарық көрген тұңғыш ұлттық мерзімді басылым. Ұлт үшін қызмет еткен газеттің о заманда шығуы оңай болмағаны мәлім.

«Қазақстан» жариялаған материалдар ел ішіндегі саяси мәселелерге арналды. Мысалы, 1912 жылы Ленадағы жұмысшылардың ереуілі жергілікті қарапайым шаруалар мен кедейлердің санасын терең талдау арқылы жазылған. Осылайша капиталистер мен жұмысшылар арасындағы өзара келіспеушіліктердің себебін көрсеткен.

Онда «Осы күні байлар жүн, тері т.б. сатып алып, завод, фабрика, т.б. басқа қажетті заттарға айландырады, бұл жұмысқа байлар тиіспейді, бәрін қызметшілер істейді, осы күні қызметшілер көп. Әр зауытта 40000-50000 адам жұмыс істейді. Осы күндері халық екіге бөлінеді: бір жағы бай, бір жағы қызметші. Байлар бізді арзанға алып, жұмыс істеп жатыр дейді. Таң атқаннан кеш батқанға дейін. Қызметшілер айтады: тиісті айлығымызды аламыз және күніне 8-10 сағаттан артық жұмыс істемейміз дейді. Байлар айтқанын істемесе, жұмысшылар жұмыстан бас тартып, бірнеше ай жатып алады. Бұны забастовка дейді. Забастовкадан заводта, фабрикада қызмет тоқтайды. Бұл байларға үлкен зиян болады. Сол себепті қызметшілердің дегенін жасайды» деген жолдар бар[1].

Бұл мақаладағы екінші ерекшелігі – қазақ қоғамының өмірімен салыстыруға болатын капиталистер мен жұмысшылар арасындағы қайшылық, үшінші ерекшелігі ереуілдің түрлері мен мақсаттарына қатысты. Мақалада екі түрлі ереуілдер болады. Біреуі экономикалық, екіншісі саяси деп түсіндіріледі және олардың алдына қойған мақсаттары түсіндіріледі.

Экономикалық ереуілді жұмысшылар жеке мақсаттар үшін (жалақыны көтеру, тұрғын үй, азық-түлік және т.б.), ал саяси ереуіл саяси билікті басып алу үшін ұйымдастырады деп түсіндіреді.

Төртінші ерекшелік, "Үркіт губерниясында, Лена" мақаласында жалдамалы Алтын қазған қызметшілер бір ай бойы ереуілге шықты, ақырында армия шығып, 4 сәуірде қарсы болған қызметшілерді атты. Лапта 119 адам қаза тауып, 350-ден астам адам жараланды. Осы жаралылардан 100 өліміне әкелетін хабарлама стилінде жазылған хабарламалар бар. Осыдан газет ұстанған бағытты тану қиын емес.

Мақаланың авторы кім екені белгісіз. Профессор К. Бекқожин: "осы мақаланың авторы, ұйымдастырушысы Орал большевиктерінің бірі болуы керек. Қазақ еңбекшілері арасында революциялық идеяны тарату үшін Орал большевиктері "Қазақстан" газетінің редакциясымен келісе отырып, оның бетін пайдалана алады". Біздің ойымызша, редакция қызметкерлерінің бірі жазған шығар. Мысалы, Ғ. Қараш немесе Б. Қаратаев. Қалай болғанда да, мақаланың авторы сол кезеңнің жағдайы, оның ерекшелігі туралы жақсы біледі.

Екінші жағынан, "Қазақстан" газеті феодалдық заманда күні кетіп, жаңа қоғамдық қатынастар туа бастағанын, қазақтар енді жалғыз мал шаруашылығында өмір сүре алмайтынын, олар отырақшылыққа көшіп, ауыл шаруашылығымен, саудамен, жүнмен айналысуға тиіс екенін насихаттады. Газет өзінің негізгі мақаласында жер асты суларының азаю себептеріне тоқталып, оларды талдайды[1].

Сонымен қатар, "Қазақстанның" екінші санында жарияланған "Еңбек етсең емерсің" мақаласы тығырықтан шығудың жолы-отырықшы болуға көшу және ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірумен айналысу екенін егжей-тегжейлі түсіндіреді.

1912 жылғы басылымның 11-нөмірінде Б. Қаратаевтың "Азаматтарға бір-екі ауыз сөз" атты мақаласы жарық көрді. Онда автор көшпелі өмір салты бір күнде өтетінін, көшпелі өмір салты мен ескі әдеттер қазақ ғылымы мен білімін тастап кеткенін, "балуан бірді, білімді мыңды жығатынын", адамдарды отырықшы өмірге көшуге, пайдалы іспен айналысуға, балаларды оқытуға шақыратынын айтады.

Бұл мысалдарға қарап газет тек жалаң насихатшылықпен айналысатын материалдар жариялаумен шектелген деген ой туындамауы тиіс. "Қазақстанда" нақты ұсыныстар мен пікірлер жасаған еңбектер де болған.

Мәселен, Ғабдолла Көпжасаров деген автор газеттің 1912 жылғы 11 нөмірінде жарияланған мақаласында товарищество (серіктестік) туралы айтып, "Оқыған адамдар бас болып, халықтың басын құрап, екі, я үш болысты біріктіріп, товарищество жасап, жиналған акшаға жер-жерден лавка ашып, сай-саланы бөгеп, товариществода үлесі бар егіндік, пішендік жерлерін суарып беріп көрсетсек, халық пайдасын көрген соң өздері-ақ ұмтылар еді. товариществоның бір пайдасы халықты бірлікке үйретеді, бірінің-біріне

сенімін арттырады” деп жазды. Екінші бір нақты ұсыныс жасаған автор Мұхамедқали Орақбаев. Ол 1912 жылдың 7 нөміріндегі[2] мақаласындағы "Әр нәрсеге білік-бірлік немен болады?" Білік болмай, бірлік болмайды. Әлбетте, ғылымнан болады" дейді. Бұл айтылғандардан жұрт не істеу керектігін нақты білді.

"Қазақстан" газеті сондай-ақ "Айқап" журналында жарияланған мақалаларға түсініктеме береді, сондай-ақ мал шаруашылығы, отырырықшылық, қала мәселелерін талқылайды. Бұл факт сонымен қатар 1912 жылғы газеттің сипатын, оның прогрессивті рөлін түсінуге көмектеседі. Мәселен, мақалы Ахмет Жанғалиннің "Айқаптың" бесінші санында жарияланған "қазақ халқы қала болмауы керек, қалада болудың соңында біз үшін көптеген қорқыныштар сезіледі" деген пікірі Ғ.Қарашев "Айқап" бетінде жарияланған "Ахмет Жанғалинге жауап" мақаласына қайшы келеді.

Автор өз ойын "Крестьяндардың ата кәсібі – егін. Біздің ата кәсібіміз – мал өсіру. Қала бол деген сөзден мал өсірме" деген сөз шықпайды. Орал облысындағы қала болуға жазылған қазақ ауылдарының обрачноы аталып, мал бағуға жарамды жерлер қалдырылып жатыр, мал бағу біздің маңдайымызға жазылып, былайғы кәсіппен тіршілік ете алмаймыз деген хакім (заң деген ұғымда) дұрыс хакім емес. Жөні келсе егінмен де, саудамен де қазақ тіршілік ете алады. Осы күндегі орыс, татарлар секілді отырықшы елдердің бәрі де әуелде көшпелі мал бағып күнелткен халық болған дей келіп: "Бұл заманда көшпелі, бәдәуи, надан жұрт жұрттығын, елдігін сақтап тіршілік ете алмайды" деп қорытындылайды[3].

Отырықшылық мәселесінде "Қазақстан" газеті мен "Айқап" журналы олқылы-толқылы пікірде болғанымен, түп мәнінде дұрыс түсініп, терең талдап жазуы кезінде үлкен прогресшіл рол атқарғанын да атап өткіміз келеді. Бұл екі басылымның беттерінде жарияланған материалдардан жұрт үлгі алып, отырықшылыққа бейімделе бастаған. Оған "Казакстанда" (1911 жыл, №1, қараша) жарияланған "Волга" өзенінің сол жақ жағалауында орнаған тұрғындардың басын құраған жаңа қырғыз поселкесі пайда болды. Поселке бұл істі ұйымдастырушы Күнтұра Сармантаевтың есімімен "Сармантай" деп аталады" деген хабар дәлел.

"Қазақстан" газетінде адамдарды жалқауланбай, еселі еңбек етуге шақырған материалдар да кездеседі. Мәселен, басылымның бірінші нөмірінде жарияланған "Тіршілік таласы" деген мақалада "жалқаулықтан арылып, тәуекел ердің жолдасы" деп жұртты нәтижелі іс тындыруға шақырған жалынды ұран бар. Бастаған істі соңына дейін жеткізу мақсатымен газет осы нөмірінде орыстың шаруа акыны А.В.Кольцовтың "Что ты спишь, мужичек?" деген өлең жолдарын, қазақ тіліне аударып басқан[4].

Осыған орай жоғарыда айтқан "Еңбек етсең емерсін" деген мақалада: "Енді аз жерді күтіп, берекетті етіп ұстайтын кез келді. Тар жер кешіп жүруді, шашып отыруды көтермейді және көшіп жүрген халықтың мынау менікі дейтін бір заты бұрын да болмаған, қашан бір жерге мекен теуіп, жерге еңбек сіңірген халықтың еңбегін басқалар жемеген. Күндердің күні болғанда жерге еңбек сіңірген халық, сол жердің иесі болып қалған. Егер, ол күніміз әрі жалғаса берсе қазақ халқы өз жері-суына кожа бола алмайды" деген үлкен әлеуметтік идея бар.

Мәселен, осы идея газеттің 1911 жылғы 15 қараша күнгі нөмірінде орыс тілінде жарияланған "Қырғыздар қалай өмір сүруде деген мақалада жалғасын тауып, тереңдетіле түскен. Мақалада: "Біздер барлық облысты және Орданың қырғыздары жыл сайын кедейленіп, өз қол күші, маңдай терімен жалғыз күн көретін жартылай аш пролетарлардың қатарын толықтыра түсіп келеміз... қолымызда өмір сүру құралы бар, одан айрылмағанымыз жөн. Ол – құрал біздің еңбегіміз, ұқыптап күте білсек құнарсыз жерден жай кездегіден көп өнім алатынымыз сөзсіз... Интенсивсіз шаруашылыққа байланысты өмір салтын өзгертіп, интенсивті шаруашылыққа көшу қажет" деген батыл ұсыныстар айтылады.

Бұдан біздер осы сындас мақала авторларының екі жақты қанаудың кесірінен туындаған жер, су тапшылығына байланысты сары уайымшылды көңіл-күйге берілмей,

тұйықтан шығу іздестіріп отырғанын көреміз.

"Қазақстан" газетінде сондай-ақ оқу ағарту, өнер-білім, мәдениет мәселелері де үзбей жарияланып тұрған. Мәселен, қазақ халқына білім, ғылым тарату туралы Ғ.Қараш: "Бізде тағы да бір қате пікір бар, орысша деп ғылымды жек көреді. Бұл да қате... әліппе, оқу яғни, қисап, жағрапия, хақимия (право), эндаса (инженерлік), тауарих (тарих), тәбиіп (дәрігерлік), химия (химия), дирават (ауыл шаруашылығы), тажират (сауда) секілді пәндерде еш те орыстық, яки басқалық жоқ. Бұл пәндерді оқудағы мақсат оларда баян етілген қағидалардың мағынасын біліп, колданып, адам балаларына түрлі жақтан пайда келтіруге болады. Бұларды арабша оқып біл, фарсыша оқып біл, түркіше оқып біл, бәрі бір тек мағынасын жақсы біл де халыққа пайда келтір"- деп әркімнің аузына түсе бермейтін биік адамгершілік позициядан көрінеді[5].

"Қазақстанның" 1912 жылғы 11-нөмірінде пікір жағынан бір-біріне қарама-қарсы екі мақала жарық көрді. Алғашқы мақаланың "Ғ.Т" деген авторы "Қазақта машаһат шегіп, қиын болған ескі оқумен оқу керек. Жеңілдің түбі жеңіл, арзанның сорпасы, татымайды" деген. Бізге ескі оқу да жарамай ма?" деген ескішіл пікір айтады. Ал, керісінше осы мақалаға жауап ретінде қарсы бағытта жазылған мақала авторы: "Ескі оқумен оқығандар екі жылда ежік танымайды. Жаңа оқумен оқыған балалар аз уақытта хат жазуды біледі. Бұны өзімізге көпсінеміз бе? Мұндай пікірді де дос болсаңыз халыққа таратпаңыз" деп жалқаулық пен кертартпалықтың алысқа апармайтынын сездіреді.

Сөйтіп, редакция ұжымының көзқарасы хабар сияқты кішігірім материалдардың өзінен-ақ айқын байқалып отырады. Әр материалда проблема кетеріліп, талданып жұртқа пайда келтіруге тырысады. Сөйтіп, "Қазақстан" өз мақсаты - "кәсіп ету, ғылым үйрету жолында" жанр мүмкіндіктерін осылай ұтымды пайдалана білген.

Жалпы қорытындылай айтсақ, 1911-1913 жылдары Ордада, одан соң Оралда шығып тұрған бейресми "Қазақстан" газетінің прогрессшіл рөлі, ағартушылық-демократиялық мәні міне, осындай болған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразай Қазақ журналистикасының тарихы. А., 1996.
2. "Қазақстан" газеті. 1912, №7.
3. Б.Кенжебаев. Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер. - А., 1956.
4. Қ.Бекхожин. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. А., 1964.
5. Қ.Бекхожин. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. - А., 1981.
6. Ү.Сұбханбердина. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. - А., 1963.
7. Х.Бекхожин, С.Козыбаев, С.Матвиенко. Очерки истории журналистики Казахстана. - А., 1988.
8. Т.Кожакеев. Жыл құстары. - А., 1991.
9. Н.Омашев. Қазақ радиожурналистикасы: тарихы, тәжірибесі, теориясы. - А., 1992.
10. Ж.Нұсқабайұлы, Қ.Алдаберген. Алты алаштың ардақтылары.- А., 1994.
11. Ж.Нұсқабайұлы, Қ.Аллаберген. Көне басылымдар. Құнды деректер. Аяулы есімдер. А., 1997.

ОРАЛ ӨНІРІНДЕГІ КҮШТЕП ҰЖЫМДАСТЫРУ САЯСАТЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Жайманова Ж.Е.

М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал

Кеңестік Қазақстанның алғашқы кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық мәселелері өте маңызды. Ғасыр басында қазақ даласы тұрғындарының негізі көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ауыл адамдары болған ел тек ғасыр соңында ғана қала халқы көпшілік болған мемлекетке айналды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» Жарғысына сәйкес қазір елімізде 11 өңірлік комиссия жұмыс жасап жатыр [1]. Осы Жарғыға сәйкес басты зерттеу нысандарының бірі ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы ұжымдастыру саясаты мен оның зардаптары туралы шынайы ақпараттарды анықтау. БК(б)П ұйымдарына 1928 жылғы ақпанда жазған нұсқау хатында И.Сталин өзіне тән үзілді-кесілді өсиеттік мәнерде: «Біздің жаңа экономикалық саясаттан бас тартатынымыз, азық-түлік салғыртын енгізетініміз және т.б. туралы әңгімелер контрреволюциялық сандырақ болып табылады, оған қарсы табанды түрде күресуіміз керек. ЖЭС біздің экономикалық саясатымыздың негізі және ол тарихи ұзақ мерзімге созылады» деп жазды [2, 231 б.].

Тарихқа үңілсек, осы кезеңнің маңыздылығы - 1928 жылы 27 тамызда Қазақ АКСР-ның Халық Комиссарлар Кеңесі мен Орталық Атқару Комитеті «Ірі бай шаруашылықтарын, жартылай феодалдары конфискулеу және жер аудару» декретін қабылдады. Нәтижесінде Қазақстанда 657 бай жер аударылып, олардан 145 мың мал алынды. Малдар, негізінен, колхоздарға берілді. Көптеген орташа шаруалар байлардың қатарына жатқызылды. Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру Коммунистік партияның XV съезінде қабылданып, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру ісінің аяқталуы 1932 жылға жоспарланды. Қазақ жерінде колхоз құрылысы 1922 жылдан бастап кеңейді. Ұжымдастыру ісіне көмек ретінде ауылды жерлерге 8000 жұмысшы жіберілді. 25 мыңдықшылар деп аталған 1204 «ұжымдастырушы» Мәскеу, Ленинград сияқты орталықтардан жіберілді.

Ресми ақпараттарға сенсек, 1928-1931 жылдардағы ұжымдастыру барысы: республика шаруашылығының 1928 жылы 2% -ы, 1930 жылы сәуірде 56,4%-ы, 1931 жылы қазанда 69%-ы ұжымдастырылды. Ауыл шаруашылық өнімдерін және малдарды күшпен алды. Мысалы: Торғайдағы 1 млн. малдың 98 мыңы ғана қалды. Кулактарды жою ісі қатал жүргізілді. Шолақ белсенділер орташалар мен қатар кедей шаруаларға да зорлық жасады [2, 243 б.].

Ұжымдастыру зардабы: 1929–1933 жылдар аралығында Қазақстандағы біріккен мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) 3386 адамды ату, 13151 адамды түрмеге қамау туралы үкім шығарды. Көптеген адамдар өздерінің малдарынан айырылды. 1930–1932 жылдары Қазақстанды әйгілі ұлы жұт - аштық жайлады. Осылайша, ауыл шаруашылығының ұжымдастырылуы өте қатал жағдайда жүргізілді. 1931 жылы көшпенді және жартылай көшпенді шаруаларды жаппай отырықшыландыру жөнінде міндет қойылды. Ұжымдастыру жедел және жоспарсыз жүргізіле бастады. Сондықтан, қазіргі кезге дейін оның зардаптары толық анықталмаған.

ХХ ғасырдың I жартысындағы Орал өңірінің әлеуметтік-экономикалық ахуалы мәселесі төңірегінде зерттелген ғылыми-зерттеу жұмыстары мүлдем жоқ деуге болмайды. Дегенмен, көптеген деректер қорымен танысып, қайта сараптап, құжаттармен жұмыстанып, негізгі еңбектермен танысу мүмкіндігі нәтижесінде Орал

өңіріндегі ұжымдастыру саясатының зерттелуі туралы жан-жақты бағдарлап көруге болады.

Алдымен, XX ғасырдың I жартысындағы Қазақстандағы этникалық және әлеуметтік-демографиялық процестердің жекелеген тұстары қозғалған еңбектер қатарын М.Қ.Қозыбаев [3], М.Б.Тәтімов [4] және т.б. еңбектері құрайды. Аталған еңбектер халық дамуы мәселелеріне қатысты зерттеулер жүргізілген. Ғылыми жұмысты жазу барысында бұл авторлардың еңбектері бойынша Орал өңірінің тарихи кезеңдердегі өзгерістері мен ерекшеліктері жөнінде мәліметтер зерттелді. Бұл ғалымдардың күш салуы тарихи-демография ғылымның дамуына, тарихи зерттеулер әдістемесінің кеңеюіне және қарастырылатын мәселелер аясының кеңеюіне алып келді. Олардың ғылыми қызметінің қорытындысы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестердің ортақ тенденциясы мен дамуының негізгі заңдылықтарын анықтауға негіз болды. Осылайша әлеуметтік-экономикалық процестерді аймақтық аспектіде тереңінен зерттеуге берік негіз жасалды.

XX ғасырдың басындағы Орал өңірінің тарихы Қазақстан тарихының бір құрамдас бөлігі. Республикамыздың батыс аймағының тарихы туралы біраз құнды деректік материалдар М.Н.Сдыковтың [5] еңбектерінде келтірілген. М.Н.Сдыковтың еңбегінде Батыс Қазақстан халқының құрылымынан бастап, белгілі себептерге байланысты әлеуметтік және этникалық құрамында орын алған өзгерістерді қамти отырып толық сипаттама жасалған. Автор XX ғасырдың 20 жылдарындағы отырықшыландыру мен ұжымдастыру саясатының мәні, оның нәтижелері туралы ғылыми сараптама жасаған.

Сонымен қатар, жалпы хабарламалық мәліметтер қатарын авторлық бірлестіктерде жарияланған Батыс Қазақстан тарихы [6] еңбегінен көреміз.

Қазіргі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды, сол арқылы Орал өңіріндегі ұжымдастыру саясаты мен оның салдарларын зерттеуге ден қойып, қалам тартқан авторлардың бірі ғалым, профессор М.Н.Сдыковтың «История населения Западного Казахстана» [5], және «Историография исторической демографии Западного Казахстана» [7] атты зерттеулері тұтастай бір ғасырлық өлке халқының даму қарқынын қарастырады. Аталған еңбектерде Батыс Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық дамуы үрдістері, оларды зерттеудің тарихнамалық мәселелері талданады. Бұл еңбектер Батыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тарихы саласындағы алғашқы толыққанды зерттеулер қатарына жатады. Сонымен қатар, еңбекте берілген мәліметтерге сәйкес, аймақтағы ауыл шаруашылығының даму ықпалын қарастырады. Халық санақтары бойынша берілген мәліметтер аймақтағы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің, оның ішінде ұжымдастыру саясатының қарастырылуы осы саланы зерттеушілер үшін құнды материалдар береді.

Көрнекті тарихшылар М.Қойгелдиев пен Т.Омарбековтың «Тарих тағылымы не дейді?» [8] және Т.Омарбековтың «Қазақстан тарихының XX ғасырдағы мәселелері» [9], М.Қ.Қозыбаев «Пролемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана» [10] атты еңбектері Орал өңіріндегі ұжымдастыруға қатысты бірқатар деректер беріле отырып, методологиялық бағытқа арқау болды.

Тәуелсіздік алған жылдары ұжымдастыру мәселелері бойынша бірқатар ғалымдар ғылыми диссертациялық зерттеулерін арнады. Тақырыпқа сәйкес, Батыс Қазақстанның 20-30 жылдардағы әлеуметтік –экономикалық, демографиялық мәселелері бойынша деректер Батыс Қазақстандық тарихшылар А.Ш.Журасованың [11], А.Т.Мәден [12], Ә.Б.Аман [13], А.М.Балықоваларды [14] атап өтуге болады. Бұл ғылыми ізденістерде аймақтағы әлеуметтік-демографиялық дамудың барысы туралы мол дерекздері келтірілген. Жоғарыда көтерілген зерттеулер арқылы біздің қоғамға тарихи өте бір жауапты міндеттер жүктелгенін, сонымен қатар оны орындау үшін осы қоғамның, қазақ мемлекетінің әлі де есейіп, жетілуі, кемелденуі, жасампаздық әлеуетінің әлі де арта беруін талап етеді. Әр қоғамның даму қарқыны, оның өсу деңгейі басшысы бастаған,

халқы қостаған ішкі және сыртқы саясатына байланысты. Сонымен қатар, 1930-1960 жылдардағы Батыс Қазақстандағы ұжымдастыру саясаты туралы ғалым Клара Саркенованың «1920-1930 жылдардағы Қазақстан халқы» [15] атты монографиялық еңбегі атауға тұрарлық. Монографияда автор ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы тарихи-демографиялық және тарихи географиялық хал-ахуалы кеңінен қарастырылған. Нақты айтқанда, республика халқының саны, әкімшілік-аумақтық тұрғыдан орналасуы, ұлттық құрылымындағы өзгерістер, адамдардың шығыны, жыныс құрамы, сол кезеңдегі ұжымдастыру, қолдан жасалған ашаршылық тың деректермен қайта сараланған. 1930-1960 жылдардағы Қазақстан, оның ішінде зерттеу нысаны Батыс Қазақстанның ұжымдастыру саясаты туралы шет елдік зерттеуші автор Сара Камеронның «Аштық жайлаған дала» [16] атты монографиясында өте құнды еңбек саналады. АҚШ-та жарық көрген бұл еңбек Сәуле және Зәуре Батаевалардың аудармасымен баспадан шығарылып, қазіргі ҚР тарихындағы 1920-40 жылдардағы ұжымдастыру, отырықшыландыру сияқты саяси науқандардың ащы шындығын тарихи деректер негізінде жан-жақты баяндап береді. Әсіресе, Кеңестер өкіметінің ұжымдастыру мен ашаршылық жылдарындағы саяси реформаларын талдайды. Соңғы жылдарда аталған тақырыпта архив құжаттары көптеп анықталып, зерттеулер жарық көруде. Аталған тақырыпта ғалым Б.Боранбаеваның жетекшілігімен баспасөз басылымдарында ғылыми мақалалар жарияланған [17]. Сонымен қатар, зерттеушілердің қатарында ғалым Е.Е.Хайдаровты [18] атауға болады. Автордың ғылыми еңбегі ұжымдастыру жылдарындағы және одан кейінгі Батыс Қазақстандағы халық наразылықтарына арналған. Қазақстандағы, нақтырақ айтқанда Орал өңіріндегі ұжымдастыру саясатының барысы мен нәтижелері туралы жоғарыда аталған еңбектермен қатар, басқа да көптеген деректік құжаттар мен ғылыми зерттеулер қарастырылып, әліде жан-жақты зерттеу жүргізілуде.

Біздің егемен елдің тарихында мемлекеттік саясат тәуелсіздік жылдары еліміздің тұрақты және жаңару, жаңғыру жолымен жүруін қамтамасыз етті, оған керекті жағдайды жасады, әлі де жасау үстінде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ-Ж. «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы Жарғысы (2020 жылғы 24 қарашадағы)»//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/R2200000010>
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. –Алматы: «Атамұра», 2010. -752 б.
3. Козыбаев М.К. Пролемы методологи, историографии и источниковедения истории Казахстана. -Алматы: Ғылым, 2006, 168 б.
4. Тәтімов М. Қазақ әлемі. Қазақтың саны қанша? – Алматы: Атамұра, 1993. – 105 б.
5. Сдыков М.Н. История населения Западного Казахстана. – Алматы, 2004. – 405 с.
6. Батыс Қазақстан тарихы. 2 томдық. Т. 2. –Ақтөбе, Принт-А. -2006. -524 б.
7. Сдыков М.Н. Историография исторической демографии Западного Казахстана. – Уральск, Полиграф сервис, 2021.
8. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді?. -Алматы, 1993.
9. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының ХХ ғасырдағы мәселелері. -Алматы: «Өнер», 2003. Б. 45.
10. Козыбаев М.К. Пролемы методологи, историографии и источниковедения истории Казахстана. -Алматы: Ғылым, 2006. -168 б.
11. Журасова А.Ш. Орал қаласының тарихы: әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму аспектілері (1946-2011 жж). Монография. – Орал: БҚМУ баспасы, 2012. - 172 б.

12. Мәден А.Т. Батыс Қазақстанның қала халқы: этнодемографиялық дамуын талдау (1897-1945 жж.). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. Орал, 2009. -131 б.

13. Аман Ә.Б. батыс Қазақстанның ауыл халқы: тарихи-демографиялық аспект (XX ғасырдың 20-80 жылдары). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. -Орал, 2009. -145 б.

14. Балыкова А.М. Батыс Қазақстанның қала халқы:элеуметтік-демографиялық аспктісі (1926-1989 жж). Монография. – Орал: Полиграфсервис баспасы, 2016. -232 б.

15. Саркенова К. 1920-1930 жылдардағы Қазақстан халқы. Монография. – Алматы, 2011.

16. Камерон С. Аштық жайлаған дала. Ашаршылық. Озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. Монография.). (ағылшын тілінен қазақ тілне аударған Сәуле және Зәуре Батаевалар). Cornell university press, Нью-Йорк, 2018. -304 б.

17. Боранбаева Б.С., Мендікұлова Ж. «Күштеп ұжымдастыру және оның зардаптары»// Орал өңірі газеті, 5 қараша, 2021 жыл. 17 бет.

18. Хайдаров Е.Е. Батыс Қазақстандағы халық көтерілістері (1928-1932 жж). – Орал қ., «DANA орталығы», 2022. - 200 б.

УДК: 94 (574)

БАҚТЫҒАЛИ БИСЕНОВ - ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ДӘРІГЕР

ЗАХАРОВА А.М.

М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал

Бір идея айналасында топталып, Алаш атты партия құрып, арнайы үкімет жасақтап озық үлгідегі мемлекет құрмақ болған Алаш қайраткерлерінің арасында дәрігерлер де болды. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде медицина саласында да қазақ ғалымдары шыға бастады. Жұқпалы аурулардың таралып, өз отандастарының өлім-жітімге ұшырауы қазақ дәрігерлерін бей - жай қалдырған жоқ. Олар өз халқының денсаулығын сақтауға барынша аянбай еңбек етті. Қазақтың алғашқы дәрігер-ғалымдары қатарында Мұхамеджан Қарабаев, Халел Досмұхамедов, Бақтығали Бисенов, ағайынды Асылбек және Мұсылманбек Сейітовтер т.б. болды. 1991 жылы еліміз егемендігін жариялаған тұста қаншама алаш арыстары ақтала бастады. «Алашорда» үкіметінің Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, А.Қалменов т.б. белсенділері аталған үкіметке барын салып, күш жігерлерін танытты. Солардың қатарында есімі көп жерде белгісіз себептермен тасада қалып келген Бақтығали (Бақтыгерей, Бах, Бақыш деген есімдері де бар) Бисеновтің еңбектерін атаған жөн.

Бақтығали Бисенұлы Бисенов – Батыс Алашорда мүшесі, өлкемізден шыққан білікті маман-дәрігер, Алаш қозғалысына қатынасқан, ұлтының болашағын ойлаған ұлтжанды қайраткер. Ол Батыстың кең байтақ әсем жерінде 1889 жылы Орал облысы Ілбішін уезі Қызылжар болысы № 5 ауылында (қазіргі Ақжайық ауданы) дүниеге келген. Әкесі Бисен сауатты, дәулетті адам болған. Болыстық орыс-қазақ мектебін, қалалық Романов орыс-қазақ училищесін бітірген соң Орал әскери-реалды училищесіне 1901 жылдың тамыз айында оқуға түсіп, оның толық курсы «өте жақсы» тәртібі мен «жақсы» бағаларымен 1909 жылдың 6 маусымында аяқтаған, оқу орнын бітірген аттестаты 1909 жылдың 30 желтоқсанында берілген [1]. Осы жылы Бақтығали Бисенов Орал әскери-реалды училищесінің жанындағы әзірлік класында бір жыл оқып, жоғары оқу орнына оқуға түсуге даярланғаны туралы анықтама құжат берілген, оның нөмірі №177[2].

Училище оқушылары Ғ.Есенғұлов, И. Қашқынбаев, Ы.Шұғыловтармен бірге оқыған. Оның училищеде оқыған жылдары Ресейдегі I Орыс революциясымен тұстас келді. Осы кезде Орал қаласында Бірінші Орыс революциясы жылдарында «Фикер» «Уральский листок» т.б газеттер шығарылып тұрды. Революция жылдарында осы газеттер маңына ұйысқан Қазақ кадеттер партиясына ниеттес болғандары үшін жандарм бақылауына ілігеді. Бақтығали Бисенов 1907 жылы Орынбор қаласына арнайы барып, Орынбор оқу-ағарту округі сынақ комитетінде ерлер гимназиясының 8 кластық білімімен латын тіліне сынақ тапсырып, қанағаттанарлық баға алады. Бұл куәліктің нөмірі №28929 [3]. Сөйтіп, 1910 жылы 14 тамызда Саратов қаласындағы Николай Императорлық университетінің медицина факультетіне оқуға түсуге арыз берген және латын тілінен емтихан тапсырған. Медицина факультетінің 1 курсына 1910 жылдың 11 қазанында қабылданады. Бірақ үш жыл өткенде бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты оқу курсының тоғыз семестрін мерзімінен бұрын аяқтайды. Бақтығали Бисенов Саратов қаласындағы медицина университетін бітіргендігі жөнінде бағалары қойылған куәлікті 1914 жылдың 14 қарашасында алып шығады. Соғысқа байланысты армия қатарына кетеді. 1917 жылдың 30 сәуірдегі сынақ комиссиясының қорытындысымен дәрігер мамандығын алып, елге келеді. 1917 жылы жедел түрде мемлекеттік сынақтарды тапсырады [4]. Осы жылы Орал облысы 13-Қызылқоға ауылдық-дәрігерлік учаскесінде қызметке кірісіп, еңбек етеді. Ауылдық жерде жұмыс істей жүріп, медициналық университетті бітіргені жөнінде дипломын алу үшін оқу орнына бірнеше рет өтініш жазған. Сонымен қатар Бақтығали Бисенов «Емші дәрігер» біліктілігіне де емтихан тапсырған.

Бақыш еңбек жолын 1917 жылы Орал облысы 13-Қызылқұлгін ауылдық-дәрігерлік учаскесінде қызметке кірісіп, жергілікті жұрттың алғысына бөленеді. Күнітүні тынбай еңбек еткен Бақыш Бисеновтің міндеті де ауыр болғаны анық. Өйткені медицина әлсіз, иен далаға жетпеген заманда әр түрлі жұқпалы аурулардың өршіп тұрғаны белгілі. Ісіне жетік мамандар да жоқтың қасы. Мұнда 1920 жылға дейін еңбек етеді. XX ғасырдың басы орыс патшалығы тыныштығынан айырылған кезең болатын. Патшалық құрылыс дағдарысқа ұшырап, халық арасында толқулар болып жатты. Оның аяғы февраль, октябрь революцияларына, ақтар мен қызылдардың атыс-шабысына, сөйтіп кеңес өкіметінің орнауына әкелді. Аштық, ауыр тұрмыс, ауру-індет, саяси қуғын-сүргін, үздіксіз қантөгістер дәуірі басталды. Ел басына түскен осындай ауыр жағдайда Калмыков уездік денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалған өз заманының білгір маманы Бақтыгерей Бисенов қай жерде қиын ахуал қалыптасады, көмек қолын созып сонда аттанады. Бұл жылдары Калмыков уезінде 120 мыңдай халық тұрған. Уездің өзінде бес дәрігерлік, он фельдшерлік пункт болған. Азамат соғысының басталуымен уез халқына медициналық қызмет көрсетуде көп кедергілер туындайды. Бас дәрігерлік пункт бір ғана мектеп фельдшерінің басшылығымен жұмыс істейді. Уездің орталығындағы қалалық 25 төсектік аурухана дәрігерсіз жұмыс істеп тұрған. Білікті дәрігер, іскер ұйымдастырушы Б.Бисенов 1924 жылдың басында Орал облысындағы Байғұтты ауруханасының меңгерушісі болса, 1925 жылы Жымпиты уездік денсаулық сақтау бөлімінде санитарлық дәрігер, одан көп уақыт өтпей Жымпиты ауруханасын басқарады. Мұндағы медициналық қызмет көрсетуді жоғары деңгейге жеткізген оны 1928 жылы Тайпақ аудандық ауруханасына басқарушы етіп жіберді. Келесі жылдың қаңтарында Орал қалалық совет-партия мектебінің дәрігері, бір жылдан соң Губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің емдеу-профилактика ісі жөніндегі инспекторы болып тағайындалады. Бисеновты партия қиырдан-қиырға, қиыннан-қиынға жұмсады. Қиындықтың қандайынан болсын ол жол тауып шыға білді. Жайықтың жағасын жайлаған жұрт осы күнге дейін Б.Бисеновты 1921-1935 жылдағы ауыр тұрмыс пен ашаршылықтан азып-тозған ел ішінде бас көтерген оба індеті сынды түрлі жұқпалы аурулардың бетін қайтарып, елді қатерлі дерттің құрығынан аман алып қалған бірден-бір өте зерделі маман, білікті дәрігер,

ұлтын сүйген азамат деп бағалайды. Азамат соғысының аласапыран жылдарында Тайпақ ауданының орталығы Базартөбеде қазақтарға арнап аурухана салдырғаны да ел есінде. Қазірдің өзінде дұрыс жолға жарымаған бұл өңірдің халқы сол кезде Жайықтың арғы бетіне құрылыс материалдарын тасып апарудың қаншалық қиямет екенін жақсы түсінеді. Жайықтың бергі жағасында, уез орталығы- Оралдағы ауруханаға жергілікті халықтың өкілдері бас сұға алмайтындығын, қабылдаған күннің өзінде жеткізбес жол ауыртпалығының азабын ескерген ол елдің болашағы үшін бұл қияметті өз мойнына алған еді. Денсаулықтың негізі ең алдымен сәби күтімі мен дұрыс тамақтандырылуына байланысты екеніне барынша маңыз берген білгір маман балалар тағамы үшін арнайы сиыр табынын бөлуді ұсынады. Осы мақсатта малшаруашылығы көрмесіне қатысқаны үшін Мақтау қағазы берілген. Оның 1921 жылы Орал губерниялық денсаулық сақтау бөлімі кеңесінде халықтың денсаулық жағдайы және дәрігерлік көмек туралы жасаған баяндамасы архивте сақталған. Мұндай баяндаманы дайындау, әрине, тек мықты маманға ғана сеніп тапсырылатын. Жұмыс бастылығына қарамастан Б.Бисенов өзінің білімін жетілдіруді де ұмыт қалдырмаған [6].

Дәрігер Бақтыгерейдің Базартөбе ауылында қызыл кірпіштен 10 орындық емхана тұрғызғаны да ерлік іске пара-пар. Соры бес елі қазақ халқын оба індеті, шешек, сүзек аурулары оңбай тұралатып, сырқаттардың ем-дом қабылдайтын емханада тазалық гигиенасы өте қатаң сақталады. Емхана жанынан монша, дәріхана секілді әлеуметтік нысандар салынып, 1 гектар аумаққа картоп, басқа да көкөніс түрлері егіледі. Медицина ғылымының сауатсыз бұқара халықта жұппалы аурулардан ересектермен бірге балалар да қатты зардап шегеді [7].

1929 жылы Орал қаласындағы кеңестік партия мектебі ауруханасының дәрігері, 1930 жылы 15 шілдеде Орал губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің емдеу-прфинспекторы атанады.

Батыс Қазақстан облыстық мұрағатында 10 төсектік Базартөбе ауруханасының есептік құжаттары сақталған. «Төрт ауыл тұрғындарына қызмет көрсеткен аурухана кешені бас ғимараттан, дәріхана мен моншаға арналған қосымша құрылыстан және дәрігерлерге арналған үш шағын үйден тұрған. Аурухана құзырындағы 1га жерге бақша, 1 га жерге картоп егілген. Ауруханада бір тарантас арба болған, бірақ оған жегетін ат жоқ, сірә өгіз жегілсе керек. 1934 жылға амбулатория есебіне қарағанда, аурухана сол жылы 282күн жұмыс істеп, 3019 науқасты қабылдаған. 1937 жылдың басында Б.Бисенов Жымпиты аудандық ауруханасына жіберіледі [8].

Пайдаланылған дебиеттер:

1. БҚОМ № 27066 қоры
2. БҚОМ № 27049 қоры
3. БҚОМ № 27071 қоры
4. БҚОМ № 27083 қоры
5. БҚОҚКМ №6 қор
6. БҚОМ 393 ор, 1 тізбе, № 2594 іс
7. Ғ.Әнес, М.Тәж-Мұрат. Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы. –2002-183б
8. 15 Сүлейменова Д.Д Алаш қозғалысы және Жаһанша Досмұхамедов Орал: «Ағартушы» баспасы, 2010 – 236б

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ, ХАЗІРЕТ ХАСАН НҰРМҰХАМЕДОВ

ЕСҚАЙРОВА С.Б.

М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал

Алаш қозғалысы қазақ халқының рухани жаңғыруы, мемлекеттік дербестігі және атамекен жерінің тұтастығы үшін жүргізген күресі, яғни қазақ елінің ұлт-азаттық қозғалысы. Ол екі кезеңнен тұрады. Алғашқы кезең (1905-17 жж.) патшалық биліктің соңғы жылдарымен тұстас келді. Бар болғаны он екі жылда ол үлкен жолдан өтті, қазақ халқының табиғи ұлттық мүддесі бар екендігін, ең алдымен, қазақ халқының өзіне танытты, сондай-ақ оны империялық күштерге мойындатты, оларды қазақтың талап-тілегімен есептесуге мәжбүр етті. Азаттық қозғалыстың екінші кезеңі советтік биліктің құрылған, қалыптасқан және ауқымды реформалық шараларды іске асырған жылдарына сәйкес келді (1917-32 жж.). Большевиктік билік жүргізген өзгерістер бұрынғы империялық әдіс, құралдар арқылы іске асырылды. Советтік билік орнағанға дейін азаттық қозғалыстың басында болған ұлт зиялылары бұл өзгерістерден шеттетілді, тіптен контрреволюциялық, сепаратистік элементтер ретінде қуғын-сүргінге ұшыратылып, жойылды. Екінші кітап алаш зиялыларының осы соңғы тарихи кезеңдегі өмірі мен қызметіне арналған. Автор алаш зиялыларын екі буыннан тұратын тарихи құбылыс ретінде қарастырады. Екі буынды да, олардың түрлі ерекшеліктеріне қарамастан, біріктіріп тұрған қызыл жіп - ұлт тағдыры. Тергеу ісіне тартылған тек алаштық зиялылар емес-тін, олардың қатарында ұлт-азаттық қозғалысқа жанашырлық танытқан аумақтылар, советтік идеологияға қырын қараған дін қызметкерлері де болды. ЧК-ОГПУ-НКВД жүргізген перманентті репрессиялық шаралар қазақ қоғамындағы осы үш әлеуметтік күшке - ұлт зиялыларына, аумақтыларға, дін қызметкерлеріне қарсы бағытталды. Бұл, әрине, дербес талдауды қажет ететін ауқымды тақырыптар [1, 36]. Біз зерттеуімізде аталған ауқымды кеңестік саясаттың жүргізген бұл шараларының арасында күллі мұсылман әлеміне танымал діни хазірет, мемлекет және қоғам қайраткері Хасан Нұрмұхамедов туралы зерттеуді қолға алдық.

Нұрмұхамедов Хасан деректер бойынша 1871 жылы туып, 1938 жылы қайтыс болған. Әкесі Нұрмұхамед (Нұтман) Шектібайұлы өте оқымысты, мешіт салып, медресе ұстаған, текті тұқым ұрпағы екен. Тегі – он екі ата байұлына жататын шеркеш руы. Халықаралық қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың мағлұматтары жинақталған «Опен лист-Ашық тізімде» Хасан Нұрмұхамедовтың 1871 жылы Батыс Қазақстан облысының Тайпақ ауданында дүниеге келгені, жоғары діни білімді бай-молда болғаны жазылған [2].

Хасан Нұрмұхамедов бастауыш «Ибтидай», орта «Рушдия» медресесін аяқтағаннан кейін, 1901 жылы Бұхара қаласындағы жоғары дәрежелі діни білім беретін «Мір-Араб» медресесін тәмамдаған. Тайсойған құмында медресе ашып, мешіт ұстаған. Халел Досмұхамедов арқа сүйеген ықпалды адамдардың бірі.

1917 жылы Орал облысындағы дін мәселесі Орынбор дін басқармасына қаратылуына байланысты тағайындалған алғашқы мұхтасибтардың (ауд. көлемдегі дін ісін жүргізушілерінің) бірі. 1917 жылы сәуірде Орал қаласында өткен I Орал облыстық қазақ съезінің делегаты. Осы жылда Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне Орал облысынан делегат болып сайланады. Сол жылы мамыр айында Мәскеуде өткен Мұсылмандар съезінен соң осыдағы қазақ делегаттарының кеңесіне қатысып, кеңес қаулысымен 1917 жылы 1 тамыз – 10 қыркүйек аралығында Ташкент қаласында Жалпықазақ съезін өткізуді қолдады. 1917 жылы желтоқсанда Орынбор қаласында өткен II Жалпықазақ съезінің делегаты. Съезде Алаш автономиясын дереу жариялауды және автономияға Түркістан қазақтарын қосып алуды жақтап дауыс береді [3].

IV Орал облыстық қазақ съезінің қарарымен құрылған «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметінің жанынан «Ойылдық» мұхбар Сағидолла Ізтілеуовтің төрағалық етумен ұйымдастырылған Дін істерін басқару жөніндегі комиссияның мүшесі. «Ойыл уәлаятының» Тайсойған, Бүйрек, Кермақас, Қызылқоға, Қарабау өңіріндегі мұхтасибы. Батыс Алашорда таратылған соң Уфадағы Орталық діни басқарманың шешімімен Тайсойғандағы мешітке діни істермен айналысты.

1925 жылдан бастап өзге діни қайраткерлермен бірге Кеңес өкіметі тарапынан қатаң бақылауға алынып, діни-рухани қызметіне шектеу қойылды. Уезд орталығы Гурьевке келіп, белгіленіп тұру талап етілді. Ақыры, 1937 жылы тұтқындалып, Орал қаласындағы ел аузында «Қырық тұрба» аталатын губерниялық түрмеге қамалады. «Маңғыстаулық мұхтасиб Хади Сұлтанов, белгілі Оразмағамбет молда Тұрмағамбетов, иман Әбі Өтемағамбетовпен бірлесіп жапон тыңшысына агент болды, ақ эмигрант Мұстафа Шоқаймен астыртын байланысты» деген айып тағылды. Сонымен бір мезгілде Хасан Хазіретің туған – туыстары және Қаражан Сарбөпиев, Нұғыман Хасанов, Мырзағали Иманғазиев, Қосмұқан Маманов секілді пікірлес, таныстары қудаланды. Белгілі «Хасан хазірет мешіті» бұзылып, жер мен жексен етілді. Хасан хазірет КСРО Жоғарғы Соты әскери коллегиясы «үштігінің» қаулысымен 1938 жылы ақпанда атылды (Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия «Арыс» баспасы, 2002 жыл).

Осындай Алаш қайраткерлерінің өзінің ақырғы демі біткенше елдің болашағы жолында қызмет еткен Алаштың аяулы ұлы – Хасан Нұрмағамедов еді.

Хасан Нұрмағамедовті тергеу хатамасы Гурьев қаласының округтік бөлімінде 1937 жылы 25 сәуірде толтырылған. Бұл Тергеу хаттамасы бойынша – Хасан Нұрмағамедов 1871 жылы дүниеге келген. Оның паспортының нөмері – АЕ122391, Тайпақ аудандық РКМ 6.12.1936 жылы берілген. Бұл паспортында Хасан Нұрмағамедов бұрынғы Қызылқоға ауданында (Батыс Қазақстан облысы) молланың жанұясында дүниеге келген, ұлты – қазақ, СССР азаматы деп көрсетілген. Негізгі тұрағы Ойыл ауданы, №1 ауыл делінген. Отбасылық жағдайы – үйленген, жақындарынан туған – туысы Хұсайын Нұрмағамедов, ол Тайпақ ауданында тұрды және еш жерде жұмыс істемейді делінген. Баласы Мұхамбет Шектібаев Ойыл ауданының №1 ауылында аудандық жер бөлімінде жасайды деп көрсетілген [4].

Мүліктік жағдайы және әлеуметтік тегі бойынша, ата-аналары кедей адамдар. Революцияға дейін 60-70 қойы, 7-8 түйесі, 3-4 сиыры болған.

Білімі-жоғары, 1901 жылы Бұқара қаласының діни мектебін бітірген және негізгі мамандығы молла делінген. Партиялық мәліметінде еш жерде болмаған. Қазан төңкерісіне дейін еш жерде сотталмаған, тек 1930 жылы мемлекеттік салықты төлемегені үшін 5 жылға бас бостандығынан айырылған.

Осы тергеу хатамасында Хасан Нұрмағамедов өзінің 1901 жылы Бұхарадағы аяқтап келген соң, Қызылқоға ауданында молда болып қызмет атқарғанын, Қызылқоғада өзінің жеке мешітін ашқанын айтады. 1905 жылы молла деген діни атақты алу үшін Санкт-Петербург қаласына келіп, дінбасы Алексей Павлович Игнатьевтің қабылдауында болып, оған өз өтінішін білдіреді. Бірақ оның бас молла атағын алу ұсынысы қанағаттандырылмайды. Ал бас молла атағы оған 1923 жылы кеңес үкіметінің кезінде Ойыл діни жиналысында беріледі. Осыған байланысты «Мен 1930 жылы өзімнің арыз түсіруімен молдалық қызметінен кеттім» деп көрсеткен [5].

Хасан Нұрмағамедовке тағылған айып РСФСР ҚК статья 58-2 және 58-11 бойынша ату жазасына кесіледі.

Хасан хазіреттің тұлғасына алғаш назар аударып, зерттеген – атыраулық ғалымдар Ғинаятолла Нығмет пен Хисмет Табылдиев болатын. 1999 жылы баспадан шыққан «Ақтаңдақтар ақиқаты» жинағында хазірет туралы барынша толымды ақпарат берілді. 2009 жылы «Арыс» қоры шығарған «Алаш. Алашорда» энциклопедиясында хазіреттің қоғамдық-саяси қызметіне барынша шолу жасалды. Бірақ ол кезде хазіреттің туған жылы, т.б. мәліметтері белгісіз еді. Кейін Батыс Қазақстан облыстық Ұлттық

Қауіпсіздік Комитетінің, соңынан облыстық Ішкі істер департаментінің арнайы архивінде сақтаулы тұрған П-1124-ші іспен танысқан тарихшы ғалымдар Хасан хазіреттің биографиясын толықтыра түсті. Ел ішіндегі Берік Қорқытов, Бақтылы Қабиқызы, ғалым-әдебиетші Сабыр Қазыбайұлы, жазушы Марат Мәжитов, журналистер Темір Құсайын, Әлмира Әлішбаева, Ғайсағали Сейтақ, Бауыржан Сисенов тағы басқалары түрлі мақала жазып, республикалық және жергілікті газет-журналдарда жарық көрді. Әсіресе хазіреттің немере інісі, Маңғыстау облысы Бейнеу ауданында тұратын Абылай Нұрманов арнаулы орындарға сұрау салуының арқасында тарихи тұлғаға қатысты қылмыстық істің кейбір қырлары ашылды [6, 153 б.].

«1919 жылы 10 желтоқсанда Қызылқоға кентінде өткен Батыс Алаш-Орда қала және ауыл земство өкілдері мен зиялы қауым өкілдерінің, ел ақсақалдарының бас қосуында Хасан хазірет Кеңес жағына шығуды жақтады» деп жазады тарихшы Ғинаятолла Нығмет.

Яғни Хасан Нұрмұхамедұлы да Күнбатыс Алаш-Орданың өзге басшылары сияқты, Совет үкіметін мойындап, бейбіт келісімді жақтаған.

Осыдан кейін Алашордашыларға уақытша берілген амнистияға байланысты Хасан хазірет елде қалып, қарапайым молдалықпен айналысқан болса керек.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Уфадағы мұсылмандар діни басқармасының жұмысы жаңғырып, дінге еркіндік берілгендей қалып көрсеткен жылдар болған. Тергеу құжаттарында Хасан хазірет 1923 және 1926 жылдары Уфада өткен діни құрылтайға қатысқанын, сол сиез мандатымен 1930 жылға дейін елде указной молда қызметінде болып, 1930 жылы молдалықтан өз еркімен бас тартқанын айтады.

Ресми түрде «Ішкі Ресей мен Сібір мұсылмандарының III сиезі» деп аталған діни жиын 1926 жылдың 25 қазан – 4 қараша аралығында Уфа қаласында өткен. Сиезге барлығы 427 адам қатысыпты. Соның ішінде ең көпсанды делегация – 130 адам Қазақстан аумағынан барған екен. Сиез күнделігінде Маһди Мақұловтың сиезді ұйымдастырушылар алқасында болғаны, Қайырша Ахметжановтың сиез делегаттары атынан Башқұрт үкіметін құттықтаушы үш адамның бірі болып сайланғаны, Қуанай Қосдәулетовтің өз жұмысы туралы есеп бергені көрсетілген. Сиезде көтерілген сан-салалы тақырыпқа Хасан Нұрмұхамедов те белсенді араласқаны анық [6, 165 б.].


Хасан Нұрмұхамедов 1930 жылы аудандық соттың шешімімен «мемлекеттік салықты мезгілінде төлемегені және жекеменшік малын жан-жаққа үлестіріп, қасауана жойғаны үшін» сотталып, 2 жылға бас бостандығынан, 3 жылға жер аудару жазасына кесілген. Хасан Нұрмұхамедұлы 1930 жылдан бастап Ақтөбе облысының Ойыл ауданына жер аударылып, сол жердегі мешітке қызмет еткен.

Тарихшы Дәметкен Сүлейменова жариялаған тергеу құжаттарында Хасан хазіреттің 1933, 1935, 1936, 1937 жылдары Гурьев округіне, Доссор-Мақат мұнай кеніштеріне, Орал округінің Қаратөбе ауданына сапарлап барғанын көрсетеді. Кейін НКВД тергеушілері бұл сапардың бәрін де Совет үкіметіне қарсы контр-революциялық астыртын ұйымның тапсырмасымен болған деген қорытынды жасайды.

1936 жылы Қаратөбедегі туыстары мен дос-жаранын аралап, өліге дұға, тіріге сәлем қылуға келген Хасан Нұрмұхамедұлына үлкен айып тағылады. 1937 жылы 25 сәуірде Ойыл ауданының №1 ауылынан тұтқындалып, Орал қаласына әкелінеді. Оған әйгілі 58-баптың 2, 6, 7, 11 тармақтары бойынша айып тағылған. Яғни «Совет үкіметіне қарсы контрреволюциялық әрекет жасап», «қарулы көтеріліс ұйымдастырған», «шпионаждықпен айналысып, құпия мәліметтерді жинаған», «мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың жұмысын қиратып, саботаж жасаған», «контрреволюциялық әрекеттерді жүзеге асыру үшін ұйымдастыру істерімен айналысқан» деген сияқты жала жабылған. Сөйтіп, 1937 жылдың 5-желтоқсаны күні Батыс Қазақстан облыстық НКВД басқармасының «үштігі» Хасан Нұрмұхамедовті ең ауыр жаза – атуға қаулы етеді.

Үкім 7-желтоқсан күні кешкі 22:00 сағатта орындалған [6, 179-180 бб].

1936 -1937 жылдан бастап «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің қатарында болған үкімет пен партия қайраткерлерін айыптау өрши түсті. «Ұлтшылдыққа» қарсы күресу барысында үкімет тарапынан арнайы тапсырмалар беріліп, оларды әшкерелеуге барлық кеңес азаматтарын белсене кірісуге, яғни сын мен өзара сынды күшейтуді талап еткен және шақырған бұйрықтар, шешімдер, үндеулер бірінен кейін бірі жарияланды. Өзара сын ақыр аяғы 1937-1938 жылғы алапат қуғын-сүргінге алып келді [7, 7-8 бб.].



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. – Алматы: Мектеп баспасы, 2021. –480 б.
2. [https://ru.openlist.wiki/Нурмухамедов_Хасан_\(1871\)](https://ru.openlist.wiki/Нурмухамедов_Хасан_(1871))
3. История Западного отделения Алаш-Орды. Сборник документов и материалов//под общей редакцией М.Н.Сдыкова. –Т-1., -Уральск, 2012. – 464 с.
4. БҚО ПДА 6-қор, №П-1124 іс, Х.Нурмухамедовтың қылмыстық ісі
5. Сүлейменова, Д. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы – өлке тарихының құрамдас бөлігі. – Алматы: Арыс баспасы. – 2007. – 142-147 бб.
6. Қабжан Қ.К. Қуғындалған хазіреттер. – Орал, «DANA орталығы» баспасы, 2022. 256 б.
7. Алаш. Алашорда. Энциклопедия. Құраст: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 544 б.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (XIX-XX Ғ. БАСЫ)

ҚОЖАҒАЛИЕВА С.Т.

М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал

Резюме. Мақалада Батыс Қазақстандағы XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басындағы денсаулық сақтау ісінің қалыптасуы мен дамуы туралы зерттеулер берілген. Ресей империясының соңғы кезеңіндегі қоғамдық-саяси жағдайларға талдау жасалып, оның қазақ даласына әсері талданған. Алғашқы қазақ дәрігерлерінің рөлі көрсетілген.

Кілт сөздер. Ресей империясы, денсаулық сақтау саласы, құжаттар, отаршылдық мемлекеттік саясат, медициналық мекемелердің қалыптасуы.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Ресей империясында орын алған қоғамдық-экономикалық қатынастардағы өзгерістер қазақ қоғамына да әсерін тигізбей қойған жоқ [1, 66-67 бб].

Кеңес дәуірінде қазақтан сауаттылар, оқығандар болмаған деген тезис белең алып келген болатын. Ал, шын мәнінде, профессор Х.Әбжановтың мәліметтеріне сүйенсек, XX ғасырдың басында қазақ өлкесінде қазақтардан 3 мыңдай мұғалімдер, 600-ге жуық ауыл шаруашылық мамандары, ал 30-ға жуық қазақ азаматы жоғары медициналық мамандық алған [2, 84 б].

Негізгі іргетасы XIX ғасырдың II жартысында қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдай, ендігі жерде қарудың күшімен азаттық жолындағы күресті жүргізуді мүмкін еместігін көрсетті. Міне, осы кезеңде, алдыңғы қатарлы қазақтың ойшыл тұлғалары күрестің жаңа түріне – ағартушылыққа иек артты. Олар туған халқын оқу-білімге, кәсіп қылуға шақырып, сонда ғана басқа халықтармен терезесінің тең болатындығын, өркениет жолына шығатындығын насихаттай бастады. Мысалы, XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басындағы Шоқан, Ыбырай, Абайларды ұлы ағартушылар қатарына жатқызамыз. Себебі, бұлар әрқайсысы өз шығармашылығында бұрын-соңды қазақ қоғамында болмаған жаңа үрдіске жол салды, жаңашылдыққа шақырды. Бірақ, тағы бір ескертін жайт, кеңес дәуірі кезінде бұл ғалым-ойшылдар ағартушы деп аталмақ түгелі, олардың шығармаларын толық жариялауға рұқсат етілмеген, немесе, тек кеңестік идеология тұрғысынан ғана түсіндіріліп, бұрмаланған. Жалпы, бұл кезеңде ешбір мұсылман баласы, түркі ұлтынан ешқайсысы ағартушы аталмаған.

Осылайша, XX ғасырдың басында қазақ ұлттық интеллигенциясының өсіп өркендеуі қиын жағдайда жүрді. Бір жағынан уақыты өткен ескі қоғамдық қатынастар аяқтан тартып, мешеуліктен шығуға кедергі жасаса, екінші жағынан халықтың дәстүрлі – үлгілі мәдени құндылықтарының сақталуына және дамуына қауіп төнді. Алдымен Патшалық Ресейдің, кейін Кеңестік болшевиктердің «әскери-полицейлік» тәртібінің күшеюі қазақ елінің алдағы болашағын құманды етті.

XX ғасырдың басында ұлттық идеяны ту етіп көтерген Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ интеллигенциясы қалыптасқан ағартушылық үрдісін жалғастырушылар, бар білім, ақыл-ойын туған халқының игілігіне, бостандығына сарп етуге бел буған нағыз ұлт-жанды серкелер еді [1, 67 б].

Патша үкіметі билігінің соңғы кезеңінде Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайлар, оның ішінде денсаулық сақтау ісінің жағдайы өте төмен деңгейде еді. Себебі Қазақстан - қазан төңкерісіне дейін экономикалық және мәдени жағынан мешеулеп, артта қалған патшалық Ресейдің шеткі аймақтарының бірі болатын.

Тұрмыстың ауыр жағдайы, қиыншылық өмір, медициналық көмектің жоқтығы -


міне осының барлығы еңбекші бұқараның арасында алуан түрлі аурулардың көп таралуына себепші болды.

Кеңес үкіметі орнағанға дейінгі қазақ халқының өмірінде мал шаруашылығы негізгі роль атқарды, халықтың тұрмыс жағдайлары мен еңбегі сол малды үнемі бағып-қағу, аман сақтап өсірумен тығыз байланысты болды. Көшпенді өмір салтымен, малмен күн көрген қазақ халқының саулығына осы малдан жұғатын аурулар әсер етті. Мысалы, бруцеллез, туберкулез, түйнеме, құтыру, туляремия т.б. аурулар қазақтар арасында кең етек алды. Сол кезеңде өлкеде жұмыс істеген орыс дәрігерлері аурудың шығу себебін санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталмауынан көрді. Оның үстіне бұл аурулардың кең етек алуына қарамастан, оған тиісті дәрежеде медициналық көмектер де көрсетілмеді. Өйткені, патша өкіметі өзінің отар аймағы ретіндегі қазақ даласында медицинаның дамуына мүлде көңіл бөлмеген еді. Медициналық көмек көрсетудің аралас жүйесі халықтың қажетін, әсіресе көшпелі мал шаруашылығымен айналысушылардың қажетін өтей алмады. Мысалы, 1898 жылы 585894 шаршы шақырым жер көлемі бар бүкіл батыс Қазақстанның территориясындағы 587446 адамға 11 дәрігер, 28 фельдшер, 7 акушер (кіндік шешелер) болды [3, 75 б].

Ал «Кең байтақ қазақ даласында 1913 жылы небары 1800 төсегі бар 98 аурухана, 96 емхана болды, яғни 14 мың шаршы километр жерге бір медициналық орыннан келді. Қазақстандағы барлық дәрігерлердің саны 200-ге жетпейтін, ал олардың басым көпшілігі тек қалаларда ғана жұмыс істейтін. Мұндай көрсеткіштер сол кезеңде дәрігерлік көмектің тиісті дәрежеде көрсетілмеуін дәлелдейді. Осыған орай елді көптеген жұкпалы аурулар шарлады, әсіресе балалар өлімі өте көп болды. Мысалы, 1913 жылы Орал өңіріндегі көшпелі қазақтар арасында бір жылдың ішінде 7654 бала туса, сол жылы өлген балалардың саны 7702-ге жеткен, яғни өлім саны туғандардан асып түскен». Себебі бұл кезеңде қазақ халқы арасында дәрігер мүлде жоқтың қасы еді, бар орыс дәрігерлер қазақтардың жағдайын ұға алмады, әрі олар халық арасына далаға барып жұмыс істеуге мүдделі болмады [3,145 б.].

Қазақ төңкерісіне дейін Қазақстанның көпшілік аймақтары сияқты Батыс өңірдің ауылдық жерлерінде санитарлық пункттер болмады. Тек XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап 1867-1868 жылдардағы реформалардан кейін алғаш рет халыққа қызмет көрсету мақсатында уездік дәрігер, уездік фельдшер және акушер лауазымы белгіленді. Бірақ уездік медицина мекемелері әр аймақта бірдей құрылған жоқ. Сондықтан сол кезде қалыптаса бастаған фельдшерлік пункттер «теңізге тамған тамшыдай» болды. Олар денсаулық саласындағы халықтың ең аз деген мұқтажын өтей алмады.

Бұл кезеңде Батыс Қазақстан аймағындағы дәрігерлік қызметтің басты түрі земстволық медицина болды. 1898 жылдың 8 шілдесіндегі Мемлекеттік Кеңестің «Орал және Торғай облыстарының уездеріндегі дәрігерлік бөлімдерді дәрігерлік учаскелерге бөлу туралы» өкімінен кейін 1899 жылдан земстволық медицинаның дәрігерлік учаскелері Орал облысында да қалыптастырылады. Енгізілген штат санына қарай Орал облысы 1899 жылдың 1 қаңтарынан 11 дәрігерлік учаскеге бөлінеді [қосымша-1] (Орал облысының 1899 жылғы дәрігерлік учаскесінің картасы).



Орал облысының 1899 жылғы дәрігерлік учаскесінің картасы [4, 146 б.]

Әрбір учаскеге дәрігер, фельдшер және фельдшер-акушер бөлінеді [4].

Батыс Қазақстандағы 1894-жылдан бастап медициналық қызмет көрсете бастаған Жымпиты ауруханасы - қазақ жерінде ең алғаш ашылған үш аурухананың бірі болатын. Ол кезде де жоғары білімді дәрігерлері жоқ учасоктерде орта буын медицина қызметкерлері жұмыс жасаған. Алғашқы жоғары білімі бар қазақ дәрігері Дәулетшах Күсепқалиев 1896 жылдан ауруханаға келіп еңбек ете бастайды. Ол кезде Дәулетшах әлі студент болатын және Жымпиты уезі 36 болысты қамтыған. Бұл кезеңдегі өлкенің санитарлық жағдайы өте ауыр болған. Халықтың өлімінің басты себебі безгек, оба, сүзек аурулары болды және ол аурумен ауырғандардың өліміне ең басты себептің бірі халыққа ауруханалық көмектің болмауы деп көрсетіледі. Тек Орал облысының өзінде 1899 жылы 1691 мерез ауруына шалдыққан жағдайлар тіркелген. «1899 жылдағы Орал облысына Шолуда» «бұл аурулардың өкінішке қарай қазақ халқының арасында күшейіп отырғаны, оның тез таралуына: 1) көшпелі тұрмыс пен қырғыздардың өзара кең араласуы; 2) халықтың бұл аурудың себебімен, оның жұқпалы кезеңімен таныс еместігі; 3) қырғыз даласында судың жеткіліксіздігіне орай үй тұрмысындағы қырғыздардың ластығы; 4) халыққа ауруханалық көмектің жеткіліксіздігі ықпал етіп отыр» деп көрсетілген [3, 60 б].

Осындай жағдайдың бел ортасында жүрген Д.Күсепқалиев сол кезеңде өзімен қызметтес болған дәрігерлер Т.Құдайқұлов, С.Қазиев, А.Маликовтармен бірге бірнеше рет ұсыныстар жіберуіне орай, 1899 жылы Жымпиты қырғыздық қоғамдық ауруханасы облыстық қырғыз земство басқармасына беріледі. Бұл аурухананың күтіміне жылына 4750 сом жұмсалса, дәрігердің жалақысы 800 сом, фельдшердікі 300 сом, фельдшер-акушердікі 360 сом болған [5, 47 б.].

1902 жылы өзінің туған жері Тайпақ ауылына крестьянский начальник пен қатар дәрігер болып келіп, осы өңірде алғаш рет шағын аурухана ашуға ұйытқы болады. Алғашқы жылдары осы өзі ұйымдастырған ауруханада жемісті жұмыстар жүргізеді. Бүкіл Тайпақ өңірінде жалғыз дәрігер атанады.

1903 жылдан Орал облысындағы Гурьев уезіне қарасты 2-учаскінің Өлеңті,

Қызылқоға, Ойыл, Сүрелі, Есбол, Қарабау, Сламихын, Керімақас, Қайығайшы, Жымпиты, Қиыл, тағы басқа болыстарға дәрігер етіп жұмысқа жіберіледі, әрі осы учаскіде крестьянский начальник, Кермеқас 1 кластық орыс-қазақ училищесінің қамқоршы-попечителі қызметін атқарады. Онда Дәулетшах тек дәрігерлік жұмысын атқарып қана қоймай, қара қазақтың сауатын ашуда үлкен үлесін қосады. Кейін Д.Күсепқалиев 1912 жылы Жымпиты земстволық ауруханасының меңгерушісі болып тағайындалады. Бұл аурухананың пайда болу тарихының 1888 жылғы 17 қазанда Курск-Харьков Азовск темір жолындағы Борки станциясында патша пойызы аударылған атышулы оқиғамен байланысы бар. Бұл апаттан патша мен оның отбасы аман қалуы құрметіне Ресейдің өзінде және оның аймақтарында қайырымдылық мекемелері ашу қолға алынды. Жымпитыдағы аурухана да осы қайырымдылық акциясының нәтижесінде пайда болды.

1912 жылдан бастап Жымпиты земстволық ауруханасының меңгерушісі болумен қатар, Д.Күсепқалиев өлкедегі қалыптасқан либералдық-демократиялық қозғалысқа белсенді араласа бастайды. Оның қоғамдық қызметтерді қатар атқарып, елдің саяси-экономикалық мәселелеріне араласа бастауы жергілікті халықтың әл ауқатын артыруға бағытталады. Облыстық земство жиынының қаржысын пайдалана отырып, ауруханада жүйке сырқатына шалдыққандарды емдейтін бөлімше, перзентхана ашуға ұйытқы болады. 1912 жылы Жымпиты земстволық ауруханасының меңгерушісі бола отырып, ол дәрігер Н.А.Селезневпен бірге Жымпиты поселкасының төңірегіне пайда болған жұқпалы аурулардың алдын алу және таралуын жою жұмыстарына белсене қатысады. Сол 1912 жылы Жымпиты земстволық ауруханасын басқарып жүріп, дәрігер Н.А.Селезневпен бірге Жымпиты поселкасының төңірегіндегі оба ошақтарын жою және алдын алу жұмыстарын жүргізеді. Ол үшін уақытша обаға қарсы лаборатория мен обаға қарсы дәрі дәрмектер қоймасы ашылады [6, 162 б].

Ол кезеңде Жымпиты ауруханасы земствоның қаржысымен жұмыс жасаған. Ол аурухананың меңгерушісі ғана болып қоймай, емдеумен бірге ауруды алдын ала болдырмау шараларын жүзеге асыруда белсенді рол атқарған. Әсіресе оба, шешек ауруларымен күресте өте көп еңбек сіңірген.

[қосымша-2] (1921 жылы 17 мамырда Орынборда өткен республиканың денсаулық сақтау бөлімі қызметкерлерінің I съезіне қатысушылардың суреті).

Қосымша 2

1921 жылы 17 мамырда Орынборда өткен республиканың денсаулық сақтау бөлімі қызметкерлерінің I съезіне қатысушылар



Үшінші қатарда сол жақтан бірінші Орал денсаулық бөлімінің меңгерушісі дәрігер Б.М.Лапук; екінші Бөкей денсаулық бөлімінің меңгерушісі дәрігер М.Ю Ниязов; алтыншы Орынбор денсаулық бөлімінің меңгерушісі дәрігер О.Н.Шшикина; бірінші қатарда отырған оңнан бірінші Ақтөбе губерниялық денсаулық бөлімінің меңгерушісі фельдшер Л.Н.Дерновой; үшінші оңнан Бөкей губерниясының Нарын уездік денсаулық бөлімінің меңгерушісі фельдшер Б.Б.Бижанов; Екінші қатарда ортада Қазақстанның денсаулық халық комиссары М.С.Шамов; одан солға қарай дәрігер Д.Ж.Күсепқалиев; оңға қарай дәрігер А.К.Қирабаев.

1915 жылы Батыс Қазақстанда оба ауруының 116, холераның 92 жағдайы тіркелген [6, 87 б.]. Бұл аурулармен күрес жергілікті дәрігерлердің күшімен жүзеге асырылады.

Өзінің жазбасында дәрігер Д.Күсепқалиев былайша баяндайды: «С 1911 года, до и после революции, помимо очередной врачебной работы, все время боролся с чумными эпидемиями в Уральской губерний. Бывали случаи, когда один в чумном оцеплении лечил, хоронил чумных (1912 г.). Противочумные отряды из тогдашнего Петербурга прибывали нередко к ликвидации чумного очага.» [7, 52-2 п]. Дәрігерлердің белсенді іс-қимылдарының арқасында 1915 жылы Жымпиты земстволық қырғыз ауруханасының қуаты 35 кереуетке ұлғаяды.

Саратовтық эпидемиолог-дәрігер Г.Кольцовпен бірге қазақ даласында обаға қарсы тұңғыш зертхана ұйымдастырып, жұқпалы ауруларға қарсы егу жұмыстарын жүргізді. 1914 жылы Самара қаласында өткен облыстық обаға қарсы күрес съезіне қатысып, жан-жақты баяндама жасады. Бұл оқиғаға байланысты Міржакып Дулатов «Қазақ» газетінде мақала арнады.

Алаштанушы, ғалым Д.Аманжолова кітабында: «Қазақ» газеті алғашқы жалпы халықтың орган ретінде мәдени-ағартушылық маңызды миссияны атқарды, саяси мәдениеттің элементтерін қалыптастыра отырып, халықтың санасын оятты. Зиялы жастар қауымы Ә.Бөкейхановты, М.Дулатовты және А.Байтұрсыновты аса құрметтеп, олардың маңына топтасты, өздерінің қазақ әдебиетін қалыптастырды. М.Дулатовтың ұсынысымен газет жанынан қазақ студенттеріне көмек қоры ашылды. Газеттің степендиаттары Петербург, Варшава, Стамбұлда, Парижде және Берлинде білім алды. Жыл сайын газеттің алғашқы номері шыққан күні әлемнің түкпір-түкпірінен білім алушылар қазақтардан сәлемдемелер жазылды. 1913 жылы наурызда құрылған газет ширақ қимылдап, аяғынан тік тұрды, газеттің жабылуы қарсаңында 1918 жылы өзінің баспаханасы, жеткілікті қажетті қағаздары, шағын кітапханалары болған. Оның жалпы тиражы 8 мың дананы құраған. Ал 1913 жылдан газетпен ұлттық зиялылардың көрнекті өкілдері Ә.Бөкейханов, М.Дулатов (1914 жылы, кейін 1917-1918 жж газеттің редакторы болған), дәрігерлер А.Алдияров, А.Бочтаев, Х.Досмұхамедов, Д.Күсепқалиев, Бенкевич, Р.Мәрсеков, «Мұғалім» журналының редакторы Хасан Али, студент Е.Қасаболатов және басқалары тығыз байланыс жасап отырған [8, 79-80 бб].

Қазақ дәрігерлері Ішкі (Бөкей) қырғыз ордасының дәрігерлері сияқты бірнеше рет Ресейдің көрші губернияларындағы обаға қарсы съездердің жұмысына қатысады. Дәрігер Д.Күсепқалиевтің «Орал облысындағы обаның шығуы» деп аталатын алғашқы баяндамасын (61ші бет) 1910 жылы Астраханьдағы Астрахань губерниясы мен Орал облысындағы обаға қарсы шараларға қатысушылардың съезінде жасады. Бұл съезд жөнінде және сол кезеңдегі халық үшін өте қауіпті болып отырған оба мәселесі «Астрахань дәрігерлері қоғамының хабарламасы» журналының №2 санында жарияланады [9, 52 б.].

Ал «Обаның алдын алу шаралары туралы» деп аталатын екінші баяндамасы 1914 жылы Самара қаласындағы съезде жасалып, ол 1914 жылы «Самара қаласындағы обамен күрес жөніндегі съезд еңбектері» деп аталатын жинақта жарияланады [10]. Өз

баяндамаларында Д.Күсепқалиев қазақ далаларында дәрігерлік-бақылау пункттерін ұйымдастыру қажеттігін ғылыми тұрғыдан негіздейді. Мұның өзі көп ұзамай қазақ даласында дәрігерлік-бақылау пункттерінің ашылуына, дәрігерлер қатарының артуына алып келді.

Нәтижесінде 1899-1915 жылдарда Орал облысы мен Торғай облысының екі уезін қосқанда дәрігерлік қызмет түрлерінің көлемі мынадай жағдайға жетеді:

| Жылдар | Өлкедегі дәрігерлер саны | Оның ішінде селолық учаскелік дәрігерлер | Земстволық ауруханалар мен қабылдау бөлімдерінің саны | Ондағы кереуеттер саны |
|--------|--------------------------|--|---|------------------------|
| 1899 | 35 | 17 | 9 | 60 |
| 1905 | 35 | 17 | 12 | 76 |
| 1908 | 33 | 15 | 13 | 106 |
| 1912 | 45 | 17 | 21 | 153 |
| 1913 | 48 | 16 | 21 | 168 |
| 1914 | 51 | 15 | 21 | 193 |
| 1915 | 67 | 19 | 21 | 204 |

Өлкедегі дәрігерлер саны: 1) империяның ұлттық шет аймақтарындағы халықтың білім алуына мүдделі еместігі; 2) қазақ жастарының басым көпшілігінде аяқталған гимназиялық білім мен университеттердің медициналық факультеттерінде оқу мүмкіндіктері жоғы; 3) орыс дәрігерлерінің арасында қазақ даласында жұмыс жасауға ықыластылардың аздығына орай, жеткіліксіз болды.

Аталған кезеңде, 1915 жылы Батыс Қазақстанда тек қазақ ұлтынан барлығы 6 дәрігер, 26 фельдшер, оның ішінде 2 дәрігер мен 13 фельдшер Ішкі (Бөкей) ордасында болды [11, 4 б].

Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивіндегі құжаттарда 1913 жылы Батыс Қазақстанда жұмыс жасаған үш ерікті және бір мемлекеттік дәріханалар - Калмыков, Жымпиты селоларымен қатар сегіз ауылдық дәріханалар жұмыс жасағаны берілген. Жергілікті дәрігерлер осы дәріханалардан дәрілер алып халыққа жеткізіп отырған.

Қазақ дәрігерлері Батыс Қазақстанмен көршілес Ресей губернияларының дәрігерлер Қоғамының обаға қарсы съездері мен мәжілістеріне қатыса отырып Н.Н.Клодницкий, И.А.Деминский, С.М.Никаноров т.б. сияқты көрнекті дәрігерлермен кездесіп, олармен ақылдасу, кеңес алуы оның эпидемиолог дәрігер ретінде қалыптасуына үлкен ықпал етті. Олардан алған үлкен дәрігерлік білімі мен тәжірибелерін қазақ халқының денсаулық жағдайын жақсартуға пайдаланды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байбулсинова А.С. Тарих және тұлға: Ғылыми зерттеулер. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2016. – 311 б.
2. Абжанов Х.М. Формирование и судьбы казахской интеллигенции // -Мысль, 1992, №2. - с 84.
3. Душманов С.Х. Очерки истории медицины и здравоохранения Казахстана.- Актобе:Раст,2000-75с.
4. Байбулсинова А.С. Дәулетшах Күсепқалиев: қоғамдық-саяси қызметі. Монография. – Орал қаласы, «DANA орталығы», 2022. -214 б.
5. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы, 2002. -592 б.
6. Самарин Р.И. Очерки истории здравоохранения Казахстана. – Алма-ата: Казгосиздат, 1958.

7. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві. 929 қор, 1 тізбе, 5 байлам, №1 іс
8. Аманжолова Д. Очерки истории Алаш. Монография. – Ақтобе: ИП Жанадилов С.Т., 2009. -182 с. 79-80 б
9. Кусябғалиев Д.Ю. Труды Астраханского Противочумного съезда врачей//Ф-135, 52 л
10. Душманова М.С., Душманов С.Х. Развитие медицины и здравоохранения в Западном Казахстане: от Букеевского ханства до наших дней. – Уральск, 2009. - 192с.
11. Алаш азаматтарына. Қазақ газеті, 1914 ж. №45.

ӘОЖ 94 (574)

АЛАШОРДА ҚАЙРАТКЕРІ, ДӘРІГЕР – Е.ҚАСАБУЛАТОВ

ҚАЛИЕВА А.А.

М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал

Қазіргі кезде еліміздің бостандығы үшін күрескен қазақ зиялы қауымының ерен еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Бұл туралы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында үлгілік негізде ерекше мән берілген. Онда «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. ... Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығы емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек»- [1, 5 б] деп көрсетеді.

Сондықтан, «болашаққа бағдарланған ұлттық жоспардың» табысты болуы елбасымыз айтқандай: «бұл жұмыста шығармашылық зиялы қауым үлкен рөл атқаруы тиіс. Біз заманауи мәдениетіміздің қандай өкілдері әлемдік аренаға жол тартуы керектігін анықтап алуымыз керек» [1, 24 б]). Ендеше, бүгінгі таңда қазақ елінің ертеңі үшін жан аямай қызмет еткен қоғам қайраткерлерін, оның ішінде ХХ ғасырдың басындағы ұлттық мемлекеттілік жүйенің заманауи үлгісін ұсынған ұлттың кодына айналған алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметін ғылыми түрде зерттеу және насихаттау басты нысанға айналуы тиіс. Солардың бірі де бірегейі Батыс Қазақстан өңірінің тумасы, Алаш қайраткері, білікті және қазақ даласындағы алғашқы дәрігерлердің бірі - Есенғали Керейұлы Қасаболатов. Ғұмырының біраз бөлігін ұлт қамқорлығына арнаған қайраткер, дарынды дәрігер Есенғали Қасаболатовтың өмір жолы мен қызметі кейінгі ұрпаққа танып, үлгі боларлықтай өнегелі жол.

Қасаболатов Есенғали Керейұлы 1889 жылы Орал облысы Калмыков уезінің Антоновка селосында (қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауд.) қарапайым ауыл қазағының отбасында дүниеге келген. Қайраткердің әкесі Керей Қасаболатов Калмыковтың Антоновка станциясындағы белгілі ауқатты қазақтарға жалшы болып жүріп отбасын асыраған. Өзі ауыл молдасынан, кейін бастауыш білімін алған әке еті тірілігінің арқасында Калмыков уезіне қарасты 3-ауыл маңынан еншіге жер алып, шаруашылықпен айналысады. Мал бағумен қатар шөп шабатын, балық аулайтын, егін егетін дамыған шаруашылығы бар ауқатты шаруа дәрежесіне жетеді. Қазірде Қасаболатовтардың отбасының шаруашылық жерінен қалған «Керейдің Оры» деп аталатын атажұртының орны әлі де бар көрінеді [2,219б].

Есенғали Қасаболатовтың нағашылары Антонов форпостында тұратын казак-орыстар. Бір деректе оны Калмыков уезінде туды десе, екінші бір деректе Ілбішін уезінде туды дейді. Екеуі де шындыққа келеді. Калмыков уезі (Тайпақ ауданы сияқты) патша заманында таратылып Ілбішін (қазіргі Чапаев) уезіне қараған. Яғни бұрын уезд

орталығы Калмыков (Тайпак) болса енді Ілбішінге (Чапайға) бағынған.

Есенғали Қасаболатов 1901 жылы Калмыковтағы орыс-қазақ мектебінен сауатын ашып, кейін 1909 жылы Орал-Теке қаласындағы реальдық әскери училищесінде оқиды. Орал әскери губернаторының куәландыру анықтамасында Есенғали Қасаболатовтың Орал әскери-реалды училищесін бітіргендігі, өрескел тәртіп бұзушылықтың болмағандығын растағаны тіркелген және әскери қызметтен босатылғанын жазған. Есенғали Қасаболатов Орынбор оқу бөліміне жолдаған өтінішінде латын тілінен сынақ тапсыруға рұқсат сұраған. Содан кейін 1903 жылдың тамыз айында Орал әскери-реалды училищесіне оқуға түскен курсант, оны 1909 жылдың 6 маусымында толықтай аяқтап шығады [3,112 б].

Ал бір жылдан кейін 1910 жылы училище жанындағы жоғары оқу орнына түсуге даярлайтын 1 жылдық курсы аяқтайды. Сол жылы Саратов университетінің медицина факультетіне қабылданды [4,358 б]. Ол 1910 жылы Император атындағы Саратов медицина университетіне қабылданып және «Ерікті тыңдаушы» студент болған. Есенғали Қасаболатов 1912 жылы 27 сәуірде Саратов губерниясының Петровск уезінің Сулавка деревнясының Сүлеймен Ахмалетдинұлы Мұхитдивтың қызы Бибі Айшаға үйленуге рұқсат сұраған, 23 маусымда рұқсат берілген. Есенғали Қасаболатов 1915 жылы чума ауруының шығуына байланысты Орал облысының Гурьев, Темір, Ілбішін уездеріне іс-сапарға жіберілген. Сондағы қызмет жасаған кезінде Император атындағы Саратов медицина университетіне емтихан тапсыруға рұқсат сұраған екен.

Студент кезінде мерзімді басылымдарға бірнеше мақала жазған. «Қазақ» газетінің басқармасы 1914 жылы 1-нөмірінде белсене атсалысқаны үшін алғыс айтқан 16 автордың бірі. Есенғали 1915 жылы университеттің толық курсы аяқтап, дәрігер мамандығын алып елге оралды. Калмыков уезінде Жылықоныс ауылдық-дәрігерлік учаскесінде дәрігер болып қызмет етті. Бұл жөнінде «Қазақ» газеті 1915 жылы 25 маусымдағы нөмірінде «Жас доктор» деген шағын мақаламен хабарлады. 1916 жылы қазақтан тыл жұмысына адам алуға байланысты туындаған толқуға қатысып, алғашқы кезде еріктілер жасағын құруға атсалысты. Кейін «Қазақ» газеті бетіндегі түсінік жұмысынан соң Алаш қайраткерлерінің соғыс жағдайындағы уақытша үкіметке көмектесу жөніндегі үндеуін қолдады, майдандағы қазақ жасақтарына баскөз болып, дәрігерлік көмек ұйымдастыруға шақыруын қабыл алды. М.Дулатов 1917 жылы наурызда «Қазақ» газетінде майданға шақырылған дәрігерлерден Ә.Алдияров пен Е.Қасаболатовтың Минскіге келетінін хабарлады [2,220 б].

1917 жылы шілдедегі I Жалпықазақ Съезіндегі Құрылтай жиналысына депутаттыққа қосымша ұсынылған 43 кандидаттың тізіміне енді. Сол жылы жазда елде Земство Съезін шақыру жөніндегі уездік ұйымдастыру комитетінің жұмысына қатысты, осы орайда И.Қашқынбаев, М.Балтанов бастаған топпен, арада ру алақөздігінен туған қақтығысқа араласты. Қыркүйектен бастап Ғ.Әлібеков тобына қосылды. Сол шамада Ғ.Әлібековтың қызына үйленді.

1917 жылы желтоқсандағы II Жалпықазақ Съезінде Алаш автономиясының Уақытша Ұлт Кеңесі (Алашорда) мүшесіне кандидат (мүше орынбасары) болып сайланды. Бұл съезді ұйымдастырушылар - Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Е. Омаров, С. Досжанов, М. Дулатовтар. Съезге Самарханд облысы мен Алтай губерниясы атынан - 58 өкіл, әр түрлі қазақ ұйымдарынан - 8 өкіл, арнайы шақырумен - 15 адам, барлығы - 81 адам қатысқан. Алғаш болып баяндаманы Ә. Бөкейханов жасады [5, 266]. Бұл туралы Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» тарихи романында жазылған. Онда съезд Орынборда 5-13 желтоқсанда болды деп хабарлайды. Съезге Қазақстанның барлық 8 облысынан өкілдер қатысқан [6, 72 б]. Съезде қаралуға қойған мәселелер:

1. Сібір, Түркістан автономиясы және оңтүстік-шығыс одақ туралы;
2. Қазақ-қырғыз автономиясы;
3. Милиция туралы;
4. Ұлт кеңесі

5. Оқу мәселесі;
6. Ұлт қазынасы;
7. Мүптілік мәселесі;
8. Народный суд;
9. Аульное управление;
10. Азық-түлік мәселесі.

Қаралған мәселелер туралы қаулы қабылданып, әскер жинауды қолдап, «Алашорда» үкіметін сайлайды. Алашорда басшылығына мына адамдар сайланады:

1. Бөкейліктен – Уәлитхан Танашұлы.
2. Оралдан – Халел Досмұхамбетұлы.
3. Ақмоладан – Айдархан Тұрлыбайұлы.
4. Торғайдан – Ахмет Бірімжанұлы.
5. Семейден – Қалел Гаппасұлы.
6. Жетісудан – Садық Аманжолұлы.
7. Сырдариядан – Мұстапа Шоқайұлы.

Бұдан әрі облыстардан тысқары: Әлихан Бөкейханов бастаған 8 адамның тізімі, оларға орынбасарлыққа сайланғандар Ғайса Қашқынбайұлы бастаған 15 адамның тізімі келтірілген. Олардың ішінде бесінші болып Есенғали Қасаболатов пен Сәлімгерей Нұралыхановтың да есімі бар [6, 73 б].

Сол Орынборда болған ІІ жалпықазақ съезінде қазақ зиялылары көзқарастары екіге жарылады. Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Х.Гаппасұлы бастаған топ қазақ «біраз милиция жасап алған соң жариялайық» деп ұсынады. Ал екінші топ қазақ автономиясын кешіктірмей «...бүгіннен бастап жариялаймыз» деген Халел және Жанша Досмұхамедовтер өз ойларын білдіреді [5, 27 б]. Кейін Орынбордағы әскери қақтығыстар барысында Ә. Бөкейханов бастаған алаштықтар Семейге келіп қаланы Алаш қаласы, Алаш орданың Шығыс бөлімі деп атап кетеді. Ал Жанша мен Халел Досмұхамедовтардың жақтастары Оралға келіп орналасып, өз әскерін жасақтайды. Орал өңіріне келгеннен кейін Жымпиты қаласына келіп, өздерін Алаш Ордасының Батыс бөлімі немесе Ойыл уәлаяты деп атады. Үкіметтің тағы бір бөлігі Жетісу облысында әрекет етті [7, 142].

Е.Қасаболатов 1918 жылы қаңтарда Алашордалықтардың Қаратөбеде өткен ІІІ Орал облысының Қазақ Съезіндегі идеялық емес, топтық жікке бөліну тұсында Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер жақтастарына қарсы шықты. Бұл жағдай туралы С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» романында сыни тұрғыда болса да жақсы жазылған. Онда «съезге жиналғандардың ішінде, соңынан коммунист болған осы күнгі өзіміздің Кенжеұлы, Қасаболатұлы, Мырзағалиұлы, Қаратілеуұлы, Жолдыбайұлы, Қангерейұлы, Епмағамбетұлы, Әлібекұлдары бар. Бұлар онда большевик емес. Қаралатын мәселелердің зоры: әскер жасау, үкімет құру, қаражат ақша жинау. Ақша жинау мәселесіне келгенде съезд екі жікке бөлініп, айтысты да қалды. Бір жағы көп, бір жағы аздау. Көпшілік жағы Досмұқамбетұлдары жағы. Бұлар: ақшаны жинағанда «үй басына, от жаққан түндік басына жүз (100) сомнан салайық» деді. Азшылық жағы Ғұбайдолла Әлібекұлы, Епмағамбетұлы, Жолдыбайұлы және Қасаболатұлы, Мырзағалиұлдары бар. Бұлар «байға байша, кедейге кедейше» салайық деді. Сөз қызды. Талас күшейді. Екі жақ та өз ұйғаруларын дәлелдеп, съезге кезек-кезек баяндайды. «Дәлелдер» күшті» -деп суреттейді [6, 120-121бб]. Сонымен бірге автор съездің мешітте өтіп жатқанын, оның іші лық толы кісі, ал ішке кіре алмаған бұқара халық ашық терезелерден бастарын сұғып, талас сөздерді тыңдайды деп жазады. «Байа байша, кедейге кедейше. Жарлыға тіпті салмау керек» деген сөздер терезеден сығалап тұрған кедей бұқаралардың қышыған жерлерінен шыққандай. Кейбіреулері қоштап, терезеден айқайлайды». Съезд мүшелері бір шешеміге келе алмай, түстен кейін қайта жалғасады. Мұнда алаш көсемдерінің бірі Петербордағы мұсылмандар кеңесінің қазақ атынан кірген мүшесі Жанша Досмұхамедов сөз алады. Оның сөзі дәлелдірек, әрі

өтімдірек болып шықты. Дегенмен, артынан дауысқа салған кезде, Ғұбайдолла Әлібекұлы мен Есенғали Қасаболатұлы тұрып, съезге және басқармаға қарап: -Біз мұны дұрыс деп білмейміз. Біз бұл қарарға бағынбаймыз,-деді. Съезд ду көтерілді, опан-топан басталады. Кейбіреулері қаша жөнеледі, кейбірі аңырайып тұрып қалады. Жанша Досмұхамедов столға секіріп шығып, қолын жайып, басым дауыспен –Уа жамағат, тоқта!. Бұларың қалай? Сабыр қыл! Тоқта!...- деді. Жұрт басылады. Енді сөз Қуанай қазіретке көшеді. Ол: -Мына мешіттің ішінде бұл қай масқараларың. Тастандар араздықты! Қане татуласыңдар! Ғұбайдолла, Нұрғали, қарағым Есенғали, Молдағали, Сәлімгерей! Қане құшақтасыңдар! Ана Жаншамен, ана Қалелмен! –деп басу айтып сөйлейді. Жаңа ғана жауласып отырған екі жақ айқасып, арсалақтап құшақтасты [6, 124 б].

Алайда, Қаратөбе съезіндегі оқиғадан кейін екі жақ өзара татуласқандай болғанымен, отасып кете алмайды. Алашорда мүшелері саналған Ғұбайдолла Әлібеков, Есенғали Қасаболатов, Мырзағалиев, Молдағали Жолдыбаев, Қаратілеуұлы бөлініп өз партиясын құрмақшы болады. Жаңа партия «Ақ жол» деп аталады. Бұл бұқарашыл, қалың кедей халықтың мүддесін көздейтін партия деп саналады. Есенғали Қасаболатов съезден соң құрылған құрамына 13 мүше енген осы аталған «Ақ жол» саяси партиясының (ұйымының) төрағасы болады.

«Бұлар өзара сөйлесіп, Епмағамбетұлы, Кенжеұлы, Қаратілеуұлын Темір уезіне жібереді. Қасаболатов, Мырзағалиев, Әлиасқар Әлібеков Орал(Теке) қаласына жіберді. Өзгесі, Жымпиты маңайында «Алашорда» төңірегінде қалды.

Епмағамбетов, Қаратілеуов, Кенежеұлы Темірге барып, біраздан соң орыстармен бірігіп, жергілікті үкіметті алып, Жымпитыдағы «Алашордаға» бағынбай әрекет жасайды.

Ал Е.Қасаболатов, М-Х.Мырзағалиев, Ә.Әлібеков Орал қаласына келеді. Ол кезде, 1918 жылы жазғы уақыт болған. Орал қаласында үкімет казак-орыстардың (атты казак, власть войскового казачьего правительства) қолында болған. Бірақ ол кезде Оралда (Текеде) казак-орыс үкіметімен жарыса большевиктер Совдеп (Кеңестік басқару органы) жасауға әрекеттеніп жатқан.

1918 жылы наурызда өткен Орал облысында жұмысшы, шаруа, солдат және казак депутаттарының I Съезіне Е.Қасаболатов, М-Х.Мырзағалиев, Ә.Әлібековтерде қатысады. Бұларда белгілі казак қайраткері, ақсақал Бақытжан Қаратаев пен Әбдірахман Әйтиев белсенді жетекшілік жасаған. Е.Қасаболатов, М-Х.Мырзағалиев, Ә.Әлібековтер бастаған топ Оралда Бақытжан Қаратаевпен кездеседі. Олардан 1-2 винтовка сатып алмақ болады. Сол жылы 29 наурызға қараған түні Мұфтах Меңдіғалиевтің пәтерінде заңсыз қару сақтағаны үшін Е.Қасаболатов, М-Х.Мырзағалиев, Ә.Әлібековпен бірге жергілікті казактар үкіметі тарапынан тұтқындалды. Көп ұзамай Жайық сырты қазақтары Земство управасы төрағасының орынбасары К.Жәленовтің көмегімен босатылды. Бұл оқиғадан кейін Е.Қасаболатов Жымпитыға қайта оралады [6,124 б].

1918 жылы күзде Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелері комитетті (Комуч) тарапынан мойындалып, күшейе бастаған Батыс Алашорда үкіметінің қызметіне қайта араласты. 1919 жылы қаңтарда Қаратөбе ауданында өткен Ойыл облысы Земство управасы төрағасы Б.Жаңқадамовтың орынбасары болып сайланды. Сол жылы тамыз айындағы Қызыл армияның шабуылы тұсында Алаш әскер-құрамаларын толықтыру үшін құрылған комиссияны және жүзбасы Балғымбаевтың конвой командасын бастап Жымпиты, Қалмыков, Тайпақ өңірінде әскерге жігіт алу жұмысын жүргізді. Батыс Алашорданы тарату кезінде Жымпитыда болды. Батыс Алашорданы тарату жөніндегі комиссияның мүшесі Қазәсревком өкілі С.Меңдешевке кейін «Қасаболатов тобының мәлімдемесі» деп аталған мәлімдеме тапсырылады. Онда Батыс Алашорда қызметі жөніндегі алғашқылардың бірі болып неғұрлым толық мәлімет берді. 1920 жылдың басында М-Х.Мырзағалиев, М.Жолдыбаевпен бірге Ә.Әлібеков төрағалық еткен

Жымпиты уездік ревкомының құрамына кірді [8, 6-8 пп]. Сол жылғы 20 қаңтарда РКП (б) қатарына қабылданды. 1920 жылы көктемнен Орал губерниясы денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі. Қазэсревкомның 1920 жылы 24 маусымдағы шешімімен құрамына Чеботаров (орынбасар), Почиталин, Қаратілеуов, Импағамбетов ж. т.б. кірген Губатком құқындағы Орал губревкомның төрағасы болып Е.Қасаболатов тағайындалады. Орал облысындағы қазақ интеллигенттерін Кеңес мекемелеріне жұмысқа тарту жөніндегі Струппе төрағалық еткен айрықша комиссияға Қаратілеуовпен бірге мүше болды. Алайда, сол 24 маусым күнгі мәжілісінде Қазэсревком шешімімен өзгеше шешім қабылдап, Орал губкомының және оның төралқасының төрағасы қызметін атқарып, екі шешім бірқатар уақытқа шейін қосарланып келді. Сондықтан көптеген құжатта және әдебиетте Е.Қасаболатов Орал губревкомы төрағасы деп көрсетіліп жүр. 1920 жылы шілдеде айтылмыш төралқа шешімімен Бүкілқазақ Кеңестерінің Құрылтай съезіне дайындық комиссиясына губревком тарапынан мүше болып кіреді. Осы съезде Орал облысы делегациясының ұсынуымен ҚАКСР ОАК мүшелігіне сайланды [9, 1-20пп]. Бүкілқазақ Съезінің қаулысында Алашорданың Уақытша халықтық кеңесі 25 мүшеден тұрады, оның 10 орны орыстарға және қазақтар арасында тұратын басқа халықтарға беріледі деп көрсетілген. Съезде Алашорда үкіметінің құрамы бекітіліп, оған төмендегідей қайраткерлер мүшелікке: Бөкей Ордасынан – У.Танашев, Оралоблысынан- Х. Досмұхамедов, Торғай облысынан – А.Бірімжанов т.б., ал кандидаттыққа: И.Қашқынбаев, Ж.Жақыпбаев, Е.Итбаев, Е.Қасаболатов т.б сайланды [10,285б].

Қазақ РКП (б) облысы комитетінің бюросының 1921 жылы 3 мамырдағы шешімімен Орынборға қызметке шақырылады. 1921-1922 жылы Қазақ РКП (б) облысы комитетінің жауапты қызметте осы жылдары зайыбы қайтыс болғаннан кейін белгілі дәрігер, Батыс Алашорда қайраткері Д.Күсепқалиевтің қызы Ғайни-Жамалға үйленді. 1922 жылы бұрынғы Алашордашыларға қарсы науқан тұсында III Қазақ өлкелік Кеңестер съезінің қаулысымен қызметтен босатылды. Қазақ РКП (б) облысы комитеті төралқасының 1922 жылғы 19 қазандағы шешімімен, Бақылау комиссиясының мақұлдауымен ПХК-на жұмысқа жіберіледі [2,222б].

Кеңес билігі тұсында Е.Қасаболатов саяси-қоғамдық шараларды ұйымдастырушылар қатарында белсенді қызмет атқарады. Айталық, 1922-1923 жылы ҚАКСР Еңбек Халық комиссариатының алқа мүшесі, 1923-1924 жылы- Қазақ кәсіпшілік бюросы президиумының мүшесі (Орынбор қаласы), 1924 жылдың ақпанының 1925 жылдың маусымына дейін ҚАКСР қаржы халкомының орынбасары, Қаржы комиссариаты салық басқармасының меңгерушісі болады. 1925-1926 жылы "Қазсауда", 1926-1928 жылы "Қазмедсауда" бірлестігінің төрағасы (Қызылорда қаласы), 1928 жылы РК(б) П ОК қарауына жіберілген. 1928-1929 жылы округтік денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі (Балашов к) [11,160 б] қызметтерін атқарады.

1925-1928 жылдары ҚАКСР Тұтынушылар кооперациясының төрағасы болып тағайындалып, қызметте жүріп кооперациялау тақырыбына «К кооперированию казахского кочевого населения» («Советская степь»,1926, 5 ноября) тәрізді бірнеше мақала жариялайды [12, 3б].

Есенғали Қасаболатов 1925-1928 жылдары тәркілеу және ауылды күшпен отырықшыландыру науқанына батыл қарсы шыққандардың бірі болды. Сол үшін 1929 жылы қарашада "Меңдешев тобы құрамында жікшіл күреске қатысты" деген айып тағылып, Ф.И.Голощекин жетекшілік еткен Қазақ өлкелік РК(б)П комитетінің бюросы оны қызметтен босатты. Сол жылғы желтоқсандағы мәжіліс Е.Қасаболатовтың өзімен келісе отырып, Қазақстаннан тыс жерге жіберу жөнінде шешім қабылдайды. Көп ұзамай РК (б) ПОК-нің қарауына шақыртылып, әуелі Саратов, соңынан Астрахан қаласына жіберілді. 1930-1931 жылдары Астрахан қаласындағы РК(б)П ауданы комитетінің хатшысы, Астрахан округтік атқару комитеті төрағасының орынбасары болады. Ол жерде негізінен ұлтаралық қатынас, ұлт мәселесімен айналысады [11,160б].

Ғалым-қаламгер Мақсат Тәж-Мұраттың «Батыс Алашорда» атты анықтамалық еңбегінде айтылғандай, ол 1931 жылғы маусым айында жаңадан ұйымдастырылып жатқан Алматы медицина институтына шақырылып, қыркүйекте осы оқу орнының тұңғыш директоры болып Есенғали Қасаболатов тағайындалды. Әрі аштық, әрі ұйымдық құрылымдар төңірегіндегі текетірестер қысқан кезеңде мыңнан бір нұсқасы жоқ оқу орнын тақыр жерде көтеру, саяси доданың қайнауынан өткен қайраткер болса да, оған оңайға тиген жоқ. Таяуда ғана тәркілеу мен ауылды күштеп отырықшыландыру науқанына батыл қарсы шығып, сол үшін «Меңдешев тобы құрамында жікшіл күреске қатысты» деген айыпқа ілігеді.

Е.Қасаболатов жұмысқа кіріскенде ең басты қиындық тек жаңа оқу орнының материалдық-техникалық базасының жоқтығы, білікті, кәсіби оқытушылардың тапшылығы ғана емес-ті, одан да ауыры шым-шытыр таптық та, рулық та кереғар көзқарастардың кері ықпалының әлі де күштілігі болатын. Тіпті, игі әрекеттің өзі осының ызғарынан суынып, демікпелік кеселге ұрынбай қалмады. Әйтпесе саяси шындалған әрі осы саланың жоғары білімді маманына бұл міндет дөп-ақ жүктелгендей еді, бірақ үміт ақталмады. Бұл қызметте де бұрынғы Алашорда құрамында болғанын ескеріп, Е.Қасаболатовқа «студент жастардан ұлтшыл-контрреволюциялық топ құрды» деген айып тағылады [13].

Оқу-ағарту халық комиссарларының ғылыми қызметкерлердің білімін анықтау комиссиясы 1933 жылы 17 ақпандағы №3 протоколынан Е.Қасаболатовқа 1931 жылы берілген доцент атағын қайта бекітеді. 1933 жылы ол медицина институтында саяси экономия кафедрасын меңгерген [3,91-92 бб].

Е.Қасаболатов Қазақ мемлекеттік медицина институтының директорлық қызметін 1933 жылға дейін атқарды. Ұйымдастыру жұмыстарымен көп айналысты, ел-елге шығып қазақ жастары арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, оларды медициналық жоғарғы оқу орнына оқуға шақырды.

Ол Қаз ММИ-дағы директорлық лауазымын, қоғамдық ғылымдар кафедрасымен қатар меңгеріп, политекономия курсын жүргізді. 1931 жылы желтоқсанда Қасаболатов Е.К. алғаш рет медицина институтының Кеңесін құрады. Архитектор А.И.Гагеллоның жобасы бойынша морфология ғимаратының (қазіргі анатомия кафедрасы) кешенді құрылыс жоспарын бекітеді [14].

Қазақстанда айтылмыш оқу орны арқылы маман дәрігерлер даярлауды жүйелі жолға қою ісі Е.Қасаболатов есімімен байланысты. Ол директор болған кезеңде әзірленген кадрлар арасынан кейін академик эпидемиолог И.Қарақұлов, академик-вирусолог Ж.Жұматов, профессор-хирург Е.Өмірзақов тәрізді білікті мамандар шыққан [2,222б].

Соңында қалған ұрпақтарыда ата жолын қуып еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде зор рөл атқарған. Артында Хүпби-Жамал, Шафхат, Мара, Шәміл, Бану, Нинель, Нәзір, Раиса есімді ұл-қыздары қалған. Республикалық Опера және Балет театрының бұрынғы әншісі Хүпби-Жамал Есенғалиқызы 2001 жылы Алматы қаласында қайтыс болады. Жиен немерелері Ғалия мен Клара ата жолын қуып, дәрігер мамандығын игерген [2, 222 б].

Е.Қасаболатовтың еңбек қызметінің жалындаған тұсында басқа алаш зиялыларының кебін киіп, кеңестік құйтырқы саясаттың жазықсыз құрбанына айналады. 1933 жылы ол «Студент жастардан ұлтшыл-контрреволюциялық топ құрды» деген желеумен медицина институтында директорлықтан босатылады [1,222б].

Алашорда құрамында болғаны үшін қызметінен аластатылып, 1933-1935 жылдары Алматы облысындағы «Қызыл қайың» кеңшарына жер аударылады. Кейін осы ауылдың директоры қызметін атқарады. 1935 жылы қазан айында РКП(б) қатарынан шығарылады. 1936-1937жылдары Қазақ КСР Денсаулық Сақтау халккомында экономикалық жоспарлау бөлімінің меңгерушісі, «Главнефть» тресті өлкелі конторы басқаушысының 2-орынбасары, «Нефтьторг» қоғамының

Қазақстандағы уәкілетті өкілінің орынбасары болып жүріп, 1937 жылы 29-тамызда Алматы қаласында ІХҚ органдары тарапынан тұтқындалады. 1938 жылы 26 ақпанда «Мемлекеттік қылмыс жасады» деген айыппен ату жазасына кесілді.

Кеңестік кезеңде КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының 1957 жылғы 7 желтоқсандағы ұйғарымымен ақталады.

Денсаулық сақтау қызметінің үздігі Есенғали Қасаболатовтың өмірі мен қызмет жолы әлі толық зерттелмеген, яғни оны зерттеп, көпшілікке ұсыну біздің міндетіміз деген сөз. Қайраткер ақтық демі қалғанша ұлтының болашағын, халқының денсаулығын ойлаумен болды. Халыққа қызмет көрсетуде жоғары нәтиже көрсетіп, партия қызметінде тек жақсы жақтарынан көзге түскен азамат. Жазықсыз тергеуге алынып, халыққа жасаған еңбегі мадақталуының орнына өзіне кері әсерін тигізді.

Олай болса, Есенғали Қасаболатовтың мемлекеттік және саяси қызметі ғасырлар бойы бодандық бұғауында күн кешкен қазақ жұртын дербес ел болуға, қазақ халқының әдебиетін, мәдениетін, ғылымын көтеруге арналғандықтан, оның өмір жолдарын саралап көрсету зор міндет.

«Қазақтың бүкіл тарихы бірігу тарихы, тұтастану тарихы» деп Президентіміз Н.Назарбаев айтқандай, Күнбатыс Алашордасының тарихын жете зерттеп, ондағы ашылмаған, әлі де белгісіз деректерді көп болып іздеп тауып, жарыққа шығарту біздің міндетіміз. Сонда ғана халық үшін, ұлт мүдесі үшін еркіндік аңсап, тәуелсіздік жолында күрескен абзал жандарымыздың шын бет- бейнесін анықтап көре аламыз, ұлықтай аламыз.

Ғасырлар тоғысында дүниеге келіп, өзге түгел өзінің келешегіне кепілдік бере алмас, түсініксіз заманда көзі ашық, көкірегі ояу ат төбеліндей қазақ марғасқасының тарихи-саяси өмірін, еңбектерін зерттеп, талдап тың жаңалық қосып, жаңа тарихи талдау жасау біздің тарихшы ретіндегі парызымыз деп білеміз.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. –Астана, 2017. «Форма Плюс» баспасы, Қарағанды, 2017. -53 б.
2. Алаш.Алашорда энциклопедиясы/Құрастырған Ғ.Әнес, С.Смағұлова. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. -544 б. (219-222 беттер).
3. **Әлжанов А. Алғашқы қарлығаштар. -Алматы, «Арыс», 2007. – 112 б.**
4. Қасаболатов Е.К./Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы. А., Атамұра, 2010.– 540 б.
5. Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. Жауапты ред. М.Қойгелдиев. 2 том. Алматы: Алаш, 2005. -496 б.
6. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Тарихи-мемуарлық роман. –Алматы, «Жазушы» баспасы, 1977. -392 б.
7. Әлімгерейұлы Ө. Уәлитхан Танашев құқықтық мемлекет туралы // «Алаш идеясы-ұлттық идея» атты респ. ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, Арыс баспасы, 2014. -320 б .
8. БҚО ММ 497 қор, 50 тізбе, 1 байлам, 36 іс. -18 парақ. Протоколы заседаний отдела Управления Уральского губревкома (копии).
9. БҚО ММ 136 қор, 10 тізбе, 1 байлам, 42 іс. 1-58 пп. Доклады о деятельности отделов народного просвещения, здравоохранения, труда и социального обеспечения.
10. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. - Алматы, Атамұра,1998. – 360 б.
11. Төлепберген Б. Мәңгі Жас-Алаш идеясы. - Алматы, «Аруна» баспасы, 2012. – 415 б .
12. Касабулатов Е. К кооперированию казахского кочевого населения// «Советская степь», 1926, 5 ноября.

13. <http://www.aktobegazeti.kz>//Сырым Бақтыгерейұлы, журналист. («Егемен Қазақстан» газеті, 29 шілде 2009 жыл)//«Атан қомында туған адам».
<https://kaznmu.kz> // ҚазҰМУ ректорлары// Есенғали Қасаболатов.

ӘОЖ 94 (574)

КАЗТАЛОВКА АУДАНЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

ГАЛИЕВА А.Т.

М.Өтемісов атындағы БҚУ магистрі

Міне, биыл тәуелсіздігіміздің 31 жылдығын да атап өттік. 30 жылда көп нәрсе өзгерді, еліміз еңсесін көтеріп, гүлденіп жаңа даму жолына түсті. Тәуелсіздік бізге көп мүмкіндіктерге жол ашты, соның ішінде бастыларының бірі сан ғасырға созылған еліміздің тарихын зерттеп, зерделеп, жинақтауға, өскелең ұрпаққа дәріптеп, насихаттауға мүмкіндік берді. Біршене мемлекеттік бағдарламалар қалыптасты. Соның ішінде Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласына негізделген «Рухани жаңғыру» бағдарламасының орны ерекше. Рухани жаңғыруда, ұлттық сананы қалыптастыруда тарихтың берер тағлымы мол. Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды істер атқарылды. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғыртылды, 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең беделді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттелді. [1] Міне бұның бәрі тәуелсіздіктің бізге берген сыйы десек болады. Рухани жаңғырып бұрын көп айтыла бермеген тарихымыздың сан қилы тұстары зерттеліп жарыққа шығуда. Соның ішінде өлке тарихын зерттеу ең маңыздылардың бірі деп санаймын. Осы орайда тарихы тұңғыш терең сонау Бөкейлік кезеңінен бастау алатын Казталов ауданының тарихына тоқталып өтпекпін.

Бұл өңір ежелден халық қоныстанған құтты мекен болған. ХІХ ғасырдағы архив құжаттарында Каспий теңізінің солтүстік жағалауынан Сары және Қара өзендерге дейінгі дала «Самар даласы» деп аталған. Самар даласын мекендеген халықтар талай тарихи арпалысты басынан кешірген. Әрісін айтпағанда, моңғолдар осы өңірдегі қыпшақтарды ХІІІ ғасырда бағындырып, Еділ жағасынан «Көк орда» аталатын астана салғаны белгілі. Моңғол империясы ыдырап ұсақ хандықтарға бөлінгенде солардың бірі – Ноғай хандығы біраз уақыт Еділ Жайық арасын жайлаған. Орыс шапқыншылығы күшейе түскен соң ноғай мен қазақ бірігіп, бір мемлекет болып, ортақ хандарымыз да болғаны тарихтан белгілі. Одан кейін Ноғай мен Қазақ айрылған заман туғанда ортада казактар пайда бола бастайды. Патша үкіметі казактарды әдейі әскери күшке айналдырып, оларды ноғай мен қазаққа қарсы пайдаланады. Кезінде үлкен хандық болып, дәуірлеп тұрған қалмақтар да 1770 жылы бұл мекеннен қашып Жайық өтіп, Қытайға кетеді. Патша үкіметі қалмақтар кеткен соң да Самар далсында казактардың емін-еркін жайлауына ресми рұқсат бермей келген. Нұралы ханның бір баласы Бөкей сұлтан Астрахань губернаторы арқылы Кавказ билеушісіне хат жазып, патшадан Еділ мен Жайық арасындағы иен даланы мекендеуге рұқсат сұрайды. І Павел патша 1801 жылы 1-наурызда Бөкей сұлтанның қарауындағы елімен Самар даласын Каспий жағалауынан өзендерге дейінгі алқапта қоныс салуына рұқсат берген. Бөкей сұлтан өз қарауындағы Байұлы тайпасының 12 руының ауылдарын және Жетірудан ілескендерді Жайықтан өткізіп Самар даласына қоныстандырады. Өзі Сары өзеннің шығыс жағалауындағы Қараоба тұсына қала сала бастайды. Міне осы кезеңнен аудан тарихы өзінің бастауын алады деп есептеуге болады. Осы кезеңнен бастап бұл өлкеге ауылдар қоныстанып Бөкейлікке қараған. Жәңгір хан тұсында 1830 жылы Ішкі тараптағы ел

жайғасқан жерге билік жасап, өзі білгенінше әркімнің жерін басқаларға үлестіре бастайды. Тәуір деген жерлерді өз туыстарына, сұлтандарға, қожаларға, байларға алып беріп қарапайым халыққа озбырлық көрсетеді. Бұның соңы бәрімізге белгілі Махамбет пен Исатай бастаған көтеріліске әкеледі. Кіші жүзді дүр сілкіндіртіп, патшаға дейін мәлім болған көтеріліске Сары өзен, Қара су аңғарындағы көп адам қатынасқан. Ел көп шығынға ұшыраған. Жәңгір хан қайтыс болғаннан кейін де ел іші түзелмей салық көбейген. Бұның бәрі ел наразылығын тудырады. Осыны пайдаланған патша әкімшілігі Ішкі орданы таратып жаңа территориялық-әкімшілікке бөледі. Әуелі теңіз жағасында 2 округ ұйымдастырылады, сосын 1860 жылы Бөкейліктің қалған жерін 5 қисымға (бөлікке) бөледі. Сол бесеудің біреуі – Таловка қисымы болған. Сонымен қоса Талов қисымының 1862 жылғы картасы бар. «Карта Внутренней Киргизской орды» деп аталған бұл тарихи картаны құрастырушы Иванов болған.

Бұл қисым әуелден біріңғай қалыптасып келеді. Қисым жері Сары өзеннің батысында Тарғын өзені бастауы мен Тарғынтөбе деген жерден оңтүстікке Бапа, Ханкөл, Қосағалы, т.б. мекендерден басталып, Жақсыбай өзегі, Борсы көлі үстімен батыста Ащыөзекке дейін қамтып, одан Аралсорға дейін жалғасып, шығысқа қарай Қосарал, Түрке сорына, одан әрі Ақкөл, Төрткөл мен Қара өзенге, яки Жалпақтал, Сламикин күтіріне дейінгі жерді алады. Таловка форпостысы мен Қарасудың шығысы – Бозоба, Кеңсуат, Қара өзен жағалауына дейінгі жер енген. Бұл кең алқапты «Жалпақтал-Қарасу-Жақсыбай-Тарғын өңірі» деп жазады. Бір сөзбен айтқанда орталығы Қарасу болғасын «Қарасу алқабы» десек те болады. [2, 6-25 б.]

Ішкі тарапты басқарған Уақытша кеңес әкімшілігі жылдарында Қарасу (Талов) алабы тұрғындарының біразы орнығып, шаруа-тұрмысын түзеуге мүмкіндік алады. Сауда-саттықпен айналысуға, мәдениет дамытуға жағдай жасалған. Қарасу өңірінде 9 мешіт, 7 медресе және көптеген мектептер ашылған. Өзен әскери шебі 1849 жылы 22 наурыздағы мәлімдемесінде Еділбай ауылынан билері Жүніс Жантілеуұлы мен Оңғар Мәдекенұлының қыстаулары Сламихин күпірінің қасындағы қарақоғада жылжып орыс-казак корданы Березова (қазіргі Қайыңды) дейін көшіп барған. Бұрынғы Бөкей Ордасы шекара комиссиясына бағындырылғаннан кейін, Ресей патшасының мемлекеттік басқару жүйесіне енгізіліп, XIX ғасырдың екінші жартысында Кіші жүз және Бөкей Ордасының жері Ресей империясының отарына айналды. 1867-1868 жылы реформа бойынша бүкіл қазақ жері Ресей патшасының иелігіне айналды.

Талов қисымы қазақтарының шаруашылығы жартылай көшпелі болған. Жазғы жайылымдары 5-10 шақырыммен шектеледі. Себебі, Қосөзен (Сары мен Қара) аралығы малға жайлы, суы мол, көлдері құсқа толы байырғы мекен. [3, 7-10 б.]

Бір айта кетерлік жайт, бұл алқаптың тұрғындарының құрамы, әкімшілік-территориялық бөлінісі негізінен көп өзгеріссіз күні бүгінге дейін ата қонысында сақталып отыр. Қисымды орысша «часть», «участок» деп, оның билеушісін «правитель», «управляющий» деген. Алғашқы правительдердің бірі Ғұбайдолла Есенбаев, Хангерей Хансұлтановтар болған. [2, 27 б.]

Сонымен қоса осы кезеңде қисымға басқа ұлт өкілдері татарлар, қарақалпақтар, орыстар да келіп қоныстана бастайды.

Казталовка ауданының қазіргі әкімшілік-территориялық шекаралары турасында айтар болсақ, XX ғасырдың алғашқы жартысында қалыптаса бастаған. 1920 жылы 12 қазанда Кеңестердің 1-құрылтай съезінің шешімімен Астрахан губерниясынан Бөкей ордасы территориясы бөлініп, «Бөкей губерниясы» аталады. Ол қалмақтардың 9 болысы, Қамыссамардың 17 болысы, Нарынның 12 болысы, 1-Приморскінің 16 болысы, 2-Приморскінің 13 болысынан құралған. Соның ішінде Таловканың 8 болысы да бар. Талов уезінің қарамағындағы 8 болыс 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, деген сан ретімен белгіленеді. 1921 жылы болыстардың сан реті жойылып, Жақсыбай, Жаркен, Кішей, Қажол, Марсуы, Сламихин, Тіленші, Қайыршы деген атаулармен аталған.

1925 жылы 18 мамырда Бөкей губерниясы жойылып, уезд ретінде Орал губерниясына берілген. 1928 жылы Орал губерниясы таратылып, Орал округі құрылады. Бөкей, Жымпиты, Орал және Гурьев жерлерінің кей бөліктері қосылып, Орал округтерінің аудандары құрылып 15 аудан болған. Осы аудандардың бірі – Талов ауданы. 1928 жылы 2 қыркүйек күні ВЦИК-тің қаулысымен аудан болып бекітілген. [4, 11-б.].

Осы орайда тарихы сан қырлы, басынан небір тарихи оқиғалар өткен Казталов ауданының тарихын зерттеу барысында Қарасу, Таловка секілді атауларды жиі кезіктірдім.

Іздестіре келе Исатай Нәсекенұлы Кенжеалиевтің 1992 жылы Орал өңірі газетінде жарық көрген «Казталовка атауы қайдан шыққан?» деген мақаласына кезіктім. Бұл мақалада орысшаға аударғанда «Қарасу» дегенді «форпост Таловая» деген. Таловая бекінісін қазақтар «Қарасу» деп атаған. Әдетте қазақтар Қарасу деп еш өзенге құймайтын, тұйық сайға жиналған қардың суын атайды. Ал орысша бұндай сайдағы суды «Таловая вода», «Таловая» деп атайды екен. Жоғарыда айтып өткендей Бөкей жаңа қала жаңа мекен сала бастаған тұста бұл Орал казак әскеріне ұнамайды да, Қара өзен жағалауы мен Сары өзен бойын жағалап Самар көлдеріне дейін әскери желі жүргізеді. Мұнымен де шектелмей форт, форпост (бекіністер) сала бастайды. Солардың бірі Қарасу жағалауында тұрғызылған Таловая бекінісі еді. «Таловая» деген атауды 1830 жылдар архив материалдарында ф.Таловский деп жаза бастағандығы туралы мәлім. Бұл жайлы оқи отырып ұққаным әр түрлі аңыз әңгімелердің болғаны, әр түрлі пікірлердің қалыптасуына әкеледі. Зерттеу барысында әр пікірге мән беріп тоқталып зерделеу керектігін ұғындым. [5]

Исатай Нәсекенұлының 2007 жылы Орал өңірі газетінде жарық көрген «Жер, көше атаулары – тәуелсіздік айнасы» атты тағы бір мақаласында Казталовка қонысының іргесінде сай бар деп жазады. Соған көктемде қардың суы мол жиналып, көп тұрады. Сайдың екінші жағы – тұйық, жайылым. Мұндай сайды қазақ Қарасу деп атапты. Қасында тағы бір сай бар. Бірі Сұлтанғали Қарасуы делінсе, Казталовты Алаша Қарасуы деп атапты. 1801 жылы Есім ханның ұлдары Сарының бастауымен Алаша руының ауылдары осы өңірге орнығып, Сарыөзеннің арғы және бергі жағын жайлаған екен. Содан қоныс пайда болып, ол Алаша Қарасуы деп аталған. Қасында Қалмақ Қарасуы тағы бар. 1813 жылы Орал казак әскерінің басқармасы (Сары Шалый) өзенінің шығыс жағалауы біздікі деп байбалам салып, жерді де Қарасуды да найзаның ұшымен, мылтықтың күшімен тартып алып, оған әскерін қойыпты. Сол жерге соңынан «Форт Таловая речка» деген атау береді. Форт – бекініс деген сөз. Уақыт өте келе оны қысқартып, Таловка деп атағаны мұрағат қағаздарында кездеседі. 1868 жылы Алаша руының адамдары ұзақ жылдар бойы патшаға шағымдануы нәтижесінде Сары өзеннің шығыс жағалауындағы көп жерін Көктерек, Әбіш, Таловканы қайтарып алады. Арыздары Санкт-Петербург қаласында сақтаулы. Бірақ атақонысы Қарасу деп қазақша аталса да, орысша атауы қағаздан қалмайды. 1860 жылы Сарыөзеннің екі жағалауы қисым құрап, ол Таловка киргизская деп 1932 жылға дейін аталған елді мекен. Кейін Казахская Таловка боп өзгеріп, қысқаша Казталовка болып бұрмаланған. [6] Бұл деректерден аудан атауы Алаша руымен байланысты екендігін және де байырға атауы Қарасу деген пікірге келеміз.

Сондай-ақ аудан атауының шығу тегіне қатысты өлкетанушы ғалым, филология ғылымының кандидаты, доцент Ержанова Ұлдай Рысқалиқызы өзінің «Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі» атты монографиялық еңбегінде бірнеше жорамал келтірген.

Казталовка – Қарасу өзенінің бойында орналасқан аудан орталығы. Бұл атаудың шығу тарихы төңірегінде бірнеше жорамал бар. 1) Бұл аймақта Жәңгір хан тұсында Қара өзен, Сары өзен жағалауын бойлай мол тал ағаштарын екізсе керек. Әлбетте, тал егілмесе, өз-өзінен ешқашан шықпайды. Демек, ол талдарды біреу екен деген сөз.

«Тал екпе» (дұрысы – Екпе тал) сөзі қалыптасқан деген жергілікті қариялардың айтқан деректері де бар. Сондай-ақ ол жерде орыс Таловкасы деген атау да бар. Ендеше қазақ талы болуы да заңды құбылыс. Ал, «овка» орыс тілінің жұрнағы екендігі айдан анық. «Казталовка» атауы осылайша орыстардың аралас көшіп келіп қоныстануының негізінде қалыптасқан атау. Қазақ тілінің сөздік құрамында Казталов деген сөз ешқандай мағына беретін сөз жоқ. Тек қана осы елді мекен атауы ретінде ғана қолданыста жүр.

2) Казталовка атауының шығуы қар суымен байланыстырылып, «Таловая вода» сөзінен шыққан дейтін пікірлер де бар. Егер бұл атау осы сөзден шыққан болса, топонимнің негізі орыс сөзі болып шығады. Алайда бұл аймақтың қазақтардың көне мекені екендігі белгілі. Сондықтан ол жерде орыс тілінде топонимдер қалыптасуы мүмкін емес. Русская таловка – кейін пайда болған атау.

Бұл аймақта ертеде екпе талдың мол өскендігін растайтын мәлімет осы жерлерге жақын елді мекен атауларында тал терминінің көп кездесетіндігі арқылы дәлелденеді. Мысалы, Жалпақтал, Талдықұдық, Талдыапан т.б. [7, 60-б.]

Мақаламды қортындылай келе айтарым қазақ тарихының басым бөлігі мал шаруашылығы талап еткен көшпенді өмір салтын ұстанумен байланысты болды. Сондықтан қазақ халқы үшін ауылдың алатын орны бөлек. Ұлтымыздың салт-дәстүрі тұрмыс-тіршілігі, қаны мен жаны сол ауылдан басталады. Қазақ ауылы қазіргі жаһандану заманында халқымыздың ұлттық кодын сақтауда өте маңызды орын алады деп санаймын. Казталов бұрыннан ата-бабаларымыз қоныс тепкен атамекен. Тарихын тереңдете берсе сонау сақ-сармат дәуірінен бастау алатын, бергін келе ноғай-қазақ дәуірінде көшпенді қазақ рулары келіп қоныстанған құт мекен. Бөкейліктен тараған осы аудан тарихының қалыптасуын зерттеу арқылы өткенімізден тағылым алып, жеткіншек ұрпаққа насихаттаудың маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір. – 1-3б.
2. Кенжеалиев И., Табылдиев Н. Казталовка – байырғы атамекен. – Алматы, 1994
3. Мәшімбаев С.М. Қос өзен аралығындағы Казталов ауданының тарихы. – Алматы. 2016 – 136 бет
4. Казталов ауданы. Шежіре. – Алматы: Арыс, 2008. – 1992.
5. Нәсекенұлы И. Казталовка атауы қайдан шыққан? //Орал өңірі. – 1992. – 8 мамыр
6. Нәсекенұлы И. Жер, көше атаулары – тәуелсіздік айнасы. // Орал өңірі. – 2007. – 15 ақпан.
7. ЕржановаҰ.Р. Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі. Монография. – Орал, 2016. – 416б.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ӨНЕРКӘСІП САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ

РАХМЕТУЛЛИНА М.Ж.

М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты

Жалпы 1990 жылдардың басында облыс экономикасының дамуы қоғамдық өндірістің деңгейінің төмендеуімен сипатталды. Облыс экономикасы республиканың барлық аймағындағыдай қиын дағдарысты бастан кешірді. Аймақ бойынша өндіріс көлемі 1991 жылмен салыстырғанда 1992 жылы 18,8%-ке қысқарды және 16651 млн сомды құрады, 3754,2 млн. сомның өнімі алынбай қалды. Қаланың өзінде өндірісте өнім өндіру 17,3%-ке төмендеді. Орал қаласындағы 39 кәсіпорынның өндіріс деңгейі төмендеп кетті. Өндіріс көлемінің ең үлкен төмендеуі қаланың ірі өндіріс ошақтары болып есептелетін «Уральскремаш» өндірістік бірлестігінде - 42,9%, «Диана» фабрикасында -25%, тері зауытында -29%-ке азайған [1, 16 б.].

1990 жылдардың басындағы облыс экономикасындағы дағдарыстың көрініс алуының бір себебі қаржы тапшылығы болды. Мысалы, 1993 жылы қаржының жетіспеуі 520 миллион сомды құрады. Облыс экономикасын дағдарыстан шығару үшін 1994 -1998 жылдарға арналған экономикалық реформаларды тереңдету және қаланың атқарушы билік органдарының әрекетінің жоспары мен атқару шараларының бағдарламасы жасалады. Осы бағдарламаға орай 1995 жылы қыркүйекте облыс әкімшілік аппараты құнды қағаздаррыногынұйымдастыружұмыстарын жүргізеді.

Маңызды өнімдердің 63 түрінің 46 түрі бойынша өнім шығару 73%-ті құраған, яғни 1991 жылғы деңгейіне жете алмады. 1992 жылдың он бір айының ішінде өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы 20%-ке жетті. Нәтижесінде қалалықтар 1991 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп өнімі мен күнделікті тұтынатын товарлардың бестен бір бөлігін ала алмады. Өндіріс көлемінің қысқаруы өнім шығарудан айқын көрінді. Мысалы, 1994 жылдың 8 айының ішінде қала кәсіпорындары 1 млрд 366 мың теңгенің өнеркәсіп өнімдерін шығарды. Ол 1993 жылмен салыстырғанда 417 мың теңгеге кем шығарылғанын көрсетеді.

Осы аралықта облыс пен қаладағы ең ірі өндіріс орындары болып саналып келген «Омега», «Зенит», «Металлист», «Агроремаш», «Уралмебель» тағы басқа кәсіпорындар қысқартылған жұмыс аптасымен жұмыс жасады. Оның басты себептері шикізаттың жетіспеуі, тұтынушылардың төлем қабілеттерінің болмауы негіз болды. Оның үстіне республиканың көптеген кәсіпорындары сияқты аймақтағы кәсіпорындары да Ресейдегі және басқа бұрынғы одақтас республикалардағы мекемелер өнім алмасып жұмыс істеуге бейімделгендіктен соңғы уақыттағы мемлекетаралық экономикалық - қаржылық қатынастардың, келісімдердің орындалмауы, кәсіпорындардың бір-бірінің алдында келісім тәртібін сақтамауы салдарынан толық қуатпен дұрыс деңгейде жұмыс істей алмаған. Ауыл шаруашылығының барлық саласы да өз қызметін тоқтады.

Тәуелсіздік жылдарындағы БҚО жалпы дамуындағы жетістіктердің нәтижесі мен қиындықтарын негізге ала отырып, қаланың одан әрі өркендеуінің 2010 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық жоспарына әкімшілігінің басшылығымен 2000жылы қабылданды. Бұл жоспардың негізгі басымдық бағыттары мыналар болып табылды: Мұнай газ саласы арқылы экономикалық өсу, шикізат өңдейтін кәсіпорындарды, осы салаға қызмет ететін қосалқы кіші және орта өндірісті дамыту, өнеркәсіп секторын импорт алмастыруға бағыттау, шығарылған өнімнің сапасы мен бәсекелестік қабілеттілігін

көтеру, өзіндік жеке электрэнергиясын дамыту, ауыл шаруашылықөндірісін дамыту, транспорттық-коммуникациялық инфраструктураны дамыту, әлеуметтік саланың (білім беру, денсаулық сақтау, халықты жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғау) тұрақты және сапалы жұмысын қамтамасыз ету; салық жинау базасын кеңейту мен жергілікті бюджетті нығайту; Ресей Федерациясының шекаралас облыстарымен көршілік достық қатынастарды нығайту болып табылады. Нарықтық экономикаға бейімделген жаңа мелекеттік басқару органдары құрылды. Батыс Қазақстан облысының басты өнеркәсіп көзі газ саласы екені белгілі. 1991 жылдың 11 қазанында ҚР Үкіметінің №601 шешімі бойынша арнайы газ өнеркәсібімен айналысатын мекемелердің барлығын біріктіретін «Қазақгазпром» мемлекеттік концерні құрылды. Концерннің орталық кеңесі Орал қаласында орналасты. «Қазақгазпром» концернінің 1992 жылғы 27 наурыздағы №26 бұйрығымен Петропавлда «Сары-Арқагаз» мемлекеттік мекемесі құрылды. Бұл мекеме Солтүстік Қазақстан өңірінің облыстарын газбен қамту және Богандинк-Ешім-Қарағанды, Ешім-Омск-Өскемен газ құбыры құрылысын жүргізуді мақсат етті. Сол газ құбыры арқылы Солтүстік, Шығыс, Орталық Қазақстан облыстарын табиғи газбен қамтамасыз ету көзделді.

ҚР Жоғары Кеңесі 1991 жылғы 8 шілдедегі КСРО МК-нің №790 шешімін басшылыққа ала отырып, «Қазақ КСР мұнай - газ өнеркәсібі мекемелеріне қатысты» Заңды 1991 жылдың 19 - қазанында қабылдады. Аталмыш заңға сүйене отырып, Қазақ КСР ЖК осы жылдың 21 қазанында «Қазақгазпром» концернінің №6 шешімі негізінде «Заказстройгаз» мемлекеттік мекемесін құрды. Мекеме республика кәсіпорындарының газ құбырларына деген сұранысын қамтамасыз ету ісімен айналысты. 1991 жылдың 31 шілдесінде Президенттің «Одақ қарауында болған мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарды, Қазақ КСР Әкімшілігінің қарауына өткізу» туралы Жарлығы қабылданды.

Жарлыққа сәйкес, осы жылдың 5 қарашасында «Қазақгазпром» мемлекеттік газ концернінің №13 шешімімен мемлекеттік «Оралтрансгаз» мекемесі құрылады. Мекеме Орынбор, Псков қалаларына және Одақ көлеміндегі ірі мекемелерге табиғи газды тасымалдау қызметін атқарады. 1992 жылдың 22 желтоқсанында «Оралтрансгаз» мемлекеттік мекемесі «Одақ», «Орынбор-Новопсков», «Орталық Азия-Орталық», «Волгоградтрансгаз» мекемелерімен магистралды газ құбырын тарту жөнінде келісім шартқа отырды [2, 89 б.].

1991 жылдың 18 қазанында концерннің №4-ші бұйрығына сәйкес, Алматыда «Жетісугаз» мемлекеттік мекемесі Шымкент, Жамбыл, Алматы облыстарына табиғи газды тасымалдап, жеткізу ісімен шұғылданды. Сонымен қатар концерннің №5-ші бұйрығымен «Қарашығанақгазпром» мемлекеттік мекемесі құрылады. Оған бұрғылау, табу, тасымалдау, газ өңдеу қызметін атқару міндеті жүктелді. Мекеме сонымен бірге елді мекендерді газдандыру, басқа өндіріс орындарына және халыққа арзан бағамен газ өнімдерін жеткізу, өнімдерді өңдеу, газ конденсатын игеру жұмыстарымен шұғылдануды көздеді. Жергілікті тұрғындар оның болашағынан көп үміт күткен еді. Себебі, газ кені игеріліп жатқан елді мекендердің өзі газдандырыла қоймаған және қосымша жұмыс көздері ашылады деп үміттенді.

ҚР-сы Үкіметінің №1138 шешіміне байланысты «Қазақгазпром» концерні енді, мемлекеттік «Қазақгаз» Холдинг Компаниясы болып қайта құрылады. 1993 жылдың 9 тамызында ҚР МК-нің №851 шешіммен «Қазақгаз» мемлекеттік ХК қарамағына 30 астам мемлекеттік және бірлескен мекемелер кірді [3; 65].

Мемлекеттік «Қазақгаз» холдингінің негізгі алға қойған жұмыстары – жаңа газ кен көздерін табу, барлау, сақтау, өнімді тасымалдау, өңдеу, табиғи газды магистралды жолдар арқалы тарату және 2015 жылға дейін республика деңгейінде елді-мекендерді түгелдей табиғи газбен қамту еді.

Сонымен қатар бұл компания Қазақстан мен Ресей аймағында өнімдерді тасымалдау, кешенді түрде ғылыми-техникалық тәжірибе алмасу, жер асты өнім сақтау қоймаларын кеңейту және салу, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, осы саланың

республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуы мен жалпы ұлттық энергетикалық бағдарламаның орындалуын қадағалауды көздеді. Бұл жұмыс Газ министрлігінің басқару жүйесіндегі алғашқы қадамдарының бірі болатын. Министрліктің құрылымы Ресейдің «Газпром» АҚ-ы негізінде жүргізілді. «Қазақгаз» МХК-ның белсенді жұмыс істеген тағы бір құрылымы «Қазбургаз» мекемесі болды. Орталығы Ақсай қаласында орналасқан мекеме негізінен 1992 жылдан бастап Қарашығанақ кен орынына геологиялық-геофизикалық зерттеу жұмыстарымен айналысты. Басты назар мұнай-газ саласына, олардан алынатын өнімдерге аударылды. Холдингтің қарамағындағы «Ақтөбетрансгаз» жер асты газ қоймаларын салу және өнімді сақтауды жүзеге асырды. Ол, әсіресе республиканың оңтүстік аймақтарында жұмыс жүргізіп, Бозой кен орынында жер асты газ қоймаларын іске қосты. 1993 жылы тамыз айында Қарашығанақ кенішінде газ өңдеу зауыты құрылысының алғашқы ескерткіш тасы қаланды. Зауытты салуға чехтың «Витковицке ставбы», канадалық «Пропансистемс ЛТД», даттық «Гилла», американдық «Вентекс» компания өкілдері келді [27, 63 б.].

ҚР Үкіметінің 1995 жылғы 24 тамыздағы №509-шы кезектен тыс отырысының №509-шы шешімдері негізінде мұнай-газ саласында жекешелендіруді одан әрі тез қарқынмен жүргізу міндеті қойылды. Енді жекешелендіру бағдарламасы одан әрі жеке жобалар бойынша ұйымдастырылып, шетел инвестициясын кіші кен орындарына тарту көзделді. Бұрынғы мемлекеттік кішігірім мекемелер бір ірі кәсіпорынға біріктірілді. Жаңа экономикалық бағдарламаға сай акционерлік қоғамдар пайда болды.

1994 жылдың 13 маусымында ҚР Президентінің №1729-шы Жарлығы негізінде республикада дербес «Мұнай-газ өнеркәсібі» министрлігі құрылады. Министрлік елдегі мұнай-газ саласындағы барлық мекемелердің қызметін қадағалау, шешімдердің орындалуын бақылау, шетел компанияларының жұмыстарын тексеру және тағы басқа міндеттерді өз мойнына алды. Экономика нарыққа бейімделгеннен кейін елдегі кен орындарын игеруге шетел компаниялары келе бастады. Мысалы, Қарашығанақ кен орынын игеру құқығы – «Аджип», «БритишГаз», «Тексако», «Лукойл» фирмаларының үлесіне тиді.

1994 жылдың желтоқсан айының 27-де ҚР Үкіметінің №266 шешімі негізінде «Шетел инвестициялары туралы» заң қабылданды. Осы заңның 16-бабында «Шет елдің қатысуымен құрылатын кәсіпорындарды мемлекеттік тіркеу, заңды тұлғаларды тіркеу ҚР заңында бекітілген жалпы тәртіп бойынша жүргізіледі» деп көрсетілген. Жаңа заңда салықтық каникулдар қарастырылмаған, тек трансұлттық компаниялар кірістен тапқан қаржыдан салық ұстау көзделген. Осы заңға кейін 1995 жылдың 5-қазанындағы Үкіметтің №2488 шешіміне, 1996 жылдың 15-шілдесіндегі №30-1 қаулысына, 1997 жылдың 2-маусымындағы №115-1 шешіміне, 1998 жылдың 22-сәуіріндегі №221-1, 1999 жылдың 2-тамызындағы №466 және 2000 жылдың 5-шілдесіндегі №75 шешімдеріне сай өзгерістер енгізілді [28, 80 б.].

Шетелдік инвестиция жөніндегі заң қабылданғаннан кейін «жекешелендіру» терминінің түсінігі кеңейді. Заң бойынша инвесторға мемлекеттік кәсіпорынды 10 жыл бойы басқаруға құқық беріледі. Бұл жерде инвестор өзі жұмыс істеген уақытта түскен табыстың белгілі пайызын алып отырады да қалған табыс мемлекеттік кәсіпорындардың қарызын қайтаруға жұмсалады деп күтілді. Қарашығанақ кен орынына тендер жариялаған кезде оған Ұлыбританияның «Бритиш Газ», Италияның «Аджип», Ресейдің «Лукойл» және тағы басқа компаниялар қатысты. 1992 жылдың 1-шілдесінде тендер қорытындысы жарияланады. Қарашығанақ кен орынын игеру құқығына «Бритиш Газ», «Аджип» компаниялары ие болады.

1995 жылдың 2-ші наурызында Алматы қаласында Қарашығанақты игеріп жатқан шетелдік компаниялар Альянсы («Бритиш Газ», «Аджип», «Газпром») және «Қазақгаз» МХК арасында келіссөздер жүргізілді. Ресейдің «Газпром» акционерлік

қоғамы Қарашығанақта өндірілген өнімді серіктестер жағына өткізгені үшін өз үлестерін белгіленген мөлшерден көбейтуді сұрайды. ҚР Үкіметі мұнай-газ кешені, құбыр құрылыстары және тасымал мәселелеріне Ресейліктердің көмегі сөзсіз қажет екенін түсінгенімен, «Газпром» АҚ-ның бұл талабын қабылдай алмады. Осылай екі жақтың келіспеушілігінен 1996 жылы «Газпром» Альянс мүшелігінен шығады. 1997 жылғы қарашаның 18-ші жұлдызында АҚШ-тың Вашингтон қаласында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен шетелдік компаниялар Альянсы арасында соңғы келіссөздер жүргізіледі. Келіссөздер нәтижесінде Альянс пен «Қазақойл» ҰМК арасында 40 жыл мерзімге арналған өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге қол қойылды. Оған сай Альянс мүшелерінің кенішті игеруге қатысты: «Тексако»- 20,0%, «Бритиш Газ»-32,5%, Италияның «Аджив»-32,5%, Ресейлік жаңа компания «Лукойл»-15% болып белгіленді. Қарашығанақта газ өңдеу кешенін салу мәселесі әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Өңдеу кешенінен кен орынының өнімін Батыс Еуропаға экспорттау үшін ресейлік «Газпром» ААҚ-ның келісімі керек. Ал олар өз кезегінде Қарашығанақ газын Орынбор газ өңдеу зауытында өңдеуді ұсынды. Алайда ҚР Үкіметі ол ұсынысты қолдамады. Алайда шетел инвестициясын тарту арқылы Қазақстанның барлық экономикалық мәселелері шешіліп кетеді деуге болмайды. Алда әлі түйіні шешілмей жатқан мәселелер еді.

ҚПО Қазақстан Республикасы Үкіметімен 1997 жылдың қарашасында өнімді бөлісу жөніндегі 40-жылдық негізгі келісімге қол қойған кезде, Қарашығанақ өнімін әлемдік нарыққа шығуын қамтамасыз ететін жаңа өндірістік нысандар салуды міндеттеріне алған болатын. 4,3 миллиард доллар құрайтын осы жобаның алғашқы кезеңі орындалып қойған еді. Атап айтқанда, «Қарашығанақ» қайта өңдеу кешені, газды жер қабатына қайта айдау және кешендік әзірлік қондырғысы, сондай-ақ Қарашығанақ - Үлкен Шаған - Атырау экспорттық құбыры сияқты жаңа нысандар салынып, іске қосылды.

Бүгінде Қарашығанақ мұнайы 635 шақырымдық құбырмен Каспий Құбыр Консорциумы жүйесі арқылы әлемдік нарыққа тасымалдануда. Мұның өзі Қазақстандығы ірі халықаралық жобалардың бірінің дамуындағы жаңа кезеңді паш етеді. 2014 жылы облыс кәсіпорындары 713,2 млрд. теңгенің өнімін шығарды, саланың нақты өсуі 112,5% құрады. Облыстағы өнеркәсіп өндірісі көлемінің шамамен 90 %-ы осы Қарашығанақ кенішіндегі өнімнің үлесіне тиеді. Оны «Эни», «БритишГаз», «Лукойл», «Шеврон-Тексако» компаниялар альянсы игеріп жатқаны мәлім. Мұнда көмірсутегі шикізатын өндіру көлемі жыл сайын ұлғаюда. 2015 жылдың он айдың өзінде 9769,6 мың тонна конденсат пен мұнай және 12736,6 млн. текше метр газ өндірілді, бұл 2013 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда тиісінше 317 мың тонна және 596 млн. текше метрге артық. Осыған сәйкес 2005 жылы көмірсутегі шикізатын өндіру болжамы бойынша 11928 мың тонна конденсат пен мұнайды және 15600 млн. текше метр газды құрамақ. Конденсат және газ өндіру өсімі тиісінше 2,73% және 3,97 %-ға жетпек. Қарашығанақ кенішін игеру барысында Қарашығанақ өңдеу кешені және мұнайды экспортқа шығаруға мүмкіндік берген Ақсай-Үлкен Шаған-Атырау газ құбыры салынды, қуаттылығы 160 МВт ГТЭС пайдалануға берілді [29, 96 б.].

2019 жылы облыс қажеттілігі үшін 50 МВт-ға дейін электр қуатын «ҚПО б.в.» компаниясы жеткізіледі. Қазіргі таңда «ҚПО б.в.» компаниясында үш мыңнан астам қазақстандық қызметкер жұмыс істейді. Сонымен қатар аталмыш компания Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік салаларын қолдауға қатысып келеді. 1998 жылдан бастап жаңа мектептер, ауруханалар, спорт құрылыстары және әлеуметтік-мәдени мақсаттағы нысандар, жолдар салынып, Орал мен Ақсай қалаларының көшелері абаттандырылды, облыстың елді мекендерін газдандыру және сумен қамтуға да өз үлестерін қосты. 2009 жылдан бастап облыс әкімінің бастамасымен консорциумның әлеуметтік жобаларға жыл сайынғы салымдары көлемі 10 млн. АҚШ долларынан 20 млн. АҚШ долларына ұлғайтылды. Бұл облыс тұрғындарының әлеуметтік-

экономикалық жағдайын біршама жақсартуға мүмкіндік береді. «Көгілдір отынмен» қамту - әлеуметтік мәселе ғана емес, сонымен бірге аймақтың, елдің дамығандығының белгісі. Облыста елді мекендерге газ тарту мәселесі біркелкі республикалық жоба бойынша жолға қойылған.

2018-2019 жылдары облыстық және республикалық бюджеттен газдандыру бағдарламасына сәйкес тиісінше 2 млрд. 763 млн. және 3 млрд. 16,2 млн. теңге бөлінді. Сондай-ақ үстіміздегі жылы «ҚПО б.в.» компаниясы әлеуметтік және инфрақұрылым жобалары үшін 990 млн. теңге бөлді. Өткен жылы Ақжайық, Бөкей ордасы, Жәнібек, Теректі аудандарының тоғыз елді мекеніне 156,3 шақырым газ құбыры тартылды. 2014 жылы жалпы ұзындығы 198 шақырым газ құбыры жүргізілді. «Қайрат-Мұратсай», «Мұратсай-Сайқын» магистралды газ құбырларын іске қосу Бөкей ордасы және Жәнібек аудандарының барлық елді мекендеріне газ жүргізуге жол ашты. «Мұратсай-Орда» газ құбыры пайдалануға берілді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында нақты атап көрсетті: «Біздің инвестициялық ақуалымыз неғұрлым қолайлы, ал Қазақстанға тартылған шетел инвестицияларының көлемі мен сапасы бойынша басты орынға шығу үшін бізге саяси ерік-жігер мен нақты іс-қимыл қажет. Әлемге әйгілі инвесторларды мүмкіндігінше көптеп тарту үшін біз қажетті тетіктерді пайдалануда аса шеберлік танытуға да тиіспіз» деді [30, 176 б.].

Облыс экономикасының дамуына қомақты үлес қосып отырған тағы бір ірі газ кен орны Чинарев айтуға болады. Кен орынның негізгі жұмыстар жаңа газ кен көздерін табу, барлау, сақтау, өнімді тасымалдау, өңдеу, табиғи газды магистралды жолдар арқылы тарату болып табылады. Шетел компанияларымен бірге жергілікті фирмаларда қызмет етуде.

2015 жылы екі мыңға жуық жаңа жұмыс көздері пайда болып, жергілікті халық жұмысқа тартылды. «Батыс Қазақстан құрылыс материалдар корпорациясы» мен «Қазақстан инвестициялық қоры» бірлесіп, қуаты жылына 45 мың тонна жоғары сапалы әк және 15 мың тонна құрғақ құрылыс қоспаларын шығаратын желіні іске қосты.

2018-2020 жылдарға кәсіпорын қуаты жылына 120 мың текше метр іші қуыс ұсақ бетондар және 3 млн. шаршы метр қуаты бар плиталық материалдар өндірістерін игеруді жоспарлауда. «Гидромаш Орион» инвестициялық компаниясы 2017 жылдың сәуірінен бастап, «XXI ғасыр үй құрылысы комбинаты» жобасын жүзеге асыруда. Жобаны іске асыруда жаңа технологиялар және жабдықтарды өндірушілердің үздіктері тартылуда. Тұрғын үй құрылысы комбинаты көп қабатты үйлер, әкімшілік және өндірістік ғимараттар құрылысына қазіргі заманғы еуропалық технологияларды енгізуді қолға алды.

Облыс өнеркәсібін дамытудағы мақсат-міндеттер Елбасының Қазақстан халқына «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» - атты Жолдауынан және «Нұр Отан» партиясының XII съезінде берген тапсырмаларынан туындайды және мұның аймақтарды индустрияландыру, жаңа өндіріс, жұмыс орындарын ашу мен отандық тауардың бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға бағытталғаны мәлім [31, 48 б.].

1990 жылдардың аяғында облыстағы түрлі меншіктегі және әр саладағы 110-нан астам кәсіпорындар әртүрлі өнімдерді шығарды. Ең ірі және даму деңгейі жоғары сала - машина жасау саласы болып, оның маңызы күннен күнге артып отырды, бұл ең алдымен одан түсетін пайданың молдығымен байланысты болды. Бұл кезеңде қалада машина жасау саласының негізін үш қорғаныс кәсіпорны – «Зенит» АҚ, «Омега» АҚ, «Металлист» АҚ және екі ғылыми-зерттеу институты – «Гидроприбор», «Микрография» құрады. Олар Қазақстанның әскери-теңіз күштерінің, «Интергаз» ААҚ, «КПО», «Ренко-Ақсай» ЖШС-нің және өзге елдердің тапсырысымен жұмыс жасады. Негізінен бұл кәсіпорындар өнеркәсіптің мұнай, газ өндіру саласы үшін қажет жабдықтарды, әскери кемелер, катерлермен қатар су асты құралдарын, өнеркәсіп

құралдарын, ауа, су ортасы экологиясын өлшейтін құралдарды, медицина мен тамақ өнеркәсібіне арналған құралдарды шығарады.

Жалпы 2015 жылы облыстағы өнеркәсіп құрылысының жеке салаларының үлес салмағына келсек ол мынадай деңгейде көрініс алды: машина жасау саласы -18%, құрылыс өнеркәсібі - 3%, тамақ өнеркәсібі -20%, жеңіл өнеркәсіп -7%, ұн-жарма -17%, қуат (энергетика) - 19%, басқа салалар -16% [32, 105 б.]. Өткен жылдармен салыстырғанда инфляция бірнеше өскендігін көруге болады.

Облыс орталығы Орал қаласында орналасқан Зенит зауытының аймақтың өнеркәсібі жағынан жақсы дамыған мекеме ретінде көрсетуіне өз себебін тигізуде.Еліміз егемендік алғаннан соң кемелердің техникалық мүмкіндігі жетіле түсуде. Орал қаласындағы Зенит зауыты отандық кеме жасау саласының көш басшысы Үшбу кәсіпорын 2018 - 2019 жылдары бедерінде су ығыстырылымдығы өндірісін тиімді игерді. Соңғы екі жыл да тоқырау болса да жаймен қайта қалпына келе бастады.

2020 жылға дейін зауыттан Бүркіт жобасы бойынша жеті кеме, «Сұңқар» сериясы кезінде төрт кеме, Каспий теңізін қорғайтын шекарашылардың иелігіне ұсынды. Сонымен қатар екі «Бүркіт» және бір «Сұңқар» кемесі күрделі жөндеуден өтіп, техникалық, новигациялық тұрғыдан жетілдірілді. «Зенит» зауыты машина жасау бағытындағы өндіріс орны болғандықтан, мұнда 60-қа жуық тауар түрлері шығарылды. Олардың ішінде: шағын диірмен, шұжық және нан бөлше шығаратын зауыт, өсімдік майы мен арақ – шарап өндіретін механикалық құрылымдар және тұрмыстық газбен жылытқыш қондырғылар мен халық тұтынатын тауарлар бар. Бұл өнімдерді сатып алушылар көрші ресейден де көптеп табылады. Зауыт халықаралық стандарттау ұйымы бекіткен ИСО-9000 халықаралық сапа жүйесі зауыттың бұл жүйеге кіруі оларға барлық талап тілектеріне жауап бере алатындай тауар өндіру міндетін қойып отыр.Қашығанақтағы отандық, шетелдік компаниялармен жиі тапсырыс болып жататындықтан, газ приборлары, мұнай газ саласына қажетті құрал жабдықтар, құрылымдар жасап шығару тұрақты қолға алынған. Осындай тапсырыс бірігушілер қатарында «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг» компаниясы, «РенкоАқсай», «Ақсайгазсервис» ААҚ бар.

«Гидроприбор» ғылыми зерттеу институты 2020 жылда 3 жоғарғы жылдамдықты шекара кемесінің құрылысын аяқтап, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметіне берді. «Зенит» зауыты отандық және шетел жаңа технологияларын қолдану арқылы су сыйымдылығы 230 тонна болатын «Барс» кемесінің құрылысын 2018 жылы аяқтап, пайдалануға берді. Бұған қоса аталмыш ұжымы шекарашыларға әскери бөлімшелерінде катер мен кемелерді әскеи дайындық күйінде ұстау үшін жағалаулық екі жөндеу шеберханасын дайындап берді. Әрине, жыл өткен сайын кемеңің техникалық мүмкіндіктері жетіле түсуде. Айдынға алғашқы түсірілген «Сұңқар» кемелерінің бірі болып табылады. Сондықтан «Зенит» жаңа белеске аяқ басты деуге толық негіз бар. Облыста еліміздің өзіне аймақтарындағыдай индустриялдық-инновациялық даму бағдарламасы қабылданып, соның аясында 2020 жылы жалпы құны 90 млрд теңгеден артық 9 жоба аяқталды.

Қазақстанның индустриялдық- инновациялық дамуының 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиясы бойынша негізгі күш экономиканың шикізаттық емес бағыттағы салаларында жұмыс істейтін бәсекеге қабілетті, соның ішінде, экспорттық бағдарланған өндірістерді дамытуға және құруға бағытталуы тиіс. Осыған орай, өнеркәсіпті дамытудағы негізгі мақсат - өңдеу өнеркәсібінің үлесін ұлғайту. 2016 жылы өңдеу өнеркәсіп кәсіпорындары 55,9 млрд. теңгенің өнімін берді. Осы саланың өндіріс көлемі металл өңдеу, тамақ өнеркәсібі өнімдерінің және машина жасау өндіріс көлемдерінің өсу есебінен 16,9%-ға артты. Республикалық индустрияландыру картасына енген 3 иновациялық жоба 2021 жылдың бірінші жартысында жүзеге асты. Олар қуаты 54 МВт газтрубиналық электр станциясының 1-энергоблогы; «Қарашығанақ-Орал» газ құбыры құрлысының 2-кезеңі; мия тамырларын өңдеу

цехының құрлысы салынды[33, 187 б.].

Батыс Қазақстан машина жасау компаниясы өз қаражаты есебінен «Газкомпрессорлық станса жабдықтарын және жоғарғы қысымдық ыдыстарды өндіретін цехтарды қайта жаңарту» жобасын жүзеге асыруда. Құрылыс-жинақтау жұмыстары аяқталған. Осы жоба шеңберінде «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы үшін мұнай-газ жабдықтары да даярлануда. Өз қаржысы есебінен 2017 жылы «Қазтрубпром» кәсіпорны негізінде Қазақстан аумағында теңдесі жоқ өндіріс - сорғы-компрессорлық құбырлар өндіру бойынша жаңа желі іске қосылды. Зауыт өнімі мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау, құрылыс салаларында пайдалануға бағытталған.

Мемлекет басшысының 2025 жылғы Қазақстан халқына «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Жолдауында «Тұрғын үйдің қолжетімділігі мен сапалылығы мемлекеттің барынша маңызы бар басымдықтарының бірі болып келеді және алдағы уақытта солай болып қала бермек» делінген.

Осыған орай облыс көлемінде осы салада да жемісті жұмыстар атқарылуда. Облыстағы тұрғын үй құрылысының дамуы негізгі құрылыс материалдары, бұйымдары және құрылымдары өндірісі көлемінің өсуіне әкелді. 2017 жылда 2006 жылмен салыстырғанда құрылыс материалдарының өсу деңгейі 50,7%-ды құрады. 2016-2019 жылдарға арналған құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрылымдары өнеркәсібін дамыту бағдарламасы шеңберінде «Градиент» инвестициялық орталығы арқылы облыстық қаржы есебінен «Базальт-Волокно» қазақ-қырғыз бірлескен кәсіпорны қуаты жылына 5 мың тонна базальттік плиталар шығаратын ірі жобасы жүзеге асты. Электронды пульттік басқарумен жұмыс жүргізетін жабдықтар орнатылып, іске қосылды. 2014-2016 жылдары облыстағы өндіріс орындарының жұмыстары қалыпты арнаға түсе бастады. Бірінен соң бірі іске қосылып, қарқынын үдете бастаған мекемелер толығымен нарыққа бейімделіп, өндірістік салада өз орындарын ала бастап, қазіргі таңда өндіріс орындарының жұмыстары оң нәтижелерге қол жеткізуде.

2018-2020 жж. аралығында өнеркәсіп өндірісінің көлемі он бес пайызға көтерілгендігін көруге болады. Кездескен қиыншылықтардан облыс әкімдігінің қолдауымен әр түрлі кредиттік жоба бойынша өз шағын бизнестерін одан әрі дамытқан мекемелер "Орал-Арма" ААҚ, "Жайықжылуқуат" ААҚ, «Жылуқуат», «Орал локомотив депосы», "Орал Металлист зауыты", «Орал қаласының отын қоймасы», «Аяз» ААҚ, «Береке», «Құбылай», «Жаңақала қой сою - ет мұздату» цехы, «Орал нан өнімдері» конбинаты, «Шаныбек» ЖСС, «Желаев нан өнімдері» конбинаты, «Аққайнар» АҚ және тағы басқаларын айтуға болады. 2020 жылы облыс деңгейінде 34 шағын кәсіпкерлік өндіріске қосылды.

БҚО республикамызда ғана емес көрші және шет мемлекеттермен де жоғары экономикалық, саяси, мәдени бағытта қарым- қатынастар орнатылды. Бұл байланыстар негізінен ХХ ғасырдың 60-жылдарында бастау алып, шет елдерге мия өнімдері, тері- тон бұйымдары, арматура өнімдерін шығарумен танымал болды.

Сонымен қатар қазіргі таңдағы БҚО экономикалық -саяси беделін айқындайтын тарихи оқиғалардың бірі шекаралық облыстардың ынтымақтастық форумының 2016 жылдың 3-4 қазан аралығында Орал қаласында өтуі. Форум аясында маңызы зор бірнеше құжаттарға қол қойылды. Қазақстан мен Ресей шекаралас облыстары басшыларының кездесу орны ретінде Орал қаласының таңдалуы кездейсоқтық емес. Себебі екі мемлекет арасында 94 бірлескен кәсіпорын жұмыс істеп, олардың тауар айналымы 10 млрд. АҚШ долларын құраса, соның 840 мың доллары Батыс Қазақстан облысының еншісінде[34, 59 б.].

Сонымен, 1991 - 2000 жылдарда БҚО өндіріс көлемі бірнеше есе қысқарып, қаржыландырудың барлық көздері бойынша күрделі салымдар көрсеткіші ең төменгі деңгейге жетеді. Сондықтан республика көлемінде дағдарыстан қалай шығу керек деген мәселе көтерілді. Осындай жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңа

кезеңдегі жүзеге асырған алғашқы шараларының бірі – шағын және орта бизнесті көтеру болды. Жеңілдетілген несиелер ұсынылды. 2000 - 2015 жылдар аралығында қай салаға болмасын берілген несиелер қайтарылып, өнім салалары өсе бастайды.

2019 жылы ИИДМБ және Индустрияландыру картасы шеңберінде 536 жұмыс орын құрылумен 8,3 млрд. теңгеге 9 жоба іске қосу жоспарланған: олардың қатарында «Жапбарқұлов Ж.К.» ЖК - Макаров кірпіш зауыты. Құны 130 млн. теңге. Қуаттылығы жылына 5 млн. дана. Жұмыс орнымен 30 адамды қамтиды; «Урал Электрик» ЖШС Электр қалқандар өндірісі. Құны 500 млн. теңге. Қуаттылығы жылына 520 дана. Жұмыс орны 120; «Жайық Агро LTD» ЖШС Құс фабрикасының құрылысы. Құны 4 200 млн. теңге. Қуаттылығы жылына 6000 тонна. Жұмыс орны 150; «KAZKON» кондитерлік фабрикасы «Енсепова М.Б.» ЖК Құрғақ таңғы ас өндірісін ұйымдастыру. Құны 194 млн. теңге. Қуаттылығы жылына/2791 тонна. Жұмыс орны 24; «Желаев нан өңдеу комбинаты» АҚ Макарон фабрикасының құрылысы. Құны 1594 млн. теңге. Қуаттылығы жылына/13 728 тонна. Жұмыс орны 68; «Бірлік» ЖШС Асфальт-бетон зауытының құрылысы. Құны 275 млн. теңге. Қуаттылығы жылына/90 000 тонна. Жұмыс орны 24; «Агран» ЖШС сэндвич-панель өндірісі. Құны 800 млн.теңге. Қуаттылығы жылына 500 мың шаршы метр. Жұмыс орны 20; ТОО «Eurasian Trend» Есіктер өндірісі. Құны 200,0 млн. теңге. Қуаттылығы айына/10 мың дана. Жұмыс орны 50; ТОО «As&Ar COLLECTION» Аяқ киім тігу фабрикасы. Құны 376,0 млн. теңге. Қуаттылығы айына/1000 жұп. Жұмыс орны – 50. Негізгі капиталға инвестициялар 335,4 млрд. теңге құрады, бұл 2015 жылғы тиісті кезең деңгейінен 7,6%-ға аз[35, 54 б.].

Қазіргі таңда жалпы Батыс Қазақстан облысында әлемнің 34 елінен 211 шетелдік және 140-тан астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Республиканың экономикасына тартылған шетел компанияларының инвестициялық бөлімінің басым бөлігі Батыс Қазақстан облысының өндіріс орындарының еншісінде. Мұның өзі облыстың нарықтық экономиканың талаптарына сай, ірі серіктес маңызы бар аймақ бола алатындығын айғақтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру// Егемен Қазақстан, -2017 -12 сәуір.
2. Журасова А.Ш. Орал қаласының тарихы: әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму аспектілері (1946-2000жж)// Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. -Орал.- 2007.
3. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: Арыс.-2002. -592б.
4. Герасимова Э.И. Уральск. Исторический очерк (1613-1917гг).- Алма-Ата: Наука.1969.-214с.
5. Ашимбаев Т.Экономика Казахстана на пути к рынку: тенденции и размышления.- Алма-Ата.:Казахстан. 1994.-168с.
6. Пармонов В.В. Экономика Казахстана (1990-1998гг).-Алматы:Ғылым. 2000, -196с.
7. РысбековТ.З., Бірімжаров Б.Қ., Құрманалин С.Б., ЖақсығалиевЖ.Ж. Батыс Қазақстан облысының тарихы.- Орал.2001.-174 б.
8. Рысбеков Т.З., Мухлисова З.К., Иночкин В.А. История Западно-Казахстанской области. –Уральск.- 2003.-236с.
9. РысбековТ.З. Таңдамалы шығармалары, 5 томдық жинақ.- Орал.-2017.
10. Серикова Л.С.Қазақстанның мұнай-газ кешендерінің даму тарихы (1985-2010жж). (Батыс Қазақстан өңірінің материалдары негізінде)// Тарих ғылымдарының

кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.- Орал.- 2006.-149 б.

11. Сдыков М.Н. История населения Западного Казахстана.- Алматы.-2004.-408с.

12. Балыкова А.М.Батыс Қазақстанның қала халқы: әлеуметтік -демографиялық аспектісі (1926-1989 жж)// Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Орал:- 2007ж.

13. Жайсаң Ақбай. Ритмы Ақ Жайық. – Уральск. 2002.

14. Батыс Қазақстан тарихынан.- Ақтөбе.- 2006.- 524 б.

15. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия.- Алматы: Арыс. -2010.-575б.

16. Берденова К.Ә., Құбаев Қ.Е., Кәрібай А.Ш. Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы мен экономикалық даму негіздері.- Алматы: Экономика-1998 .- 257 б.

17. Назарбаев Н.Ә.Сындарлы 10 жыл.- Алматы:-Атамұра.- 2003. -240 б

18. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Жарлығы «Шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдану жөніндегі шаралар» // Егемен Қазақстан -1997.- 19 маусым

19. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан экономикалық , әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында Қазақстан халқына жолдауы //Егемен Қазақстан.-2005- 16 ақпан

20. ҚР Конституциясы. –Алматы: Қазақстан. -2003.-36 б.

21. ҚР мүгедектердің әлеуметтік қорғау туралы заңы // Егемен Қазақстан.-1991.-21 маусым

22. ҚР Үкіметінің 1994 жылғы республикалық бюджет бекіту туралы Жарлығы // Егемен Қазақстан.- 1994.-10 қаңтар

23. ҚР Үкіметінің 1996 жылғы 12 сәуірдегі №437 мемлекеттікбағдарламасына байланысты «Тұрғын үй» мәселесіне қатыстыБҚО бойынша ақпарат// Орал өңірі.- 1996.-28 мамыр.

24. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан-2030” стратегиясы – ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы.- Алматы, 1997. -18 б.

25. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев«Дағдарыстан - жаңару мен дамуға арналған бағдарлама»,ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 29 қарашадағы №1116 Қаулысы// Нұр отан XII съезд материалдары //Егемен Қазақстан.- 2013.- 31 шілде.

26. 2004-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамуаймақтық бағдарламасы // Егемен Қазақстан.- 2010.

27. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму атты Қазақстан халқына арналған Жолдауы//Егеменді Қазақстан.- 2015.-30 қараша

28. ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 25 қаңтарындағы №35 қаулы//Егемен Қазақстан. 2013.- 21 маусым.

29. 2011-2015 ж ірі қара малы етінің экспорттың әлеуетін арттыру бағдарламасы//Егемен Қазақстан.-№102.-2010.-21 желтоқсан.

30. Агробизнес 2020 бағдарламасының қабылдануы//Егемен Қазақстан.-2016.- 28 қаңтар.

31. ҚР 2001 жылғы 23 қаңтардағы ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңы //- Алматы, 2001.

32. ҚР әлеуметтік-мәдени дамуының тұжырымдамасы,- 1993.- 17 қараша.

33. Балықова А.М.Батыс Қазақстанның қала халқы: әлеуметтік -демографиялық аспектісі (1926-1989 жж)//Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –Орал.- 2007.

34. Н.Ә.Назарбаев 2015-2018 жж аралығындағы елдің әлеуметтік даму стратегиясы//Егемен Қазақстан.- 2014.- 28 қаңтар.

35. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев 2000- 2002 жж арналған бағдарламасы //Егемен Қазақстан.- 1999.- 8 қаңтар.

36. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның әлеуметтік жаңғырылуы: Жалпыға ортақ Еңбек қоғамының қарай 20 қадам//Егемен Қазақстан-1999- 8 қаңтар.

37. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев 2003 ж ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары// Егемен Қазақстан.- 2002.-20 сәуір.

38. 2020 - жұмыспен қамту, жол картасы мемлекеттік бағдарламасы// Егемен Қазақстан. -2016.-18 ақпан.

ӘОЖ 94 (574)

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨШІ-ҚОН СИПАТЫ

ТУЛЕУГАЛИЕВ А.Ж.

*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
университетінің магистранты*

Көші-қон мен демографиялық өсім – Қазақстан үшін ең маңызды мәселелер. Мемлекеттің негізгі саясаты да осы мәселені оңтайлы шешуге бағытталып отыр. Небір алмағайып заман мен қилы күндерді артта қалдырған халқымыз өзінің несібесіне бұйырған байтақ даласын күні бүгінге дейін қорғаумен келеді. Ұланғайыр жерімізге ары қарай да ие болу үшін қазақтың саны артқаны қажет. Халқымыздың саны демографиялық өсім және сырттағы қандастарымызды елге қайтару арқылы жүзеге асатыны белгілі. Ел тәуелсіздігінің арқасында кезінде шекара асқан қандастарымыз Отандарына оралды. Мамандар келтірген дерекке сүйенсек, өзге елдегі қандастарымызды қайтару бойынша Қазақстан Германия мен Израильден кейінгі үшінші орында екен [1, 228].

Көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасында этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуына арнайы жоспар жасалған. Қазақстан Республикасы тәуелсіздіктің барлық жылдары этникалық қазақтардың ерікті түрде елге оралуын ынталандыру саясатын жүргізуде. 2000 жылдың басындағы деректе Қазақстанның өзінде қазақтар 8 млн 590 мың, бұрынғы посткеңестік, қазіргі дербес республикаларда 3 млн 837 мың, шалғай шетелдерде 2 млн 263 мың болған екен. Айталық, Өзбекстанда – 2560 мың, Ресейде – 100 мың, Түркіменстанда – 140 мың, Қырғыстанда – 95 мың, Украинада – 15 мың, Белоруссияда – 5 мың, Азербайжанда – 4 мың, Грузияда – 3 мың, Молавада – 3 мың, Прибалтикада – 2,5 мың. Қытайда – 2000 мың, Монғолияда – 100 мың, Ауғанстанда – 30 мың, Түркияда – 25 мың, АҚШ-та 14 мың, Иранда – 10 мың, Алманияда – 9 мың, Канадада – 7 мың, Францияда – 9 мың, Иракта – 5 мың. Миграциялық ағым Қазақстанға негізінен осы аталған елдерден күшейе түсуде [2, 28].

Соңғы жылдары Қарақалпақстандағы қазақтардың үштен бірі, Түркіменстандағылардың үштен екісі өздері шыққан атамекені Қазақстанға қайтқан. Бұл процес осылайша стихиялы түрде жүре берсе, 2020-2030 жылдары қазақтың саны едәуір көбейеді деген болжам бар. Сондай-ақ алдағы он жылдықта Қазақстанға 300 мыңдай қазақ қайтуы ықтимал, 1996 жылы Монғолиядан 130 мыңға жетерлік қандастар көшіп келген екен [3].

1991-2019 жылдар аралығында оралман мәртебесін 304 839 отбасы немесе 1042589 адам алған [4]. Қазіргі таңда еліміз әр жыл сайын қандастарымызды елге қайтару үшін бөлінетін мемлекеттік квотаның көлемін көбейте түсті. Кез келген шетелден өз еліне

көшіп келген азамат белгілі бір қиындықтарға тап болатыны белгілі жағдай. Көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасында осы мәселе де қамтылған. Этникалық қазақтар алдымен тұрғылықты жерінен отанына қайту үшін рұқсат алуы керек. Ол мемлекет Қазақстан Республикасымен Көші-қон туралы келісім шарт жасасқан болса онда қандасымызға виза алу көп қиындық болмайды. Ал егер де ондай келісім-шарт жасалмаса онда виза алу да көп қиындықтар болады.

Қазақстанға келгеннен кейінгі азаматтық алу қиындықтары бар. Азаматтық алғаннан кейін берілмейтін жәрдем ақының тоқтатылуы. Мамандығы бойынша жұмыс табу, егерде мамандығы болмаса жұмыс табу қиындығы, әлеуметтік жағдайының нашарлауы т.б. Көшіп келудің түрлі қиындықтарына қарамастан көшті тоқтатпау керек. Үкіметтің осы мақсатта жүргізіліп жатқан жұмыстары да оралмандарды қолдау мақсатында іске асуда. Жан-жақта тарыдай шашылған қандастарымызды көшіріп әкеле алсақ 2025 жылы Қазақстандағы халықтың санын 20 млн адамға жетуі мүмкін [5].

Көші-қон дегеніміз тұрғылықты өзгерту не оған қайтадан қайтып келу мақсатында адамдардың шекара арқылы белгілі бір аумақ арқылы қозғалысы болып табылады. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес: «көші-қон – жеке тұлғалардың бір мемлекеттен басқа мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішінде тұрақты немесе уақытша, ерікті немесе мәжбүрлі қоныс ауыстыруы» - деп түсініледі [6].

Елімізге халықтың табиғи аз өсімінің орнын толтырған көшіп келушілер ағымын реттеуге бағытталған жаңа жолдар іздеп табу қажет. Оларды жыныстық, жастық ерекшеліктеріне қарай, денсаулығының жағдайына, кәсібіне қарап пайдалы етіп ынталандыру керек. Сонымен қатар халық санын сақтап қалуды ойлай отырып, шетелден жоғары кәсіби мамандарды жұмыс күші етіп тартуды дамыту қажет. Еліміздің ішкі көші-қонын реттеу барысында, азаматтардың тіршілік етуін қолдай отырып, жұмыс күшін көтермелеуге бағытталған шаралар кешенін жасау қажеттілігі туындап отыр. Республикамызда көші-қон үрдістерін реттейтін заңнамалардың іске асуы баяу жүрді.

КСРО-ның ыдырауымен тез арада бірқатар заңдарды қабылдау қажеттілігі туды. Қазақстан тәуелсіздік алуымен шетелдерге көшіп кетушілермен, жақын елдерден көшіп келушілерді мемлекеттік құқықтық тұрғыдан реттеу керек болды. Осы ретте 26 маусым 1992 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Көшіп келу туралы заңын, 1992 жылы Алматыда Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайын атап кеткен жөн [7, 16].

Көші-қонның жағымды жақтарына қазіргі еліміздің басынан кешіріп жатқан экономикалық дағдарыстан шығуға ықпал жасайтын экономикалық белсенді адамдардың өсуін талап етеді. Мұндай көшіп-келушілердің көбісі жеке бизнеспен айналысуға ұмтылады. Көші-қонның жағымсыз жақтары да бар: біріншіден, көшіп келушілердің мінез-құлқы, тұрмыс – салты, мәдениеті еліміздің тұрғылықты халқының ділімен, мәдениетімен ұқсас па, жоқ одан алыс па соған кері әсер етуі мүмкін; екіншіден, тұрғылықты халықтың шетелден келген адамды қалай қабылдайтыны ол да беймәлім мәселе. Әр түрлі этникалық, нәсілдік, діни наным-сенімдері бар халықтың араласып өмір сүруі адамдардың қарым-қатынас жасауда қиыншылыққа әкеліп соғуы мүмкін, олардың арасында қақтығыстардың болуы мүмкін. Оның нәтижесі көрші болып тұрған адамдардың қақтығысынан бастап, әр түрлі топтық бұзақылық пен митинг, демонстрациялармен аяқталуы мүмкін.

Халықаралық құқықтық деңгейде көші-қон үрдісін реттейтін құжаттарды атап кеткен жөн: 1951 жылғы «Босқындардың мәртебесі туралы» Конвенция және 1967 жылғы оның Хаттамасы, БҰҰ-ның «Еңбек етуші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің барлық құқықтарын қорғау туралы» Конвенциясы [8, 99].

ТМД мемлекеттері шеңберінде қабылданған халықаралық құжаттарды, мемлекетаралық келісімдер мен шарттарды айтып кеткен жөн: ТМД мемлекет–

қатысушыларының заңсыз көші-қонмен күресудегі ынтымақтастық туралы әртүрлі шарттар және т.б. Сонымен қатар, көші-қоны үрдісін реттейтін бірқатар ұлттық заңнамалар да баршылық. Олар, 20 желтоқсан 1991 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының заңы, 19 маусым 1995 жылы «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының заңы қабылданды [8, 99]. Бұл заң шетел азаматының Қазақстан Республикасы аумағында кіріп, жүріп-тұруын және шығуын реттейді. Сонымен бірге көші-қон үрдісін реттейтін әр түрлі тұжырымдамалар мен бағдарламалар қабылданды. Олар: «Этникалық қазақтардың тарихи отанына қайта оралуы туралы» тұжырымдама, «Жібек жолы: өңірлік ынтымақтастық пен даму мақсатында мүдделерді күшейту» өңірлік бағдарламасы, «2009-2011 жылдарға арналған Нұрлы Көш» бағдарламалары [9].

Еліміз оралмандарға керекті әлеуметтік көмек беріп, қолдау көрсетеді. Қазіргі кезде бір уақытылы жәрдемақы, тұрғын үй алуға ақы, жүріп тұрғаны мен мүлкін тасуына орта есеппен 5 адамнан тұратын отбасыға 833 мың теңгеден бөлінеді. Елімізде оралмандарды уақытша орналастыратын 14-ке жуық орталықтар қызмет етеді [9].

Көші-қоны үрдісінде көшіп жүретіндердің құқықтарын реттеу үшін ең маңыздысы болып - азаматтық институт табылады. Оның маңызы көшіп келушілердің еліміздің азаматтығын алуға ниет білдіргенінен басталады. Осыған орай азаматтықты алу мен тоқтатудың да құқықтық реттелуінің маңызы зор. 20 желтоқсан 1991 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының Азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының заңы бойынша азаматтықты ала алмайтындар белгіленген [10]. Олар: қылмыстылықпен байланысты; Қазақстан Республикасы аумағының бірлігі мен біртұтастығын бұзуға байланысты; халықтың денсаулығы мен мемлекеттік қауіпсіздікке зиян әкелетін; мемлекетаралық, халықаралық және діни алауыздықты жандыратын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінің қызмет етуіне қарсылықтың болуына байланысты; басқа мемлекеттердің азаматтығында болуымен байланысты жағдайларды қамтиды.

Отандастар үшін бұл заңда азаматтық алу тәртібі жеңілдетілген. Елімізде азаматтық мәселе тек ұлттық заңнамалармен ғана емес, сонымен қатар, халықаралық құжаттармен де реттелінеді. Мысалы, 19 қаңтар 1996 жылы Мәскеу қаласында ТМД мемлекеттер-қатысушылар азаматтарының азаматтық алу тәртібінің жеңілдетілуі туралы Конвенция қабылданды. Бұл құжатта ТМД мемлекеттер- қатысушылардың азаматтарының азаматтық алу тәртібінің жеңілдетілген нысанын көздейді. Егер арызданушы бұрын КСРО-ның азаматтылығында болып, сол аумақта 21 желтоқсан 1991 жылға дейін және Конвенцияның күшіне енуіне дейін тұрса және де егер арыз берушінің туған- туыстары, ері не зайыбы, баласы, әкесі не анасы, ағасы, атасы не апасы, немерелері келісіліп жатқан жақтың аумағында тұрақты тұрып, оның азаматы болса, азаматтықты жеңілдетілген түрде алады [11, 27]. Соның ішінде Белоруссия Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикалары мен Ресей Федерациясы арасында азаматтықты алу тәртібін жеңілдету туралы келісімдері жасалған.

Қазақстандағы көші-қон үрдістерінің көлемі өсіп, олардың саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға әсер етуі кеңейеді. Қазіргі кездің өзінде республикамыз көші-қон ағымының әсерін сезініп жатыр. Сонымен қатар, елімізде көші-қонының ұлттық, өңірлік және әлемдік бағытта дамуына мүмкіншілік беретін мониторинг жүйесі жоқ. Мемлекетте көші-қон аясындағы қызметті жетілдіру мен мәжбүрлі көші-қон бойынша көшіп келгендердің құқығын қалпына келтіру қиындыққа ұшырап отыр. Республикада паспорттық- визалық режимді нығайту қажет. Сонымен қатар, мемлекет аумағына келуші шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркейтін жүйені жетілдіру қажет. Басқа мемлекеттерден республика аумағын бөлетін шекара қызметін күшейту қажет. Осы аядағы қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актінің бірі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12 шілде 2000 жылы қабылданған «Қазақстан

Республикасының халқын құжаттандыру мен тіркеу ережесі туралы» № 1063 Қаулысы болып табылады [12].

Бүгінгі таңда Қазақстанда паспорттық–визалық құжаттарды даярлау мен енгізуде жаңа тәсілдер қолданылуда. Сонымен қатар, ТМД елдерінен шекара арқылы өту кезінде визасыз өтетін жағдайлардың тізімін қысқарту қажет. Шекарада қатаң бақылау жүргізілуін жетілдіру керек. Осындай шараларды жүзеге асыру арқылы елдің демографиялық жағдайын біршама жақсартуға болады. Халықтың санын көші-қоны тұрғысынан толықтырудың нәтижесі адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды қиындатпау қажет.

Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының мақсаты - еліміздің ұлттық бірдейлігі мен қауіпсіздігін сақтау және дамыту шеңберінде заңсыз көші-қонды қысқарту мен сұрыптаушылық көші-қонды қалыптастыру жолымен көші-қон процестерінің келеңсіз салдарын азайту болып табылады. Сонымен, мемлекеттің миграциялық қызметі, мемлекеттің басқа да қызметтері сияқты, Қазақстан Республикасының демографиялық мүдделерін қорғауға, демографиялық үрдістерді реттеуге, шешуге бағытталған.

Елдегі халық санының өсуіне ықпал ететін, үлкен маңызға ие болып табылатын көші-қон үрдістерін реттеудегі мемлекеттің қызметін демография саласындағы мемлекет қызметінің бір бөлігі етіп белгілеуге болады. Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін демографиялық үрдістердің бір бөлігін қамтитын көші-қон саясатын тиімді етіп жүргізу қажет. Ол үшін көші-қон саясаты, сонымен қатар, демографиялық саясаттың өзі де мемлекеттің ішкі саясатының маңызды бөлігі болуы тиіс. Елімізде жүргізіліп отырған көші-қон саясаты мемлекеттің экономикалық, саяси, әлеуметтік жағынан өсіп-өркендеуге ықпал етуге, егеменділік пен тәуелсіздікті сақтап қалуға, мемлекеттік, ұлттық, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, аумақтық біртұтастықты сақтап қалуға бағытталуы қажет. Осы мақсатта көші-қон саласын реттейтін қазіргі заманның талабына сай заңнамаларды жетілдіріп, дамытсақ жеткілікті іс.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Алмагамбетов Б.Б., Суйеуенов А.Б. Миграция түсінігі, мәні және түрлері. Ғылыми конференцияның материалдар жинағы. Алматы қ, 26-27 қараша, 2010 ж.
2. Қиянатұлы З. Монғолиядағы қазақтар. Алматы: ДҚК, 2007. -155б.
3. Касенова А. Межпереписной анализ демографической ситуации в Республике Казахстан // www.stat.kz.
4. Шокаманов Е.К. Демографическое развитие Казахстана: состояние и перспективы / <http://ia-centr.ru>.
5. Сулейменов А. Қазақстанның көші-қон саясаты. Qazaqstan tarihy порталы. <https://e-history.kz/kz/contacts/>. 27 сәуір, 2021 ж.
6. Көші-қон туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 1997 жылы 13 желтоқсан.
7. Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы. Алматы: Қазақстан, 2009. – 16б.
8. Иватова Л.М., Құрманбаева Ш.А., Мейірманов С.Т. Қазақстан Республикасындағы миграциялық процестер және саясат. Алматы: Қарасай. 2006, -99 б
9. Оспанова Р.Р. Тәуелсіз Қазақстандағы көші-қон үрдісі және «Нұрлы көш» бағдарламасының тарихи маңызы. <https://ulagat.com/> ресми порталы. 10 желтоқсан, 2020ж.
10. «Қазақстан Республикасының Азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының заңы. 20 желтоқсан, 1991 ж.
11. Сыртқы көшіп-қонуды мемлекеттік реттеу. Алматы: Халықаралық Бизнес Университеті, Хабаршы №2 (4), 2007 ж. – 27-б.

12. Уәлиұлы Н. «Оралман» сөзін олқы көрмейік // «Ана тілі» газеті, 31 мамыр, 2009ж.

ӘОЖ 94 (574)

МЕРГЕН АУЫЛЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

ҒҰБАЙ А.С.

М.Өтемісов атындағы БҚУ оқытушысы, магистр

Елді мекен тарихын зерттеу кезінде ол жердің әр кездегі әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерделеу міндеті қойылады. Халық өміріне тікелей қатысты маңызды салалар бойынша елді мекеннің даму тарихы аса маңызды. Әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарап-ақ халықтың мұң-мұқтажын анықтап, оны оң шешуде қалыптасқан тұлғалардың қызметіне баға беруге болады. Сол арқылы ауылдың тарихына жан-жақты қырынан қарап, зерделеуге мүмкіндік туады.

Мерген – ауыл, Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданының әкімшілік округ орталығы. Жайық өзенінің оң жақ жағасында орналасқан. Жері шалғынды қоңыр, бозғылт қоңыр топырақты. Астық тұқымдас шөптер аралас, бетеге, қау, боз шөптері өседі. Тұрғыны 1797 адам (2005). Іргесі 1963 жылы Куйбышев атындағы қой кеңшарының құрылуына байланысты қаланды. 1997 ж. округ болды. Оған Горячкин, Жолан ауылдары қарайды. Жерінің көлемі 6124 га, оның ауыл шаруашылығына жарамдысы 61089 га, одан шабындығы – 5547 га, жайылымы – 5542 га. Шаруа қожалықтары 24,46 адам шағын кәсіпкерлікпен айналысады. Тұрғындары мал шаруашылығымен шұғылданады. Көкөніс, картоп, бау-бақша өсіреді. 2924 бас ірі, 6183 бас қой-ешкі, 235 бас жылқы, 2520 бас құс бар. 2 мектеп, дәрігерлік – акушерлік және 2 фельдшерлік пункт жұмыс жасайды. Мәдениет үйі (2), клуб, 3 кітапхана бар [1,294б].

Куйбышев атындағы қой кеңшар 1963 жылдың қаңтарында құрылған. Совхоздың негізгі міндеттері дақылдарды дұрыс орналастыру арқылы ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын арттыру, асыл тұқымды және селекциялық жұмыстарды жолға қою, мал өнімділігін арттыру, әсіресе қой басын көбейту, мал шаруашылығы өнімінің өндірісін ұлғайту болды. Совхоз мемлекетке ет өткізу үшін малды жақсылап өріске жайып, азығын беріп мал шаруашылығының дамуына үлкен үлес қосқан. Аудан орталығынан 35 км қашықтықта орналасқан Мерген ауылындағы совхоздың орталық ғимараты. Осы жылдар ішінде кеңшар штатының құрылымы мынадай болды: директор, директордың орынбасары, бас мамандар: экономист, зоотехник, агроном, ветдәрігер, инженер-механик, инженер-құрылысшы, гидротехник, бухгалтер, кадрлар бөлімінің инспекторы, кассир және т.б. Бұдан басқа, ведомствоға қарасты үш бөлімшелер болды. Мал шаруашылығы фермасы, автопарк, машина жөндеу шеберханасы, сонымен қатар бірнеше қосалқы бөлімшелер болды. Кейіннен 1964 жылдан бастап балабақша кеңшардың қарамағына өтті, бұған дейін Мерген ауылдық кеңесінде болды [2,150б].

1967 жылы кеңшардың еңбеккерлері механизаторлар мен малшылар мемлекетке өнім тапсыру бойынша барлық тапсырмаларды орындап, кеңшар алғаш рет жылды табыспен аяқтады. Жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізгендері үшін совхоз өз озаттарын Құрмет тақтасына алды. Жоғары өндірістік көрсеткіштер үшін және астық жинауда белсенділігі және әлеуметтік міндеттерді сәтті орындағандары үшін ақшалай сыйақыларға ие болды. [3,192б].

1979 жылы трактористер мен комбайнерлердің және жүргізушілермен механизаторлардың бес айлық курстар ұйымдастырылды. Дәріс тыңдаушыларына айына 14 рубль степендия тағайындалды. 1994 жылдан бастап совхоз «Мерген»

ұжымдық қауымдастығына берілді. 1996 жылы Мерген ұжымдық қауымдастығы шаруашылық кооперативке айналды [4,1196].

1923 жылы осы аталған Орал уезі құрамындағы 13 болыстың бірі Ілбішін болысы болған. «Красный Урал» газетінің 1923 жылғы 3 қаңтардағы санында берілген деректер бойынша болысқа Бударин, Кожехар, Мерген т.б. 41 елді мекен, 10 селолық Совет кірген. 6814 шаршы верст аумақты алып жатқан болыста 5320 тұрғын тіркелді.

Селолық Советтер уезд аумағында құрылғанмен ұлттық құрамы әлеуметтік-сословиелік жағдайы, саяси ұстанымы әртүрлі халыққа басында бірден тиімді басшылық жасай алмады. Мысалы, Мерген селолық Советі осы ауылдағы ескі есауыл Бородиннің бос қалған үлкен үйін мектепке беру орнына, кулак Власов дегеннің иемденіп кетуіне жол берді. Жергілікті Советтің босбелдеу, ымырашылдығын пайдаланылған, Власов Горячкиндегі купец Боровковтың зәулім үйін де өз меншігіне айналдырды.

Жалпы уезд аумағындағы станицалардың басым бөлігінде партия, комсомол, кәсіподақ, пионер ұйымдары мен несиелік серіктестіктер (бірнеше кедй отбасылары бірлесіп тұқымдық бидай, мал алу үшін үкіметтен несие қаржы алушылар) құрылмады. Станицалық ауқаттылар мен кулактар Кеңестік іс-шаралардың бәріне кедергі келтіріп, халықты большевиктік билікке қарсы үгіттеуі тиылмады. Сондай елдімекендердің бірі және 900–ге тарта тұрғыны бар ең ірісі – Мерген болды. Кеңестік билік орнағанына 6 жыл өтсе де, мергендіктер мәдени көпшілік шаралар өткізуге, мектеп жасындағы балаларды оқытуға, қоғамдасқан шағын шаруашылық бірлестіктер, серітестіктер құруға, ересектер сауатын ашуға, оқу үйін ұйымдастыруға еш ынта танытпады. Ұжымшар, артельдер құруға үзілді-кесілді өте қарсы шықты. Алғашқы кезде кеңестік және партия қызметкерлері үшін елді ояту, жаңа өмірге бастау қаншалықты қиын болғаны, міне, осы мергендіктер мысалынан айқын көрініп тұр. Орал-Ілбішін-Калмыков бағытында жүк тасымалы революцияға дейін ат-арба, өгіз арба, түйеге жүк арту арқылы жүзеге асырылып келген. Қарасы көп болмағанымен, 10, 20 кейде одан да көп жүк арбалардың Орал-Гурьев бағытында топтасып қозғалған керуені қысы-жазы үзілмеген. Жиырмасыншы жылдардың ортасында мергендіктерден су жолын пайдалану жөнінде ұсыныс түскен. Жергілікті билік 1925 жылы Орал астығын Мергенге параходпен жеткізбек болады. Бірақ бұл диханшы-шаруаларға қымбатқа түскендіктен, ізінше тоқтап қалады. Осы жылдары Орал-Мерген-Атырау бағытында негізінен «Дема», «Халтурин» аталған пароходтардың тұрақты жүрісі реттеліп, жолаушы тасымалына жан біткендей болды[5,1686].

1924 жылы өңірде жұт болды. Көктем шыға Ілбішін қаласының тұрғындары, бірі елең-алаңмен ау-қармағын арқалап өзенге қарай беттесе, екіншілері өгіз арбамен егістікке жетуге асығып жүретін. Мергендіктер өткен жазда қысқа жетерлік мал азығын дайындап үлгермеген. Дайындалғаны күзгі жаңбырмен жарамсыз болды. Балық аулаға құрал-сайман тапшы. Көктемгі егіске барлығы 25 плуг пен шыққан. Осы жылы мұнда қарасаннан 70 бас мүйізді ірі қара шығын болған. Жалпы уезд бойынша Бударин болысынан өзге жерлерде жиі жауып өткен көктемгі жаңбырлар егін түсімін жылдағыдан жақсартады деген диханшы үмітін оятты. Мергендік шаруалар көктемгі далалық жұмыстарға өткен жылы 25 плуг шығарса, бұл жылы 46 данасын жұмысқа қосқан. Мүйізді ірі қараның індеті қайталанған жоқ. Уездегі жалпы ахуалды бағалау және болашағын жоспарлау үшін бірінші кезекте оның тұрғындары мен мал-мүлкіне санақ жүргізілуі маңызды болған. 1920-1922 жылдары кеңестік санақтың да барысы осы ретте жүріп, толыққанды мәлімет бере алмаған. Соның ішінде Мерген болысында 1921 жылы желтоқсанда 4858 тұрғын, 723 бас жеккі өгіз, асыл тұқымды сиыр 907 бас болса, келесі 1922 жылғы наурызда 2994 тұрғын, 577 бас жеккі өгіз, 380 бас асыл тұқымды сиыр болған. 352 пұт жаздық бидай, 622 пұт тары үкіметтен тұқымдық суда түрінде алынып егілген болатын.

1923-1924 жылдары Балық аулау кәсібін жандандырып, салаға ұжымдасып еңбек ету (болашақ, колхоз) дағдысын енгізу мақсатында уезд балықшыларының серіктестіктері құрыла бастады. Қайсыбір шағын елдімекен тұрғындары түгел бір серіктестікке мүше болып кірсе, Қарсы ауылында 23 отбасының қожайыны 19 ау, 2 қайық, бірнеше су өткізбейтін киім, т.б. құралдарымен өз серіктестігін құрды. Мергенде 32 үйдің, Котельное (Калмыков уезі) ауылында 23 үйдің қожайыны бірікті. Сонымен қатар, 1926 жылы 1 желтоқсанда Ілбішін болысына қарасты Мерген ауылында несиелік серіктестіктердің уездік жиыны шақырылды. Жиын барысында өңірдің барлық елді мекендері бірнеше несиелік серіктестіктерге топтастырып, болашақ жұмысы қызу талқыланады. Мысалы, Мерген несиелік серіктестігіне Мерген, Ілбішін, Горячкин, қарсы ауылдарыда балықшылары тіркеліп, өздерінің байырғы кәсібі – балық аулаумен қатар егін және мал шаруашылығымен айналасуға уағдаласады. Бұл Ілбішін өңірінде құрылған алғашқы ірі көпсалалы кәсіби-шаруашылық қауымдастық болған. Серіктестікке мүше болуға ниетті шаруаның бастапқы мүшелік жарнасы 6 рубль болып белгіленген [6]. Бұдан өзге, үкімет тарапынан шаруаларға, бірлестіктер мен артель, т.б. құрылымдарға тұқымдық ссуда 1919 жылдан бері жыл сайын беріліп, өңірінде егіншіліктің, мал, балық шаруашылықтарының өркендеуіне үздіксіз көмек-қолдау көрсетіліп келді. Алайда, жылда қайталанған қуаңшылық, уездішілік қоғамдық-саяси тұрақсыздық, ауыр салықтар мен еңбекші бұқараның ертеңгі күнге сенімсіздігі, контрреволюциялық күштердің әрекеті уезд экономикасының дағдарыстан, халықтан ашаршылықтан шығуына кері әсерін тигізді. Десекте, соның бәріне қарамастан тынымсыз тірлік, ертеңгі күннің қам – керекеті жалғасты. 1926 жылдың көктемімен бірге өгіз-соқасын, тырма-кетпенін алып, шаруа әдеттегідей егіс алқабына беттеді. Уезде 1926 жылы экономикалық азды-көпті ілгерілеу байқалғанын мына мысалдан көруге болады.

| | Мерген поселкесі | | Ілбішін поселкесі | |
|----------------------|--------------------|---------------------|--------------------|--------------------|
| | 1923ж | 1926ж | 1923ж | 1926ж |
| МІҚ саны (өсім %) | 245 бас 100% | 1360 бас 555% | 95 бас 100% | 1130 бас 1189% |
| Егіс алқабы (өсім %) | 84 десятин 100% | 640 десятин 762% | 72 десятин 100% | 59 десятин 819% |

Кесте бойынша 1923 жылғы мал басының өте аз болуы және 1926 жылы (үш жылда) 500-1100 пайызға дейін өсуі мал санағының 1923 жылы тек станицаларда, ал 1926 жылы оған қырдағы ауқатты қазақтардың да малы қоса есепке алына бастағанын көрсетеді. Кейін Кеңестік билікке бейтарап көзқараста болып, жеке өз шаруасымен айналысқан ауқаттылармен орта шаруалар құрықталған. Жиырмасыншы жылдарғы репрессияның үшінші толқынына күштеп колхоздастырудың жаппай ашаршылыққа әкелгенін, Кеңестік саясаттың өрескел қателітерінен, бас көтертпес салықтардан халықтың зардап шегіпотырғанын өткір сынға алған қазақ оқығандары, діндарлар мен рубасылар ілікті. «Халық жауларымен» күрестің ауқымды сипат алғаны соншалық, Горячкин, Мерген, Қарсы сияқты бір кездегі шаруасы ширақ ауылдарда колхоз, артель, коммуна, серіктестік құратын еңбекке қабілетті, көзі ашық, көкірегі ояу, іскер азаматтар жетіспеді. Бірақ, қанша қиын, күрделі жағдай, құрбандықтар мен зорлық-зомбылық орын алғанмен Кеңестік колхоз құру саясаты уезд (аудан) аумағында біртіндеп жүзеге аса бастаған. Мысалы Мерген ауылдық округінің аумағында алғашқы колхоз 1929 жылы сәуір, мамыр айларында құралған. Көктемгі далалық жұмыстарды атқару үшін шаруашылыққа 8 жұп өгіз және ауыл шаруашылық құрал-саймандары берілді. «Кедейлер мен орта шаруаның колхоз ұйымдастыруға деген ынтасы зор» - деп

жазды «Красный Урал» өзінің осы жылғы 7 мамырдағы саңында. Ел дамуының жаңа онжылдығына аяқ басқан аудан аумағында бірнеше ондаған шағын шаруашылықтар, ауылшаруашылықтар мекемелер құрылып, халықтың тұрмыс деңгейі түзеле бастады, ең бастысы – ашаршылық артта қалды. Атап айтқанда, 1931 жылы «Бітік» малшаруашылығы совхозы №445-інші «Ленин жолы» ет-сүт совхозы болып қайта құрылды. Осы жылы болашақ «Ілбішін» совхозының орталығы болатын. Ілбішін ауылының іргетасы қаланды. Елдімекенді жұрт Қарсы деп те атады. «Манатау» колхозында 1936 жылы товарлы сүт фермасы ұйымдастырылды. Ал Мергенде отызыншы жылдардың екінші жартысында малшаруашылығы тәжірибе станциясы құрылып жұмыс жасады. Оның алғашқы ғылыми қызметкері болып мергендік Буренин Георгий Александрович жұмыс жасады.

Ілбішін өңірінде 1923 жылдан тұрақты сауда орыны-дүкендер ашыла бастады. Мысалы Мерген ауылында алғашқы сауда нүктесін кооперативтік лавка деп атаған. Онда жаңа ауланған балықтан басқа сіреңке, коресин, ине-жіп, пітелі шам сияқты тұрмыстық ең бірінші қажеттіліктер сатылады. Бірақ ашылғаннан кейін 1 жылдан соң тексеру нәтижесінде 1180 сомның заты жетіспеді. Кооплавканы енді тұтынушылар қоғамы-потребобщество етіп қайта құру келісілді. 1924 жылы Оралдан Калмыковқа дейін ашылған осындай 5-6 кооперативтік лавкалар құрылғанмен, халықты жөнді қамтамасыз ете алмады. Әсіресе азық-түлік, астық тапшылығы, оған деген сұраныс жоғары болды. 1925 жылғы 119 санында «Красный Урал» қалыптасқан жағдайда «Лбишенцы питаются в основном просой. Хлеба почти не видят. Поселок разрушен.. На продажу хлеб совсем не поступает..» деп жазды. Сол жылы жоғары сатылымда астық тұрды. Әкелінген 300 пұт алғашқы күні өтіп кетіп отырған. Одан кейін матаға және аяқтай малға сұраныс жоғары болған. Жәрмеңкеде орташа мал бағасы:

- 5-6 жасар жылқы -.....130-150 рубль;
- 4-6 жасар түйе -.....140-180 рубль;
- бұқа, өгіздер -..... 90-100 рубль;
- сауын сиыр -.....30-50 рубль;
- тайыншалар -.....30-40рубль;
- қашарлар -.....20-30 рубль.

Бұл жолғы жәрмеңкеге қазақтар малды өте көп әкелген. Сатып алушы-губерниялық тұтынушылар қоғамы (губпотребсоюз) [7].

Соғыстың алғашқы күндерінен өнім өндіретін кәсіпорындар мен шаруашылықтар талап күшейді. Жұмыс қарқынын үстеу мақсатында ауданда «Майдандық» декада-фронтная декада» қозғалысы жарияланды. Нәтижесінде аудан бойынша Қызыл Армияға көмек ретінде май тапсырудың 1941 жылға жоспарын «Октябрь», «Манатау» колхоздары 25 шілдеге орындап шықты. «Манатау» колхозы, Мерген май зауыты, сүзбе-ірімшік (брынза) тапсырудың жылдық (1941) жоспарын 125%, «Қамысты-Көл» колхозы 100% орындалды.

«Қызыл Ақырап», «Еңбекші», «Жаңа тұрмыс», «Бұталы» колхоздары мемлекетке жылдық ет тапсыру жоспарын (1941) 27 шілдеде асыра орындады. Неміс оккупациясында қалған аудандардан көшіріп әкелінген малды 1943 жылдың қыркүйегінде қайтару шаралары жоспарланды. Мал айдалатын үш трасса белгіленді. Олар Солтүстік, Орта және Оңтүстік. Осындағы орта және оңтүстік трассаның бір бөлігі қазіргі Ақжайық ауданының үстімен өтті. Орта трассаның маршруты-Қаратөбе, Жымпиты, Мерген, Кордон (Битілеу), Фурманов (Жалпақтал) және одан әрі батысқа қарай.

Малды айдау кезінде ұрлыққа, ауыстырып жіберуге, ауруға шалдығуына жол бермеу шаралары алынды. Төрт күн ішінде Мерген тұсынан уақытша көпір салынып, оның малға қауіпсіздігі аудан, облыс атком төрағалары мен жол-құрылыс мамандарының, жоғары шеңді ішкі істер халық комиссариаты (НКВД) өкілдерінің тексерісінен өтті.

Мал айдаушылар үшін азық-түліктің 10 күндік қоры жасалды. Мал айдаушылар негізінен жергілікті чапайлық колхозшылардан жасақталған. Олар үшін трасса бойындағы елді мекендерге монша, тамақтану, қону орындары, сауда нүктелері белгіленіп, дүкендерге нан, тұз, май, сіріңке, сабын, темекі, т.б. бірінші қажеттіліктер қоры әзірленді. Осындай алдын-ала ойластырылған жауапты жұмыс- азат етілген республикалардың малын шығынсыз, күйін түсірмей қайтару – аудан аумағында ойдағыдай орындалды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ауыл тұрғындары мал шаруашылығына аса ұқыптылықпен қараған. 1944 жылғы жазбалардағы келесі мәліметтерге қарасақ малдың әр басына асқан жауапкершілікпен қарағанын көре аламыз. Мәселен, Совстепь колхозының бота бағушысы Айтасова Нәзира: «Мен өткен жылы 6 іңгенді қолымнан боталатып, 6 ботаны аман өсірдім. Сол төлдерді көруге қазір көз керек. Жүні жібектей, жануарлардың. Алдағы уақытта да әр іңгеннен бота алуға міндеттенемін. Мал күтімін, төл алуды, жалпы өнім тапсыруды 10 пайызға асыра орындаймын».

Совстепь колхозының 70 жастағы аға шопаны Сарымсақов Мұқамбетқали: «...Қарауымда 246 қой бар. Қыста шығын болған жоқ. Қазіргі күйі жақсы. 1944 жылы міндеттеме: 100 саулықтан 115 қозы аламын (қазақы тұқым); Қарақұл тұқымның әр жүз саулығынан 125 қозы аламын; қой басына 2,6 кило жүн беремін...» деген уәделі жазбалары мергендіктердің тылдағы жанкешті қызметінен хабар береді[8].

Мерген селолық Советінің құрамына 1991 жыл қарсаңында Мергенево, Горячинко, Юлаев елді мекендері және жиырмадан астам қырлықтары күтірлер кірді. Куйбышев атындағы совхоз аудандағы іргелі шаруашылықтардың бірі саналды. Мұнда осы жылдары 600-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Ал жазғы маусымдық (науқандық) жұмыстар кезінде жұмысшылар саны 750-ге дейін баратын. Мал, өсімдік шаруашылықтарын, шаруашылық ішкілік құрылысты бірдей жүргізген совхоз меншігінде осы 1991 жылы 5400 бас ірі қара, 14000 бас қой, 200-ге жуық жылқы малы, негізгі ауылшаруашылық техникасынан 22 егін оратын комбайн, 62 «Беларусь» маркалы, 48 шынжыр табанды трактор, аса қуатты 9 «К-700» тракторлары болды. Типтік үлгідегі Мәдениет үйі, орта мектеп пен бала бақша ғимараттары мемлекет тарапынан күрделі құрылысқа бөлінетін қаржы есебінен сексенінші жылдардың бірінші жартысында салынып іске қосылды. Елді мекендер мен қыстақтар, тіпті қиыр шеттегі жазғы орын қыстауларға дейін электр желісіне қосылып болған болатын. 1991-1995 жылдар аралығында жалпы елдегідей ауылшаруашылығын реформалау, қоғамдық мемлекеттік меншіктегі мал-мүлікті жекешелендіру жүзеге асырылды. Куйбышев атындағы совхоз, «Мерген» өндірістік кооперативті болып қайта құрылды. Алайда, бүкіл Кеңестік кеңістікті шарпыған қаржы-шаруашылық дағдарыс, ақшаның шұғыл құнсыздануы, бетімен кеткен баспа-бас сауда ұжымдық меншік мәртебесіндегі кооперативтің «адымын» аштырмай қойды. 1997 жылы наурызда «Мерген» өндірістік кооперативін тарату, мал-мүлкі мен сыртқы қарыздарын бөліске салу жөнінде шешім алынды. Нәтижесінде 17 шағын кооператив және 6 шаруа қожалығы құрылды. Осы кезеңдегі мал басы: 1500 ірі қара; 4570 қой; 120 жылқы.

Бұдан кейінгі жылдарда өтпелі кезеңнің қандай да қыспағы мен қиындығына шағын шаруа қожалықтары мейлінше бейім екенін өмір көрсетті. Жалпы, бұл өңірдегі шаруа қожалықтарын құрудың бастауында, 200 бас «Еділбай» тұқымы қой, МТЗ-80 тракторы және бірқатар мал азығын дайындайтын техника алып, 1991 жылы өз алдына бөлініп шыққан мергендік Жұмашев Талапқали Мұқанұлы деген азамат болды. Ізінше құрылған іргелі шаруашылықтар: «Омар» ШҚ, жетекшісі – Есенғазиев К.О.; «Оқас» ШҚ, жетекшісі «Құрмет белгісі» ордерінің иегері Уалиев Т.О.; «Талғат» ШҚ, жетекшісі – Ғұбашев Т.Г.; «Әсем» ШҚ, жетекшісі – Қайыров Н.; «Бекет» ШҚ, жетекшісі – Қуанышқалиев Ш.С. т.б. 1999 жылы осы аталған шаруа қожалықтарының қатысуымен ауылдағы аз қамтылған, көпбалалы, көмекке мұқтаж отбасыларын малдандыру жоспары жүзеге асырылды. Бұл бастама аудан әкімдігі қолдау көрсетіп, келесі 2000

жылы 26 отбасы 100 мың теңгеге 50 бас ұсақ жандық сатып алуына мүмкіндік жасалды.

Округ бойынша жұмыссыздықты тізгіндеудің кешенді шаралары жасалды. Жаңа жұмыс орындарын ашудың, әркімнің табыс әкелетін өз ісімен айналысуының, кәсіпкерлікті дамытудың Мерген жағдайында қандай жолдары бар? Тұрғындар азық-түлікпен қиындық көрмес үшін жеке аулаларда көкөніс, картоп егіп, өзін-өзі белгілі бір дәрежеде қамтамасыз ету, артығын базарға шығарып пұлдау тегінде «қазақтың қолынан келмейтін» іс емес. Оның үстіне көшедегі арық суы бұл ауылда жеткілікті. Осылай білек сыбана еңбектенуге ауыл іші, өз аулаң тарлық етсе, Жайық, Көшім, өзендерінің жағалауын игер. Каналдар бойында қанша жер пайдаланылмай жатыр?! Ендеше еңбек етем дегенге ауылда мүмкіндіктер жетіп артылады. Тек білек сыбана кіріс?! Әр шаңырақта шығындарды мейлінше қысқарта отырып, бірер жыл белбеуді бекем тартса, төл беретін қолдағы, қорамыздағы аналық мал басы көбейіп шыға келер еді. Халықты тығырыққа тірелген жаугершілік пен жұт қазақ Сахарасында аз болмапты. Бұл тарихтан белгілі жәйт. Бірақ соның бәрінен еңбекқорлықтың, қайсарлық пен қазақи сабыр сақтай алуымыздың, бірлігіміздің арқасында аман өттік, мал-мүліктің орны толып, өмір жалғасты. Бүгінгі дағдарыс та егемендікке ұмтылған ұлтымыз, көпұлтты тәуелсіз жас мемлекет – Қазақстан үшін сондай бір сынақ шығар. Одан сүрінбей өтудің бір-ақ жолы–әр отбасында әлдекімнен көмек күтіп отырмай, тірлік жасау, қиналғанда қол ұшын беру, барымен бөлісу, сөйтіп нарық қыспағынан ширай, шыңдала шығу, жаңа заманға, бәсекеге бейімделе білу.

Осы бағыттағы жиындар, кездесулер ауылда жиі ұйымдастырылды, аудандық халықты жұмыспен қамту-еңбек биржасы, әлеуметтік қорғау бөлімі, ауыл әкімі аппараты т.б тарапынан қыруар жұмыстар атқарылды, жұртшылыққа жан-жақты түсінік берілді. Әлбетте мұндай басқосулар жылусыз, кейде жарық та өшіп қалатын клубта аудан әкімінің, орынбасарларының, аудандық бөлім, мекемелер, ұйым басшысының қатысуымен ашық әңгіме, ел алдында есеп беру, қызу пікіралмасу, ахуалында өтетін. Ауыл әкімдігі өндірістік кооператив және жергілікті кәсіпкерлерді қайырымдылық акциясына белсенді қатысуға шақырды. Мысалы 1997 жылы қаңтарда совхоз ізінде қалған өндірістік кооператив мұқтаж отбасыларына 80 бас ірі қара тегін беріп, қыстық соғымдарына көмектесті.

Мергендік кәсіпкерлер Уашаева Г., Малдыбаева Б.Қ., Айденов И.М., Айтқалиев А., Сарбөпеева Б. Ауылда шағын сауда нүктелерін ашты. Өзге де жұмыс орындары ұйымдастырылды. 2003 жылдың аяғына округ бойынша 12 жеке кәсіпкер, 56 шаруа қожалығы тұрақты жұмыс жасап тұрған.

Осы жылдағы мал басының өсімі де назар аударарлық. Бүгінгі таңда ірі қара-4344, соның ішінде сиыр-1692, қой-7561, ешкі-2108, жылқы-667, құс-878 басқа жетіп отыр. Шаруа қожалықтарының басым бөлігінде мүйізді ірі қара саны 40-тан 200-ге дейін, қой мен ешкі 90-нан-750 ге, жылқы -25тен-110 дейін өсім берді.

Алайда мергендік малбегілер алдына уақыт бүкіл елдегідей мал тұқымын асылдандыру міндетін қойыа отыр. Бастама да жаман емес. «Дөңгелек» ШҚ (жетекшісі-Пшеничный М.В.) 130 бас, «Әсем» ШҚ (Қайыров Н.) 50 бас қазақтың асыл тұқымды ақ бас сиырларын сатып алып өсіруде. Соңғысы бүгінгі таңда асыл тұқымды қашарларын өзге шаруашылықтарға сатылымға шығару мүмкіндігіне ие.

Жеке аулалардағы малды қолдан ұрықтандыру 2000 жылдан жүзеге асырылып келеді.

2010 жыл қорытындысы бойынша округте 654 т ет, 1783 т сүт, 18 т жүн, 112000 дана жұмыртқа, 18 тонна картоп, 13 тонна бақша өнімдері өндірілді. Бұл әрине, мергендіктер мүмкіндігінің шегі емес. Мал ұстаудың бұрынғы Кеңестік кедейамалдарынан, шығыны шашетектен келетін әрекеттерден арылып, заманауи әдісіне көшкенде, ұлтымыздың дәстүрлі малшылық тәжірибесі мен ғылымды ұтымды ұштастырғанда бұдан әлдеқайда жоғары және сапалы арзан өнім алуға болатынын олар жақсы түсінеді. Нақты қадам да жоқ емес. Мысалы «Ғинаят» ШҚ жетекшісі Қалиев

Асқар отбасымен 270 бас қой, 72 бас ірі қара, 17 бас жылқы бағымына қажетті мал орындары мен екі қабатты тұрған үйді тыңнан тұрғызды. Мұнда бәрі де жан-жақты ойластырып істелген. Лизинг арқылы және өнімді техника алды. О бастағы шағын отбасы көмекке мұқтаж жерлестеріне, мәдени-көпшілік шараларды өткізуге қол ұшын беруді азаматтық борыш санайды. Жұмашев Т басқарған «Талапқали» ШҚ-ның бүгінгісі хақында да осыны айтуға болады.

Бұдан кейінгі жылдар ауыл өміріне түбегейлі өзгерістер әкелді. Мысалы 2000 жылы 10 желтоқсанда Мергенде газ алауы жағылып, орта мектептің жылу жүйесі көгілдір отын желісіне қосылды.

2000 жылдарда округ бойынша еңбекке қабілетті тұрғындардың жұмысқа көптеп орналасуымен ерекшеленеді. Тұрақты және уақытша (маусымдық) жұмыс орындарының ашылуына осы жылы Мерген орта мектебінің ішінара жөндеуден өтуі, мектеп жанынан интернат ашылуы, кейін ауылдағы тұрғын үйлер мен қоғамдық орындардың, кеңселердің газбен жылыту жүйесіне қосылуы себеп болды. Мерген, Мойылды ауылдары бойынша бүгінде 198 отбасы көгілдір отын игілігін көріп отыр [9,816].

Қорыта айтқанда, Мерген ауылы Кеңестік кезеңде де Тәуелсіздік жылдарында да елмен бірге даму мен тоқырау кезеңін бастан кешірді. Кеңес үкіметінің алғаш орнаған жылдары жұттан шаруашылығы тұралады. Деседе, халықтың қажырлы еңбегінің арқасында ашаршылықтан аман өтті. Дәстүрлі мал шаруашылығымен қатар, балық аулау, егін егу ісін жетілдірді. Мерген халқы соғыс жылдарында тылда жанкешті жұмыс жасап, мал басын көбейтуді асқан жауапкершілікпен атқарды. Кеңестік кезеңде де, тәуелсіздік жылдарында да ауданда Мерген ауылы жетістіктерімен алға шығып отырды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ауыл шаруашылығын күйретпей сақтап қалуымен үлгі болды. Ақжайық ауданындағы ірі елді мекендердің бірі ретінде тұрмыстық игіліктерге бірінші болып жетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Баишев С.Б. Вопросы социально-экономического развития Советского Казахстана. – Алма-Ата: Казахстан, 1981. – 294 с.
- 2 Соскин С.Н. Кадры сельского хозяйства: подготовка в системе образования. – Алма-Ата: Казахстан, 1986. – 150 с.
- 3 Абжанов Х. Сельская интеллигенция Казахстана в условиях совершенствования социализма. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 192 с.
- 4 Капесов Н.К. Социальные изменения в составе сельскохозяйственных тружеников Казахстана. – Алма-Ата, 1977. – 119 с.
- 5 Михайлов Ф.К. Профессионально-техническое образование в Казахстане. – М., 1962. – 168 с.
- 6 Карабаев А.Ж. Деятельность Компартии для общественного животноводства в период восьмой пятилетки. – Алма-Ата, 1982. – 81 с.
- 7 https://www.facebook.com/zhaiktany/posts/675456902831840/?_rdr
- 8 И.Елизаров. Ерлікпен күресті. (Жауынгер естеліген). – Орал өңірі: 1976 ж. – №95 (13138)
- 9 Карабаев А.Ж. Деятельность Компартии для общественного животноводства в период восьмой пятилетки. – Алма-Ата, 1982. – 81 с.

Б.Б. КӘРІБАЕВИҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ҒЫЛЫМИ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

ҚАЛМАН Қ.М

М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін алған тұста Қазақ хандығының құрылу мәселесіне байланысты зерттеулер жаңа қарқын алды. Бүгінде, Қазақ хандығының қалыптасу, даму тарихын ой елегінен өткізіп, ұлттық мүдде тұрғысынан зерделеген тарихшылардың көш-басында тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым Академиясының академигі Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы бастап тұр.

Қазақ хандығының құрылу тарихы, қазақ хандары мен қазақ тарихындағы тұлғалар, қазақ этногенезі мен «қазақ» этнонимінің шығу тегі мәселелері – тарих ғылымдарының докторы, профессор Б.Б. Кәрібаевтің ғылыми зерттеулерінің басты зерттеу нысаны. Кәсіби, білгір тарихшы, ғалым ретінде ХХ ғасырдың 90 жылдарында таныла бастаған Берекет Бақытжанұлы 1964 жылы Арал ауданы, Ақеспе ауылында дүниеге келген. 1971-1979 жылдары Ақеспе ауылындағы №80 Сарбасат 8-жылдық мектебін үздік бітіріп, Қызылорда қаласындағы политехникумда білімін жалғастырады. 1983-1985 жылдары аралығында әскер қатарында болып, жауынгерлік борышын өтеп келген соң, 1985 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Тарих факультетіне оқуға түседі. Жас ізденушінің өмір жолында ұстаздық еткен тарих ғылымының алыптары Ә.Хасенов, С.Жолдасбайұлы, Ә.С. Тәкенов, С.Т. Тұрғанбаев сияқты тұлғалардан дәріс алуы, болашақ ғалымның ғылыми ізденіс бағытын анықтап, бір арнаға түсірді. Берекет Бақытжанұлы Қазақ хандығы тарихы тақырыбын зерттеуге бағдар болған осы ұстаздардың қызметін аса жоғары бағалайды. Өз сөзінде: ««Қазақ ССР тарихы» пәнінен алғашқы дәрісті Ә.Хасеновтың оқығаны әлі есімде. Ол кезде дәрістер 90 минутқа созылатын. Дәрістің аяқталуына 4-5 минут қалғанда лекторлар дәрісін тәмәмдап, студенттердің қойған сұрақтарына жауап беретін. Бірінші дәрістің тақырыбы «Кіріспе» болғандықтан, ағайымыз Қазақстан тарихын жалпы шолу ретінде оқыды. Дәріс барысында «қазақ халқы», «Қазақ хандығы» деген сөздер көп айтылғандықтан, ағайымыздың «кімнің қандай сұрағы бар» деген сауалына байланысты қолымды көтеріп, «Ағай, сіз дәріс барысында «қазақ», «Қазақ хандығы» деген сөздерді көп айттыңыз, «қазақ» сөзі қандай мағына береді, ол сөз қашан пайда болған, және Қазақ хандығы қашан құрылған?» деген бірнеше сұрақ қойдым. Ағайымыздың нақты не деп жауап бергені есімде қалмапты, бірақ мына сөздерін әлі ұмытпаймын. «Бұл мәселелер әлі күнге дейін тарих ғылымында толық зерттеліп болмаған, болашақ зерттеушілерін күтіп жатқан тақырыптар. Мүмкін, өзің болашақта осы мәселелермен айналысарсың» [1, 4б.]. Осы айтылған, ұстаздың ұлағатты сөздері, жас студенттің болашақта ғылыми ізденістеріне негіз болды. Адам баласының өмір жолы оның тағдырын өзгертетін әртүрлі өмір деректік уақиғаларға толы болады. Өмір жолы – адамның тұлға ретіндегі даму тарихы деп бекер айтылмаса керек [2, 10 б.]. Білімге құштар, ізденімпаз жастың өмір жолында осындай бағыттаушы аға буын өкілдерінің болуы, болашақ ғалым ретінде қалыптасуына үлкен жол ашты деп есептейміз.

1990 жылы «Тарих және қоғамтану пәндерінің оқытушысы» мамандығы бойынша үздік дипломмен университетті аяқтап, Тарих факультетінің Қазақ КСР тарихы кафедрасына оқытушы ретінде қабылданады. Кафедрадағы алғашқы қызмет жылдарында оған ұстаздары ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысудың, диссертация тақырыбын таңдаудың қажет екенін ескертеді. Марқұм профессор

Н.Масанов: «Егер ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан тарихының мәселелерімен айналысатын болсаң, онда сол кезеңдердің жазба деректерін жүйелі түрде жетік білуің керек», – деп кеңес береді. Ұстазының ақылынан соң, 2–3 жыл бойына ғылыми айналымдарға түсірілген Қазақстан тарихының барлық деректерін жинап, танысады. Ғалымның ең алғашқы мақаласы «XV ғ. соңы – XVI ғ. басындағы Орта Азиядағы оқиғаларға байланысты Қазақ хандығының жүргізген сыртқы саясаты» атты тақырыппен 1993 жылы университет қабырғасында жаңадан ғана тарих сериясымен шыға бастаған «Хабаршы» журналының №1 санында жарық көреді. Осы сәттен бастап ғалым ағамыздың ғылыми мақалалары мерзімді басылымдарда жиі жариялана бастайды. Ол 1996 жылы ҰҒА академигі, профессор Б.Көмековтің ғылыми жетекшілігімен «XV ғ. соңы – XVI ғ. I ширегіндегі Қазақ хандығының Мауереннахр мемлекеттерімен саяси қарым-қатынасы» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. 1999 жылы доцент атағына ие болады. Ал 2010 жылы ҰҒА академигі Б.Көмековтің ғылыми кеңесшілігімен «Қазақ хандығының құрылу тарихы» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғап, 2011 жылы профессор атағын алады. 2012 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, 2020 жылы Берекет Бақытжанұлы Кәрібаев Ұлттық Ғылым Академиясының академигі атанды [3].

XX ғасырдың 90 жылдарынан Қазақ хандығы тарихы тақырыбына қалам тартқан зерттеуші бүгінде 700-ге жуық ғылыми, ғылыми-көпшілік жұмыстар мен оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Оның ішінде 20 монографиялық кітаптың, 40-тан аса авторлық ұжыммен жазылған кітаптардың, 4 тарихи анимациялық фильмнің сценарийінің авторы [4].

Көп жылғы ғылыми ізденістерінің нәтижесінде, Қазақ хандығының тарихы, тарихи тұлғалар, этникалық процестер тақырыптарына арналған еңбектер қалың оқырманға ұсынылды. Әсіресе, көп жылғы еңбектерінің нәтижелері болған 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында «Қазақ хандығының құрылу тарихы» [1], 2016 жылы жарық көрген «Қазақ хандығының күшеюі» (XV ғ. соңғы – XVI ғ. алғашқы ширектері) [5], 2019 жылы «Қазақ хандары туралы зерттеулер» (XV ғ. ортасы – XVIII ғ. басы) [6] монографиялары XIII-XVIII ғасырлар тарихынан мол мағлұмат беретін құнды еңбектер. «Қазақ хандығының құрылу тарихы» еңбегінде орта ғасырдағы қазақ халқының ұлттық сипаттағы мемлекеті – Қазақ хандығының құрылу тарихының мәселелері қарастырылған. Автор әр тілде жазылған көптеген ортағасырлық жазба деректер мәліметтеріне, түрік халықтары мен қазақ халқының ауыз әдебиеті материалдарына сүйене отырып, Қазақ хандығының құрылу тарихындағы күрделі мәселелерді жүйелі түрде зерттейді. Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы мен Қазақ хандығының құрылуы бір кезеңде жүзеге асқан тарихи үрдіс деп есептеп, Қазақ хандығының негізін қалаған тарихи тұлғалар – Керей мен Жәнібек хандардың тарихи рөлін ашып көрсетеді. «Қазақ хандығының күшеюі» монографиясы XV ғасырдың соңғы және XVI ғасырдың алғашқы ширектері аралығында Қазақ хандығының Мауереннахр билеушілерімен Түркістан аймағы үшін жүргізген күрестерінің себептері, күрестің барысы мен кезеңдері және қорытындылары жазба дерек мәліметтері, археологиялық материалдар негізінде қарастырылады. «Қазақ хандары туралы зерттеулер» еңбегінде автор ортағасырлық жазба деректер мәліметтеріне, қазақ халқының ауыз әдебиетінің материалдарына, сондай-ақ тарихнамаулық материалдарға сүйене отырып, XV ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың басына дейін Қазақ хандығының билігінде болған Керей мен Жәнібек хандардан Тәуке ханға дейінгі қазақ хандарының тұлғалық болмысын, қазақ тарихындағы орны мен тарихи рөлін, билік құрған жылдарындағы хандықтың ішкі және сыртқы саяси жағдайы мәселелерін қарастырады.

Берекет Бақытжанұлының еңбектерімен, ғылыми мақалаларымен таныса отырып, ғалымның зерттеу аясы кең екенін ұғына аламыз. Зерттеу тақырыптары Алтын

Орда тарихынан бастау алып, XVIII ғасырға дейінгі қазақ тарихының мәселелері, Қазақ этногенезінің қалыптасуы мен «қазақ» сөзінің шығу тегіне қатысты мәселелер, Қазақ тарихындағы тұлғалар, Қазақстан территориясындағы мемлекеттік тарихына арналады. Ғалымның ізденісі, ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде туындаған көлемді еңбектері қазақ тарихын зерделеуде аса құнды мұра.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015. – 520 б.
2. Рысбеков Т.З. Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2014. – 528 б.
3. Қозғанбаева Г. Қазақ хандығы тарихын жүйелеген ғалым // Түркістан газеті. 24.09.2020 <https://turkystan.kz/article/118827-aza-handy-y-tarihyn-zh-jelegen-alyim/>
4. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті блогы <https://pps.kaznu.kz/kz/Main/Personal/92/137/119/%D0%9A%D0%B0%D1%80%D0%B8%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2%20%D0%91%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%BA%D0%B5%D1%82%20%D0%91%D0%B0%D1%85%D1%8B%D1%82%D0%B6%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B8%D1%87> Пайдаланылған уақыты: 19.03.2023
5. Кәрібаев Б.Б. «Қазақ хандығының күшеюі» (XV ғ. соңғы – XVI ғ. алғашқы ширектері). – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2016. – 176 б.
6. Кәрібаев Б.Б. «Қазақ хандары туралы зерттеулер» (XV ғ. ортасы – XVIII ғ. басы). – Алматы: «Қазақ университеті», 2019. – 225 б.

КУШАЕВ ОҚУЛАРЫ

ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы

Сборник научно-практической конференции

КУШАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Көлемі 20,4 б.т. Таралымы 500 дана. Офсет қағазы. Тапсырыс № 109

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
редакциялық баспа орталығы.*

Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 162